

ҚҰТТЫ БІЛІК

2024, Том 1, № 1

Qutty bilik

2024, Volume 1, Issue 1

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year

Алматы, 2024
Almaty, 2024

Бас редакторы: **АНАР САЛҚЫНБАЙ**, филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Редакция алқасы

Айгуль Исмакова	филология ғылымдарының докторы, профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Алтынай Тымболова	филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Бижомарт Қапалбек	филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты (Алматы, Қазақстан)
Дулат Бакишев	тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Хангук шет тілдер университеті (Сеул, Корея)
Екрем Аян	PhD, доцент, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Ерден Қажыбек	филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Жазира Ағабекова	филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Жарқынбике Сүлейменова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Кәрімбек Құрманәлиев	филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)
Қаламқас Қалыбай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Мағрипа Ескеева	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Мехмет Өлмез	филология ғылымдарының докторы, профессор, İstanbul Üniversitesi (İstanbul, Türkiye)
Наджие Ата Йылдыз	филология ғылымдарының докторы, профессор, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Насреддин Назаров	философия ғылымдарының докторы, профессор, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Нергиз Бирай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Pamukkale Üniversitesi (Pamukkale, Türkiye)
Орхан Сөйлемез	филология ғылымдарының докторы, профессор, Кастамону университеті (Кастамону, Түркия)
Орынай Жұбай	филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Тұрсын Жұртбай	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
Тыныштық Еркемова	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
Шайгүл Рамазанова	филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
Эльмира Оразалиева	филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)
Юлай Шамильұлы	PhD., профессор, Назарбаев университеті (Астана, Қазақстан)

Жауапты редакторы:

Жанат Сарсенбай, PhD. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Ғылыми редакторлары:

Аққибат Ақжігітова, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Бауыржан Каспихан, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 050040, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71

Тел.: +7 707 993 38 27. E-mail: inbox@quttybilik.com web-site: www.quttybilik.com

Меншік иесі: «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі. Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркелген. 25.09.2024 ж. № KZ57VPY00102017 – тіркеу куәлігі.
Мерзімділігі – жылына 4 рет.

Editor-in-Chief: **ANAR SALKYNBAY**, *Doctor of Philology, Professor,*
Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Editorial board

Aigul Ismakova	Doctor of Philology, Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Altynai Tymbolova	Doctor of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Bijomart Kapalbek	Candidate of Philology, Institute of State Language Development (Almaty, Kazakhstan)
Dulat Bakishev	Candidate of Historical Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies (Seoul, Korea)
Ekrem Ayan	PhD, Associate Professor, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Yerden Kazhybek	Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Zhazira Agabekova	Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Zharkynbike Suleimenova	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Karimbek Kurmanaliyev	Doctor of Philology, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Kalamkas Kalybay	Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Almaty, Kazakhstan)
Magripa Eskeeva	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Mehmet Ölmez	Doctor of Philology, Professor, Istanbul Üniversitesi (Istanbul, Türkiye)
Nadzhiye Ata Yıldız	Doctor of Philology, Professor, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Nasreddin Nazarov	Doctor of Philosophy, Professor, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Nergiz Biray	Doctor of Philology, Professor, Pamukkale University (Pamukkale, Türkiye)
Orhan Söilemez	Doctor of Philology, Professor, University of Kastamonu (Kastamonu, Turkey)
Orynai Zhubay	Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Tursyn Zhurtbay	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Tynyshtyk Yermekova	Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
Shaigul Ramazanova	Candidate of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
Elmira Orazalieva	Doctor of Philology, Associate Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)
Yulai Shamiloglu	PhD, Professor, Nazarbayev University (Astana, Kazakhstan)

Responsible editor:

Zhanat Sarsenbay, *PhD, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Scientific editors:

Akkibat Akzhigitova, *doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Bauyrzhan Kaspikhan, *doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

Editorial address: 71, Al-Farabi Ave., Almaty, Kazakhstan, 050040

Tel.: +7 707 993 38 27. **E-mail:** inbox@quttybilik.com **web-site:** www.quttybilik.com

Owner: «International Association of Teachers of Kazakh Language». Registered with the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate No. KZ57VPY00102017 dated 25.09.2024.

Periodicity – 4 times a year.

Главный редактор: **АНАР САЛКЫНБАЙ**, доктор филологических наук, профессор,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Редакционная коллегия

Айгуль Исмакова	доктор филологических наук, профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Алтынай Тымболова	доктор филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Бижомарт Капалбек	кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка (Алматы, Казахстан)
Дулат Бакишев	кандидат исторических наук, профессор, Университет иностранных языков Хангук (Сеул, Корея)
Екрем Аян	PhD, доцент, Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi (Muğla, Türkiye)
Ерен Кажыбек	доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)
Жазира Агабекова	кандидат филологических наук, ассистент профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Жаркынбике Сулейменова	доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан)
Каримбек Курманалиев	доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)
Каламкас Калыбай	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)
Магрипа Ескеева	доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Мехмет Олмез	доктор филологических наук, профессор, Istanbul Üniversitesi (Istanbul, Türkiye)
Наджие Ата Йылдыз	доктор филологических наук, профессор, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi (Ankara, Türkiye)
Насреддин Назаров	доктор философских наук, профессор, Chirchik State Pedagogical University (Chirchik, Uzbekistan)
Нергиз Бирай	доктор филологических наук, профессор, Pamukkale Üniversitesi (Pamukkale, Türkiye)
Орхан Сойлемез	доктор, профессор, Университет Кастамону (Кастамону, Турция)
Орынай Жубай	доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Турсын Журтбай	доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
Тыныштык Ермакова	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет (Алматы, Казахстан)
Шайгуль Рамазанова	кандидат филологических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)
Эльмира Оразалиева	доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)
Юлай Шамильоглы	PhD., профессор, Назарбаев Университет (Астана, Казахстан)

Ответственный редактор:

Жанат Сарсенбай, PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Научные редакторы:

Аккибат Акжигитова, докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Бауыржан Каспихан, докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

Адрес редакции: 050040, Казахстан, Алматы, просп. аль-Фараби, 71

Тел.: +7 707 993 38 27. E-mail: inbox@quttybilik.com web-site: www.quttybilik.com

Собственник: Общественное объединение «Международная ассоциация преподавателей казахского языка». Зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № KZ57VPY00102017 от 25.09.2024 г. Периодичность – 4 раза в год.

© Международная ассоциация преподавателей казахского языка

Адамзат тарихында тұңғыш ғылыми энциклопедия түзуші, ортағасырлық ғұлама ғалым, лексикограф, тарихшы, географ, фольклоршы, картограф, паремиолог, мәдениет және өнертанушы, тілші-филолог, саяхатшы, теолог, астрономия білгірі, салыстырмалы тіл білімінің атасы **МАХМҰТ ҚАШҚАРИДЫҢ** «Диуани лұғат ит-түрк» атты түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігінің 950 жылдығы биыл ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтіп жатыр.

«Құтты білік» журналының алғашқы нөмірін ғұлама ғалым, түрік дүниесі мәдениетінің аса ірі білімпазы М. Қашқари рухына арнаймыз.

Mahmud Kashgari, a medieval scholar and polymath, is renowned in human history as the pioneer of scientific encyclopedias. He was a lexicographer, historian, geographer, folklorist, cartographer, paremiologist, cultural and art scholar, linguist-philologist, traveler, theologian, expert in astronomy, and the founding father of comparative linguistics. This year marks the 950th anniversary of his seminal work, *Diwan Lughat it-Turk*, the first encyclopedic dictionary of Turkic languages, celebrated as part of UNESCO's commemorations.

The first issue of the *Qutty Bilik* journal is dedicated to the legacy of this eminent scholar and unparalleled intellectual of Turkic culture, Mahmud Kashgari.

Аса құрметті оқырман қауым!

«Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық Бірлестігі» атынан «Құтты Білік» атты ғылыми журналды шығаруды бастадық.

Әлемдік кеңістіктегі арғы-бергі тарихта бүкіл ойшылдар адамзат игілігі деп білім мен ғылымды таныған.

Қазақ тілі – сан ғасырдан бері ата-бабадан мирас болып келе жатқан киелі дүние. Ол – халықтың алтыннан қымбат кені. Тіл – адам баласының әлем бейнесін тану жолындағы түсінігінің, ойының, сезімінің, идеясының, дүниетанымының көрінісі.

Тіл – халық тарихы. Тілде халық жасаған мәдениет пен өркениеттің даму жолы бар. Қазақ халқының барлық құнарлы ойы, құнды қиялы көркем сөзбен кестеленген. Тілдің болашағын бағамдап, өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін, оның кешегі өткен тарихын саралап, ғылыми тұрғыдан бағалау маңызды.

Тіл бар жерде ұлт бар. Ұлттың өзгеден ерекшеленетін ең негізгі де тұғырлы белгісі – тілі. Тілдің қасиетін түйсіну – ұрпаққа парыз.

Әрбір ұлт тілі өзінше ұлы, өз нақышымен қымбат. Қазақ тілі – ең бай әрі дамыған тіл. Әлемдегі санаулы әдеби тілдердің бірі.

Қазақ тілінің кешегі мәйекті қалпын, терең философиялық тұжырымды екі ауыз сөзге сыйғыза білген, мірдің оғындай өткір қалпын терең меңгеру парыз. Әрі бұл меңгеру мен меңгерту – ғылыми бағытта парасаттылықпен дұрыс жолға қойылса орынды.

Тілдің ауызша лебізде қолданысы бүгінгі таңда аса маңызды. Тілдің өміршеңдігі халықтық қолданысқа, мемлекет жүзеге асыратын тілдік саясатқа, ақыр аяғы отбасындағы қазақша сөйлесуге келіп тіреледі. Тілдің әлеуметтік құндылығын дамыту өз қолымызда.

Білімді болу мен зиялылықтың ең басты да маңызды көрсеткіші – мемлекеттік тілде сөйлеу, ойлау. Қазіргі таңда ана тіліміз ғылыми ойдың тіліне айналууда. Барлық ғылым салалары бойынша терминдер жасалу үстінде. Бұл жолы ауырлау болса да, жасампаздардың жасап жатқан дұрыс жолы.

Шешен сөйлей білу – қазақ халқының маңдайына жазылған бағы. Ал оның түп мақсаты – тыңдаушысын иландыру, сендіру. Шешен сөйлеу тек бай тілге ғана тән қасиет. Қазақ халқының шешендігі – тілінің байлығы. Бұл байлық бір күнде жинала салған дүние емес. Онда заманалар ізі, ғасырлар демі жатыр.

Заманынан асып туған ғұлама Ж. Баласағұни «Игіліктің аты – білім мен ақыл. Ақыл. Адам оны үйрене алмайды. Адаммен қоса жаратылады. Үйренілмейді. Ақылдан басқа барлық өнерді кісі үйренеді. Кейін қолы ұзарады. Ақыл – сананың жемісі. Ал сананы жаратушы Алла» деп жазған екен. Ол адам баласының ісі ізгі болып, халқы сүюі үшін оған үш нәрсе қажет дейді: “Ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік”. Әділдік, ұят, ізгілік біріксе – сүйініш. Бұл Абайдың «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» деген асыл ісімен үндес.

Жүсіп Баласағұнидің: «Ақылды ұғады, білімді біледі, Білімді, ұғымды тілегіне жетеді» деген тағылымын ұстана отырып, сөз жүйесінде сақталған қазақ халқының тарихи тағылымы мен дүниетанымы ғылыми қағидалар негізінде бағаланып, ұлттың рухани шежіресі ретінде қайта жаңғыруы тиіс деп есептеп, «Құтты білік» журналында білімді де ұғымды мақалаларды басып шығарып, ұлт тілінің, білімінің дамуына қарлығыштың қанатымен су сепкендей септігімізді тигізуді мақсат еттік.

*Құрметпен, филология ғылымдарының докторы,
профессор Анар Салқынбай*

Dear Esteemed Readers!

On behalf of the International Association of Teachers of Kazakh Language, we are pleased to introduce the scientific journal «Qutty Bilik». Throughout the expanse of global history, thinkers have consistently recognized knowledge and science as the greatest treasures of humanity. The Kazakh language, passed down as a sacred heritage from generation to generation, is a treasure more valuable than gold. It reflects the essence of a people – their understanding of the world, their thoughts, emotions, ideas, and worldview. Language is the history of a nation. It embodies the developmental journey of a people's culture and civilization.

The Kazakh language is rich in profound wisdom, weaving the nation's creative genius into eloquent expressions. To ensure the language's enduring vitality, it is essential to analyze its historical trajectory and evaluate it scientifically. Where there is language, there is a nation. The primary and most defining feature of a nation is its language. Understanding and preserving the essence of a language is a generational duty. Each language is inherently great and unique in its nuances. The Kazakh language, in particular, stands as one of the richest and most developed literary languages in the world.

Mastering the Kazakh language in its full depth – appreciating its philosophical brevity, sharpness, and eloquence – is an obligation. Such mastery, when guided by intellectual rigor and scientific principles, paves the way for meaningful progress. Today, the oral usage of the language holds particular significance. The survival of a language depends on its use among the people, state-supported linguistic policies, and, ultimately, its daily use within families. Enhancing the social value of the Kazakh language lies in our hands.

Speaking and thinking in the state language is a vital indicator of intellectual and cultural excellence. Currently, our mother tongue is evolving into a language of scientific discourse. Terminologies in various scientific fields are being developed – a challenging but commendable endeavor. The Kazakh people have long been known for their eloquence, a gift etched in their destiny. The true goal of eloquent speech is to persuade and inspire its audience – a characteristic only possible in a rich language.

The wealth of the Kazakh language is not a sudden phenomenon; it carries the legacy of centuries and the breath of history. The great scholar Yusuf Balasaghuni once wrote: "The essence of virtue is knowledge and wisdom. Wisdom is innate; it cannot be learned. All other skills are acquired, and mastery grows with effort. Wisdom is the fruit of intellect, and intellect is the creation of the Almighty." He emphasized that for one's deeds to be virtuous and for one to love their people, three qualities are essential: noble actions or moral uprightness, a sense of shame, and justice. Together, these virtues lead to harmony – a concept echoed in Abai's teachings of "Aspiration, diligence, deep thought, contentment, and compassion."

Inspired by Yusuf Balasaghuni's words – "The wise comprehend, the knowledgeable understand, and with knowledge and comprehension, one achieves their goals" – we aim to uphold and revive the historical wisdom and worldview preserved in the Kazakh language. Through the Qutty Bilik journal, we strive to publish insightful articles that contribute to the development of our nation's language and knowledge, fulfilling our modest role in nurturing this invaluable heritage.

*Sincerely,
Anar Salkynbay,
Doctor of Philological Sciences, Professor*

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Article	Э.Н. Оразалиева Ел киесі – тіл (Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі туралы).....	
	E.N. Orazaliev «The Spirit of the Nation – Language» (On the International Association of Kazakh Language Teachers)	
	Э.Н. Оразалиева «Дух народа — язык» (О Международной ассоциации преподавателей казахского языка)	12

Түркітану / Turkic Studies / Тюркология

Article	А.Б. Салқынбай М. Қашқари – түрк әлемінің тұңғыш ғылыми энциклопедиясын түзуші.....	
	A.B. Salkynbay M. Kashgari – the Creator of the First Scientific Encyclopedia of the Turkic World.....	
	А.Б. Салқынбай М. Кашкари – создатель первой научной энциклопедии тюркского мира.....	16

Article	Ы.А. Құттымұратова Қарақалпақстанның солтүстік аймағындағы топонимикалық атаулар.....	
	I.A. Kuttimuratova Toponymic Names in the Northern Region of Karakalpakstan	
	Ы.А. Құттымұратова Топонимические названия в северном регионе Каракалпакстана.....	25

Article	Р.У. Арзиев «Дивану луғатит түрк» тоғрисида шуардики уйғур тилидики тәтқиқатлар.....	
	R.U. Arziev Research on «Divanü Lügati't-Türk» in the Uighur Language	
	Р.У. Арзиев Исследования о «Дивану луғатит-тюрк» на уйгурском языке	31

Article	А.Х. Асенова Бір буынды түркілік түбірлердің мағынасы (қазақ және ноғай тілдері деректері негізінде).....	
	A.Kh. Assenova The Meaning of One-Syllable Turkic Roots (Based on the Data of the Kazakh and Nogai Languages).....	
	А.Х. Асенова Значение односложных тюркских корней (на основе данных казахского и ногайского языков).....	38

Article	Б.К. Каспихан В. Томсеннің түркітанудағы ғылыми мұрасы.....	
	B.K. Kaspikhan Scientific Heritage of V. Thomsen in Turkology.....	
	Б.К. Каспихан Научное наследие В. Томсена в тюркологии.....	47

Қазақ тіл білімі / Kazakh Linguistics / Казахское языкознание

Article	Д.А. Әлкебаева М. Қашқаридің «Түркі диалектілерінің сөздігі» – түркі әлемінің асыл мұрасы	
	D.A. Alkebayeva «Dictionary Turkic dialect» M. Kashkari – a Precious Heritage of the Turkic world.....	
	Д.А. Алкебаева «Словарь тюркских диалектов» М. Кашкари – драгоценное наследие тюркского мира.....	54
Article	Б. Қасым М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігіндегі түбір етістіктердің семантикасы.....	
	B. Kassym Semantics of Root Verbs in «Diwani lugan it-turk» Dictionary by M.Kashkari.....	
	Б. Касым Семантика корневых глаголов в словаре М. Кашкари «Дивани лугат ит-Түрк».....	61
Article	Н.Ж. Егизбаева, С.М. Иманқұлова М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі үндестік заңының қолданысы	
	N.Zh. Yegizbaeva, S.M. Imankulova The Use of Sound Harmony in the work of M. Kashgari «Diwani lugat it-Turk».....	
	Н.Ж. Егизбаева, С.М. Иманқұлова Применение закона сингармонизма в труде М. Кашгари «Дивани лугат ит-Түрк».....	67
Article	Б. Қасым, Г. Суамбекова Туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымы	
	B. Kassym, G. Suambekova Internal Meaning Structure of Derivative Words	
	Б. Касым, Г. Суамбекова Структура внутреннего значения производных слов.....	74
Article	А.О. Ақжігітова М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі есімшелер және олардың адъективтенген, заттанған тұлғалары.....	
	A.O. Akzhigitova Participles and their adjectivised, substantivised forms in the work Diwani Lughat-at-Turk by M. Kashgari.....	
	А.О. Ақжигитова Причастия и их адъективированные, субстанти- вированные формы в труде М.Кашгари «Дивани лугат-ит-тюрк».....	84
Article	Ж.А. Абитжанова Метафораға негізделген фразеологизмдер (Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы негізінде).....	
	Zh.A. Abitzhanova Phraseology Based on Metaphor (Based on the Work of Zh.Balasagun «Kutadgu Bilik»).....	
	Ж.А. Абитжанова Фразеологизмы, основанные на метафоре (по произведению Ж. Баласагуна «Кутадгу билик»).....	89

Article	Б. Мырзабаева Мақал-мәтелдердегі «сөз» ұғымының мәні.....	
	B. Myrzabayeva The Meaning of the «Speech» Concept in Proverbs and Sayings.....	
	Б. Мырзабаева Значение понятия «речь» в пословицах и поговорках	96

Әдебиеттану / Literary Studies / Литературоведение

Article	Н. Назаров «Диуани-лұғат ат-түрк» шығармасындағы түркі халықтарының фольклорын қабылдау.....	
	N. Nazarov The Perception of the Folklore of Turkic Peoples in the Work of «Devonu-lugotut-turk».....	
	Н. Назаров Восприятие фольклора тюркских народов в произведении «Девону-лугот ат-тюрк».....	102
Article	Қ.Қ. Мәдибай, Қ.Т. Мұхамади Мәңгілік ескерткіш.....	
	K.K. Madibai, K.T. Mukhamadi Eternal Legacy.....	
	К.К. Мәдибай, К.Т. Мұхамади Вечное наследие.....	108
Article	Ш. Рамазанова, А. Рамазанова Махмұт Қашқари. Өмірі һәм шығармашылығы.....	
	Sh. Ramazanova, A. Ramazanova Mahmut Kashkari. His Life and Creativity.....	
	Ш. Рамазанова, А. Рамазанова Махмұт Кашкари. Жизнь и творчество.....	116
Article	А.А. Тұймебекова Батырлық концепті: соғыс тактикасы мен стратегиясы Б. Момышұлы ұстанымында.....	
	A.A. Tuimebekova The Heroic Concept: War Tactics and Strategy by B. Momysuly.....	
	А.А. Тұймебекова Героическая концепция: военная тактика и стратегия Б. Момышулы.....	123

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

Article	А.Ж. Машимбаева, Г.С. Сүлеева М. Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің мәдени тұлғаны қалыптастырудағы маңызы.....	
	A.Zh. Mashimbaeva, G.S. Suleeva The Importance of M. Kashkari's Work «Turkish Dictionary» in the Formation of a Cultural Personality.....	
	А.Ж. Машимбаева, Г.С. Сүлеева Значение труда М. Кашгари «Турецкий словарь» в формировании культурной личности.....	131

<i>Article</i>	<i>П.Е. Нусупова</i> Махмұт Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігіндегі» түрік халықтарының әдеп, адамгершілік қасиеттері туралы..... <i>P.E. Nusupova</i> About the Customs and Customs of the Turkic Peoples in the “Dictionary of Turkic Languages” by Mahmut Kashkari..... <i>П.Е. Нусупова</i> О нравах и морали тюркских народов в «Словаре турецких языков» Махмута Кашкари.....	137
<i>Article</i>	<i>Ж.Б. Қажығалиева, А.Е. Оңғарбаева, Ж.Б. Кдыралиева</i> Тарих сабағында «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігін CLIL технологиясын қолданып зерттеу мүмкіндігі..... <i>Zh.B. Kazhygalieva, A.E. Ongarbayeva, Zh.B. Kdylaliev</i> The Possibility of Studying the Dictionary «Divani Lugat It-Turk» Using the CLIL Technology in the History Lesson..... <i>Ж.Б. Қажығалиева, А.Е. Оңғарбаева, Ж.Б. Кдыралиева</i> Возможность изучения словаря «Дивани лугат ит-Тюрк» с использованием технологии CLIL на уроке истории.....	144
<i>Article</i>	<i>Н.Б. Нәби</i> Қатысымдық дағдыны қалыптастыратын М. Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдер..... <i>N.B. Nabi</i> Proverbs and Sayings in Mahmud al-Kashgari’s Dictionary for Developing Communicative Competence..... <i>Н.Б. Нәби</i> Пословицы и поговорки в словаре М. Кашгари, формирующие коммуникативные навыки.....	152

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ә.Н. Оразалиева*Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан**(E-mail: elmira.oralizyeva@nu.edu.kz)***Ел киесі – тіл****(Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі туралы)**

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

«Ғұмыр бәйгесінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар» деген Әлихан Бөкейханның ойлы сөздері қазақ деп жүрегі соққан әр азаматтың тамыр тынысын да, өмірлік ұстанымын да айқындары сөзсіз. Қанатын кеңге жайған еліміздің бүгінгі келбеті ғаламдық кеңістікке бой түзеген мемлекеттің мақсат-міндетімен, бағыт-бағдарымен сомдалатынын есте сақтасақ, келер ұрпақтың да киелі бастауын халық пен тіл ұғымдарының сабақтастығымен өлшеу маңыздылығы жадымызда болғаны дұрыс. Баланың саналы ғұмырын рухани құндылықтардың қуатымен, ұлттық ділдің тереңдігімен таразылауға мүмкіндік беретін бұл екі ғаламның мазмұнды кеңістігі – танымды тағылымға, тағылымды тарихқа, тарихты болашаққа жалғайтын күдірет.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», – деп тұжырымдаған. Демек, жаһандық дағдарыстар мен сын-қатерлер заманында Мәңгілік елдің мәңгілік туын желбіретер ұрпақ тәрбиелеу, білімі мен мінезі тең түсетін өнегелі елдің елшісін дайындау, қасиеті мен ұлттық ғаламы бірлікке бастайтын халықтың өкілін қалыптастыру – қазіргі қазақ елі үшін құндылығы жоғары қадамдар. Тал бесіктен ана тілінде сөйлейтін елдің ұрпағы ғана тарихын қастерлейтін, дәстүрін сыйлайтын, салтын ардақтайтын ел болары хақ. «Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құланнан» екенін ұмытпаған елдің алдында бүгінде санаға қанат бітіру, зейінге тұлпар мінгізу, зердеге шапан жабу қажеттіліктері күн санап емес, сағат санап өсуде.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты Халықаралық симпозиум жұмысы нәтижесінде 2017 жылдың желтоқсан айында Назарбаев Университеті ұжымының бастауымен Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі Әділет министрлігінің ресми тіркеуінен өтіп, өз жұмысын бастады.

«Сөз киесі – иесінде», – деп Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев атап өткендей, тілдің киесі оны тұтынушы халықтың бойында тұнып жатқан құндылықтармен, ішкі-сыртқы ғаламмен үйлесімділікте танылары анық. Осыған орай, Бірлестіктің өзіндік ерекшелігі мен қоғамға әкелер мүдделі үлесі де қазақ тілі оқытушылары мен мектеп мұғалімдерінің байланысын кеңейту, өзара пікіралмасу, тәжірибе бөлісу, халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізу, әдіскерлік дағдыларын ортаға салу сияқты міндеттерді шешу мүмкіндіктерімен өлшенді. Берекелі елдің болашағы мемлекеттік тілдің тағдырымен астарласқан заманда қазақ тілі мәселелерінің ғылыми-теориялық, педагогикалық қорын нығайту, тарату, әлемдегі тілдік білім берудің үздік тәжірибелерімен танысу мәселелері

Бірлестіктің мақсатын айғақтағаны анық.

«Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, қатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады... әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазуға үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды», – деп Ахмет Байтұрсынұлы атап өткендей, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілінің өрісі оның қолданбалы сипатымен, аялық кеңістігімен, ғылыми мүмкіндігімен есепке алынары – шындық. Қазіргі қоғамның белді мүшесі – дүниетанымын жан-жақты ақпараттар кеңістігімен тығыз байланыста қалыптастыратын жеке тұлға, сондықтан ел болашағы жанұяда орныққан дәстүрден, балабақшаға аяқ басқан сәбидің тәрбиесінен, мектеп табалдырығын аттаған балалардың оқу бағдарламасынан, білікті маман болуға талпынған студенттің саналы жоспарлауынан әрі қоғамдық қатынастар мектебінің берік ұстанымдарынан басталатынын ұмытпағанымыз дұрыс. Бірлестік қазақ тіл білімі, елтану, тіл оқыту мен салыстыра-салғастыра талдау бағытында ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылымаралық байланысты нығайта отырып, пікір алмасу, халықаралық ғылыми жобаларға қатысу, бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру, тілдік білім беру саласындағы оқыту әдістемелері мен инновациялық технологиялардың соңғы жаңалықтарын жинақтау, тарату бағыттарындағы жоспарлы міндеттерін жүзеге асырып келеді.

Қазақ тілін әрі бабалар мұрасының қоры, әрі ұрпақтың заманауи білімінің өзегі деп қабылдаған Бірлестік 2018 – 2022 жылдарға бекіткен Стратегиялық жоспарлау құжатына сәйкес 4 басты бағытты алға тартты. Сол арқылы қазақ тілінің даму кеңістігін де, жаһандық қауіп-қатерлерге төтеп берер қуатын да қазақтанудың іргелі ұстанымдарымен, ел тағдыры, бабалар аманаты құндылықтарымен бірлікте саралауды көздеді. Тарихи ілімнің бастауы мен мәдени дәстүрдің құнды қағидаттарын бойына жинаған қазақ тілінің даму алғышарттары оның ғылыми әлеуетімен теңестірілді. Нәтижесінде қазіргі тілдік білім беру үдерісі жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, қазақ тіл білімінің академиялық ғылыми қорын жетілдіру әрі тіл меңгертудің әдістемесін технологиялармен толықтыру міндеттерін өзектеді. Осы мақсатта дәстүрлі үлгілермен қатар, әлемдік тәжірибеге сүйенген модельдерді басшылыққа алу қазақ тілін оқытудың кәсіби-бағдарлық ұстанымдарын жан-жақты жүйелеуге, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталды. Нұрлан Оразалин «Тіл – ұлттың айбары мен айбыны» дегендей, рухани жаңғырудың өзегі, ұлттық жадының тұғыры деп танылар қазақ тілінің оқытылу, зерттелу бағыттарын кеңейту; Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен бірігу; Орталық Азия, Қытай, Жапония, Корея, Ресей, Түркия, Еуропа, Солтүстік Америка және тағы басқа әлем елдерімен өзара ынтымақтастықты дамыту заман талабымен айғақталған мәселелер деп танылды. Қазақ тілін өз алдына оқшау тұратын құбылыс ретінде емес, қарым-қатынастың құралы, ақпараттың кілті деп тану оның «ғұмырын» ұзартуға, қоғамдық қажеттілігін арттыруға септігін тигізери де ақиқат.

Қазақ тілінде бүкіл қазақ халқы, қазақ қоғамы сөйлесе екен деген мақсатпен Бірлестік STEAM бағдарламасын алғашқылар қатарында қолға алып, айтарлықтай жұмыстар атқарды, семинарлар өткізді. Бағдарлы тілдік білім беру жүйесінің ерекшеліктерін талдап көрсету, дәстүрлі тілдік білім беру үлгілерімен қатар, әлемдік тәжірибеге сүйенген модельдерді өзектеу қазақ тілін оқытудың ортақ модельдеу принциптерін айқындауға көмектесті. 2018 жылдан бастап Бірлестіктің ұйымдастыруымен әдістемелік семинарлар дайындалып, оқу-әдістемелік құралдар қолжетімділік мақсатында сайтқа қойылды. Қатысушылар қатарында мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының қазақ тілі мұғалімдері мен оқытушылары, тіл орталықтарының қызметкерлері қамтылды. Алғашқы семинарлар 2 күндік мерзімде ұйымдастырылса, 2019 – 2023 жылдар аралығында өткен семинарлар 1 апталық, 2 апталық бағдарламаларға ұласты.

Ғылымаралық кеңістікке шығу мақсатында қатысушыларға «STEAM жүйесі бойынша тіл оқыту: технологиялар мен дағдылар», «Бағдарлы тілдік білім: интеграция, инновация, технологиялар» деген тақырыптар ұсынылды. «STEAM» – ғылым, техника, инженерия, математика және өнер салаларын қамтуға негізделген кілт ұғымның аясында тілдік білім берудің жаңа мүмкіндіктері мен технологиялық құралдары қатысушылар тарапынан асқан қызығушылықпен қабылданды. Playposit, Socrative, Thinglink & Google Doc қосымшалары негізінде қазақ тілін оқыту жүйесі мен тапсырмаларын мультимедиялық құралдарға бейімдеу, сол арқылы тіл үйрену немесе жетілдіру сабақтарының тиімділігін арттыру семинарлар тізбегінің басты міндеттерін айқындады.

Жылдан-жылға нығайып келе жатқан білім және ғылым, кәсіби дайындық пен тәжірибе алмасу салаларындағы қарым-қатынастар жастар мен орта буын өкілдері арасындағы тілдік дайындықтың деңгейін сапалы теңгерімде ұстауға негіз болып отыр. Бірнеше тілде еркін сөйлейтін тұлға мемлекеттік мүдде қағидаттарын жаһандық ұстанымдарға негізетумен қатар, өркениет құндылықтарын ұлттық ойлау сүзгісінен өткізу қажеттігін де өзектей алады деп есептеледі. Нәтижесінде Бірлестік қазақ тілін оқытудың лингводидактикалық негізі мен технологиясын дамыту бағытында Қазақстандағы жаңа педагогикалық зерттеулермен танысу, деңгейлік қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша тәжірибе алмасу, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың қорын жинақтау, тілдік білім берудің халықаралық тәжірибесін жүйелеу, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту әдістемесін жетілдіру, кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі мен технологиясын дамыту, кәсіби мамандардың қатысуымен бірлескен семинарлар өткізу сияқты мәселелердің жүзеге асырылуына ат салысып келеді, себебі құрылымдық және модельдік жоспарлау әдістерін ұтымды қолдану арқылы кәсіби қазақ тілін оқытудың пәнаралық интеграцияға негізделген бағытын дамыту бүгінгі күні аса маңызды болып табылады.

Қазақ тілі оқытушыларының тәжірибе алмасу платформасын дамыту – білім беру жүйесінің уақыт күттірмейтін талаптарының бірі. Біліктілігін арттыруға келген мамандардың кәсіби-коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру бағытында арнайы кейс жаттығуларын, тест тапсырмалары мен ойын формаларын дамыту, соның негізінде белсенді лингвистикалық капитал мен терминологиялық базаны қалыптастыру – Бірлестіктің ұтымды шешімдерінің бірегейі. Семинарлар әрі отандық әдіскерлердің тәжірибелерімен, әрі Маһира Якуп, Диана Коб-Зигадла, Туғба Йилдирим, Эрик Аасланд сияқты шетелдік мамандардың ғылыми-әдістемелік технологияларымен танысуға мүмкіндік берді. Қазақ тілі және түркітану департаменті оқытушыларымен қоса, қазақ тілін оқыту шеберлігін КИМЭП, М.С. Нәрікбаев атындағы КазПЮУ Университеті мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Сулейман Демирель атындағы және Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеттерінің мамандары ортаға салды. Әрбір ұйымдастырылатын семинар өз алдына ерекше мақсат-міндеттер қоятыны заңдылық, өйткені семинар сіздің өсу деңгейіңізді, тану жолыңызды көрсететін жақсы платформа деп есептеледі. Болашақта ұтымды жалғасын табатын бұл бастаманың маңыздылығы лингводидактикалық орталықтардың, әдістемелік мектептердің өзектелуімен түсіндіріледі.

Ғылыми сабақтастық нәтижелері ел болашағына қызмет ету үшін кез келген тұжырым қазақстандық және шетелдік маманның бірлескен сараптамасынан өту керек. Бұл біржақты пікірлерді болдырмаумен қатар, қазақтанудың киелі құндылықтарын дұрыс көрсете білуге әрі халықтық дәстүрлерге терең пәлсапалы түсініктемелер беруге көмектеседі. Елтанудың іргесі берік, ұрпақ алдындағы абыройы асқақ болу үшін ғылымға артылар жүктің салмағы зор. Осы мақсатта Қазақстанның жоғарғы оқу орындарымен байланыс орнату, бекітілген ғылыми зерттеулер бойынша ортақ ақпараттық қор дайындау; ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізу, академиялық ұтқырлық аясында қазақ тілінен ғылыми зерттеулер жүргізіп жүрген шетелдік зерттеушілердің тізімдемесін

дайындау, түбі бір түркі тілдерімен байланыс орнату, шетелдегі қазақ тілі мәселелерін зерттеуші мамандардың, студенттердің қорын веб-парақшаға орналастыру да болашақта атқарылар шаралардың құнды арнасы.

Әр адамның өмірлік ұстанымы да, тіршіліктегі сенімі де тіл мен рух сияқты ұғымдардың киесімен өлшеніп, құдіретімен жаңғырып отырғаны абзал. Әр игі істің бастауында «қазақтың тілі», «қазақтың жолы», «қазақтың болашағы» деген мағыналы бірліктер көрініс тауып, «ұлттық жады», «ұлттық код», «ұлттық бірегейлік» мәселелері «жаһандық бәсеке» қағидаттарымен үйлесімді сабақтастық құраса, қазақ тілінің, шын мәнінде, «ғұмыр бәйгесіндегі» өзіндік орны анық болар деген үміттеміз.

Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігіне әрі оның сөзтанымын ойтанымына жалғаған тұңғыш басылымына ақ жол тілейміз!

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

А.Б. Салқынбай*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: asalkbek@gmail.com)**М. Қашқари – түрк әлемінің тұңғыш ғылыми энциклопедиясын түзуші**

Аңдатпа. Мақалада Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») еңбегінің ғылыми маңызы талданады. М.Қашқари – алғашқы ғылыми энциклопедияның авторы және түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының негізін қалаушы. Мақалада М.Қашқари мұрасын зерттеудің тек түркі әлемінің тарихы үшін ғана емес, сонымен қатар оның болашақ дамуы мен бірлігі үшін де маңызды екендігі ерекше атап көрсетіледі. Мақалада М.Қашқаридің түркі қоғамына тарихи тұрғыда әсер еткен жаңашыл идеялары мен теориялары жан-жақты қарастырылады. Ғалымның «Сөздікте» қырғыз, қазақ, оғыз, тоқсы, яғма, чігіл, оғрақ және жаруқ тайпалары тек түркі тілдерінде сөйлейді деген тұжырымдарына, сондай-ақ иймақ және башқұрт тілдерінің түркі тілдеріне жататындығы және Рум жерінде қолданылатын булгар, суар және бажанақ тілдеріндегі сөздердің соңғы буындары қысқартылған түркі тілі формасын білдіретіні туралы пікірлеріне ғылыми талдау жасалады. Сонымен қатар, мақалада М.Қашқаридің идеяларының қазіргі түркі тілдері эволюциясы үшін өзектілігі анықталады. Сөз түбірлерінің өзгеруінің өте сирек екендігі, ал ондай өзгерістердің негізінен жекелеген дыбыстардың алмасуына байланысты екеніні көрсетіледі. Сонымен бірге, түркі тілдеріндегі түбір сөздердің мағыналық байлығы мен олардың өзгеру ерекшеліктеріне қатысты М.Қашқаридің талдауларының дыбыстық ауыспалылық заңдылықтарына негізделгені айқындалады. **Түйін сөздер:** Махмұт Қашқари, түркі тілдері, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері, ортақ түркілік дүниетаным, түркі мәдениеті, салыстырмалы грамматика

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Адамзат тарихында тұңғыш ғылыми энциклопедия түзуші, ортағасырлық ғұлама ғалым, лексикограф, тарихшы, географ, фольклоршы, картограф, паремиолог, мәдениет және өнертанушы, тілші-филолог, саяхатшы, теолог, астрономия білгірі, салыстырмалы тіл білімінің атасы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» атты түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігінің 950 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтуде.

М. Қашқари есімі – түркі халқының бүгіні үшін де, ертеңі үшін де, яғни түркі жұртының бірігуі, тұтасуы үшін де аса маңызды.

Ғылым үшін М. Қашқаридың:

- түркі тілінің сөз байлығын жинауы;
- әлемдік деңгейде көрсетуі, танытуы;
- орта ғасырлық озық ғылыми-теориялық үлгілер бойынша тілдегі ерекшеліктер мен грамматикалық тұлғаларға түсінік беруі;
- географиялық атаулар мен кісі есімдерінің тарихынан хабардар етуі;
- түркі тілдерінің, диалектілерінің таралуы шегінің атласын тұңғыш рет жасауы маңызға ие.

XI ғасырда түркі тілінің салыстырмалы тарихи грамматикасын түзуі; түркі жұртында ауызша таралған аңыздар мен әпсаналарын; мақал-мәтелдерін; жұмбақтарын жинауы – баға жетпес рухани құндылық.

М. Қашқари түркі тарихында тұңғыш рет:

- түркі халқының тілдік ерекшелігін ашқан;
- ғылыми түсіндірмесін берген;
- лингвистикалық картасын жасаған;
- грамматикалық құрылымын анықтаған;
- фонетикалық ерекшелігін талдаған;
- лексикалық байлығын тізбелеп берген;
- түбірлер мен одан тарайтын туынды сөздердің мағыналық құрылымын анықтаған;
- атаудың жасалу уәжілігін көрсеткен;
- түркі халқының өзіндік дүниетанымын зерделеген.

Біздер үшін М. Қашқаридың қай тайпадан шыққаны немесе қай елге, руға, тайпаға жақын болғанынан гөрі, араб тілінде түркі мәдениетін насихаттауы, түркі тілінің ен байлығын жинап, оны әлемдік деңгейде көрсетуі, танытуы, орта ғасырлық озық ғылыми-теориялық үлгілер бойынша тілдегі ерекшеліктер мен грамматикалық тұлғаларға түсінік беруі, географиялық атаулар мен кісі есімдерінің тарихынан хабардар етуі, түркі тілдерінің, диалектілерінің таралуы шегінің атласын тұңғыш рет жасауы баға жетпес маңызға ие.

М. Қашқаридың ұлылығы, алдымен, түркі тілінің Салыстырмалы тарихи грамматикасын жасауымен байланысты. Әлемдік лингвистикада салыстырмалы тарихи тіл білімінің пайда болуы ХҮІІІ ғасырда еуропалық тілшілердің санскрит тілімен таныс болып, өзге тілдермен салыстыра отырып, олардың арасындағы лексикалық және грамматикалық жақындықты тани бастауымен байланыстырылады. Гердердің “Тілдің пайда болуы туралы зерттеулер атты” еңбегі 1770 жылдары шығады да, тарихи тіл білімінің алғашқы ғылыми тұрғыдан жазылған зерттеуі ретінде танылады. Ал түркі тіл білімінің ірі тұлғасы, атақты ғұлама ғалым М. Қашқари өзінің тарихи-салыстырмалы зерттеуін – “Дивани лұғат-ат түрікті” ХІ ғасырда жазған. Демек, түркітану ғылымының салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі жетістігі, тұңғыш салыстырмалы ғылыми зерттеу тәсілін туғызуы әлемдік тіл білімінде өзінің лайықты орнын алуы қажет.

Қазақ ғалымдары М. Қашқари еңбегін ерекше бағалап, оны жан-жақты талдаған. М. Томанов, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, Ә. Әбдірахманов, С. Бейсенова т.б. зерттеушілер ғұлама ғалымның шығармасындағы жалпы тілдік ерекшеліктері мен негізгі сипатын, ондағы атаулардың әсіресе ономастикалық атаулардың сырын, қыпшақ тіліне қатысын, сөздікте кездесетін төрт түлік мал атауларын жан-жақты талдап көрсетті.

М. Қашқаридың “Түрік сөздігін” қазақша сөйлетіп, 1998 жылы 3 томдық етіп бастырып шығарған қазақ халқының атақты ақындарының бірі Асқар Егеубайдың еңбегін ерекше атаған жөн. Бұл іргелі жұмыс М. Қашқаридың қазақ жұртына кеңінен насихатталып, оның еңбегімен жастардың өз тілінде таныса алуына үлкен жол ашып берді.

“Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түтесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңіріге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуану лұғат-ит түрік» деген ат бердім” деп көрегендікпен болжаған ұлы ғұлама сөздікті “Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастай” отырып, “Түрік” ұғымы жайында заманында мынадай түсінік болғанын ескереді: “Мен Тәңірінің дәулет, ұясын түріктер бұржысында жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды “түрік” деп атады және оларды мемлекетке ие қылды; Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолдарына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен

бірге күрескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен оларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты уа парыз іске саналды. Өз дертін айту уа түріктерге жақын болу, жағу үшін, оларға түрік тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады. Кім өз дұшпандарынан ажырап, түріктерге сағынып, мұңайып келсе, оларды түріктер қанатының астына алып, қауіптен құтқарады, олармен бірге басқұалар да қамқорлық, пана табады”. Байқап, бағамдап, ойланар болсаңыз, бүгінгі түркі халқының, соның ішінде қазақ елінің тарихынан осы пікірдің дұрыстығына қаншама нақты дәлел келтірер едіңіз. Ондай мысал-айғақтар жетерлік...

Ғұлама зерттеуінде түрік тілі туралы айтылған өз заманындағы пікірлерге де назар аударады. Бұқаралық ғалым, Нисапурлық басқа бір ғалымның тіл туралы айтқандарын өз тұжырымының дәлелі ретінде береді “Пайғамбарымыз қиямет белгілері, ақырзаман бітінәләрі және оғыз түріктерінің жорыққа шыққандығы туралы айтқанда: “Түрік тілін үйреніңдер, сонда олардың егелігі ұзақ дәуірлі болмақ” – деген екен деп жазады.

Кейінгілер ғұлама ғалымның аты мен затын бөлісіп, іштей жік-жікке жіктелмесін деді ме екен (бәлкім, әлде бір себептермен сол заманда қуғындалды ма), кім білсін, өзі туралы мынадай ғана ақпарат береді: “Мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сақарасын бастан-аяқ аралап шықтым”.

“Хамза”, “Сәлім кітабы”, “Мұзоаф кітабы”, “Үш әріпті сөздер кітабы”, “Төрт әріпті сөздер кітабы”, “Ғұнналлылар кітабы”, “Сүкүндік екі үндес қатар келген сөздер кітабы” атты сегіз бөлімнен тұратын “Дивани лұғат-ат түрікте” түркі халқының тілдік ерекшелігін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге бірінші рет оның ғылыми түсіндірмесін, лингвистикалық картасын, грамматикалық құрылымын, фонетикалық ерекшелігін, лексикалық байлығын, түбірлер мен одан тарайтын туынды сөздердің мағыналық құрылымын, атаудың жасалу уәжділігін, түркі халқының өзіндік дүниетанымын, т.б. терең көрсетеді. лұғат деп аталғанымен, бұл еңбектің мәні қазіргі лұғаттардан бөлекше, энциклопедиялық сөздік деңгейіндегі күрделі мәселелер байыпты зерделенеді.

“Диуанидағы” тарихи және географиялық атаулардың, кісі есімдерінің түсіндірілуі, түркі дүниесі туралы жазылған картаның маңызы ерекше. Кей ғалымдар (В. Бартольд) бұл деректер бәлкім басқа ғалымдардың еңбектерінен алынған болуы мүмкін деп күмәндана қарағанымен, М. Қашқаридың көптеген атаулардың әр тілде қалай айтылатынын тәптіштеп жазуы, оның тілдік білігінің ұшан теңіз екендігін, әрі түркі даласын еркін ұзақ аралап, ұланғайыр мағлұмат жинағаны, мұндай күмәннің орынсыз екенін танытады. Ғалымның кейінгі зерттеушілердің назарына көбірек ілінген еңбегі 1266 жылғы көшірме нұсқасы. Мұны Шам қаласының ғалымы Мұхаммед ибн Ебибекир ибн Ебилфетих көшірген.

XI ғасырда М. Қашқари “Өнер алды – тіл”, “Игі істің басы – тіл”, “Тәрбие басы – тіл”, “Өнерсізден құт қашар”, “Жүзіне қарама, өнеріне қара”, “Құт белгісі – білік”, “Білім – ел ішінде” дегендей данышпандық ойды мол кестелеген.

Еңбек мазмұны түрік сөздігі болғанымен, әр сөздің жанында хикметтен, мақал-мәтелдерден, өлең-жырлардан, көркем қарасөздерден мысалдар келтіріліп, ой айшықталып отырады.

М. Қашқари түркі халықтарының тілі туралы сол заманның көзқарасы тұрғысынан үлкен ғылыми баға берген. Әр түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерімен қоса, олардың жалпы қасиеті мен сапалық деңгейін, тазалық сипатын көрсеткен. “Қай, ябақу, татар, басмыл тайпаларының өз тілдері бар. Олар түркі тілдерін әлімсақтан біледі. Қырқыз, қыпшақ, оғыз, тохси, яғма, чігіл, оғрақ, жарұқ тайпалары тек қана түркі тілінде сөйлейді. Иәмәк пен башқұрт тілдері оларға жақын. Рұм өлкесінің жанындағы бұлғар,

суар, бажанақтардың тілдеріндегі сөздердің соңы ықшамдалған түрікшенің бір түрі. Тілдің ең жеңілі оғыз тілі. Анығы тохси мен яғма тілдері. Ең ауқыр тіл хаканияның орталық өңіріндегі халықтардың тілі” – дей келіп, ірі шаһар халықтарының тіліндегі ерекшеліктерді анықтайды. Баласағұндықтар соғды, түркі тілдерімен сөйлесе, арғу шаһарларындағы халықтың тілінде шұбарлық бар, тираз, байза шаһарларының тілі де соғды, түркі тілдерін араластырып сөйлейді деп жазады ғалым /1. 10-11/.

XI ғасырдағы барлық түркі тілдерінің тілдік ерекшеліктерін анықтап, олардың негізгі лексикалық, фонетикалық және грамматикалық құрылымын анықтаған, қажеттілігіне қарай араб тіліндегі тілдік заңдылықтармен салғастыра отырып зерттеген бұл еңбек түркітанудың ең негізгі жетістігі болды.

М. Қашқаридың “Дивани лұғат-ат түрік” атты зерттеуі – түркітанудың басы. Салыстырмалы тарихи тіл білімінің негізін қалаған, XI ғасырдың өзінде-ақ, барлық түркі тілдері туралы байсалды, байыпты ғылыми тұжырымдар жасаған энциклопедиялық еңбек. Мұнда түркі халқының дүниетанымдық көзқарасы мен ділі айқын көрініс тапқан. Әдеби қолданыстағы барлық бір буынды, екі буынды, үш буынды, төрт буынды (автордың өзі бұны екі әріпті, үш әріпті, төрт әріпті дейді) сөздердің мағынасын анықтап, нақты тілдік деректермен көрсеткен.

Ғалым түркі тілдеріндегі түбір сөздердің тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін терең талдайды. Бұл талдауларды терең барласақ, қазіргі тілдік дамудың да көптеген заңдылықтарын анықтап, ғылыми-теориялық байлам жасаған болар едік. Айталық, М. Қашқари сөз басындағы й дыбысымен келген сөздердің ж дыбысына алмасу процесін былайша анықтайды: “Й әрпімен басталған атаулар мен етістіктердің басқы әрпін оғыздар мен қыпшақтар а әрпіне немесе ж әрпіне айналдырады. Сол себептен түріктер мүсәпінді “йәлкін” десе, олар (оғыздар) “әлкін” дейді; түріктер йылығ сув – жылы су десе, олар ылығ сув дейді. Түріктер түйенің ұзын жүнін йуғду десе, олар жағду дейді. Сөз ортасында немесе сөз соңында келген й әрпін арғулар н әрпімен алмастырып айтады. Мысалы түріктер қой десе, олар қон дейді”. Бұл үзіндіден аңғартынымыз, ғұлама ғалым түрік тілі мен оғыз, арғу тілдеріндегі сөз басындағы және сөз ортасындағы й-ж; й-н- дыбыстарының сәйкесіп келуін айқындау арқылы олардың қолданысындағы ерекшеліктерді де анықтап берген. Й-ж дыбыстарының сәйкесуі арқылы ғалымдар түркі тілдерінің дамуын жүйелеп келгені белгілі. Демек, қазіргі тілдегідей, сөз басында ж дыбысын айтатын тек қана қазақ және қарақалпақ тілдері емес, қыпшақ тілдері, оғыз тілі болған.

М. Қашқари еңбегінде түркі тілдерінің біразына сипаттама беріліп, негізгі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері талданған. “Оғыздардың тілі жұмсақ” дейді автор.

Еңбектің негізгі тағы бір ерекшелігі тілдегі гендерлік ерекшелікке де едәуір мән беріп отырған. Айталық, Румнан Чин маңына дейінгі оғыздар мен көшпелілердің тілін атып отырып, сөйлеуде ерлер мен әйелдердің сөзі ажыратылмайтынын, бұл тек жумла мазмұнында ғана аңғарылатынын ескертіп отыруды ұмытпайды.

Жұмыста сөздердің грамматикалық құрылымына ерекше мән берілген. Әсіресе етістік сөз табының шақ тұлғалары, рай формалары, масдар тарихи-салыстырмалы негізде терең талдауға түседі. Ғалымның түркі тілдерінің грамматикалық жүйесін саралауына қарағанда, етістіктің шақ тұлғаларын жасауы, масдарды қолдануы, көптік тұлғаларын жұмсауы т.б. жағына оғыздар мен қыпшақтардың тілдік қолданысы ұқсас болған. Автор “әрекет иесін білдіретін сөздер оғыз, қыпшақ, ямақ, яғма, арғулар, суварлардан Печенекке дейінгі көшпенділер тілінде өткен шақ тұлғасындағы етістіктен жасалады” десе, енді бірде “оғыздар мен қыпшақтар бірлікте бар, көптікте барың деп атайды. Олар –лар, ләр көптік жалғауын түсіріп, оның орнына жекеше түрде ыңыз тұлғасын қолданады. Құрмет үшін бір адамға –з қосып айтады. Олардың тілінде көптік

үстіне көптік қосымша қосып айтады. Ал түріктер құрметті кісіге жалғыз болса да бардыңыз дейді. Мұндағы -ыңыз негізінен көптік мағынаны білдіретін қосымша” – деп жазады ғалым.

Ғалым түбір сөздерде өзгерістер аз болады, бұл өзгерістер түбірдегі кейбір дыбыстардың алмасып айтылуы мен түсіп қалуы сияқты болып келеді деп пайымдайды. Яғни түркі тіліндегі түбір мағынасының кеңдігі мен тұлғалық өзгеріске түсуінің өзіндік ерекшеліктерін дыбыстық алмасу негізінде саралайды.

Заттық не қимылдық мағына беретін атаулардың контексте жаңа туынды мәнге ие болатынына терең мән беріп, нақты тілдік деректер арқылы дәлелдемелер келтіреді. Айталық, автор етістіктерден жасалған құрал аттары өзінің етістік сипатынан ауытқып, есім сөз ретінде танылатына тоқталады. “*Иегу нан*” – желінетін нан, “*ұрғу*” – ұру үшін жасалған құрал, “*йығач бығач*” – балта (ағаш кесетін құрал аты), “*сорғу*” – соратын құрал, (2-т.184)¹ т.б. (¹ Сілтемелер Ә.Ибатов тәржімасы негізінде жазылған “Түбі бір түркі тілі” еңбегінен алынды).

Екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған атаулар мағынасының ерекшелігін, өзіндік ерекше семалық мән беретініне ғалым көңіл бөледі. Түсті әсірелеп айту үшін айталық түріктер *көп көк* десе, оғыздар *көм көк* (көкпеңбек), *сап-сарыг* (*сап-сары*), *йап-йазы* (*жап-жазық*) дейтініне назар аудартады (1-т. 316-317). Сондай-ақ, қосарланып қолданылған есімдер мен етістіктердің бірінің мағынасы негізгі болып, екіншісі көмекші сөз болатынын айтады: “бір нәрсе бір нәрсеге қатты араласып кетсе, түріктер *қатты-қарды* – араласып кетті дейді. Бұл жерде қатты сөзі негізгі сөз болады да, қарды көмекші сөз саналады. Оғыздар бұл мағынада *қарды* сөзінің өзін ғана қолданады. Осы сияқты түріктер жақсы мағынасын аңлату үшін *азғу-йавлах* деген қос сөзді қолданады (1-т. 406).

М. Қашқаридың “Диуани лұғат ат-түрк” еңбегінде аналитикалық тәсілмен жасалған атаулар жиі кездеседі, әрі оның ғылыми түсінігі мен түрлі түркі тілдеріндегі дыбысталу ерекшеліктері көрсетіліп отырады. “*Кулғучі ер* – күлетін адам, *евге кіручі* – үйге кіретін адам, *ат сүргучі* – ат айдаушы” сөздері жеке атау ретінде қолданып, тіл дамуында бірте-бірте қалыптасқандығы көрсетіледі (2-т. 39-74).

“Диуанидағы” тарихи және географиялық атаулардың, кісі есімдерінің түсіндірілуі, түркі дүниесі туралы жазылған картаның маңызы ерекше. Кей ғалымдар (В. Бартольдт) бұл деректер бәлкім басқа ғалымдардың еңбектерінен алынған болуы мүмкін деп күмәндана қарағанымен, М. Қашқаридың көптеген атаулардың әр тілде қалай айтылатынын тәптіштеп жазуы, оның тілдік білігінің ұшан теңіз екендігін, әрі түркі даласын еркін ұзақ аралап, ұланғайыр мағлұмат жинағаны, мұндай күмәннің орынсыз екенін танытады. Ғалымның кейінгі зерттеушілердің назарына көбірек ілінген еңбегі 1266 жылғы көшірме нұсқасы.

Еңбек мазмұны түрік сөздігі болғанымен, әр сөздің жанында хикметтен, мақал-мәтелдерден, өлең-жырлардан, көркем қарасөздерден мысалдар келтіріліп, ой айшықталып отырады. Түркі тілдеріндегі есімдер, етістіктер, олардың мағынасы мен уәжділігі алғашқы зерттеулерді “Диуани лұғат ит түрк” сөздігінен кездестіреміз. Сондай-ақ, әрбір сөздің жанында мағыналық сипаты мен түсінігі беріледі:

Мәселен:

“*Екеш*” – өзінің ақылдылығымен, зеректілігімен, кісілерге нақ өз сіңілісіндей көрінетін қыз; бұл сөз жас қыздарды сүйіп, еркелету үшін қолданылады.

“*Ұлыш*” – ұл балаларға еміреніп айтылатын, еркелететін сөз; ұлышым – ұлышым, қарағым.

“*Анаш*” – өзінің жастығына қарамай, өзінің зеректігімен баршаға өз анасындай санап, мейіріммен қарайтын жас қыз, ана қыз. Бұл сөз қыздарға еркелету үшін айтылады

“*Алыш*” (саға) – судың хәуізге құятын жері, дария мен көлдерден су ағызып шығаратын ауызы

“Ұлуш” – қала, қыстақ (шігілше) Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтар тілінде “uluш” сөзін “шахар” дейді. Содан барып, Баласағұн шаһарын “Quz uluш – Құз ұлуш” деп атаған [1].

Ал кей атаулардың мағынасы өзі атап тұрған заттың белгілерімен байланыстырылып, оның негізділігі, уәжділігі көрсетіледі: Мысалы:

“Түбек: түбіт” – талдың, сол секілді ағаштардың қабығын жармай, діңінен суырып алады да, түтік жасайды. Балалар сол түтікшеге жұмыр бұршақ, тас, қатты, жұмыр нәрселер салып, торғай атып ойнайды. Құс ататын мылтық тәрізді. Үрлеп атылады. Ол ағаштың ішін қуыстап ойып та жасалады (Шігілше).

“Шігіл” – түріктердің үш аймағының атауы. Біріншісі, Барсғанның төменгі тұсындағы Құйас қалашығында тұратын көшпенділер.

Екіншісі, “Тараз-Талас” қаласының жанындағы бір қалашықта тұратындар да “Шігіл” деп аталады. Оларды “Шігіл” деп атайтынының мынадай себебі бар: Зұлқарнайын Арғу еліне жеткенде қатты сел жаңбыр жауып, жер-көк лайсаң болып, жолдар езіліп, батпақ тасып кеткен. Ескендір жүре алмай қиналған. Налыған Зұлқарнайын парсы тілінде – неткен батпақ (не деген жаман батпақ жер), бұдан құтылмаспыз деп кетіпті. Кейін ол жерге бір қорған бекет салдырыпты. Сол қорған бекет “Шігіл” деп аталып кеткен. Кейін сол қорғанда тұрақтап қалған түрік тайпасы да “Шігіл” деп аталады. Содан бұл атау әр тарапқа тарап кетеді. Оғыздар да сол төңіректегі жерлерде тіршілік еткен және шігілдермен үнемі қақтығысып, соғысып отырған, олардың арасындағы алауыз жаулық бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Оғыздар шігіл шегіне келіп кірген өзге де түрік тайпаларының бәрін де “шігіл” деп атайды... [1. 452 б.].

“Ертіс” – “Иемек” даласындағы бір өзеннің аты. Бірнеше тармақтық бұл дария сол жердегі бір көлге құяды. Бұл дарияны “Ертіс суы” дейді. Кім тез өтеді? деген мағынада қолданылған “Ертіш– Ертіс” сөзінен алынған.

Яки ғалым Ертіс сөзінің уәжін “ер” және “түс” ұғымдарының уәжіне негіздейді.

“Ажмұқ”: ашудас – Таздың басын да соған ұқсатып, “Ажмұқ таз” дейді. (Өйткені, таздың басындағы жаралар ажмұқ жаққанға ұқсап тұрады. Бұл сөздегі “ж” екі жақ арасында айтылады. Автор “ажмұқ таз” сөзінің уәжін оны құраушы тұлғалардың мәні арқылы салыстыра отырып нақты көрсетеді.

“Іркін”: іркілген – “Іркін сув – іркінді су”. Жиналған, іркілген нәрсенің бәріне “іркін” сөзі қолданылады. Қарлұқтардың ірілерге, үлкендерге “Көл Іркін – Іркілгне көл” дейтіні де осы сөзден шыққан. Бұл “ақылы көлдей іркіліп, жиналып толған” деген мағынаны білдіреді.

“Өнке”: өкпе – (реніш, ыза). Бұлай аталу себебі реніштің өкпеден пайда болатындығынан. Бұл сөздің осы мағынада қолданылатыны оның пайда болу орнына байланысты. Арабшадағы жаңбырды “аспан” дейтіні тәрізді.

“Өңік”: қатындардың ешкі жүнінен өрілген жасанды шашы. “Өңүк иөргениек” – жапсырма шаш. Бұл сөз басқа деген мағынадағы – “өңі” сөзінен алынған.

М. Қашқаридың “Түркі халықтарында жиі кездесетін есімдер мен құрметті лауазымдар” деп аталатын бөлімінде барлығы 73 кісі есімі берілген. Бұл кісі атауларының кейбіріне автор жай ғана ерлердің есімі, адамның есімі деп анықтаса, кейбірін белгілі ақынның есімі, ханның аты-жөні, нағыз батырдың аты, күңдерге қойылатын атау деп түсінік беріп отырады.

Атыш, Утуш, Әби, Әрув, Өтеміш, Сәлім, Бано, Болуч, Агша, Қулуч, Тоқуш, Тәкіш, Қумуш т.б. сияқты есімдерді тек ерлер есімі, адамның аты деп қана түсінік беріп өтеді. Ал Тарым, Жыуы, Қулбақ, Узук, Өгә, Йуғуруш, Чувы, Тегін, Сагун т.б. сияқты кісі есімдеріне біраз ғылыми және әлеуметтік жағынан түсіндірме беріп кетеді. Мысалы:

Тарым – тегіндерге (шаһизадаларға), Афрасиабтың әулетінен тараған ханымдар мен барлық үрім-бұтақтарына арналған құрметті сөз. Хақанның ұлдарынан басқалар қандай

мәртебеде болса да, бұл құрметті сөз оларға қолданылмайды. Хан әулетінен тараған ақсүйек ханымдарға ғана арнап Алтын тарым сөзі қолданылады.

Қатун – Афрасиябтың қыздарының құрметті есімі.

Жыуы – жын әулеттерінің бірінің есімі. Түркілерде мынандай ұғым бар. Екі ауыл бір-бірімен ұрысса, сол ауылдың жұртындағы жындар да өз иелерін қорғап, бір-бірімен соғысады. Жындардың қайсысы жеңсе, ертесіне соның иесі де жеңіске жетеді. Жеңілген жынның иесі де дәл солай жеңіліс табады. Сондықтан, түркілердің әскерлері соғыстан қайтқан күні түнде жындардың оғы тиіп кетпеуінен сақтанып, далада шатырларға кіріп, сақтанып жатады. Бұл солардың санасына әбден сіңіп қалған ескі түсінік.

Құлбақ – түркі әулиелерінің бірінің есімі. Баласағұн тауларында жасайды екен. Аңызға қарағанда ол қара тасқа тәңрі қулы Құлбақ – тәңірдің құлы Құлбақ деп жазатын болса, ақ болып, ақ тасқа жазса, қара болып кетеді екен. Оның ізі қазірге дейін бар көрінеді.

Узуқ – қатындарға берілетін құрметті жанама есім. Саф алтындай ақкөңіл қатын алын узуқ деп аталады. Тәні мен жаны меруерттей таза қатынды Өртіні Узуқ деп атайды. Себебі меруерттің үлкені мен тазасы Өртіні деп аталды. Осы сөздегі Д әрпі Т әрпімен алмасқан. Бұл құрметті жанама есімдер чігілдің қатындарына ғана арнап қойылған.

Тойын – ислам дініне кірмегендердің дінбасы. Ол біздің имам мен мүфтилерге тең. Тойын әрқашан бұтхананың алдында тұрып, кітаптардан кәпірлердің үкімін оқиды. Олардың күпірлігінен құдай сақтасын [1. 227 б.].

Бұл түсініктемелерден байқайтынымыз, М. Қашқари атау туралы жай ғана хабар беріп отырған жоқ, сонымен бірге кісі есімінің қойылу уәжін де көрсетіп отыр. Әрбір кісі есіміне берілген түсініктемесі қазіргі кездегі ғылыми теория бойынша, оның негіздемесі, уәжділігі ретінде қабылдана алады. Өз кезінде айтылған аңыздарды беру арқылы ғалым, есімнің атауға қойылуының себебін көрсеткен.

Ат қою үлгісіндегі жатқан дәстүрлі салттарды да анықтауға болады. Яғни тектілерге, хандарға қойылатын есімдер мен қараларға берілетін есімдердің сипатын, сондай-ақ, ер балалар мен қыз балаларға қойылатын есімдердің сырын анықтауға болар еді. Мұның өзі кісі есімдерінің гендерлік сипатын зерделеуге мүмкіндік берері даусыз.

Түркі жұртында М. Қашқаритану саласы толық жан-жақты дамыды дей алмас едік. Мәселе Махмұт Қашқаридың зерттеуін толық зерделеу үшін, оның әлемдік тіл біліміндегі орнын дұрыс анықтау үшін, қашқаритану саласының орнығып дамуында болып отыр. Қазіргі түркітануда М. Қашқаридың сөздігі жан-жақты қарастыруды қажет етеді, оның тарихи-салыстырмалы бағытта жазған тілдік деректері түркі тілдерінің барлық салаларын зерттеуде, әсіресе жаңадан дамып келе жатқан тілдің когнитивтік, концептуальдық аспектісін лингвомәдени деңгейде зерделеуде, тілдің даму жағдайын анықтауда, атаулардың этимологиясы мен негізділігін, уәжділігін терең қарастыруда аса құнды материал берері хақ. Қашқаритану саласы барлық түркі жұртында терең зерттеліп, жоғары оқу орындарында арнайы пән ретінде оқытылса нұр үстіне нұр.

Әдебиеттер тізімі

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. (Диуани луғат-ит түрік) Үш томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубаев – Алматы: Хант., 1997.
2. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. Тәржімалағандар: Қ. Бекетаев, Ө. Ибатов. – Алматы: Ана тілі, 1993.
3. Кошгарий Махмуд. Туркий сузлар девони. (Диуани луғат-ит түрік). Тәржімалаған С.М. Муталлибов. – Тошкент: Уз ССР ФА нашриети, 1960. 1-том, 1961 – 2-том. 1963 – 3-т-том.

References

1. Qaşqari M. Türik tılınıñ sözdıǵı. (Diwani luǵat-it türik) [Dictionary of the Turkish language. (Diwani lugat-it Turk)] Collection of works in three volumes. Translated into the Kazakh language, preface and scientific explanations were written by A. Egeubayev. – Almaty: Hunt, 1997. (In Kazakh)
2. Qaşqari M. Tübi bir türki tılı. [Common Turkic language] Translated by K. Beketayev, A. Ibatov. – Almaty: Ana tili, 1993. (In Kazakh)
3. Koşqari Mahmud. Turki suzlar devoni. (Diwani luǵat-it türik) [Dictionary of the Turkish language. (Diwani lugat-it Turk)] Translated by S.M. Mutalibov. – Tashkent: Publishing House of the Academy of Sciences of the Uzbek SSR, 1960 – Volume 1, 1961 – Volume 2. 1963 – Volume 3. (In Uzbek)

A.B. Salkynbay

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: asalkbek@gmail.com)*

M. Kashgari – the Creator of the First Scientific Encyclopedia of the Turkic World

Abstract. The paper presents an analysis of the scientific importance of the work “Diwani lugat it-turk”, or “Lugat”, by M. Kashgari, the author of the first scientific encyclopedia and father of Turkic languages’ comparative grammar. The scientific idea that studying M. Kashgari’s legacy is important not only for the history of the Turkic world, but also for the future prosperity and unity of Turkic nations. The article also thoroughly investigates M. Kashgari’s ideas and theories that pioneered in Turkic society throughout history. M. Kashgari’s opinions in “Lugat” about Kyrgyz, Kazakh, Oguz, Tokhsi, Yaghma, Chigil, Oghrak, Zharuq tribes speaking in only Turkic languages, the belonging of Iyamak and Bashkurt languages to Turkic, and the notion that ends of words in Bulgarian, Suar, and Bazhanak languages spoken in the land of Rum are a type of shortened Turkish are also given a scientific evaluation. The article reveals that the Medieval scientist’s ideas still hold true for the evolution of modern languages in the Turkic language family, such as the rarity of changes in words’ roots, and the cases of these changes happening usually presenting themselves as some sounds’ changing in pronunciation or being removed from usage. It is also identified that M. Kashgari’s analyses about the vastness of meaning in Turkic root words and the features of their individual changes are based upon the switching sounds.

Keywords: Mahmud al-Kashgari, Turkic languages, medieval Turkic written monuments, common Turkic worldview, Turkish culture, comparative grammar

А.Б. Салкынбай

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: asalkbek@gmail.com)*

М. Кашкари – создатель первой научной энциклопедии тюркского мира

Аннотация. В статье представлен анализ научного значения труда «Дивану лугат ит-турк» («Словаре») М. Кашкари – автора первой научной энциклопедии и основоположника сравнительной грамматики тюркских языков. Подчеркивается идея о том, что изучение наследия М. Кашкари имеет важное значение не только для истории тюркского мира, но и для его будущего развития и единства. В статье подробно исследуются новаторские идеи и теории М. Кашкари, которые оказали влияние на

тюркское общество на протяжении истории. Научному анализу подвергнуты его утверждения в «Словаре» о том, что кыргызы, казахи, огузы, токсы, ягма, чигили, ограки и жаруки говорят исключительно на тюркских языках, что иймакский и башкуртский языки принадлежат к тюркской языковой семье, а окончания слов в языках болгар, суар и бажанак, распространенных в земле Рума, представляют собой сокращенную форму тюркского языка. Кроме того, в статье раскрывается актуальность идей М. Кашкари для эволюции современных тюркских языков. Подчеркивается редкость изменений в корнях слов, а случаи таких изменений обычно проявляются в виде изменения произношения отдельных звуков или их выпадения из употребления. Также выявлено, что анализы М. Кашкари о богатстве значений корневых слов в тюркских языках и особенностях их изменения основаны на закономерностях звукового чередования.

Ключевые слова: Махмуд аль-Кашкари, тюркские языки, средневековые тюркские письменные памятники, общетюркское мировоззрение, тюркская культура, сравнительная грамматика

Автор туралы мәлімет:

Салқынбай А.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0003 2334-7499.

Information about author:

Salkynbay A.B. – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003 2334-7499.

Сведения об авторе:

Салқынбай А.Б. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0003 2334-7499.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ы.А. Құттымұратова*Өжінияз атындағы Нөкіс мәмлекеттік педагогикалық институты,
Нөкіс, Өзбекстан***Қарақалпақстанның солтүстік аймағындағы топонимикалық
атаулар**

Аңдатпа. Мақалада жинақталған материалдар негізінде Қоңырат ауданының ойконимдері, топонимдері, гидронимдері және нихронимдері қарастырылып, олардың семантикалық және грамматикалық құрылымдары талданады. Ономастиканың басқа салаларына қарағанда антропонимдер ерте пайда болған деп айтуға болады. Бұл антропонимдердің адамзат әлемімен тығыз байланысынан туындаған.

Түйін сөздер: ойконимдер, топонимдер, гидронимдер, микронимдер, ономастика

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Қарақалпақ аймағындағы ономастиканың барлық түрін толық қамти алмаймыз. Бұлардың ішінде ойконимдерді, топонимдерді, гидронимдерді, нихронимдерді жинаған материалдарымызды негізге ала отырып, оларды семантикалық және грамматикалық құрылысы жағынан талдау жасаймыз.

Ономастиканың антропонимдерге байланысты тарауы өзге салаларына қарағанда бұрын пайда болған деп қарауымызға болады. Оның себебі олардың адамзат дүниесіне байланысты болып табылады.

Адам, ру, тайпа және халық аттары ономастикаға айналғанда олардың негізгі белгілері есепке алынады. Тіл білімінде адам аттары туралы ономастиканың үлкен бір тарауы антропонимдер деп аталатынын біз білеміз. Ал, сол адам аттарының немесе антропонимдердің географиялық атауға айналуы кең таралған әрине, түрлі экстралингвистикалық фактор негізінде пайда болады. Бұл екі системаның бір-бірімен жақын қатынасынан, олардың сипатынан келіп шығады. Антропонимдерде де топонимдер сияқты тек объектілерді жекелестіруші, олардың бір-бірінен ажыратушы социалдық-лингвистикалық белгі ғана емес, сонымен бірге олар адамдардың этникалық белгісін, ұлттық өзгешелігін, қоғамдық саяси көзқарастарын да көрсетуші белгі. Сондықтан да олар арасындағы өзара қатынас өте ертеден басталады. Көптеген адам аттарының жер атауларына немесе керісінше, жер атауларының адам аттарына өтуі дәл сондай фактормен дәлелденеді.

Антропонимдер топонимикалық системаға өткенде, объекті белгілеуші, басқалардан ажыратушы отрибут қызметімен атқарады. Онда адам және объект арасындағы қатынас маңызды роль ойнайды. Алғаш белгілі бір аймақтағы адамдардың қоғамда тұтқан орны айрықша белгі болып қызмет етеді. Бұл белгілер түрліше түсіндірілуі мүмкін: адамның кәсібі, этникалық шығысы т.б. осы сияқты бірқатар жеке түрлерде көрінеді. Ақиқатында да көптеген қоғамдық терминдердің, лақаптардың және кейбір этнонимдердің топонимдерге өтуінде антропонимдер негізгі дерек болады. Мұндай түрдегі белгілердің

көпшілігі өз-өзінен жеке атқа айналмайды. Олар алғаш адам атымен бірге қолданылады. Кейін уақыттың өтуімен түрлі факторлар негізінде географиялық атауға өтеді.

Антропонимдер уақыт өтуімен тек құрылысы жағынан емес, ол өз мотивтері жағынан да өзгереді.

Қарақалпақстандағы Қоңырат ауданы аймағына тиісті ономастикалық атаулардың да көпшілік бөлігі антропонимдерге байланысты болып келеді. Мұндай атаулар сол объектінің белгілі бір адамға тиістілігін білдірген немесе сол жерге бірінші қоныс басқан адамның атымен аталған. Белгілі ономаст ғалым Т.Жанұзақов адам аттарының топонимдерге өту жағдайын былайша сипаттайды: (Көшпелі заманда әрбір рудың өзіне тән қыс қыстауы, жаз жайлауы болған, олар сол жерді басқарушы адамдардың, көбіне жерді иелеп отырған бай феодалдардың аттарымен аталып отырған)¹

Антропонимдердің бұл процесі Қоңырат ауданы аймағындағы топонимдерде де өз көрінісін тапқан. Ертеде пайда болған антропонимдер жеке адам аттарынан жасалып, сол жерді басқарушы адамдардың, сондай-ақ алғашқы қоныс басқан адам атына да қойылып отырған.

Осы аймақта жасаған атақты адамдардың немесе көсем, іскер, ақын, жазушы, батыр тағы басқа осы сияқты белгілі адамдардың атын мәңгілестіру үшін қойылған.

Қоңырат ауданы аймағында төмендегідей антропонимдерге байланысты ономастикалық атаулар кездеседі. Досжан ауыл, Мамыт ауыл, Атақан ауыл, Қалке ауыл, Сағыр ауыл т.б.

Осы Қоңырат ауданы аймағынан жинаған материалдарымыздың мағынасына, құрылысына қарай оларды іштей бірнеше топқа классификациялауымызға болады. Оны біз өз алдына бір бөлім етіп қарастырамыз.

Жоғарыда аталған Досжан ауыл, Мамыт ауыл, Атақан ауыл, Қалке ауыл тағы да басқа осы сияқты көптеген атаулар сол жерге тұңғыш қоныс басқан немесе сол ауылдың қалыптасуына себепші болған, яки сол ауылдағы бір беделді адамдардың атымен аталғандығын байқауға болады.

Сондай-ақ, осы атаулар негізінде жергілікті халық арасында әркілы аңыз-әңгімелер тараған. Ондай әңгімелердің көпшілігі тарихи шындыққа сәйкес келеді. Солардың көпшілігі Қоңырат ауданы аймағындағы қойымшылықтарға байланысты.

Мәселен, Дауыт ата қойымшылығы XVIII ғасырдың екінші жартысы XIX ғасырдың басында өмір сүрген адам. Оның мазары айналасындағы құлаған, әр дәуірде салынған естеліктердің материалдарынан тіктеліп, құлыптас XX ғасырдың екінші жартысында қойылған.

Мұндай естелік атамалар тарихшыларды да қызықтырып келеді.

Тарихшы ғалым Х.Есбергенов өзінің (Қоңырат тарихы және мәдени естеліктері) деген еңбегінде осындай географиялық атауларға көп көңіл бөлген. Әсіресе ол бұл еңбегінде қала, елді мекендер, қойымшылықтар туралы көптеген тарихи деректер келтіреді. Біз мұнда сол еңбектен де өзімізге тиісті материалдар алдық.

Пайғамбар қызы. Бұл елді мекен Қоңырат қаласынан отыз шақырым солтүстікте дария жағасында Құбатау қапталындағы дарияның ескі салаларының бірі Көкдария жағасында орналасқан. Ғалымдардың айтуына қарағанда Құбатау айналасы ескі қоныстардың бірі болып, ол жерде XII-XVIII ғасыр естелігі **Қыз қала** орналасқан. Соң ол Қыз қаланың айналасына қойымшылық пайда болып, (Қыз қойымшылығы) ислам діні әсерінің күшеюімен (Пайғамбар қызы) деп аталып кеткен болуы мүмкін.

Мінекей осындай тарихи дерегі бар антропонимдерге байланысты ономастикалық атауларды Қоңырат ауданы аймағынан көптеп кездестірумізге болады.

Қарақалпақстандағы қазақтарға тиісті адам аттарына тиісті топонимикалық атауларды қазақтар көп мекендейтін Тахтакөпір ауданынан да көптеп кездестіруге

1 Т.Жанұзақов Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1961 жыл 66.б.

болады. Бұлардың көпшілігі бірінші қоныс басқан, сол ауылдың негізін салған немесе сол ауылда беделі жоғары, мәртебелі адамдар яғни, ру, ауыл басшыларының атына қойылған.

Дегенмен мұндай адам аттарына байланысты қойылған антропонимдер басқа топонимдерге қарағанда бірқанша өзгермелі болып келеді. Олар уақыттың өтуімен, заманның өзгеруімен халық тұрмысында болып жатқан жаңалануларға байланысты өзгеріп отырады.

Мәселен, елімізде соңғы жетпіс жыл ішінде ауыл, аймақ, елді мекендер, орман, тоғай, қала, өзен, көл тағы басқа да топонимдердің өзгертіліп қойылуы бұл сөзімізге дәлел бола алады. Мұндай атамалардың көбі елімізде социалистік түзімнің орнауына байланысты қойылғандығын көруімізге болады. Мәселен, Тельман, Гагарин тағы басқа да осындай атаулар мейлінше көбейіп кеткен-ді.

Соңғы жиырма жыл ішінде өз тәуелсіздігін алып, өз алдына мемлекет болып қалыптаса отырып өз территориясындағы жер-су атауларын өз саясатына сай қайта өзгертіп қоюды мықтап қолға ала бастады.

Қарақалпақстандағы жануарлар дүниесіне байланысты болған ономастикалық атаулардың көпшілігі шаруашылық пен аңшылық кәсібіне байланысты жағдайда пайда болған. Ол атаулар көбіне сол жерде аталмыш жануардың ерекше көп болуымен байланысты екені байқалады. Біз жинаған материалдар ішінде мұндай атамалар да көптеп кездеседі.

Мәселен, Құтан көл, Саранша ауыл, Құндыз көл, Бақалы, Жылан көл, Қоян сор т.б. Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтап өтеміз.

Қоян сор. Бұл да Қоңырат ауданындағы жердің аты. Жаз, күз, көктем айларында қояндар көбіне өзінің түсіне ұқсас болған сор жерлерде болады. Себебі сор жерлер қоянды дұшпандарынан жасырып қалады. Сондықтан қояндар сор жерлерде көп болады. Осыған байланысты бұл жердің аты да **Қоян сор** деп аталып кеткен.

Құндыз көл. Бұл атаудың да келіп шығуы соған ұқсас. Қарақалпақстан аймағында құтандар сияқты құндыз да шенде-шен ұшырайды. Құндыз суда жасайтын қымбат бағалы терілі жәндік. Оның терісінің әр қилы қымбат бағалы киімдер тігіледі. Құндыз өзінің тіршілігіне қолайлы жерде жасайды. Басқа хайуанаттарға қарағанда құндыз өте таза жасайды. Осы аталмыш көлде бір кездері құндыз болған. Сондықтан бұл көлдің аты **Құндыз көл** деп аталып кеткен. Бірақ қазір ол көлде құндыз жоқ. Дегенмен көлдің аты Құндыз көл.

Саранша ауыл. Саранша-шегірткенің бір түрі. Ол диханшылыққа қатты зиянды жәндік. Ертеректе саранша ерекше көбейіп, диханшылыққа көп зиян келтірген. Қариялардың айтуына қарағанда сол жылдары саранша топарымен көтеріліп ұшқанда күннің көзі көрінбей қалатын еді,-дейді. Ауыл адамдары қолдарына даңғыра алып, шегірткелерді қуатын болған. Сол шегіртке оқиғасына байланысты бұл жер Саранша ауыл деп аталып кеткен.

Қарақалпақ аймағындағы Қоңырат ауданының көпшілік бөлегі мал шаруашылығымен айналысады. Сондықтан да аудан территориясындағы жер-су атаулары жануарлардың аттарына қойылған:

Тайлақ жеген-атау аты.

Ат атқан-атаудың аты.

Жылқышы-атаудың аты.

Тай жеген-атаудың аты.

Маяжөн-атаудың аты.

Қарақтоқты-атаудың аты.

Бозайғыр-жердің аты.

Мал өлген-атаудың аты.

Қара бура-атаудың аты.

Ат кеткен-канал аты.

Есек кеткен-канал аты.

Өгіз кеткен-канал аты.

Бота шүңгіл-өзеннің аты.

Жылан жол-жердің аты.

Түйе жол-жердің аты.

Сондай-ақ, Қоңырат ауданы аймағынан біз жинаған материалдар ішінен өсімдіктерге байланысты атауларды да кездестіреміз. Мәселен, Жиде көл, Жиде тоғай, Сабан көл, Лимон канал, Ақбасты жап, Қамыс көл, Қоғалы, Жусан сай т.б. атауларды айтуымызға болады.

Жиде тоғай. Бұл жердің бұлайша аталуының да өзіндік себептері бар. Жиде-жеміс түріне жатады. Мұның екі түрі бар: бірі-жиде. Ол бармақ басындай болады. Ал, екіншісі-жігілдік деп аталады. Бұл жидеге қарағанда бірқанша кіші, ірі домалақ формада болады. Сондай айырмашылықтарына қарамастан дәмі бірдей. Немесе, жігілдік-жиденің жабайы түрі. Сондықтан да кейде екеуін де жиде деп атай береді. Біз айтып отырған **Жиде тоғайдағы** жиде-жігілдік. Бұл жерде жиде ерекше көп өсіп тоғайға айналған. Сол себептен бұл тоғайдың атын **Жиде тоғай** деп атап кеткен.

Ал, **Жиде көл** атауының келіп шығуы да соған байланысты. Себебі, осы аталмыш көл сол Жиде тоғайдың қасында жайласқан. Жағасында жиде көп өскен. Сондықтан да жергілікті халық бұл көлдің атын да сол жидеге байланыстырып, **Жиде көл** деп атап кеткен.

Сабан көл. Сабан – бұл салы өсімдігінің сабағы. Қоңырат ауданы ертеден-ақ салыгершілікпен айналысып келеді. Салы суды көп талап ететін өсімдік. Ол пісіп жетілгенше судың ішінде тұрады. Дихандар оның суын атыз қасындағы ой жерлерге қашырып, тазалап тұрады. Күзде піскен кезде салыны орып алады да, көбіне сабаны атыз ішінде қалады. Атыз ішінде қалған сабан желмен, сумен көшіп, ауысық суды жіберетін көлдерге кетеді. Біз айтпақшы болып отырған сабан көл атауы да осындай жағдайларға байланысты пайда болған.

Жусан сай. Бұл да жердің аты. Жусан – бұл шөл далада өсетін шөптесін өсімдік. Осы аталмыш жердің аты жусанның сол жерде ерекше көптігіне байланысты қойылған

Жауынғырдың көлі – қарақалпақтардың Қоңырат арысының бір бөлімінің атына қойылған көл.

Жідін – ауылдың аты. Жідін қарақалпақтардың қыпшақ руының бір тармағы.

Қазақ дария – жер және елді мекен атауы.

Қарахожаның бағы – жердің аты. Қарахожа қоңырат арысының Шүллік тайпасынан, ашамайлы руының бір тармағы.

Қорыта айтқанда, жергілікті атаулар өлкеміздің ой-қырын, байлығын білуімізге, ұлттық санамыздың өсуіне, өздігімізді, өз тарихымызды, халқымыздың белгілі перзенттерін тануымызға үлкен қызмет атқарады. Өйткені, географиялық атамалар (өлі сөздер) емес, олардың негізінде халықтың тұрмысы, тарихы, тілі және сол сияқты басқа да көптеген сырларды өз ішінде сақтап жатқан қазына болып есептеледі.

Солай етіп, Қарақалпақ аймағындағы топонимдерінің әр қилы құрамды екенін және де тереңірек зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі болып есептеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1961.
2. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. – Труды института

этнографии. Новая серия. –М.-Л., 1950. – Т. IX.

3. Қуттимуратова Ы. Изучение лексики казахского говора Кунградского района в лингвогеографическом аспекте // Вестник Челябинского государственного университета. Челябинск, 2011. - № 13 (228). – вып. 54. – С. 84-86.

4. Қуттимуратова Ы. Қоңырат районының қазақ говорындағы консонантизмге байланысты өзгешеліктер // Өзбекстан Республикасы Илимлер академиясы Қарақалпақстан бөлімі Хабаршысы. – Нөкіс, 2011. – № 1. – Б. 78-80.

5. Қуттимуратова Ы. Қоңырат қазақтары сөйлесімінің тарихый лингвистикалық сыпаттамасы // Бердақ атындағы Қарақалпақ мәмлекетлік университети Хабаршысы. – Нөкіс, 2011. - № 3-4. – Б. 126-127.

6. Kuttimuratova I. Professionalisms connected with fishing in the language of the kazakh people in

7. Kuttimuratova I. Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan // Austrian Journal of Humanities and Social Sciences. – Austria, 2016. – P. 34-37.

8. Қуттимуратова Ы. Қарақалпақстан Республикасы қазақ сөйлесімінде ұшырасатуғын араб-иран тиллеринен кирген сөзлер хақында // Илим хәм жәмийет. – Нөкіс, 2020. -№3. – Б. 63-64.

9. Қуттимуратова Ы. Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат ауданындағы қазақтар тілін зерттеу мәселесіне // Ұлы дала: II гуманитарлық ғылыми форумы материалдары. – Астана, 2017. –Б. 596-602.

10. Қуттимуратова Ы. Қоңырат ауданындағы топонимикалық атауларға шолу // Norwegian journal of development of the international science. – Норвегия, 2021. - № 74. – Б. 46-47.

References

1. Janūzaqov T. Qazaq esımderinıñ tarihy [History of Kazakh names] Almaty, 1961. (In Kazakh)

2. Zhdanko T.A. Ocherki istoricheskoi etnografii karakalpakov. – Trudy instituta etnografii. Novaya seriya. [Essays on the historical ethnography of the Karakalpaks] –М.-Л., 1950. Vol. IX. (In Russian)

3. Kuttimuratova Y. Izuchenie leksiki kazakhskogo govora Kungradskogo raiona v lingvogeograficheskom aspekte [The study of the vocabulary of the Kazakh dialect of the Kungrad district in the linguistic and geographical aspect]// Bulletin of the Chelyabinsk State University. Chelyabinsk, 2011. – № 13 (228). – Issue 54. – P. 84-86. (In Russian)

4. Quttymuratova Y. Qoñyrat raionynyñ qazaq govoryndağy konsonantizmge bailanyshly özgeşelikler // Bulletin of the Karakalpakstan branch of the Academy of Fine Arts of the Republic of Uzbekistan. – Nukis, 2011. – № 1. – P. 78-80. (In Karakalpak)

5. Quttymuratova Y. Qoñyrat qazaqlary söilesiminiñ tarihyi lingvistikalyq syptatlamasy [Historical linguistic characteristics of the conversation of konyrat Kazakhs] // Bulletin of the Karakalpak State University named after Berdak. – Nukis, 2011. – № 3-4. – P. 126-127. (In Karakalpak)

6. Kuttimuratova I. Professionalisms connected with fishing in the language of the kazakh people in

7. Kuttimuratova I. Muinak and Kungrad regions of Karakalpakstan // Austrian Journal of Humanities and Social Sciences. – Austria, 2016. – P. 34-37.

8. Quttymuratova Y. Qaraqalpaqstan Respublikasy qazaq söilesiminde usyrasatuğyn arab-iran tillerinen kirgen sözler xaqqynda [About the words from the Arabic-Iranian languages that the Republic of Karakalpakstan is exposed to in the Kazakh conversation] // İlim xām jämiet. – Nukis, 2020. -№3. – P. 63-64. (In Karakalpak)

9. Qūttymuratova Y. Qaraqalpaqstan Respublikasy Qoñyrat audanyndaғы qazaqtar tılın zertteu мәselesine [On the study of the Kazakh language in Konyrat District of the Republic of Karakalpakstan] // The Great Steppe: Materials of the II Humanitarian Scientific Forum. - Astana, 2017. –P. 596-602. (In Kazakh)

10. Qūttymuratova Y. Qoñyrat audanyndaғы toponimikalyq ataularğa şolu [Overview of toponymic names in Konyrat district] // Norwegian journal of development of the international science. – Norway, 2021. - № 74. – P. 46-47.

I.A. Kuttimuratova

Nukus State Pedagogical Institute named after Azhiniyaz, Nukus, Uzbekistan

Toponymic Names in the Northern Region of Karakalpakstan

Abstract. In the article, on the basis of materials, oykonoms, toponyms, hydronyms, nichronyms of the Kungrat region are collected, and their semantic and grammatical structures are analyzed. We can say that the branch of onomastics related to anthroponyms arose earlier than other branches. It has to do with the human world.

Keywords: oykonoms, toponyms, hydronyms, nichronyms, onomastics

Ы.А. Куттымұратова

Нукусский государственный педагогический институт им. Ажнияза, Нукус, Узбекистан

Топонимические названия в северном регионе Каракалпакстана

Аннотация. В статье на основе материалов собраны ойконимы, топонимы, гидронимы, нихронимы Кунгратского района, и проанализированы их семантические и грамматические структуры. Можно сказать, что ветвь ономастики, относящаяся к антропонимам, возник раньше других ветвей. Это связано с человеческим миром.

Ключевые слова: ойконимы, топонимы, гидронимы, нихронимы, ономастика

Автор туралы мәлімет:

Құттымұратова Ы.А. – PhD, доцент, Әжінияз атындағы Нөкіс мәмлекеттік педагогикалық институты, Нөкіс, Өзбекстан.

Information about author:

Kuttimuratova I.A. – PhD, Associate Professor, Nukus State Pedagogical Institute named after Azhiniyaz, Nukus, Uzbekistan.

Сведения об авторе:

Куттымұратова Ы.А. – PhD, доцент, Нукусский государственный педагогический институт им. Ажинияза, Нукус, Узбекистан.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Р.У. Арзиев*Абай намыдики ҚазМПУ, Алмута, Қазақстан**(E-mail: ruslanarziyev@gmail.ru)***«Дивану луғатит түрк» тоғрисида шуардики уйғур тилидики тәтқиқатлар**

Аңдатпа. Мақалада Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы ғалымдарының Махмұт Қашғаридың «Диуани луғат-ит-түрк» еңбегі туралы ұйғыр тіліндегі зерттеулерге шолу жасалған. Бұл сөздікті бір топ ұйғыр ғалымдары 1980-ші жылдардың басында ұйғыр тілінде аударған. 2008 жылы болса, ғалымдың туғанына мың жыл толуына орай сөздікті факсимилесі, индексі, түзетулерімен қайта басып шығарады. Тек 1978-2004 жылдар аралығында 240 ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар әр түрлі басылымдарда жарық көрген. Осы және одан кейінгі қолжетімді болған зерттеулерге шолу жасай келе, оларда сөздіктің жалпы мазмұнынан бастап, сөздердің әр түрлі тематикалық топтары (жалпы саны 12), грамматикалық ерекшеліктері, сөздіктегі өлеңдер, мақал-мәтелдер, дүние картасы тағы да басқа мазмұндарда жазылғаны байқалды.

Түйін сөздер: Махмұт Қашғари, «Диуани луғат-ит-түрк», сөздік, ұйғыр тілі, басылымдар, тематикалық топтар

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Түркийшунаслиқ илминің асасчиси Мәһмұт Қәшқәрийниң «Дивану луғатит түрк» (ДЛТ) әмгигиниң туғулған елидә үгинилиши 1980-жиллардин башланди. Ибраһим Мутғы башлиқ бир топ алимларниң зор тиришчанлиғи түпәйли мәзкүр әмгәкниң 1-томи 1981-жили (Имин Турсун (муһәррир), Мирсултан Османов, Абдурәһим Өткүр, Абдусалам Аббас, Абдурәһим Һәбибулла, Абдулһемит Юсуфи, Хәлим Салих, Һәжи Нур Һәжи, Осман Мәһәммәтһияз, Сабит Рози), 2-томи 1983-жили (Мирсултан Османов (муһәррир), Имин Турсун (муһәррир), Абдурәһим Өткүр, Абдусалам Аббас, Абдурешит қари Сабит, Хәлим Салих, Осман Мәһәммәтһияз, Сабит Рози), 3-томи 1984-жили (Мирсултан Османов (муһәррир), Абдусалам Аббас, Абдурешит қари Сабит, Хәлим Салих, Осман Мәһәммәтһияз, Сабит Рози) Үрүмчидә «Шинжаң хәлиқ нәшрияти» тәрипидин һәр бир томи он миң тираж билән бесилип чиқти. Мәзкүр нәширниң 1-томида 49 бәттин туридиған «Атақлиқ уйғур алими Мәһмұт Қәшқәрий вә униң өлмәс әсири «Түрки тиллар дивани» намлиқ киришмә берилгән. Бу киришмигә алаһидә тохтилишқа әрзийду. Чүнки бу ДЛТни беваситә тәржимә қилған, униң һәр бир сөзигә диққәт қилип тәпсилиий үгәнгән алимларниң ортақ пиқри. Киришмә алтә қисимдин ибарәт. Униң 1-қисмида шу дәвирдики Қаранийлар дөлитиниң ихтисадий, һәрбий, сәясий вә мәдәний һаятиға қисқичә тохталса, 2-қисмида М. Қәшқәрийниң туғулуп өскән йеригә тохтилиду. Әмгәкниң уйғурчә тәржимисини нәширгә тәйярлиған алимлар М. Қәшқәрийниң Қәшқәр шәһириниң әтрпидики «Азиф», «Опал» охшаш жай намлириға «бизниң йуртимизниң нами» дәп изаһ бәргәнлигигә, Қәшқәр әтрапидики башқа жай намлириға бу хил биринчи шәхсни қолланмиғанлиғиға асаслинип, алимниң йурти шу жайлар болса керәк дегән тәхминни алға сүриду. 3-қисимда М. Қәшқәрийниң билими,

илмий көз қарашлири вә әмгәкниң йезилған вақти тоғрисида сөз болиду. 4-қисимда әмгәкниң мәзмун даирисини алтигә бөлүп қариган. Киришмә муәллиплири 5-қисимда М. Қәшқәрий өз әмгигидә асаслиқ түркий тил сүпитидә қариган Қәшқәр аһалисиниң тили «хақанийә тили» тоғрисида өз чүшәнчилирини бәргән. Ахирқи қисимда «Дивану луғәтит түркниң» қолязмиси вә униң нәшир қилиниши, үгинилиши тоғрисида қисқичә мәлумат берилгән.

Киришмә муәллиплири әсәрни уйғур тилиға тәржимә қилғанда, Бесим Аталайниң түркчә, С. Муталибовниң өзбәкчә тәржимилириниң утуқлуқ йәрлиридин пайдиланғанлиғини тәкитләп мундақ язиду: «Лекин шуни алаһидә ейтип өтимизки, «Дивану луғәтит түркниң» һазирқи заман уйғур тилидики нусхисини ишләштә, әсли қолязминиң факсимилини асас қилдуқ. Шуниндәк, «Дивану луғәтит түрккә» киргүзүлгән нурғун сөз-ибариләр, асасән, һазирқи заман уйғур тилида (айримлири уйғур тилиниң чоң шевилиридә) өз петичә сақланғанлиғи вә қоллиниватқанлиғи үчүн, бизгә көп оңушлуқ туғдуруп бәрди. Шуна классик уйғур әдәбиятидин фактлар издәп олтурмидуқ вә артуқчә изаһ бәрмидуқ» [1; 48].

Шундақла, киришмидә «Дивану луғәтит түркни» 1955-жили ака-ука Мүһәммәт Пәйзи билән Әхмәт Зияи тәрипидин, 1963-1966-жиллири уйғур Сайрани тәрипидин уйғур тилиға тәржимә қилинғанлиғи, бирақ уларниң «мәдәнийәт инқилави» жилири йоқ болуп кәткәнлиғи тоғрисида мәлумат бәргән. Бу йәрдә шуни қошумчә қилип өтүш керәкки, Ғәйрәтжан Осман Утғур 1945-1946-жиллири Исмаил Дамолла Чөчәк шәһиридә дәсләпки қетим «Дивану луғәтит түркни» уйғур тилиға тәржимә қилғанлиғи тоғрисида язиду, әпсуски, бу тәржимиму сақланмиған [2; 5-9].

Луғәтни нәширгә тәйярлаш топидики алимлар тәржимә ишлири билән билә Мәһмүт Қәшқәрийниң һаятиға айт мәсилиләрни үгинишни қатар елип барған. Бу йөнилиштә тәтқиқат ишлирини пешқәдәм алимлар Ибраһим Мутыи билән Мирсултан Османовлар жүргүзгән. Улар өзлириниң издинишлирини 1984-жили «Тарим» журналада йоруқ көргән «Мәһмүт Қәшқәрийниң юрти, һаяти вә мазири тоғрисида» намлиқ мақалисида тәпсили баян қилиду (Бу муһим мақалә 1988-жили «Уйғур тили бойичә тәкшүрүшләр» намлиқ китапта кирилл йезиғида Алмутида елан қилинған [3; 141-158]. Кейинирәк сәл қисқартишлар билән тилшунас Шавдун Кибировниң русчә тәржимисидә «Советская тюркология» журналада бесилған [4; 79-89]). Алимлар луғәтниң 3-томини нәширгә тәйярлаш жәриянида 1982-жили декабрь ейидин 1983-жили март ейигичә Қәшқәрдин 40 км жирақлиққа орунлашқан Опал йезиси әтрапида жиддий издинишләр елип бариду. Нәтижидә алимниң туғулған жути, һаяти бойичә муһим мәлуматларға еришиду һәм бу йезидики «Һәзрити моллам» мазариниң Мәһмүт Қәшқәрий мазари екәнлиғни ениқлайду.

ДЛТниң иккинчи нәшри 2008-жили икки том шәклидә Үрүмчидә «Шинжаң хәлиқ нәшрияти» тәрипидин йоруқ көрди. Алимниң туғулғанлиғиниң миң жилиғиға беғишланған бу йеңи нәширгә «мукәммәл нусхиси» дәп ениқлима берилгән. «... мирас сүпитидә пәкәт миң йүрүш бесилған» мәзкүр икки томни типографиялик сүпити жәһәттинму мукәммәл дейишкә болиду.

Бу нусхини тәкшүрүп бәкитиш групписиға Мирсултан Османов, Имин Турсун, Сабит Рози, Мүһәммәттурди Мирзиәхмәт (мәсьул муһәррир), Ғәйрәт Абдурахман Озғар қатарлиқ алимлар киргән. 1-томниң «Нәшрияттин» дәп берилгән қисмида униң алдинқи нәширгә асас қилинғанлиғи, «амма илмий жәһәттә бәзи зөрүр түзитишләрму киргүзүлгәнлиғи» дейилгән [5; 9]. Түзитишләр транскрипция вә бәзи сөzlәрниң имласи вә изаһиға бағлиқ болған. Шундақла бу қисимда «Диванниң» бу қетимлиқ нәшри текст, язма нусхиси (факсимиле) ачқуч (индекс) болуп жәми үч китаб қилинди» дейилгән билән, әмәлиятта, башта ейтилғинидәк, чоң икки том шәклидә нәшир қилинған. 1-томда алдинқи нәширниң үч томини толуқ өз ичигә алған дейишкә болиду. 1090 бәттин

туридиған бу томда алдинқи нәширдики киришмә сәл толуктуруш вә түзитишләр билән толук берилгән, 1-том 37-404-бәтләрдә, 2-том 405-692-бәтләрдә, 3- том 693-1024-бәтләрдә орун алған. Шундақла бу томда үч қошумчә берилгән бопуп, 1-қошумчә Ибраһим Мутыи вә Мирсултан Османовларниң «Мәһмут Қәшқәрийниң йурти, һаяти вә мазари тоғрисида» намлиқ мақалиси, 2-қошумчә вәхпәнамә көчүрүлгән «Мәсниви шәриф» қолязмисидин елинған фото сүрәтләр, 3-қошумчидә Мәһмут Қәшқәрий мазаридин елинған фото сүрәтләр берилгән. 2-томни (1312 бәт), йәни «Дивану луғәтит түркниң» индексини түзүш групписиға төвәндики алимлар жәлип қилинған: Абдусалам Аббас (мәслиһәтчи), Сабит Рози вә Абдушүкүр Турди (баш түзгүчиләр), Нижат Қасим вә Ғәйрәт Абдурахман Озғар (түзгүчиләр), Мухәммәттурди Мирзиәхмәт (мәсәул муһәррир).

Мәзкүр томниң кириш сөзидә ДЛТниң индексини түзүш ишлири әмгәкниң үч томлуғи асасида 1990-жили Шинжаң Ижтимаий пәнләр академиясиниң тәшқилилиши билән қолға елинғанлиғи, 2007-жили «Дивану луғәтит түркниң» йеңи нәшрини тәйярлаш ишлири башланғанда, 1-нәшир билән 2-нәширни бириктүргән һалда индексни қайта ишләп чиққанлиғи тоғрисида ейтилған. Нәтижидә индекста һәр икки нәшир бойичә сөзләрни тепиш йоли қараштурулған. Сөзләр латин һәриплири асасидики транскрипцияси бойичә берилгән. Сөзниң латин һәриплири йешил рәңдә, әрәп һәриплири қизил рәңдә, һазирқи уйғур тилидики мәнаси қара рәңдә берилгән. Андин «йеңи нәширниң сөзләм учрайдиған бәт вә қур номерлири көк рәңдә, андин уйғурчә тунжи нәширниң том сани йешил рәңдә, бәт, қур номерлири қара рәңдә көрситилгән» [6; 3]. Бу томдиму асасий үч қошумчә берилгән. «Хас исимлар» дәп атилидиған 1-қошумчидә ДЛТда учришидиған адәм исимлири; қәбилә, уруқ, хәлиқ, милләт исимлири; мәмликәт вә йәр исимлири; шәһәр, юрт, қәлғә исимлири; унван, нам-аталғулар; тағ, дәрия, деңиз, көл исимлири; йеза-қишлақ, яйлақ, даван, чөл исимлири; сәйярә, юлтуз, пәсил исимлири берилгән болса, 2-қошумчидә мақал-тәмсилләр, 3-қошумчидә әдәбий парчилар орун алған. Мақал-тәмсилләр билән әдәбий парчиларниң әсли йезиқ шәкли, транскрипцияси вә һазирқи заман уйғур тилидики йәшмиси берилгән. Индекс билән қошумчилар 660 бәтни тәшқил қилса, индекс 640 бәтни өз ичигә алған. Мәзкүр томда «Дивану луғәтит түркниң» 1990-жили Түркийә Жумһурийити Мәдәнийәт министрлиги тәрипидин Әнқәрәдә нәшир қилинған рәңдик факсимилеси берилгән. «Дивану луғәтит түркниң» үч томлуқ нәшри Бесим Аталай тәрипидин 1941-жили нәшир қилинған факсимилигә асасланған болса, йеңи нәшри 1990-жилқи нусха билән қайта селиштурулуп чиқилған.

ШУАРда ДЛТ бойичә тәтқиқатлар елип бериш 1970-жылларниң ахиридин башлап Хитайниң ички вә ташқи сәяситидә йүз беришкә башлиған ижабий өзгиришләр нәтижисидә мүмкин болди. Әдиплиримиз улук әждадиниң бебаһа қамусий мираси тоғрисида мақалилар йезишкә башлайду. Әзиз Атавулла Сартекин түзгән «Уйғурчә нәшир қилинған әсәрләр каталоги» намлиқ китабида көрситилишичә, луғәт тоғрисида уйғур тилида дәсләпки мақалә 1978-жили йезилған. Мәзкүр китап нәшир қилинған 2004-жилғичә ДЛТ бойичә уйғур тилида 240 парчә мақалә йезилған [7; 445-459]. Илмий вә илмий-аммибап характерға егә болған бу мақалилар гезитларда, илмий, әдәбий вә универсал журналларда, топламларда елан қилинған. Мәзкүр мақалиларни мәзмуни жәһәттин төвәндикичә топларға бөлүп қарашқа болиду.

1. Умумий мәзмунға егә мақалилар. Бу мақалилар, асасий жәһәттин, ДЛТниң умумий алаһидилиги, қиммити тоғрисида сөз болиду. Бизниң һевавимиз боичә қириқа йекин мақалә мошундақ мәзмунға егә.

2. Мәһмут Қәшқәрийниң беваситә тәржимә һалиға мунасивәтлик мақалилар. Мәзкүр мавзуға беғишланған мақалиларниң сани жигирмидин ашиду. Мундақ болушиниң сәвәви уйғур алимлири Мәһмут Қәшқәрийниң туғулған йерини, қәбрини

ениклаш бойичә хелә жиддий издәнгән.

3. ДЛТдики әдәбий парчилар тоғрисидики мақалилар. Мәһмут Қәшқәрийниң изаһ бәргән сөзлиригә мисал ретидә кәлтүрүлгән шеирлар уйғур алимлириниң диққитин әң балдур жәлип қилған еди. Әсәр тоғрисидики дәсләпки йезилған мақалиму (1978) мошу мавзуға беғишланған.

Умумий сани жигирмигә йеқин мақалиларда ДЛТдики шеирий парчилар бәдий вә жанрлиқ алаһидиликлири жәһәттин тәһлил қилинип қалмай, шундақла уларниң тарихий арқа көрүнүши, шеирларда ипадиләнгән уйғурларниң қедимий етиқати, илим-мәрипәт қарашлири тоғрисида пикирләр жүргүзүлгән.

4. ДЛТдики мақал-тәмсилләр тоғрисида онға йеқин мақалә йезилған. Уларда ДЛТдики мақал-тәмсилләрниң тарихий арқа көрүнүши, уларниң түрләргә бөлүнүши, һазирқи уйғур тилидики мақал-тәмсилләр билән охшашлиғи, аялларға мунасивәтлик мақал-тәмсилләр охшаш мавзулар тәһлил қилинған.

5. ДЛТниң тиллиқ алаһидиликлири тоғрисидики мақалилар. М. Қәшқәрий китавиниң наминдин униң барлиқ түркий хәлиқләрниң тиллирини өз ичигә алғанлиғи көрүнүп туриду. Амма алим асас қилған тилниң хақанийә тили екәнлигини һесапқа елип, Ибраһим Мутъи вә Мирсултан Османовлар қатарлиқ уйғур алимлири мошу тил һәққидә өзлириниң қарашлирини оттуриға қойиду. Шундақла ДЛТ тилиниң һазирқи Турпан вә Қумул шевилирири вә Лопнур диалекти билән селиштурма тәһлили, М. Қәшқәрий вә учрашма тилшунаслиқ охшаш мавзулар бойичиму мақалилар йезилған. Әсәрдики шеирларниң стилистикилиқ алаһидиликлири, ярдәмчи сөzlәр, санлар, һайванат имлиқлири, бәзи сөз ясиғучи қошумчилар, чинчә сөzlәр «қиз» «төгә» сөзлири тоғрисидики мақалиләрниму мошу топқа киргүзүп қарашқа болиду.

6. М. Қәшқәрий сизған дуния хәритисиму уйғур алимлириниң диққитини хелә жәлип қилған мавзуларниң бири. Бу мавзуға алтә мақалә беғишланған.

7. ДЛТдики сөzlәрниң тематикилиқ топлири бойичә йезилған мақалиләрниң сани хелә көп. Бәзи саһаларға бағлиқ бирәччә мақалә йезилған болса, бәзи саһалар бойичә 1-2 мақалила йезилған. Әң көп мақалиләр ДЛТда учришидиған йәр-жай намлири (топонимлар) тоғрисида болуп, уларниң умумий сани-12. Уруқ, қәбилә, милләт намлири (этнонимлар), тибаббәтчилик, йемәк-ичмәк аталғулири тоғрисида төрттин мақалә йезилған. Булардин башқа ДЛТдики киши исимлири, йемәк-ичмәк, тәнтәрбийә, тибаббәтчилик, уруқ-туққанчилик аталғулири, аялларға айт сөzlәр, әрләргә айт сөzlәр, өсүмлүк, ов қушлири, һайванатларға бағлиқ сөzlәр бойичиму мақалиләр йезилған.

8. ДЛТдики һәр хил мавзуларға мунасивәтлик мақалилар. ни уйғур мәдәнийитигә, ижтимаий-ихтисадий һаятиға, сәясий-философиялик қарашлириға вә диний етиқадқа мунасивәтлик мақалилар дәп бөлүп қарашқа болиду. Уйғур мәдәнийитигә мунасивәтлик мақалиләр қатарига төвәндики мавзуда йезилған мақалиләрни киргүзүшкә болиду: ДЛТдики сәнъәткә даир мәлуматлар, балилар оюнлири, никаһ-тойға мунасивәтлик адәтләр, саламлишиш адити, уйғурларниң өрмә чач қоюш адити, нам-нәсәб қоллиниш адити, нахша-уссул сәнъити, бенакарлиқ мәдәнийити, ат вә ат бәйгиси, шәһәр-кәнтләр, техникалик мәлуматлар, фолькларни тутқан орни вә роли, бәлгә-тамғилар.

Ижтимаий-ихтисадий вә сәясий-философиялик мәсилиләргә мунасивәтлик мақалиләргә Мәһмут Қәшқәрий вә милләтшунаслиқ, Мәһмут Қәшқәрий вә тәһсил вә тарих, ДЛТда ипадиләнгән илим-мәрипәт вә маарип қариши, пәлсәпә мәсилилири, илим-һекмәткә даир баянлар, ихтисадий вә ижтимаий баянлар, уйғурларниң йеза-егилик тәрәққияти, тәбиий гөзәллик, ДЛТда хатириләнгән идикут уйғурлириға даир мәлуматлар, ДЛТниң тарихий материаллиқ қиммити, Или вадисиға айт баянларниң қиммити охшаш мавзуларда йезилған мақалиләрни киргүзүш мүмкин.

ДЛТдики диний етиқат мәсилисигә бағлиқ икки мақалә учришиду. Уларниң бири умумий диний етиқатқа даир баянлар болса, иккинчиси шаман дини тоғрисида

йезилған.

Жуқирида ДЛТ бойичә қаралған мақақдиләрниң бәзилири топлам шәклидиму нәшир қилинған. Биринчи мақалилар топлимини Мухәммәт Зунун Сидиқ билән Абурусул Өмәр 1985-жили нәшир қилған. «Мәһмут Қәшқәрий» дәп атилидиған бу топламниң 1-қисмида алимниң Опаддики «Һәзрити моллам» мазари тоғрисида «Мәһмут Қәширий қәврисини Шинжаң уйғур автоном райони бойичә нуқтилик муһапизәт қилинидиған мәдәний ядикарлик орунлири қатарига киргүзгәнлик һәққидики Шинжаң уйғур автоном районлуқ Хәлиқ һөкүмитиниң умумий ухтуруши», «Һәзрити моллам» мазирини нуқта қилип Опада елип берилған тәкшүрүштин доклад» охшаш он бир парчә һәжжәтләр берилгән болса, 2-қисмида Ибраһим Мутъи, Мирсултан Османов, Турғун Алмас, Аблимит Рози, Имин Турсун, һажи Нурһажи қатарлиқ тонулған алимларниң 12 парчә илмий мақалилири берилгән.

2001-жили Мухәммәтреһим һажи Турсунниң «Түркий тиллар диванидики» уйғур мәдәнийитидин тәрмиләр» намлиқ китаби нәшир қилиниду. Бу китабиға алимниң һәр хил мавзулардики 14 парчә мақалиси киргүзүлгән.

Әзиз Атавулла Сартекинниң бу каталоги бойичә «Дивану луғәтит түрк» тоғрисидики үчинчи илмий мақалилар топлими «Жуңго уйғур тарихи вә мәдәнийити тәтқиқати» мәжмуәси болуп (2003-жил 3-сани), униңға 12 мақалә берилгән.

Мақалимизниң хуләсисидә шуни алаһидә тәкитләп өтимизки, материалларға қол йәткүзүш имканийитимиз чәклик болғанлиқтин, асасән, Әзиз Атавулла Сартекинниң ДЛТ нәшир қилинип он жилдин кейин түзгән каталогидики икки йүздин артуқ мақалигә вә интрнеттин тепиш мүмкин болған илмий журналларниң бәзи санлириғила («Шинжаң университети илмий журнили (пәлсәпә-иҗтимаий пән қисми)», «Иҗтимаий пәнләр тәтқиқати журнили») асасландуқ. Һәр һалда 2016-жилғичә илмий тәтқиқатлар 2004-жилғичә болған сүрьәт охшаш давамлашқан болуши мүмкин.

Әдәбиятлар тизими

1. Мәһмут Қәшқәри. Түркий тиллар дивани (Дивану луғәтит түрк). –Үрүмчи, 1981. –690 б.
2. Осман Ғ. Жуңгода «Дивану луғәтит түркниң» төрт қетимлиқ тәржимә қилинишиниң баш-ахири // Шинжаң иҗтимаий пәнләр мунбири. – 2008. – №6 (Қош айлиқ илмий журнал) Мәһмут Қәшқәрий тәвәллудиниң миң йиллиқиға беғишланған мәхсус сан. – Б. 5-17.
3. Мутъи И., Османов М. «Мәһмут Қәшқәрийниң юрти, һаяти вә мазири тоғрисида // Уйғур тили бойичә тәкшүрүшләр. –Алмута, 1988. – Б. 141-158.
4. Мутъи И., Османов М. О родине, жизни и гробнице Махмуда Кашгарского // Советская тюркология. – 1987. – №4. – С. 79-89.
5. Мәһмут Қәшқәрий. Түркий тиллар дивани (Дивану луғәтит түрк) текст. –Үрүмчи, – 2008. –1090 б.
6. Мәһмут Қәшқәрий. Түркий тиллар дивани (Дивану луғәтит түрк) индекс, факсимиле. – Үрүмчи, 2008. – 1312 б.
7. Сартекин Ә. А. Уйғурчә нәшир қилинған әсәрләр каталоги. –Үрүмчи, 2004. – 736 б.

References

1. Qäşqäri M. Türki tillar divanı (Divanu luğätit türk). – Ürümchi, 1981. – 690 p.
2. Osman Ğ. Juñgoda «Divanu luğätit türkniñ» tört qetimliq tärjımä qilinişiniñ baş-ahiri // Şinjañ ijtimai pänlär munbiri. – 2008. – №6 (Qoş ailiq ilmi jurnal) Mähmut Qäşqäri

tävälludiniñ miñ iilliqığa beğışlanğan mähsus san. – P. 5-17.

3. Muti İ., Osmanov M. Mähmut Qäşqäriniñ iurti, haiati vä maziri toğrisida [About the homeland, life and tomb of Mahmud of Kashgar] // Uıǵur tili boiichä täkşürüşlär. –Almaty, 1988. – P. 141-158.

4. Mutıı I., Osmanov M. O rodine, zhizni i grobnitse Makhmuda Kashgarskogo [About the homeland, life and tomb of Mahmud of Kashgar] // Sovetskaya tyurkologiya. – 1987. – №4. – P. 79-89. (In Russian)

5. Mähmut Qäşqäri. Türki tillar divani (Divanu luğätit türk) teks. –Ürümchi, – 2008, –1090 p.

6. Mähmut Qäşqäri. Türki tillar divani (Divanu luğätit türk) indeks, faksimile. –Ürümchi, 2008. –1312 p.

7. Sartekin Ä. A. Uıǵurchä näşir qilingän äsärlär katalogi. –Ürümchi, 2004. – 736 p.

R.U. Arziev

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: ruslanarziyev@gmail.ru)

Research on «Divanü Lügätit-türk» in the Uighur Language

Abstract. The article discusses the research of scientists of the Xinjiang Uyghur Autonomous Region in the Uyghur language about the work of Mahmut Kashgari “Diwani Lugat-it-Turk”. This dictionary was translated into Uyghur language by a group of Uyghur scholars in the early 1980s. In 2008, on the 1000th anniversary of the scientist’s birth, the dictionary was republished with corrections, including a facsimile and an index. From 1978 to 2004 alone, 240 scientific and popular science articles were published in various publications. Considering these and more recent studies available to us, it was revealed that starting from the general content of the dictionary, different thematic groups of words (12 in total), grammatical features, poems in the dictionary, proverbs, a world map and other content were written.

Keywords: Mahmut Kashgari, “Divani lugat-it Turk”, dictionary, Uigur, publications, thematic groups

P.Y. Арзиев

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

(E-mail: ruslanarziyev@gmail.ru)

Исследования о «Дивану лугатит-тюрк» на уйгурском языке

Аннотация. В статье представлен обзор исследований уйгурских ученых Синьцзян-Уйгурского автономного района, посвященных труду Махмуда Кашгари «Дивану лугат ит-турк», выполненных на уйгурском языке. Этот словарь был переведен на уйгурский язык группой ученых в начале 1980-х годов. В 2008 году, в честь тысячелетия со дня рождения ученого, словарь был переиздан в факсимильной форме с индексом и исправлениями. Только за период с 1978 по 2004 годы в различных изданиях было опубликовано 240 научных и научно-популярных статей. Проведенный обзор доступных исследований показывает, что в этих работах освещены как общее содержание словаря, так и его отдельные аспекты, включая тематические группы слов (всего 12 групп), грамматические особенности, стихи, пословицы и поговорки, карты мира и другие материалы, представленные в словаре.

Ключевые слова: Махмуд Кашгари, «Дивану лугат ит-турк», словарь, уйгурский язык, публикации, тематические группы

Автор туралы мәлімет:

Арзиев Р.У. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Information about author:

Arziev R.U. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Арзиев Р.У. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

А. Х. Асенова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: aygulassenova@gmail.com)**Бір буынды түркілік түбірлердің мағынасы
(қазақ және ноғай тілдері деректері негізінде)**

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қазақ және ноғай тілдеріндегі бір буынды түбір сөздердің семантикалық ерекшеліктері зерттелді. Ғалым Ә. Қайдардың еңбегіндегі бір буынды «ау», «ар» және «ат» түбірлерге семантикалық талдау жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ бір буынды түбірлерді талдай отырып, семантизация (мағынаның қалыптасуы) процесін анықтау. Зерттеу тіл білімі, лексикология және семантика салаларындағы салыстырмалы талдаулардың аясын кеңейтуге бағытталған. Түркі тілдеріндегі мәдени байланыстарды қазақ және ноғай тілдеріндегі бір буынды түбірлердің мағыналық өзгерістері арқылы көрсету идеясы қарастырылды. Семантикалық талдау нәтижесінде қазақ және ноғай тілдеріндегі бір буынды түбірлердің тарихи даму барысында елеулі өзгерістерге ұшырағаны анықталды. Бұл өзгерістер әртүрлі тілден тыс факторлардың әсерімен орын алған. Кейбір түбірлер бір тілде бастапқы мағынасын сақтаса, екінші тілде ол мағыналық кеңею процесі арқылы жаңа мағынаға ие болған немесе кейде бастапқы мағынасын жоғалтып, жаңа мағынаға өзгерген. Бүгінгі таңда тіл білімінің жаңа бағыттарында көптеген зерттеулер жүргізілуде. Алайда, салыстырмалы тіл білімі, ноғай тілін зерттеу және семантизация процесінің талдауы зерттеудің құндылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: түркі тілдері, ноғай тілі, салыстырмалы-тарихи әдіс, лексикалық-семантикалық тәсіл, түркілік түбірлер

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Тіл білімінің бүгінгі зерттеулерінің көбі антропоэзектік бағытта екені белгілі. Формадан мағынаға қарай ойысқан жаңа бағыт негізінде тіліміздегі лексикалық бірліктердің тарихи-мәдени аясы жан-жақты қарастырылуда. Сөздің мағынасы беретін тілдік ақпарат ұлттың болмысынан, өткен тарихынан сыр шертеді.

Семантика – тілдегі сөздердің синхрондық және диахрондық аспектіде мағыналық табиғатын қарастыратын тіл білімінің саласы. Сөздің мағыналық дамуы мен өзіндік ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан қарастыру бүгінгі тіл білімі үшін маңызы зор. Семантика және салыстырмалы тіл білімі зерттеуді қажет ететін тіл білімінің салалары.

Түркі тілдерінің соның ішіндегі қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түркілік түбірлерді негізге ала отырып семантикалық табиғатын анықтау зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Ғалым М. Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде түркі тілдерін бір-бірінен ерекшелейтін үш негізгі лексикалық белгілерді көрсетеді: «а) байырғы лексика нақты ұғыммен байланысты, интеллектуалды лексика абстракты және мәдени ұғымды білдіреді; ә) байырғы лексика көбінесе бір буынды, кейде екі буынды болып келеді; б) мән-мағына тұрғысынан жіктелген сингармониялық параллельдер

бар; в) синкретизмнің (түбірлердің, негіздердің) іздері бар» [1, 9]. Демек түркі тілдеріне лексикологиялық талдау жасауда байырғы лексикасы саналатын бір буынды түбірлердің қарастырылғаны жөн.

Біздің зерттеуімізге нысан ретінде ғалым Ә. Қайдардың «Структура односложных корней» еңбегіндегі бір буынды түбірлерден *ау*, *ар* және *ат* түбірлерін алдық. Аталған түбірлерді қазақ және ноғай тілдері негізінде семантикалық табиғатын зерттедік.

Түркі тілдерінің классификациясы бойынша Батыс ғұн бұтағының қыпшақ-ноғай тармағына жататын қазақ және ноғай тілдері бір-біріне өте жақын тілдер. Алайда кейбір ортақ түркілік түбірлер мағынасы түрлі экстралингвистикалық факторлар әсерінен өзгеріске түскенін және мағынаның тарылу-кеңеюі процестерін байқадық.

Ноғай тілі - бүгінгі түркі тілдерінің ішінде ғылыми зерттеуге мұқтаж тілдердің бірі. Бұл тілдің түркілік негізі сақталған, аясы кең. Ол әлі талай ғылыми еңбектерге нысан ретінде алынып, талдануды қажет етеді.

Ноғай тілі мен қазақ тілінің сөздік қоры, грамматикалық құрылымы және дыбыстық жүйесі бір-біріне ұқсас. Екі тілдік ұқсас аспектілерін зерттеу тілдік қарым-қатынастарды тереңірек түсінуге жол ашады.

Семантикалық өзгерістер тілге жаңа серпін бере отырып, лексикалық қорын арттыратыны мәлім. Демек кез-келген тілдің сөздік құрамында семантизация құбылысының зор маңызға ие болатыны анық.

Қазақ тілін орыс тілімен не ағылшын тілімен салғастыра зерттелген жұмыстар көп. Алайда түркі тілдеріне жүргізілетін салыстырмалы-тарихи зерттеулер сирек. Біздің мақаламыздың ғылыми құндылығы – салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуінде.

Демек қазақ және ноғай тілдерін салыстыра зерттеу арқылы біз тілдердің сөздік құрамын, қалыптасу тарихын, түркі тектестігін сақтау дәрежесін, семантикалық ерекшеліктерін анықтауға тырыстық.

Сөз – дыбыс пен мағынаның жиынтығы екені белгілі. Сөзге тілдік талдау жасау үшін оның мағыналық табиғатын айқындау қажет. Тілімізде ғалымдар тарапынан сөз мағынасына берілген анықтамалар мен тұжырымдар көп.

Ғалым М. Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде: Сөз мағынасы – тіл білімінің еншісіне тиетін категория, сол үшін де оны жан-жақты талдау тіл білімінің үлесіне тиеді. Сөз мағынасының құрамында ол затты не ұғымды әрі жалпылап, әрі басқа заттардан ерекшелеп ажыратып, даралап тұратын мағыналық элементтің барлығы анық, – деп көрсеткен [2, 29].

Сөздердің мағыналық құрылымын талдау жан-жақтылықты қажет етеді. Бір ғана түбір арқылы түркі тілдерінің лексикалық құрамының өткен және қазіргі күйінен біршама ақпарат алуға болады. Ортақ түбірлерді семантикалық жақтан зерттеу үшін алдымен ұқсас түркі тілдерін салыстыру қажет. «Салыстыру үшін бастапқы мағынадағы сөздердің денотаттық, сингификаттық белгілерін, яғни архисемаларын анықтап, осы архисемалардың қайсысы кейінгі мағынадағы сөздер үшін мазмұндық, формалық байланыстырушы белгі, қайсысы айырушы, саралаушы белгі екендігін айқындап, төркіндес, тектес екендігі дәлелденеді [3, 11].

Түркі тілдерінің ішінен қазақ және ноғай тілдері жақын туыс тілдер болғандықтан алынды. Қыпшақ бұтағына жататын тілдер ішінде ноғай тілінің қолданушысы күн өткен сайын азайып барады. Бүгінде ноғай тілінің сөйлеушілерінің арасында тілдің сақталуы мен болашақ дамуы қиындап барады. Ноғай тілін тұтынушылар Ресей Федерациясының Дағыстан, Астрахань, Краснодар және Ставрополь аймақтарында бар. Сонымен қатар біздің елімізде, Түркияда, Чечен Республикасында да кездеседі. Ноғай тілі үш негізгі диалектіні қолданады:

1. Ақ-ноғай (батыс ноғай);
2. Қара ноғай (шығыс ноғай);

3. Орталық ноғай.

Сөздік қорында араб және парсы тілдерінен енген сөздер көп. Жазба тілі әуелде араб тілінде, кейін латынға көшті, қазір кирилл әліпбиін қолданады.

Зерттеуімізде семантикалық талдау арқылы қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің мағыналық ерекшеліктерін айқындадық. Бұл мақсатқа жету үшін Ә.Қайдардың «Структура односложных корней» еңбегінде *ау*, *ар* және *ат* бір негізді түбірлерін нысана етіп алдық. Ғалым еңбегінде *ау* сөзінің сегіз түрлі мағынасы берілген: «*Ау* – 1) охота, ловушка; 2) мотня, клин (у брюк, штанов); 3) перевалить, перекочевать; 4) ау+ыр – болеть, хворать; 5) ответный возглас, обращение; 6) ау+дан -плоскость чего-то, район; 7) азын-аулақ – мало, незначительно; 8) аул – пристанище, жилище» [4, 173]. Мұндағы алғашқы үш мағынасы түбір күйіндегі лексикалық мағыналары болса, кейінгілері қосымшалар үстеу арқылы туындаған жаңа мағыналары саналады.

Ау сөзінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» төрт түрлі мағынасы бар: «*Ау* – 1) балық ұстайтын үлкен сүзгі тор; 2) бұт киімнің екі балағының түйіскен жері; 3) көліктің үстінен жүктің бір жағына қарай лықсып түсуі, ауытқуы, көшу; 4) шақырғанға берілетін жауап сөз; [5, 70]. Яғни сөздікте жаңадан төртінші мағынасы анықталған. Демек бірінші және екінші мағыналары заттың не киімнің сыртқы формасына қарай қолданылса, үшінші мағынасы белгілі бір қимылды сипаттайды.

Н. Баскаковтың редакторлығымен басылған «Ногайско-русский словарь» сөздігінде: «*Ав* 1. Охота; *авга* шыгув – пойти на охоту; 2. *Сеть ав* салув ставить, расставлять сети; 3. *Мотий* – брюк, штанов; 4. *Межд.* Выражающее удивление, сомнение; 5. *Межд.* *Гав-гав* (подражание лаю собак)» [6, 20]. Байқағанымыздай ноғай тілінде *ау* сөзінің іс-әрекетті сипаттайтын *ауып кету*, *көшу* мағынасы қолданылмайды.

«Древнетюркский словарь» сөздігінде *ау* сөзінің төмендегідей мағыналары берілген: «*AV* – 1. Охота: *Av avla*; 2. Сети, певод – *davlat avi* – эти слова послужат тебе сетями счастья; 3. *А?* – переспрос не расслышанного» [7, 68]. Сөздік бойынша жаңа мағынаны байқауға болады. Кейбір түркі тілдерінде бақ-дәулет, қуанышпен байланысты та қолданылатынын білдік.

Семантикалық талдау барысында кез-келген сөздің шығу төркініне, этимологиясына мән берген дұрыс. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» анықтамасы былай берілген: «*Ау*. Бұл сөз көне түркі-монғол тілдерінің жазу нұсқаларында *аб* түрінде кездеседі, ол *аң аулау* деген мағынада жұмсалады. Қазақ тілінің оңтүстік говорларында *ау аулау* – *аң аулау*, *аңға шығу*. *Ау қылу* – *аң аулау* тіркестері бір-біріне синонимдес. Қазіргі қазақ тіліндегі балық аулайтын тор мағынасындағы *ау* да осы *аб/ав* сөздерімен байланысты болу керек» [8, 45]. Демек алғашқы формасы тарихи ескерткіштерде көрсетілгендей *-ав*, *-аб* болған.

Тағы бір дәлел ретінде ғалым Б. Сағындықұлы өзінің «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» еңбегінде бір буынды *ау* сөзі туралы: «Қазақ тілінде зат есім, етістік, шылау, одағай ретінде бес сөзден тұратын омонимдік қатар жасайды. Осылардың арасында зат есімдік тұлғасы көне түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі тұлғасы – *аб*, Махмұд Қашқари сөздігінде – *ав*, «Қисас-ул анбийада» – *аф*: *ф-б-в-у* сәйкестігін түзеді» – деп көрсеткен [9, 217].

Зерттеу жұмысының негізінде *ау* бір буынды сөзі қазақ және ноғай тілінде де активті қолданылады. Сонау түркі ескерткіштерінен белгілі бұл түбір өзінің түпкі мағынасын сақтай алған. Негізгі зат есім ретіндегі және одағай түріндегі мағыналары екі тілде де бар. Олар: зат есім түріндегі *шалбардың ауы*, *аңшылыққа қажетті құрал*, *шақырғанға берілетін жауап*. Етістік ретіндегі *ауып кету*, *көшу* сөмалары тек қазақ тілінде ғана қолданылады.

Ә. Қайдар қарастырған бір буынды түбірлердің бірі – *ар*. Ғалымның жоғарыда аталған еңбегінде *ар* сөзінің он бір түрлі мағынасы берілген: «*Ар* – 1) *ар* жақта на той стороне; 2) *ара* – между, середина; 3) *ары*, *ару* – очищаться, чистейший; 4) *ары* – худеть; 5) *ары* –

уставать; 6) честь, совесть; 7) арлан – самец хищных животных, ар – мужчина, самец; 8) нечто торчащее, неуклюжее; 9) арна – посвящать, адресовать; 10) разрытая, размытая, разрезанная полоса; 11) ар ете түсу – рывкнуть, вдруг зарычать» [4, 171].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ар – 1) адамгершілік ізгі қасиет; 2) ар жақ – арғы беті, бір нәрсенің жалғасы», - екі мағынасы ғана сипатталған. [5, 52].

Профессор А. Салқынбай «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігінде» тіліміздегі *ар* сөзінің семантикалық, синтетикалық тәсіл арқылы он тоғыз туынды түбірін, аналитикалық тәсіл арқылы он екі туынды түрін анықтаған. Мәселен: *арла, арлан, арлылық, арсыз, арсыну, ар көру, ар тұту, арынан аттау, арын аяққа баспау, арын сақтау, арын сату, арын төгу, ары таза, ар-иман, ар-инабат* және т.б [10, 61].

Түркі тілдерінің тарихи сөздігі – «Древнетюркский словарь» еңбегінде *ар*-дың жаңаша мағыналарын да көруге болады: AR – 1. Рыжий, бурый, красноватый; 2. Ar böri – гиена; 3. Обманывать, лгать, соблазнять; 4. Уставать, утомляться; 5. Отделять [7, 50]. Түсті білдіретін қызыл сөзінің этимологиясында да *ар* түбірі бар екені мәлім.

Н. Баскаковтың «Ногайско-русский словарь» сөздігінде: «ар – юз квадрат метрге тень ер оышеви», – деген өлшем бірлік ретіндегі мағынасы берілген [6, 27]. Ар өлшем бірлігі халықаралық өлшем бірлік ретінде бұрыннан қолданыста бар.

Ноғай тіліндегі фразеологиялық сөздікте *ар* сөзімен келетін фразеологиялық бірліктер сипатталған. Мәселен: 1. Ар этуьв неге – уялуьв, кажынуьв неге, неден. «Делаться стыдно», стыдиться, воздержаться [11, 38].

Ноғай тілінің мақал-мәтелдерінде:

Яхшыдынь яхшылығы ол болар: соьйлемеге ар этер

Атақты Шалкиіз жыраудың: Жақсының жақсылығы сол болар – Жаманменен бас қосып сөйлемекке ар етер, – өлең жолдарындағы *ар-ұят*тың мәні ноғай тілінде мақал ретінде қолданылады.

Қазақ және ноғай тіліндегі *ар* сөзімен байланысты мағыналас фразеологизмдер:

Арага от салуьв – арага от салу;

арага сувыклык энущ – арасы суып кету;

арадан йылан оьткендей – арадан жылан өткендей;

араларыннан кыл да оьтпейди – араларынан қыл өтпейді.

Түркі тілдеріндегі ортақ түбірлерге салыстырмалы талдау жасағанда олардың шығу тегіне мән беру қажет. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» *арбау, арқа, арық* секілді сөздердің этимологиясы *ар*-дан шыққандығы жайлы айтылады. Мәселен, *арбау* – көне түркі ескерткіштерінде *ар* – алдау, қызықтыру мағынасында (Малов. Пам. др. Письм. 359) қолданылған. А.Н. Кононов *арқа* сөзінің түбірі – *ар* (монғол тілінде сақталған, мағынасы *арт жақ, арқа* деп көрсетеді. Бұл деректерге сүйене отырып, *арқа* сөзінің алғашқы төркіні *ар* болғаны, -қа етістіктер мен үстеулерге қосылып жаңа атау жасайтын жұрнақ екенін байқаймыз [8, 42].

Э. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» сөздігінде *ар* сөзінің арықтау, азып кету семасы басты мағына ретінде қарастырылған: Ар – худеть, уставать, утомляться. Выражение значения «худеть» вторичной формой арықлан – явилось фактором, облегчавшим слияние его с ары – уставать. Другим фактором была выработка пограничных, переходных значений типа «обессилеть», «лишаться сил» [12, 161]. Демек *ар* сөзінің мағынасы екі тілде де ұқсас. Доминантты қолданыстағы семасы – *ар-ұят* мағынасы саналады. Сонымен қатар бұл мағынасы барлық дерлік түркі тілдерінде қолданыс тапқан. Ғалым Э. Қайдар қарастырған келесі бір түбір – *ат* түбірі. Ат түбіріне де қазақ және ноғай тілдеріндегі семантикалық ерекшеліктерін қарастыра келіп ұқсастықтары мен мағына дамуына байланысты өзіндік ерекшеліктерін анықтадық. Алдымен ғалымның берген анықтамасын қарастырсақ: «Ат. – 1. Конь; лошадь; 2. Имя, название, наименование; 3. бросать, кидать; 4. Синкр. Разводить, раздвигать; 5. *Адыраң*

– *ат+ыр+аң* – көз глаза на выкате; 6. Синкр. Шаг, ход, ходьба – *атта, адым*; 7. *Атырау* – отдаленный (от берега реки) участок; *атырап* – окрестность, край» [4, 171]. Мұнда ғалым түркі тілдері бойынша жеті түрлі мағынасын көрсетіпті.

Біз қарастырып отырған қазақ тілі мен ноғай тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі негізгі семаларына назар аударсақ: «Ат I. 1. Піштірілген еркек жылқы; 2. Мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік; 3. Спорт жылқының басына ұқсастырып жасалған шахмат фигурасы; II. Балаға қойылатын есім, ныспы; 2. Белгілі бір нәрсеге, затқа қойылған атау; III. 1. Қару-жарақтан оқ шығару; 2. Лақтыру, атқылау; 3. Бір затты екінші затқа ұып тигізу; 4. Шегу, иіскеу, тарту; 5. Көкке көтерілу; 6. Ыршу, ырғу; 7. Ауысп. Белгілі затқа есімдермен тіркесіп, бұрқыраған, қаулаған көптік ұғым білдіреді: атқан таңдай – аппақ, әдемі [5, 65].

Ноғай тілінің түсіндірме сөздігінде төмендегідей екі мағынасы ғана берілген: ат – 1. Имя, наименование; *ат тағув* – давать прозвище; *оьтирик ат* – кличка, прозвище; 2. Лошадь – атка минуув – садиться на лошадь; *атка иер салув* – седлать лошадь [6, 52].

Байқағанымыздай түркі тілдеріне ортақ түбір – *ат* екі тілде де активті түрде қолданылады. Мәселен, *ат* түбірі ноғай тілінде тура мағыналары ғана яғни 1) есім; 2) жылқы қолданылса, қазақ тілінде ат (жылқы) мағынасының кеңеюі негізінде көптеген семалары анықталды. Жылқының аттауы қимылынан секіріп өту, атып жіберу, жоғарылау, биікке көтерілу, ату секілді іс-әрекетті көрсететін жаңа мағыналар қалыптасқан. Қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктер де осы мағынаның кең ауқымда таралуынан туындаған. Демек ат семасының зат есім тұлғасындағы мағынасы қимылдық мағына ретінде жаңа қосымша мағына тудырғанын көре аламыз. Бұл мағына тілдік бірліктермен байланысқа түсе отырып мағыналық аясы артқан.

Қарастырылған түркілік түбірлердің бәрінде де семантикалық өзгерістер орын алған. Түрлі экстралингвистикалық факторлар әсерінен мағына не ауыспалы мағынаға ойысқан, не болмаса жаңа мағына қалыптасқан. Біз ғылыми зерттеуімізге мысал ретінде қарастырған үш бірдей бірбуынды түркілік түбірлердің семантизациялық көрінісін кесте арқылы бергенді жөн көрдік:

Кесте 1 – «*ау*», «*ар*», «*ат*» түбірлерінің семантикалық дамуы

Тілдік қатысы	Бір буынды түркілік ортақ түбірлер		
	Ау	Ар	Ат
Қазақ тілінде	1) балық ұстайтын тор; 2) бұт киімнің екі балағының түйіскен жері; 3) ауытқу, көшу; 4) шақырғанға жауап беретін сөз;	1) адамгершілік қасиет; 2) ар жақ – бір нәрсенің жалғасы;	1) жылқы; 2) жегін күшін пайдаланатын көлік; 3) шахмат фигурасы; 4) есім, ныспы; 5) қарудан оқ шығару; 6) лақтыру, көкке көтерілу, ыршу, ырғу; 7) ауысп. <i>атқан таңдай</i>
Ноғай тілінде	1) аңшылық – авга шығув; 2) ав салув - ставить, расставлять сети; 3) мотий – брюк; 4) межд. Выражающее удивление; 5) межд. гав-гав (подражание лаю собак)	1) ар-ұят; 2) квадрат/метр – өлшем бірлік;	1) имя, наименование; 2) лошадь;

Тұжырымдай келе, біз қарастырған үш түбір де қазақ және ноғай тілінде күнделікті тұрмыста жиі қолданылады. Бірақ әртүрлі дәрежеде көрініс береді. Себебі - тіліміздегі мағынаның тарылу не кеңею құбылысының нәтижесінде бір түбірдің қосымша бірнеше мағынаға ие болуы бар.

Салыстырмалы-тарихи тіл білім қашанда өзекті. Себебі түркі тілдерінің тарихы, сөздік құрамының мағыналық дамуы, этимологиясы, өткені мен бүгіні сол этникалық топтардың тарихынан, мәдениетінен сыр шертеді. Алтай тілдері тобының қыпшақ бұтағындағы бір-біріне өте жақын қазақ және ноғай тілдерінің өзінде түрлі семантикалық өзгерістер орын алғанын зерттеуіміз дәлелдеді. Аталған тілдерді болашақта корпустық лингвистикалық бағытта да қарастыру қажеттігін байқадық.

Осылайша, жоғарыда берілген тұжырымдар негізінде түркі тілдеріндегі ортақ түбірлер семантизациясын талдау арқылы түбірдің бастапқы және кейінгі мағыналарының арасында байланыс бар деп қорытынды жасауға болады. Алайда кейбір ортақ түбірлерге экстралингвистикалық факторлардың әсер еткені де көрініс берді.

Ортақ түбірдің дыбыстық өзгеріске түскен не түспегенін анықтау үшін қазіргі түркі тілдеріндегі, көне жазба материалдардағы мағынасы жақын сөздермен салыстыру маңызды.

Сөз мағынасының өзгеруі – ұзақ процесс. Ол сөздің құрамындағы семантикалық байланыстардың әлсіреуінен немесе күшеюінен туындайды.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің бастапқы, негізгі мағыналары туынды сөздерінде де сақталғанын байқадық. Түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгеру себептері, салдары, заңдылықтары тарихи процестің нәтижесі болып табылады.

Қорыта келе, қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлерді семантикалық талдау жүргізе отырып салыстырғанда өзгешеліктер бар екенін көрсетті. Түбірлердің тура мағынасы уақыт өте келе кеңейіп, жаңа бір мағынаға ие болған. Көп жағдайда ноғай тілінде түбірлердің денотаттық мағыналары ғана қолданылса, қазақ тілінде ауыспалы мағыналары қалыптасқандығына және метафоралық-метонимиялық жаңа мағыналарға ие болғанына көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

1. Томанов Ш. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – 190 б.
2. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 211 б.
3. Жалмаханов Ш.Ш. Жылқыбай Г.Қ. Жалпы түркілік «бәд», «қоб» этимондарының этимологиялық этюдтері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – N2 (124). – Б. 11.
4. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М - во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. – Алматы: Арыс, 2005. – 295 с.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Ногайско-русский словарь / под редакцией Н.А. Баскакова. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1963. – 560 с.
7. Древнетюркский словарь / редкол. В. М. Наделяев. – Л. : Наука, 1969. – 676 с.
8. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
9. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері – Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 257 б.
10. Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі / құраст. А. Б. Салқынбай. – Алматы, 2016. – 3-бөлім.

– 431 б.

11. Шихмурзаев Д. М. Ногайско-русский фразеологический словарь [Ногайша-орысша фразеологиялык соъзлиги]. – Махачкала: Изд-во НИИ педагогики, 2006. – 296 с.

12. Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюрк. и межтюрк. основы на гласные. – М. : Наука, 1974. – 767 с.

References

1. Tomanov Ş. Türkî tilderiniñ salıstırmalıy gramatikasy [Comparative grammar of Turkic languages] – Almaty, 1992. – 190 p. (In Kazakh)

2. Orazov M. Qazaq tılıniñ semantıkasy [Semantics of the Kazakh language] – Almaty, 1991. – 211 p. (In Kazakh)

3. Jalmahanov Ş.Ş. Jylqybai G.Q. Jalpy türkılık «bäd», «qob» etimondarynyñ etimologialyq etüdterı [Etymological Etudes of the common Turkic etymons «bäd», «qob»] // Bulletin of Yassawi University. – 2022. – N 2 (124). – P. 11. (In Kazakh)

4. Kaidar A.T. Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazyke: monografiya [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language: monograph] / Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Institute of Linguistics named after A.Baitursynov. – Almaty: Arys, 2005. – 295 p. (In Russian)

5. Qazaq tılıniñ túsındırme sözdıgı [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] / The general editorial office was headed by T. Zhanuzakov. – Almaty: Dyke-Press, 2008. – 968 p. (In Kazakh)

6. Nogaisko-russkii slovar' [Nogai-Russian dictionary] Edited by N.A. Baskakov. – Moscow: State Publishing House of Foreign and National Dictionaries, 1963. – 560 p. (In Russian)

7. Drevnetyurkskii slovar' [Ancient Turkic Dictionary] / Edited by V. M. Nadelyaev. – L.: Nauka, 1969. – 676 p. (In Russian)

8. Qazaq tılıniñ qysqasha etimologialyq sözdıgı [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language] – Almaty: Ğylym, 1966. – 240 p. (In Kazakh)

9. Sağyndyqūly B. Qazaq tılı leksikasy damuynyñ etimologialyq negızderı [Etymological foundations of the development of the vocabulary of the Kazakh language] – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 257 p. (In Kazakh)

10. Qazaq tılıniñ sözjasam sözdıgı [Dictionary of Word formation of the Kazakh language] / Comp. A.B. Salkynbay. – Almaty, 2016. – Part 3. – 431 p. (In Kazakh)

11. Shikhmurzaev D. M. Nogaisko-russkii frazeologicheskii slovar' [Nogai-Russian phraseological dictionary]. – Makhachkala: Publishing House of the Institute of Pedagogy, 2006. – 296 p. (In Russian)

12. Sevortyan E. V. Etimologicheskii slovar' tyurkskikh yazykov: obshchetyurk. i mezhtyurk. osnovy na glasnye. [Etymological dictionary of Turkic languages: general Turkish. and the interturk. the basics of vowels.] – M.: Nauka, 1974. – 767 p. (In Russian)

A.Kh. Assenova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: aygulassenova@gmail.com)

**The meaning of one-syllable Turkic roots
(based on the data of the Kazakh and Nogai languages)**

Abstract. This article examines the semantic characteristics of monosyllabic common roots in the Kazakh and Nogai languages, which belong to the Kipchak branch of Turkic languages. A semantic analysis of the roots «au,» «ar,» and «at,» as considered by the scholar A. Kaidar, is conducted for these languages. The main objective of this research is to determine the process of semantization by analyzing the common monosyllabic roots in the Kazakh and Nogai languages. The primary focus is to expand the scope of comparative linguistics, lexicology, and semantics, and to study the general laws of meaning. We explore the idea of illustrating cultural connections between Turkic languages through the semantization of monosyllabic roots in Kazakh and Nogai languages. As a result of the semantic analysis, we observed that the monosyllabic roots in Kazakh and Nogai languages have undergone significant changes over the course of historical development. These changes were influenced by various extralinguistic factors. While a particular root might retain its original meaning in one language, in the other it might develop a new meaning through a process of semantic expansion or, in some cases, lose its original meaning entirely or transform into a different sema. Today, there are many studies being conducted in the field of linguistics following new directions. However, the analysis of comparative linguistics, the study of the Nogai language, and the examination of the semantization process highlight the value of this research.

Keywords: Turkic languages, Nogai language, comparative-historical method, lexical-semantic approach, Turkic roots

А.Х. Асенова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: aygulassenova@gmail.com)

**Значение односложных тюркских корней
(на основе данных казахского и ногайского языков)**

Аннотация. В данной статье рассматриваются семантические характеристики односложных общих корней в казахском и ногайском языках, которые относятся к кипчакской ветви тюркских языков. Проведен семантический анализ корней «au», «ar» и «at», по мнению ученого А. Кайдара, для этих языков. Основная цель данного исследования - определить процесс семантизации путем анализа общих односложных корней в казахском и ногайском языках. Основной целью является расширение области сравнительного языкознания, лексикологии и семантики, а также изучение общих законов значения. Мы исследуем идею иллюстрации культурных связей между тюркскими языками посредством семантизации односложных корней в казахском и ногайском языках. В результате семантического анализа мы обнаружили, что односложные корни в казахском и ногайском языках претерпели значительные изменения в ходе исторического развития. На эти изменения повлияли различные экстралингвистические факторы. В то время как конкретный корень может сохранить свое первоначальное значение в одном языке, в другом он может приобрести новое значение в процессе семантического расширения или, в некоторых случаях, полностью утратить свое первоначальное значение или трансформироваться в другую сему. Сегодня

в области лингвистики проводится множество исследований в новых направлениях. Однако анализ сравнительного языкознания, изучение ногайского языка и изучение процесса семантизации подчеркивают ценность этого исследования.

Ключевые слова: Тюркские языки, ногайский язык, сравнительно-исторический метод, лексико-семантический подход, тюркские корни

Автор туралы мәлімет:

Асенова А.Х. – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-3986-5055.

Information about author:

Assenova A.Kh. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-3986-5055.

Сведения об авторах:

Асенова А.Х. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-3986-5055.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Б.К. Каспихан*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: b.kaspikhan@gmail.com)**В. Томсеннің түркітанудағы ғылыми мұрасы**

Аңдатпа. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер XVII ғасырдың II жартысынан бастап жариялана бастады. 1893 жылы Дания корольдігінің Ғылым академиясында лингвист ғалым В. Томсен руникалық жазудың сырын ашқаны туралы баяндайды. Ғалым көне түркі жазбаларындағы таңбалардың мәнін анықтап, ескерткіштің түркілер мұрасы екенін дәлелдейді. В. Томсеннің ғылыми мұрасының зерттелуі түркі тіл білімінің даму тарихынан хабардар болуға мүмкіндік беріп, көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелу бағытын, зерттеу әдістерін анықтауға көмектеседі. Мақалада ғалымның еңбектеріне шолу жасалып, ғалымның түркітануда қалыптастырған ғылыми мектебі мен ерекшеліктері талданады. Жұмыста В.Томсен аудармаларының ерекшелігі және оның түркі тіл біліміне қосқан үлесі баяндалады.

Түйін сөздер: Орхон ескерткіштері, Күлтегін, көне түркі жазуы

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Кіріспе

Әлемдік тіл білімінің тарихында ерекше орын алатын көне түркі жазба ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер XVII ғасырдың II жартысынан бастап жариялана бастады. Сібірдегі руникалық жазулар туралы еуропалық әдебиеттердегі алғашқы мәліметтер Н. Видзен, С. Ремезов, И. Страленберг, т.б. зерттеушілердің есімдерімен байланысты. 1889 жылы Н.М. Ядринцевтің Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерін табуы, осы ескерткіштерге А.О. Гейкел бастаған фин ғалымдарының экспедициясы мен В.В. Радлов бастаған Петербург ғалымдардың экспедициясы нәтижесінде жарық көрген атластар түркі тіл білімінде үлкен бір кезеңге жол ашты. Әлем ғалымдары атластарда жарияланған суреттер мен мәліметтер негізінде құпия жазуларды оқуға тырысты.

1893 жылы Дания корольдігінің Ғылым академиясында лингвист ғалым В. Томсен руникалық жазудың сырын ашқаны туралы баяндайды. Ғалым көне түркі жазбаларындағы таңбалардың мәнін анықтап, ескерткіштің түркілер мұрасы екенін дәлелдейді. В. Томсеннің ашқан жаңалығы Сібір даласы мен Моңғолиядан табылған ірілі-ұсақты руникалық ескерткіштердің оқылуына жол ашады. Жазу сырын табудағы ғалымның филологиялық тәсілдері, сапалы аудармалары кейінгі түркітанушыларға бағыт беріп, Еуразия даласынан табылған жазба ескерткіштердің зерттелуіне негіз болып келеді.

В. Томсеннің ғылыми мұрасының зерттелуі түркі тіл білімінің даму тарихынан хабардар болуға мүмкіндік беріп, көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелу бағытын, зерттеу әдістерін анықтауға көмектеседі. Ғалымның еңбектеріне шолу жасау арқылы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі түркітану ғылымындағы басым бағыттарды анықтауға, ғылыми мектептердің ерекшелігін тануға жол ашылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы барысында XIX-XX ғ. түркітанушы ғалымдар В. Томсен, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович және т.б. ғылыми еңбектерімен танысып, сол кезеңдегі түркітанудағы өзекті мәселелер мен басым бағыттар анықталды. В. Томсен әдістеріне сипаттама жасалып, ескерткіш аудармаларына салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Алғашқы кезеңде ғалым еңбектерінің библиографиялық тізімі жинақталып, зерттеу жұмыстарына сипаттама жасалды. Сол кезеңдегі жарық көрген зерттеу жұмыстарымен салыстыру жүргізіліп, ғылыми еңбектердің сабақтастығы анықталды.

Әдебиетке шолу

Дат ғалымы В. Томсеннің ғылыми жаңалықтары мен еңбектері туралы хабарламалар, ғылыми пікірлер мен еңбектердің аудармалары 1894 жылдан басталады (Розен, 1894). В.Р. Розен көне түркі жазуын дешифрлау туралы В. Томсеннің (1894) мақаласын орыс тіліне аударып, ескерткіштің ашылу тарихы туралы ескертпелер қосып жариялаған. Ескертпеде Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінің ашылуы Н.М. Ядринцев есімімен байланысты екені Томсен мақаласына көрсетілу керек еді деп жазады (Розен, 1894).

Ғалым еңбектерінің жариялануына қарай ғылыми жинақтарда шығыстанушылардың, түркітанушылардың пікірлері, шолу мақалалары да басылып отырған (Schlegel, 1896; Németh, 1917). Мәселен, белгілі синолог Г. Шлегель (1896) В. Томсеннің еңбегіне шолу жасап, Кошо-Цайдамнан табылған көне түркі жазба ескерткіштерінің қытай тіліндегі мәтінін талдап, қытай деректеріндегі түркі сөздері туралы құнды пікірлер білдірген.

Түркітанушы ғалым П.М. Мелиоранский (1899) өзінің Күлтегін ескерткіші туралы еңбегінде В. Томсен Орхон-Енисей жазбаларындағы барлық таңбаларды дәл анықтаған деп баға беріп, ғалымның «Inscriptions de l'Orkhon déchiffrées» (1896) еңбегінің алғашқы бөлімін орыс тіліне аударып, түсініктемелермен бірге жариялайды.

В. Томсеннің ғылыми мұрасы туралы кеңінен мәлімет беріп, талдап жазылған еңбектердің қатарына А.Н. Самойловичтің (1928/2005) мақаласын қосуға болады. Ғалымның мақаласы Томсен дүниеден өткеннен кейін бір жылдан соң жарық көреді. А.Н. Самойлович түркі тіл білімін үш кезеңге бөліп, алғашқы азиялық кезеңін М. Қашқари есімімен байланыстырса, екінші еуропалық кезеңін В. Радлов пен В. Томсен мұрасымен, соңғы еуразиялық кезеңі 1926 жылғы түркологиялық съезд жұмысымен байланысты екенін айтады. Мақалада В. Томсеннің Орхон мен Енисей бойынан, Шығыс Түркістаннан, Мажарстаннан табылған жазба ескерткіштерге қатысты еңбектеріне шолу жасап, түркітанудағы В. Томсен мұрасының құндылығына тоқталып, В. Радлов пен В. Томсеннің ғылыми мектептері туралы пікір білдіреді.

Тіл білімінде В. Томсен мұрасы туралы жарық көрген қазіргі еңбектердің ішінен тіл біліміндегі белгілі дат ғалымдарының өмірбаяндары мен ғылыми жолы баяндалған шолу мақалаларды (Skytte, 2022), түркітану мен моңғолтанудағы Копенгаген мектебі туралы еңбектерді (Erdal, 2018) жатқызуға болады. Автор Копенгаген мектебінің өкілдерінің қатарына В. Томсентапсырмасымен 1917 жылға дейін Петербургте орыс зерттеушілерінің ескерткіштерге қатысты суреттер мен жазбаларының көшірмесін жасаған Курт Вульф, түркі тілдеріндегі ұзақ дауыстылар туралы еңбектер жазған В. Гренбех сияқты Томсен шәкірттерін қосады (Erdal, 2018).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Дат ғалымы Вильгелм Людвиг Питер Томсен 1842 жылы 25 қаңтарда Копенгаген қаласында дүниеге келген. 1859 жылы әкесінің өтініші бойынша Копенгагендегі теология факультетіне оқуға түседі, бірақ көп ұзамай филология факультетіне ауысады. В. Томсен ұзақ жылдар бойы Еуропаның әртүрлі бөлігінде, нақты айтқанда, Лейпциг,

Прага, Будапешт, Триест және Париж сияқты қалаларда білім алады. Салыстырмалы зерттеулерге деген қызығушылығының арқасында осы сапарларда санскрит, грек, латын, араб, испан, орыс, фин және Балтық бойындағы тілдерді үйреніп алады. Кейбір деректерде ғалымның елуден астам тілді білгендігі айтылады (Skytte, 2022). Ғалымның негізгі зерттеулері салыстырмалы тіл білімі аясында болды. Ғалым үндіеуропа тілдерімен айналысады, дат диалектологиялық сөздігін құрастыруға үлес қосады. В. Томсен Копенгаген университетінде роман тілдерінің тарихынан, салыстырмалы тіл білімінен дәріс оқиды. Ғалым шәкірттерінің бірі Курт Вулфпен бірге Енисей ескерткіштерін зерттейді, бірақ олар жарияланбай қалады.

Ғалым мұрасының үлкен бір бөлігі көне түркі жазба ескерткіштерімен байланысты. Түркітану тарихында көне түркі таңбаларының мәнін дәл анықтап, тастағы жазуларды оқудың әдістемесін жасаған ғалымның ескерткіш мәтіндерінің ғылыми аудармалары да, ескерткіштерге берген тарихи-лингвистикалық түсініктемелері де бүгінгі ғылым үшін құнды.

Көне түркі жазба ескерткіштері ғылыми әдебиеттерде әртүрлі терминмен кездеседі: көне түркі руникалық жазуы, Орхон-Енисей жазуы, көк түрік жазуы, көне түркі жазуы, түрік бітік, күлбізілік жазу, көне түрік ескерткіштері, т.б. Ескерткіштердің зерттелуінің алғашқы кезеңінде Сібірден, Енисей бойынан табылған жазба ескерткіштер туралы мәліметтер келтірілсе, кейін келе көне түркі жазба ескерткіштерін шартты түрде Орхон, Енисей және Талас деп үш топқа бөліп қарастырады. Жазба ескерткіштер Моңғолиядан бөлек Шығыс Түркістаннан да, Орталық Азиядан да, Оңтүстік Еуропадан да, Шығыс Еуропадан да табылды. Қазіргі кезде Еуразия аумағында 700-ден астам ескерткіштер тіркеліп отыр.

В. Томсеннің Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштеріндегі мәтіндерден көне түркі жазуын қалай оқылғанына, таңбаларды анықтау әдісіне тоқталып, ғалымның филологиялық тұжырымдарына назар аударып көрейік. Ғалым ескерткішті оқу барысында жоғарыда аталған екі атласты да пайдаланады. Ең алдымен, В. Томсен ескерткіштегі жазудың бағытын анықтауға тырысады. Ол үшін ғалым фин атласында I мен II, сәйкесінше Радлов атласында К және Х таңбаларымен белгіленген екі ескерткіштің жолдарын бір-бірімен салыстырады, нәтижесінде ескерткіш мәтініндегі жолдардың оңнан солға қарай оқылатынын анықтайды. Таңбаларды мәнін табу үшін ескерткіштің өзіне және ескерткіштегі қытай тіліндегі мәтінге сүйенеді. Ескерткіш мәтінінен 38 бірегей таңба барын анықтап, олардан дауысты, дауыссыз таңбаларды табуға кіріседі. Ғалым *хух* түріндегі қатар тұрған таңбалардың егер *у* дауыссыз болса, онда *х* дауысты болатынын немесе керісінше болатынын ескеріп, осындай қайталанған тіркесімдер арқылы *ᠬ, ᠭ, ᠬ* таңбаларының дауысты екенін анықтайды (Thomsen, 1894). Қытай тіліндегі мәтіннен жалқы есімдерді іздеп, белгілі болған таңбаларды тексереді, жиі қайталанатын сөзге назар аударып, бірінші *ᠲᠠᠩᠭᠢ* *tāṅṛi* деген сөзді оқиды. I (К) ескерткіште жиі кездесетін, II (Х) ескерткіште кездеспейтін сөздің жалқы есім екенін, қытай жазбаларында *ᠬᠦᠯᠲᠦᠭᠢᠨ* *Kültigin* екенін анықтайды. Ғалым көне түркі жазуына қатысты алғашқы хабарламада (Thomsen, 1894) ескерткіштегі *ᠪᠢᠯᠭᠠ* *bilgä*, *ᠲᠦᠷᠦᠬ* *türk*, *ᠠᠯᠤ* *alp* деген сөздердің қалай оқылғанын көрсетіп, 38 таңбадан тұратын әліпбиді жариялайды. Осы алғашқы хабарламадан ғалымның болжамының дұрыс екенін, филологиялық тұжырымдарының дәлелді, логикалық тұрғыдан қисынды екенін байқаймыз.

Ғалым 1896 жылы жарық көрген еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштеріндегі дауыстылар мен дауыссыздарды ажыратып, әрбір таңбаның сипаттамасын, ерекшеліктерін толық көрсетеді (Thomsen, 1896). Дауысты дыбыстарды беретін төрт таңбаның қай кезде жуан, қай кезде жіңішке болатынын, қай кезде түсіріліп, жазуда таңбаланбаса да, оқуда ескерілетінін талдап, көрсетеді. Ғалым дауыссыз дыбыстардың таңбалануын сипаттайды, дыбыс тіркесімдерінің де орфографиялық ережелеріне

тоқталады. Орхон-Енисей ескерткіштерінде қос нүктенің сөздер мен жолдардың соңына қойылып, ажырату үшін қолданылғанын, бір таңбадан тұратын сөздерден кейін қойылмай, сөз тіркестерінен кейін де қойылатынын баяндайды. Бір сөзбен айтқанда, В. Томсен (1896) еңбегінің бірінші бөлімін көне түркі жазуының фонетикалық жағынан толық сипаттамасы берілген алғашқы еңбек деуге болады.

В. Томсен аудармалары

1894 жылы Күлтегін ескерткіштерінің алғашқы аудармасын В.В. Радлов жариялайды. Ескерткіш мәтіндерін В.В. Радлов, В. Томсен, П.М. Мелиоранский, Х.Н. Оркун, С.Е. Малов, Т. Текин, Ғ. Айдаров, А.С. Аманжолов, Н. Базылхан, т.б. ғалымдар зерттеп, аудармасын жасаған. Ескерткіштің алғашқы оқылуы мен аудармасында кеткен олқылықтар келесі жарияланымдарда түзетіліп, толықтырылып отырған. Әр кезеңде аудармалардың жетілдірілуі мен жаңа түсініктемелердің берілуі тіл білімі үшін заңды құбылыс. Бұл алғашқы зерттеулердің құндылығын төмендетпей, ғылыми айналымдағы соңғы жаңалықтардың түркі эпиграфикасында ескерілуін ғана көрсетсе керек. Зерттеулерді салыстырғанда В. Томсеннің зерттеу әдістерін, кейінгі зерттеушілердің еңбектерінен Томсен әдісінің кең қолданылғанын көруге болады. Мәселен, В. Томсен (1896) өз еңбегінде Күлтегін ескерткіші мен Білге қаған ескерткішінің сәйкестіктерін көрсету үшін және ұқсас тіркестердің аудармаларын қайталамау үшін екі ескерткіштегі мазмұны сәйкесетін жолдарды қатар қойып жариялайды. Осының арқасында Білге қаған ескерткішіндегі көмескіленіп, оқымайтын тұстарды қалпына келтіруге жол ашылып, оқырмандарға ескерткіш мәтінін салыстыруға мүмкіндік беріледі. Осы әдістің В. Радловтың (1897) неміс тілінде жарық көрген еңбегінде, В. Радлов пен П.М. Мелиоранскийдің (1897) орыс тіліндегі еңбегінде қолданылғанын көреміз.

В. Томсен өз еңбегінде тарихи деректердегі ақпараттарды келтіре отырып, Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерінің оқылуын, француз тіліндегі аудармасын жариялап, соңында ескертпелер арқылы мәтіннің оқылуына түсініктеме береді. Жұмыс соңында көне түркі тіліндегі сөздердің көрсеткіші мен М. Паркердің Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтіннің ағылшынша аудармасын жариялайды.

Ескерткіштің оқылуы мен аудармаларындағы ғылыми пікірлердің әртүрлілігін алғашқы басылымдардан-ақ көре аламыз. Мысалы, Күлтегін ескерткішінің үлкен жазуының бірінші жолындағы ᠰᠤᠩᠨᠦ᠋ᠭᠡᠨᠪᠣᠮᠤᠨᠬᠠᠭᠠᠨ деген тіркесті В. Радлов (1895) äчүм апам Бумын қаған äштмä қаған деп оқып, *ата-бабам Бумын хан, атақты хан* деп аударса, В. Томсен (1896) äčüm арам bumyn qaγan istämi qaγan деп оқып, *ата-бабам Бумын қаған мен Истеми қаған* деп аударады. В. Радлов (1897) келесі басылымда äчүм апам Бумын-қаған Äситмі-қаған *ата-бабам Бумын қаған, Еситми қаған (аталған)* деп, П.М. Мелиоранский (1899) äчүм апам бумын қаған іstäмі қаған *ата-бабам Бумын қаған, Истеми қаған* деп жариялайды. Мәтін бойынша В. Радлов, В. Бартольд, В. Банг, П.М. Мелиоранский Бумын қаған мен Істемі қағанды бір адам десе, В. Томсен мен И. Маркварт екеуі екі түрлі қаған деген пікір білдірген. Кейінгі зерттеулерде Істемі қаған Білге қағанның інісі екені айтылады.

В. Томсеннің Орхон ескерткіштеріне жататын Тоныкөк ескерткіштері туралы ойлары, нақты айтқанда, ескерткіштің алғашқы аудармасының (Radloff, 1899) олқылықтары мен жетілдіретін тұстары туралы пікірлері 1916 жылы жарияланады. Жинақта Моңғолия мен Сібір аумағынан табылған көне түркі жазба ескерткіштерінің оқылуына байланысты толықтырулар мен құнды ғылыми пікірлер берілген (Thomsen, 1916).

Шығыс Түркістаннан табылған қағаз бетіне түскен көне түркі жазбалары туралы ғалымның ғылыми пікірлері бүгінгі түркі тіл білімі үшін де құнды екенін сөзсіз. В. Томсен мақалада А. Стейн экспедициясы тапқан қағаз бетіндегі қолжазбаларға сипаттама береді, өлшемін, суреттерін жариялап, ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым мәтіннің оқылуы мен ағылшын тіліндегі аудармасын жариялайды (Thomsen, 1912). Миран мен Дунхуаннан

табылған жазбалардың ерекшеліктерін сипаттай отырып, жұмыстың соңында ғалым мәтінде кездесетін сөздердің көрсеткішін де жариялайды. Жарияланған «Ырқ бітік» ескерткіші қазір Британ музейінде сақтаулы.

Қорытынды

В. Томсеннің еңбектері түркі тіл білімінің тарихында жаңа бір саланың түркі палеографиясы мен эпиграфикасының қалыптасып, дамуына үлес қосқаны сөзсіз. Көне түркі жазуының фонетикасы мен фонологиясын ғылыми тұрғыда сипаттаудан бастап, ескерткіштер тілін зерттеу, көне түркі жазба ескерткіштерін аудару, олардың транскрипцияларын беру жолдары, аудармаларды жетілдіруге дейін В. Томсеннің қалдырған ғылыми мұрасы мен ғылыми мектебінің орны ерекше. Ғалым еңбектерін теориялық жағынан зерделеп, түркітанудағы бүгінгі басым бағыттар мен өзекті мәселелерді шешуде ғалымның әдістері мен тұжырымдарын зерттеу қажет. Түркітанушылардың іргелі еңбектерімен танысып, теориялық жағынан тереңдей түсу қазіргі түркі тіл біліміне қызығушылардың еншісінде деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюльтегина. С двумя таблицами надписей. – СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1899. – 144 с.

Радлов В.В., Мелиоранский П.М. Древне-тюркские памятники в Кошо-Цайдаме. – СПб., 1897 (СТОЭ, IV). – III. – 45 с. 7 л. табл.

Розень В. Suum cuique. По поводу дешифровки орхонских и енисейских надписей // Записки Восточного отделения императорского русского археологического общества. – 1894. – Том VIII. – Вып. III-IV. – С. 323-325.

Самойлович А.Н. Вильгельм Томсен и тюркология // Тюркское языкознание. Филология. Руника / А.Н. Самойлович; Сост. и отв. ред. Г.Ф. Благова, Д.М. Насилов. – М.: Вост. лит., 2005. – С. 146-157.

Erdal M. The Copenhagen school of Turkic and Mongolic philology. In É. Á. Csátó, J. Parslow, E. Türker, & E. Wigen (Eds.), Building Bridges to Turkish: Essays in Honour of Bernt Brendemoen. – Harrassowitz Verlag, 2018. – P. 81–92. <https://doi.org/10.2307/j.ctvh4zh3p.12>

Németh G. Turcica. Études concernant l'interprétation des inscriptions turques de la Mongolie et de la Sibérie. (Soumalais-Ugrilaisien Seuran toimituksia, XXXVII.) Helsingfors, 1916 // Nyelvtudományi Közlemények. – 1917. – 45. – P. 121-124.

Raddloff W. Die alttürkische Inschriften der Mongolei. (Neue Folge). – St.-Petersburg, 1897.

Raddloff W. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei zweite Lieferung. Die Denkmäler von Koscho Zaidam. Glossar, Index und die Chinesischen Inschriften, übersetzt von W.P. Wassiljew. BAIS 3, 1895.

Radloff W. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei. Die Inschrift des Tonjukuk. (Zweite Folge). – St.-Peterburg, 1899.

Schlegel G. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrées par Vilh. Thomsen, professeur de philologie comparée à l'université de Copenhague. (Mémoires de la Société Finno-ougrienne, vol V, Helsingfors, 1896) // T'oung pao. – 1896. – 7/2. – P. 182-191. [electronic resource]. – 2024. – URL: <http://www.jstor.org/stable/4525195>

Skytte G. Sei Linguisti Danesi: Vilhelm Thomsen, Otto Jespersen, Kristian Sandfeld, Louis Hjelmslev, Knud Togeby, Eli Fischer-Jørgensen // RICOGNIZIONI. Rivista Di Lingue E Letterature Straniere E Culture Moderne. – 2022. – 9(18). – P. 237-244. <https://doi.org/10.13135/2384-8987/6830>

Thomsen V. Déchiffrement des inscriptions de l'Orkhon et de l'épigraphie, notice préliminaire

// Bulletin de Académie Royale des Sciences et des Letters de Danemark. – 1894. – P. 285-299.
Thomsen V. Dr. M.A. Stein's manuscripts in Turkish «Runic» script from Miran and Tunhuang // Journal of the Royal Asiatic Society. – 1912, P. 181-227.

Thomsen V. Inscription de l'Orkhon déchiffrées. – Helsingfors: Imperie de la Societe de Litterature Finnoise, 1896. – 224 p.

Thomsen V. Turcica. Memoires de la Societe Finno-Ougrienne 37. – Helsingfors, 1916. – 108 p.

References

Melioranskii P.M. Pamyatnik v chest' Kyul'tegina. S dvumya tablitsami nadpisei [A monument in honor of Kul'tegin. With two tables of labels]. – SPb.: Printing House of the Imperial Academy of Sciences, 1899. – 144 p. (In Russian)

Radlov V.V., Melioranskii P.M. Drevne-tyurkskie pamyatniki v Kosho-Tsaidame. [Ancient Turkic monuments in Kosho-Tsaidam] – SPb., 1897 (STOE, IV). – III. – 45 s. 7 l. tabl. (In Russian)

Rozen V. Suum cuique. Po povodu deshifrovki orkhonskikh i eniseiskikh nadpisei [Regarding the deciphering of the Orkhon and Yenisei inscriptions] // Zapiski Vostochnogo otdeleniya imperatorskogo russkogo arkheologicheskogo obshchestva. – 1894. – Vol. VIII. – Issue III-IV. – P. 323-325. (In Russian)

Samoilovich A.N. Vil'gel'm Tomsen i turkologiya [Wilhelm Thomsen and Turkology] // Tyurkskoe yazykoznanie. Filologiya. Runika / A.N. Samoilovich; Comp. and ed. by G.F. Blagova, D.M. Nasilov.. – M.: Vost. lit., 2005. – P. 146-157. (In Russian)

Erdal M. The Copenhagen school of Turkic and Mongolic philology. In É. Á. Csató, J. Parslow, E. Türker, & E. Wigen (Eds.), Building Bridges to Turkish: Essays in Honour of Bernt Brendemoen. – Harrassowitz Verlag, 2018. – P. 81-92. <https://doi.org/10.2307/j.ctvh4zh3p.12>

Németh G. Turcica. Études concernant l'interprétation des inscriptions turques de la Mongolie et de la Sibérie. (Soumalais-Ugrilais Seuran toimituksia, XXXVII.) Helsingfors, 1916 // Nyelvtudományi Közlemények. – 1917. – 45. – P. 121-124.

Raddloff W. Die alttürkische Inschriften der Mongolei. (Neue Folge). – St.-Petersburg, 1897.

Raddloff, W. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei zweite Lieferung. Die Denkmäler von Koscho Zaidam. Glossar, Index und die Chinesischen Inschriften, übersetzt von W.P. Wassiljew. BAIS 3, 1895.

Radloff W. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei. Die Inschrift des Tonjukuk. (Zweite Folge). – St.-Peterburg, 1899.

Schlegel G. Inscriptions de l'Orkhon déchiffrées par Vilh. Thomsen, professeur de philologie comparée à l'université de Copenhague. (Mémoires de la Société Finno-ougrienne, vol V, Helsingfors, 1896) // T'oung pao. – 1896. – 7/2. – P. 182-191. [electronic resource]. – 2024. – URL: <http://www.jstor.org/stable/4525195>

Skytte G. Sei Linguisti Danesi: Vilhelm Thomsen, Otto Jespersen, Kristian Sandfeld, Louis Hjelmslev, Knud Togeby, Eli Fischer-Jørgensen // RiCOGNIZIONI. Rivista Di Lingue E Letterature Straniere E Culture Moderne. – 2022. – 9(18). – P. 237-244. <https://doi.org/10.13135/2384-8987/6830>

Thomsen V. Déchiffrement des inscriptions de l'Orkhon et de l'énisséi, notice préliminaire // Bulletin de Académie Royale des Sciences et des Letters de Danemark. – 1894. – P. 285-299.

Thomsen V. Dr. M.A. Stein's manuscripts in Turkish «Runic» script from Miran and Tunhuang // Journal of the Royal Asiatic Society. – 1912, P. 181-227.

Thomsen V. Inscription de l'Orkhon déchiffrées. – Helsingfors: Imperie de la Societe de Litterature Finnoise, 1896. – 224 p.

Thomsen V. Turcica. Memoires de la Societe Finno-Ougrienne 37. – Helsingfors, 1916. – 108 p.

B.K. Kaspikhan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: b.kaspikhan@gmail.com)

Scientific Heritage of V. Thomsen in Turkology

Abstract. In the second half of the 17th century, the first information about ancient Turkic written monuments began to be published. In 1893, at the Academy of Sciences of the Kingdom of Denmark, the linguist W. Thomsen presented about discovering the secret of runic writing. The scientist uncovered the meaning of the symbols in the ancient Turkic scriptures and demonstrated that the monument is the heritage of the Turks. Thomsen's study of the scientific heritage has provided valuable insights into the history of Turkic linguistics, helping to define the direction of research on ancient Turkic written monuments and research methods. The article reviews the scientist's works, analyses his contributions and scientific school in Turkology. The work reflects the specifics of Thomsen's translations and his contribution to Turkic linguistics.

Keywords: Orkhon monuments, Kultegin, Old Turkic script

Б.К. Каспихан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: b.kaspikhan@gmail.com)

Научное наследие В. Томсена в тюркологии

Аннотация. Первые сведения о древнетюркских письменных памятниках начали публиковаться во второй половине XVII века. В 1893 году лингвист В. Томсен выступил в Академии наук Дании с докладом о разгадке рунического письма. Ученый установил значение знаков, использованных в древнетюркских надписях, и доказал, что памятники являются наследием тюрков. Изучение научного наследия В. Томсена позволяет проследить историю развития тюркского языкознания, определить направления и методы исследования древнетюркских письменных памятников. В статье представлен обзор трудов ученого, анализируется научная школа, созданная им в области тюркологии, и её особенности. Особое внимание уделено характеристике переводов В. Томсена и его вкладу в развитие тюркского языкознания.

Ключевые слова: орхонские памятники, Кюльтегин, древнетюркское письмо

Автор туралы мәлімет:

Каспихан Б.К. – PhD докторант, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-4676-5354.

Information about authors:

Kaspikhan B.K. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-4676-5354.

Сведения об авторах:

Каспихан Б.К. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-4676-5354.

Қазақ тіл білімі / Kazakh Linguistics / Казахское языкознание

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Д.А. Әлкебаева*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: alkebaeva@mail.ru)***М. Қашқаридің «Түркі диалектілерінің сөздігі» – түркі әлемінің асыл мұрасы**

Аңдатпа. Автор мақалада М. Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігі» лексикографиялық мұра есебінде көңіл аударылған құндылығын жан-жақты қарастырған. «Түркі тілдері сөздігі» сан алуан тақырыпты қамтиды. Мақалада автор М. Қашқаридың поэтикалық әлемінде адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен ғана ерекшеленіп ол елдің мемлекеттік дәрежеге жететін күш екенін ұрпағына айтқысы келгендігін көрсетеді. Мақалада автор күштің басты қаруы білім, өнер екендігіне және оның адамға өнер, ақыл, білім оның жетіліп, дамып, толысып, кемелдікке апаратын биік шың екенін тебірене жырлағанына талдаулар жасайды. Қашқаридың сөздігі – түркі халықтарының талай заманнан бері жоғалтпай келе жатқан әдеби-этникалық, тарихи-философиялық білім-ілім туралы көркем дана ойлары түркі өркениетінің басты мақсат – мұраты.

Түйін сөздер: сөздік, лексикографиялық мұра, әдеби-этникалық, тарихи-философия, білім-ілім

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Махмуд ибн әл-Хусейн ибн Мұхаммед әл-Қашқари Қарахан мемлекетінің астанасы – Ыстықкөлдің оңтүстік-шығыс жағалауындағы Барсхан қаласында дүниеге келген. Махмұд текті әулет – Боғрахан руы, билеуші Қарахан әулетінен шыққан. Әулетті от басында тәрбиеленген ол атақты адамдардан білім алған. Түркі тілдерімен қатар араб, парсы тілдерін меңгеріп, математика, астрономия, теология ғылымдарының негіздерін жақсы білген. Сол кездегі әлеуметтік жағдайларға байланысты өзінің баяндауы бойынша түркі халықтары мен тайпалары мекендеген елдерді аралады. Түркі халықтарының ділі, тілі, әдет-ғұрпы, қоныстану географиясы туралы кітап жазуды армандаған, білім алуын тоқтатпай, фольклор мен сөйлеу үлгілерінің деректерін жинастырған болатын. Қырғыз тарихшысы, шығыс зерттеушісі, профессор Тынчтықбек Чоротегин әйгілі «Диван лұғат ат-түрк» сөздік-анықтамалық кітабының жазылу уақыты тура 1072-1077 жылдарға сәйкес келетінін анықтады. Кейбір зерттеушілер Махмұд 1080 жылы Қашқарға қайтып оралып, 1083 жылға дейін сөздікпен айналысты деп есептейді. Бірақ көбінесе әртүрлі дереккөздерде сөздікпен жұмыс істеу уақыты 1072-1074 жылдар деп көрсетілген, ақпаратты жинау және жүйелеуде көп жылдар бойы қажырлы еңбек еткен. Лингвист және филолог Патрик Халлзон былай деп жазады: Ұйғыр ғалымдары Махмуд Қашғар маңындағы қырғыздардың Опал ауылында жерленген деп есептейді. «Қасиетті ұстаз бейіті» атанған Опалдағы Махмұд бейіті 1984 жылы қалпына келтірілді. Махмұд Қашқаридың білімге құмарлығы әлемге түркі халқының таңғажайып өмірі мен тіршілігі мәдениеті мен адамдық ұстанымдары туралы білім берді. Ол жерді шар

түрінде елестетеді; адамның ең жоғарғы мақсаты еңбек, білім және адамдарға қызмет ету деп есептеді; махаббат адамның ішкі жан дүниесін ашатын қарым-қатынас деп жазды. Махмұд Қашқари түркілерді әскери ерлік, ізгілік, әдептілік, үлкенді сыйлау, сөзіне адалдық, намысшылдық, қорықпау сияқты қасиеттерді бойына дарытқан халық ретінде көрсетеді.

Махмұд Қашқаридің біздің заманымызға дейін жеткен ең әйгілі және жалғыз еңбегі – «Диван лұғат ат-түрік» түркі тілдерінің сөздік-анықтамасы. Махмұд Қашғари «Китаби Джавахир ан-нахв фи лұғат ат-Түрк» («Түркі тілдері синтаксисінің асылдары кітабы») кітабының да авторы. Зерттеушілердің айтуынша бұл еңбек әлі табылған жоқ. Зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып айтқанда, «Диван лұғат ат-түрк» – 11 ғасырдағы түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, діні, этнографиясы, тіл білімі туралы мәліметтер беретін энциклопедия. Махмұд Қашқари сөздігінің көшірмесін 1915 жылы Ыстамбұл базарынан түрік ғалымы Али Эмири тауып алған, қолжазба Стамбулдағы Ұлттық кітапханада сақтаулы. Махмұд Қашқаридің «Диван лұғат ат-Түркін» түрік ғалымы Билге Килисли Рифат алғаш рет 1915-1917 жылдары Анкарада басып шығарды. «Диванның» неміс тіліне алғашқы аудармасын 1928 жылы атақты шығыстанушы Карл Брокельман жүргізіп, оған түркі тіліндегі материалдың транскрипциясын берді. 1934-1943 жылдары Махмұд Қашқари еңбегін Бесім Аталай түрік тіліне аударып, Анкарадағы Түрік тіл қоғамы басып шығарды. 1972 жылы кітап Ұлыбританияда, 1982 жылы АҚШ-та жарық көрді. 1967 жылы «Диванды» Салих Муталлибов зерттеп, өзбек тіліне аударды. Ол аударманы грамматикалық жоспармен және өзбек тіліндегі аудармамен қатар орысша аудармасы да берілген көрсеткіш-сөздікпен қамтамасыз етті. Қашқари шығармасын қазақ тіліне аударуды жазушы Асқар Егеубай 1994 жылы жүргізді. Ал 2004 жылы «Диванды» шығыстанушы-арабтанушы Зифа-Алуа Әуезова орыс тіліне аударды. Шығыстанушы Зифа-Алуа Әуезова «Дивани лұғат ат-түрк» («Түркі диалектілерінің сөздігі») аудармасында сөздік мұсылман әлемін сол кезде билікке келген түркі жаулап алушыларының тілі мен мәдениетімен таныстырған еңбек деп бағалады. Жұмыс екі бөлімнен тұрады. Біріншісінде Махмұд Қашқари кітаптың мақсатын ашып, түркі тілдес тайпалар мен тайпалар туралы біраз мағлұмат беріп, өз замандастарының этикалық құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын, дүниетанымын ашып көрсетеді. Автор 20 түркі тайпасын анықтайды, олардың әрқайсысы руға бөлінген. Әр елдің ғалымдарының өнегелі және ұлттық мәдениеттің іргетасы ретінде бағаланған бұл еңбек – жалпыхалықтық іс-шара ретінде рөлі мен маңызы ерекше.

Түркі және қазақ мәдениетінің ғалымы, патриоты Зифа-Алуа Әуезова аударған Махмұд әл-Қашқаридың тамаша еңбегінің толық аудармасының арқасында орыстілді әлем түркі тілінің ұлы және мәңгілік мәнін танып білуге құштарлығын оятты.

Екінші бөлім 7000-ға жуық сөзді қамтитын түркі диалектілерінің сөздігі енді. Сөздік жазбаларына көрнекіліктер ретінде ауызша халық шығармашылығы (салттық, лирикалық жырлар, батырлық эпостар, тарихи аңыздар мен дәстүрлер) және халықтық өрнектер (400-ден астам мақал-мәтелдер) берілген. Сөздікте мал, құс, әдет-ғұрыптарға, салт-сана, шаруашылық кәсіпке байланысты сөздерге ғылыми анықтама сол сөзге қатысты мәліметтер беріліп отырған. Еңбектің біртұтас құрылым мәселелерінің тарихи дамуындағы өзара сабақтасқан элементтер жүйесінен емес, тек функционалды жіктелуі мен түрлі деңгейдегі сөйлеу түрлерінің құрылысының жинақы, жүйелілігі, ондағы мәселелердің ғылыми тұрғыдан маңыздылығы мен дәлдігі авторды өз заманының аса ірі білгірі екенін айғақтайды. Түркі халықтарының мекенжайлары мен тау-теңіздері, түркі халықтарында жиі кездесетін есімдер мен құрметті лауызымдар, түркі халықтарының тағамдары мен шараптары туралы жазғандарында ғылыми түсінік пен анықтамалар нақты да толық ашылған. Түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде, бәйіттерінде әрбір сөздің «айшықтығы, мәнерлігі, бейнелілігі», «тілдік құбылыстардың барынша күшті,

айрықша әсер беретін» әуендері, «адам сезімін білдіретін» уыттылық пен эмоцияға толы түсінігі толық сақталған.

Махмұд Қашқаридың тамаша араб-филологиялық білімімен қатар ортағасырлық мұсылман ғылымының барлық салаларын жетік меңгерген. Махмұд Қашқаридың бүкіл өмірлік тәжірибесі мен зерттеулерін жинақтаған кітабында, оны алфавит бойынша құрастырғанын, оны нақыл сөздермен, сәждермен (рифмалық проза), нақыл сөздермен, өлеңдермен, ражазалармен (жауынгершілік мазмұндағы өлеңдер) және прозадан үзінділермен безендіргенін, қиынды жеңілдетіп, түсініксізді түсіндіріп, жылдар бойы жұмыс жасағанын, оған (түріктердің) өздерінің тәжірибелерімен және білімдерімен, сондай-ақ даналық сөздер ретінде айтатын нақыл сөздерімен таныстыру үшін өлең жолдары арқылы бергенін, бақыт пен бақытсыздықты түсіндіргенін жазады. Басқаларға жеткізу үшін аталған заттар мен атақты (қолданылған) сөздерді кітапқа жинағанын, сондықтан кітап жоғары мәртебеге көтеріліп, керемет жетістіктерге жетті», – деп айтады.

Бүкіл әлемге мойындалған шындық, бұл еңбек түркі халықтарының салыстырмалы сөздігі, түркі халықтарының тілдері жүйеленген еңбек ретінде ғалымдар тарапынан жоғары деңгейде бағаланады.

Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай өзінің алғы сөзінде: «Бұл аса шебер толғанған философиялық-дидактикалық дастан, екіншісі бүкіл түркі тілдеріне ортақ Тілтану энциклопедиясы» – дейді.

«Түркі тілдері сөздігі» лексикографиялық мұра есебінде көңіл аударады. Сөздікпен жұмыста ол оны жасауға алдын ала ойластырылған ұстаным бойынша жұмыс атқарғандығының айғағы. Ол ең әуелі аз әріптерден құралатын сөздерді береді де, одан ары қарай әріптің санына қарай дамытып отырады. Сөздерді іріктеуде сол кезеңде тайпалар тілінде белсенді қолданыстағы сөздерді жиі пайдаланған. Сонымен қатар автор тілдің сөздік құрамындағы актив сөздер мен пассив сөздерді айыра қарап, екеуін екі түрлі құбылыс деп есептейді.

«Түркі тілдері сөздері жинағының» лексикографиялық мәні мұнымен ғана бітпейді. Онда антоним мен синоним сөздер, омоним сөздер мен метафоралар, диалектілік сөздер бас-басына ажыратылып түсіндіріліп отырады. Ал мұндай жүйеге келтіру, байқампаздық Қашқари заманындағы лингвистика үшін аса бір ірі табыс еді.

Сонымен қатар Махмұд Қашқари бұл еңбегінде түркі тілдерінің алғашқы классификациясын береді. Осы мақаланың басы жағында сөз болған түркі тайпаларын екі топқа (солтүстік және оңтүстік) бөліп қарауы түркология тарихындағы алғашқы классификация еді. Бұл классификацияда Қашқари географиялық (орналасу орнына қарай) принцип қолданады.

Алғаш рет Қашқари қолданған географиялық принцип біздің заманымыздағы басқа да классификацияларда да қолдау тапты. Сондай-ақ Қашқари көрсетіп кеткен кейбір диалектілік айырмашылықтар да кейін түрік тілдерін топқа бөлуде басты принцип болып қалады. М. Қашқари өз заманындағы түркі тілдерінің қайсысы қандай дәрежеде дамығанын да айтып отырады. Оның айтуынша түркі тілдерінің ішіндегі ең жеңіл тіл оғұз тайпаларының тілі, ең сындарлы, әдемісі яғма, тухси тайпалары мен Іле, Ертис, Еділ бойларынан бастап ұйғыр қалаларына дейінгі аралықта тұратын тайпалар тілдері екенін атап кетеді.

Махмұд Қашқари және оның еңбегі «Диуани лұғат-ат-түрк» толық ғылыми зерттеулерді әлі де қайта қарастыруды қажет етеді.

Зерттеушілер бұл еңбектің тілін бір ғана халық тіліне телуге болмайтындығын ерекше атап өтеді. Онда осы күнгі Орта Азия мен Қазақстан, Еділ-Орал бойлары, тіпті солтүстік Кавказ жерін мекендейтін барлық түркі халықтары тілдерінің элементтері бар. «Диуани лұғат-ат-түрк» кітабы тілінің сөздік қорында болса да, грамматикалық құрылысында болса да қазіргі қазақ тілі материалдармен сай түсіп, кейбір фонетикалық, грамматикалық

өзгерістеріне қарамай, мәндес болып отыратын фактілерді жиі кездестіруге болады. Мұның өзі Қашқари еңбегін қазақ тіліне жақындығы тұрғысынан зерттеу жұмыстарын жүргізудің аса қажет екендігін дәлелдейді.

Қашқари еңбегі сан алуан тақырыпты қамтиды. Оның білім туралы айтқандары еуропалық философ Фрэнсис Бэкон пікірінен бұрын айтылған. Фрэнсис Бэкон білімнің басына адам мен табиғатты қойды. Білімнің мақсаты, оның ойынша, табиғатқа үстемдік ету және адам өмірін жақсарту болды.

Қашқаридың сөздігі түркі халықтарының талай заманнан бері жоғалтпай келе жатқан әдеби-этникалық, тарихи-философиялық білім-ілім туралы көркем дана ойлары түркі өркениетінің ерекше жаратылыс әлемі. Әсіресе білім туралы айтылған ұлағатты сөздері ақылнама өсиет сөздер бұлағы деуге болады. Оның еңбектерінде білім туралы айтқандары антологиялық мәнер түзеді. Мысалы,

Мақсатыма жетемін,
Ғылыммен еңбек етемін,
Өткелден соң өтемін,
Байлығымды сарп етемін.

Еңбекті де біліммен қатар жасау керектігін еңбекпен білімнің егіз екенін ғылыммен еңбек ету адамзаттың арманы мен болашағы деп түйіндесе білім мен ғылым жолында байлық, мансапты сарп ету осы білімнің асыл мұрасы екенін де үлкен мән беруге шақырады. Мысалы, Белгі болса, жолдан адаспас, білімді болса жолдан адаспас, бақыттың белгісі – білім – деп түйіндейді. Түркі халқын:

Ерендер озған еді (өткен еді),
Таудай білікті, өнерлі бектер еді.
Олар көп насихат өсиет айтты,

Көңілім содан сара болады – деген жолдарда білім мен өнерді таразының басына тең ұстаған түркі халқының білімдар өнерлі жасампаз тұлғалары көз алдыға келеді. Өз ұрпағына қалдырған өсиетнамасын мына ұлағатты сөздерінен көруге болады.

Ұлым менің өсиетіммен жанды аузыңа қаратқын,
Ғалым болып елді ішіңе қартқын.

Білімді адамның өн бойында инабаттылық пен мейірім шапағатын болатынын адамның жан-дүниесіне рух нұрын шашатын құдіреті барын өсиетнама ретінде пайымдауға жол сілтейді.

Білімді адам еткен инабатты
Талайлар жан нұрынан сыйға батты.
Ешкімді астамдықпен қинамапты

Халыққа үлгілі есті өсиет қып – десе, білімнің күш-қуаты сарқылмас байлық пен адамзаттың сара жолының биік шыңы деп толғанады.

Парасатпен жалықпастан үйрендің зор білімді.
Көрсеттің дандайсымай сынақта асыл сырыңды.

Енді бір білімнің сөзін тыңдап өз жаныңа түйіп ал оны құрметте деп адам баласының түйсік санасына терең бағдар шам етіп ұсынады.

Құрметте, білімдінің сөзін тыңда, жігітім,
Үйреніп парасатын, ақта, әділ үмітін.

Өмірді білмесең, білімнің жоғалар. Білім туралы ғана емес басқа да жырларында кездесетін көркемдік тәсілдер автордың шығармаларында жиі ұшырасады. Оның шығармаларында сөз образдарының бейнелі мәнері түркі халықтарының сұлу тілінің

ең озық, әсерлі айшықтарының әсем бедері көрініс табады. Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін берер деген жолдарды сөз образдарының жұмбақ сырын танытатын метафоралық айшықтарды өте әсерлі қолданады.

Атыммен, Тәңіріммен білім жаздым,
Өмірдің көңіліме сырын түйдім,
Гүліме таудың таза суын құйдым,

Мәртебем содан кейін биіктеді – деген білім туралы ақыл парастты ойлары көркем өнер тілімен ғана жазылған мөлдір жырлар ғана емес, адам баласының даңқын асыратын елдік мұрат-мүддесі білім арқылы қол жеткізетін бақыт екенін айтады. Бұл құнды еңбек түркі елінің әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық, поэтикалық болмысының тамаша сипаттайтын, басқа халықтардан ерекшелендіретін айрықша тұлғасын, ұлттық мақсат-мұратын дәріптейтін шығарма. Осынау құнды еңбектің бір асыл сынығы қазір мәуелі бәйтерекке айналған бұтақтарын самсатып, тамырын тереңге жайған саласы білім туралы. М. Қашқари білім, ілім туралы жан толғаныспен былай дейді:

Жеткіз менің сөзімді білімді адамдарға,
Ұрпақ өссе, естілер өмірге алаңдар ма:
Кеңесте тілім оңалар,
Кеңессіз білім бұзылар.

Бәкон «адам – білім табиғат үш тағанды адам – білімнің субъектісі, табиғат – зерттеу объектісі» деп ғылыми тұжырым жасаған еді. «Білім – күш» деген сөздің мағынасы аса қарапайым да күрделі ұғым ғылымды «оятты», сондықтан адам баласы осы жұмбақ әлемді, дүниені түсіну үшін өз білімін пайдалана бастады. Осы дана тұжырымда ғаламат әлемді дүр сілкіндірер білімнің күш-қуатын М. Қашқари да терең түсініп оны уағыздау мен аманатын ұрпағына жеткізу сапарын естен бір сәт те шығармаған.

Бұл еңбектің барлық бауырлас түркі халықтарының тілімен тамырластығы алфавиттік жүйемен де әдеби-поэтикалық мәнімен де құнды. Этнологиялық сабақтастық бұл еңбектің толық жүйесінде, құрылыс-құрылым, көркемдік дүниетанымының бір-бірімен байланысы мазмұны түркі халықтарының жан дүниесімен, рухани әлемімен ұштасып жатады. Бұл энциклопедиялық еңбектің құндылығы адамзаттың барлық тұрмыс-тіршілігінен толық этно-мәдени, рухани байлығының барша дүниетанымдық көзқарастарының ортақ қазынасы іспеттес. М. Қашқаридің еңбегінде азаматтық, имандылық, батырлық, жомарттық, тектілік пен білім нәріне сусындатар философиялық мәні мен мазмұны бүкіл түркі халқының білім-болмысынан танылатынын жарқыратып ашып береді.

Білім туралы айтқан ойлары бүгінгі күннің талабы мен таңдауы екені сөзсіз. Білім – адам баласын биік мұрат пен мақсаттың қылбұрауына салатын асыл қазына. Осы еңселі де өзекті мәселені М. Қашқари аса мән беріп, оның (білімнің) көне заманда адам баласына аса мәнді мұра екенін айта білген.

М. Қашқари сонау тасқа қашалып жазылған Күлтегін жырларынан бастап білім мен біліктілікті арман тұтқан түркі халқын білімге шақырған ең мықты құрал екенін өзгеше үміт пен мақсатын жырлаған. Түркі халқының елдік, ұлттық іргелі ел болуы үшін білімнің қайнар бұлағынан сусындауды басты бағыт, бағдар етіп ұстауды ұрпағына тапсырады. Бұл – бағыт пен бағдар түркі халқының асыл мұраларының өн бойында шамшырақ ретінде жалғасын табуда. Осыдан аз уақыт кейін жазылған Ж. Баласағұн шығармаларында да кең қамтылған. Ж. Баласағұн «Құтты білік» шығармасында білімді мен білімсізді, білімді мен надан, білімді мен ақылсызды салыстырып, таразының басына тең қойып, оның ақиқат өлшемін таразылауға шақырады. Надандық пен пақырлықтан арылып, білімнің қанар бұлағын іздеуді өз ұрпағына әрдайым аманат етіп отырады.

Жүсіп Баласағұн:

Білімді – аз, білімсіздер қаптаған,
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған, немесе,
Білімсіздер білімдіге жау болды,

Надандардың аңсағаны дау болды – деп жарты ғасырдан кейін жырлауы осы «білім мен білімсіздің» текетіресінің мәні сәт сайын күрделеніп, маңызына үлкен азаматтық ой салар мәселесінің айғағы екені оның М. Қашқаридың поэтикалық әлемінде адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен ғана ерекшеленіп ол елдің мемлекеттік дәрежеге жететін күш екенін ұрпағына айтқысы келді. Адамға өнер, ақыл, білім оның жетіліп, дамып, толысып, кемелдікке апаратын биік шың екенін тебірене жырлады.

Әдебиеттер тізімі

1 Түбі бір түркі тілі (Диван лұғат ат-түрік). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б.

2 Махмұд Қашқари Түркі тілінің сөздігі (Диван лұғат ат-түрік), 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. ЕҒЕУБАЙ. – Алматы: ХАНТ, 1997.

3 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 б.

References

1 Bottom one Turkic language (Divan lugat at-Turk). – Almaty: Ana tili, 1993. – 192 p.

2 Mahmud Kashkari Dictionary of the Turkic language (Divan lugat at-Turk), collection of works in 3 volumes / translated into Kazakh, preface and scientific explanations by A. EGEUBAY. – Almaty: Hunt, 1997.

3 Balasagun Zh. Kutty Bilik / translated from the ancient Turkic language, preface and commentary by A. Egeubay. – Almaty: Olke, 2006. – 640 p.

D.A. Alkebayeva

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: alkebaeva@mail.ru)*

«Dictionary Turkic gialekt» M. Kashkari – a precious heritage of the Turkic wold

Abstract. In the article by the author In the «Dictionary of Turkic Languages» M.Kashkari comprehensively examines the importance of the lexicographic heritage. «Dictionary of the Turkish Language» covers a wide range of topics. In the article by the author M. In the poetic world of Kashkari, the dignity of a person is distinguished only by knowledge and intelligence, and this shows that he wanted to tell his generation that the country is a force capable of achieving the status of a state. In the article, the author analyzes that the main weapon of power is knowledge and art, and sings that art, intelligence and knowledge are a high peak leading to perfection. Kashkari's dictionary is the artistic and wise thoughts of the Turkic peoples about literary, ethnic, historical and philosophical knowledge that has not been lost many times, the main goal and ideal of the Turkic civilization.

Keywords: dictionary, lexicographic heritage, literary and ethnic, historical and philosophical, education.

Д.А. Алкебаева

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: alkebaeva@mail.ru)*

**«Словарь тюркских диалектов» М. Кашкари –
драгоценное наследие тюркского мира**

Аннотация. В статье автора М.Кашкари в “Словаре тюркских языков» Кашкари всесторонне рассмотрено значение лексикографического наследия. «Словарь турецкого языка» охватывает широкий круг тем. В статье автор М. В поэтическом мире Кашкари достоинство человека отличают только знания и ум, и это показывает, что он хотел сказать своему поколению, что страна – это сила, способная достичь статуса государства. В статье автор анализирует, что главное оружие власти – это знание и искусство, и воспекает, что искусство, ум и знание – это высокая вершина, ведущая к совершенству. Словарь Кашкари – это художественно-мудрые мысли тюркских народов о литературных, этнических, исторических и философских знаниях, которые уже много раз не утеряны, главная цель и идеал тюркской цивилизации.

Ключевые слова: Тюркские языки, ногайский язык, сравнительно-исторический метод, лексико-семантический подход, тюркские корни.

Автор туралы мәлімет:

Әлкебаева Д.А. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-2348-4047.

Information about authors:

Alkebayeva D.A. – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-2348-4047.

Сведения об авторах:

Алкебаева Д.А. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-2348-4047.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Б. Қасым*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,**Алматы, Қазақстан**(E-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru)***М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігіндегі түбір етістіктердің семантикасы**

Аңдатпа. Мақалада М. Қашқари сөздігіндегі ортақ түркілік түбір етістіктердің семантикасы қарастырылады. Зерттеу мақсаты – жалпытүркілік ортақ түбірлердің құрылымы мен мағынасын когнитивті-семантикалық тұрғыдан зерделеу, сипаттау. Зерттеу әдістері ретінде дефинициялық компонентті талдау, фреймдік-семантикалық талдау әдістері қолданылды. «Етістікті түбірлер» М. Қашқари сөздігінен бастау алғаны түркітану ғылымында анық дәлелденген. Бұл етістіктердің қазіргі тілдермен салыстыру арқылы дефинициялары түсіндірме, синонимдік және қазақ тілі корпусынан тілдік қолданыстарындағы тіркесімділік сипаты анықталды. Тілдік материалдар ортақ түбір етістіктер семасының көрінісіне қарай сараланды.

Түйін сөздер: түбір етістіктер, жалпытүркілік, дүниетаным, семантика, фрейм, қимыл-әрекет етістіктер

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Түркі тілдері дамуындағы X-XV ғасырларды қамтыған «Орта түркі дәуірі» қараханидтер кезеңіне (X-XII ғғ.) және моңғолдық кезеңге (XII-XV ғғ.) бөлінеді. XI ғасырда түркі халықтарына ортақ болып есептелетін көптеген туындылар дүниеге келді. Осы ғасыр түркі тілдес халықтардың шығармашылығында алтын дәуір деп аталды. Осы кезеңде Махмұт Қашғаридың оғыз және қыпшақ тілдерінің ерекшелігін көрсетуге арналған «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі. Әр дәуір шығармаларының тілдің тарихы оның ерекшеліктері мен өзгерісінен, даму, қалыптасу жолдарынан, заңдылықтарынан, қоғам дамуы тарихының ықпалының болғандығынан хабар береді. Көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен Махмұт Қашғари тілін салыстыра қарастырғанда, сонымен қатар бүгінгі тілдегі өзгерістерді ескергенде бұған толық көз жеткізуге болады. М. Қашғари еңбегінің бір буынды сөздердің (етістіктердің) лексикалық, сөзжасамдық, семантикалық даму деңгейін, сонымен қатар оларды этнотанымдық сипатты, семантикалық табиғатын зерделеудің маңызы зор.

Түбі бір түркі жұртына ортақ құнды жәдігерлердің бірі де бірегейі – М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі. Қазіргі таңда түбі тереңде жатқан түркі өркениетін ұрпаққа жәдігер ретінде жеткізу үшін, түркі халықтарының өткенінен, тілі мен әдебиетінен, мәдениеті, мифологиялық діни танымынан, құндылықтарынан, тіршілігінен сыр шертетін ескерткіштерді, мәдени мұраларды зерттеудің маңызы жоғары. «Диуани лұғат ит-түрік» зерттеу еңбегін антропоэзектік тұрғыдан қарастырудың маңызы ерекше.

Тіл білімі саласында XIX-XX ғасырлардағы дәстүрлі тарихи-салыстырмалы және XX ғасырдағы жүйелік-құрылымдық парадигмалардан кейін, XXI ғасыр тіл біліміндегі негізгі парадигмасы саналатын антропоэзектік парадигма дүниеге келді. Тарихи салыстырмалы тіл білімі тілдердің генеалогиялық туыстығы, ұқсастығы мен өзара

қарым-қатынасын, тілдік бірлестіктер мен тілдік топтардың жалпы сипатын зерделесе, құрылымдық тіл білімі дара тілдердің ішкі құрылымдық жүйесінің тек тілдік табиғатын зерттеп, нәтижесінде тіл білімі ғылымының теориялық-әдістемесінің негізі қаланды.

Семантикалық тәсіл арқылы дамыған туынды сөздерді орыс тіл білімінде Г.О. Винокур, В.В. Виноградов, А.Н. Уфимцева, Е.С. Кубрякова және т.б. ғалымдар қарастырса, түркітануда Э.В. Севортян, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.А. Юлдашев, И.А. Батманов, Ф.А. Ганиев, А. Гулямов, М.А. Хабичев, Б.О. Орузбаева; қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, М. Томанов, Қ. Есенов, Н. Оралбай, Е. Жанпейісов, Б. Сағындықұлы, Е.З. Қажыбек, Ж. Сарбалаев, А.Б. Салқынбай, Б. Қасым, Е. Саурықов т.б. ғалымдар қарастырды.

Жалпы тілдің адамды негіз қылып зерделеуі адам баласына қатысты барлық құндылықтар жүйесін адам болмысымен, танымымен, оның барлық туа біткен және жүре пайда болған қасиеттерімен, жетілуімен ұштастыра зерттеудің керектігін Тіл және мәдениет, тіл және этнос, тіл мен таным арасындағы байланысты зерттеуде В. Гумбольдтың «Тіл – елдің рухы, елдің рухы оның тілінде. Ұлт нышанын білдіретін мәдениет өз ізін халық тілінде қалдырады. Халықтық рух пен мәдениет тілдің ішкі формасына тән», – [1, 32-б.] деген әрі тиімділігін анықтайтын философиялық ой-пікірлерден бастау алды. М.Қ. Ескеева өз еңбектерінде: «...антропологиялық бағыттағы тілдің танымдық тұстарына сілтеме жасайтын пікірлер түркілік тіл білімінде кеңінен айтылып жүрді. Әсіресе, сөздің семантикасы мен шығу төркіні жайлы, тілдің қоғамдық-әлеуметтік сипаты жайлы тұжырымдар басым болды», – деген пікір айтады [2, 257-б.].

М. Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі лексикасын этнотанымдық бағытта зерттеудің теориялық негізі

Дүниенің төрт бұрышын алған көне түркілердің мұрагерлері орта ғасырлық түбі бір түркі халықтарының табиғи болмысы мен этностық дүниетанымын, кеңістік пен уақытты игерудегі рухани және материалдық құндылықтар жүйесін айшықтауда М. Қашғаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» энциклопедиялық жәдігерінің маңызы зор. Ғалым Ә.Т. Қайдар «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігінің, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» – дейді [3, 34-б.]. «Диуани лұғат-ит-түрік» тілінде кездесетін орта ғасырлық түркілер санасындағы ақиқат дүниенің идеялық құндылықтарын бейнелейтін концептілерге сараптама жасап, олардың тілдік модельдерінің архимазмұнын қарастыру жалпытүркілік концептуалды жүйенің эволюциялық дамуы мен сыртқы және ішкі құрылымын зерделеуге мүмкіндік береді.

Сөздік мәтінінде «мерзім» түсінігі *šer*, *türk*, *köş* лингвобірліктері арқылы көрініс береді. Еңбекте мерзім оғызша *šer* тілдік бірлігі арқылы жазылып, *bi šerlikde kel* «мына уақытта кел» деген мағынада жазылған [4, 381б.].

М. Қашқари сөздігіндегі бір буынды түбір негіздердің семантикалық дамуы

Тілдегі сөздік қорды белгілі бір заңдылықтар негізінде байланысқан жүйе десек, осы жүйе мүшелерінің өзара қарым-қатынасын анықтауда тіл табиғатын семантикалық тұрғыдан қарастыру қызметі ерекше. Соның ішінде сөзжасамның семантикалық тәсілі арқылы сөздің жаңа мағынаға ие болу жағдайын атап өтуге болады. Туынды сөздерді анықтауда таңбаның құрылымдық, материалдық белгілерін байыппен зерттеу қажеттігі туады. Макросемалы сөздердің әрбір мағынасы уәждеу нәтижесінде пайда болған. Жеке-жеке мағыналар сөзжасам процесі негізінде екінші мағыналы туынды сөздердің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі грамматикада қолданылып жүрген туынды терминінің өзі ауыспалы,

екінші мағыналарға тән термин деп есептеледі. Егер де сөз бірнеше мағыналарға ие болса, оның түп негізімен салыстырғанда ауыспалы мағыналары туынды мағыналар деп аталады. Тіл білімінде сөздің контекстегі мағыналары *синтаксистік деривация* ретінде қарастырылады. Сондықтан туынды сөз бен ауыспалы мағыналардың аражігін ажырату функционалды қызметімен байланысты. Контексте келетін ауыспалы мағыналар жаңа сөз жасай алмаса, ол сөзжасамның зерттеу нысанына кірмейді. Сөзжасам саласының зерттеу нысаны болу үшін жаңа сөз жасай алуға қабілетті сөзжасамдық мағынаға, сөзжасамдық құрылымға ие болуы. Сөзжасамдық мағынаға, сөзжасамдық құрылымға ие сөздер жаңа заттың атауы ретінде қабылданады. Мысалы, семантикалық тәсіл арқылы дамыған көз сөзін алып қарайық. Бұл сөз біздің тілімізде адамның, жан-жануарлардың көзі мағынасымен танымал. Бірақ бұған қоса көзге ұқсатып жасаған дөңгелек *әшекей*, *иненің көзі*, *ағаштың көзі*, *көкірек көзі*, *жұмыстың*, *істің көзі*, *бұлақтың көзі*, *тіршілік көзі*, *көз тию*, *көзі тірі* және т.б. көптеген сөздерге негіз болып отыр. Адамның, жан-жануардың көзі мағынасындағы сөз жоғарыдағы сөздерді туғызуға негіз болды. Бірақ ол сөздер белгілі бір сөздермен тіркеспесе немесе мәтін ішінде сөйлемдермен түсіндірілмесе оқырман қауымға түсінбеушілік туындатуы әбден мүмкін. Сол себепті оларды толық мағыналы, жеке-дара тұрып сөз жасай алуға қабілетті деп тани алмаймыз. Мысалы, М. Қашқари «Сөздігінде...» *Ағыз йесе, көз уйалар – ауыз жесе, көз ұялар немесе Ағылда оғлақ тугса, Арықда оты өнар – Ауылды лақ туса, Арықта оты өнер* деген тілдік деректерден (*Арық – өріс, от – шөп* мағынасында) біреудің затын жеген, қайтара алмаған адамдар жайында айтылғанын көруге болады. *Көз, ту-, өн-* түбір сөздер сол кездің өзінде белгілі семантикалық өзгерістерге түсетіндігін байқауға болады. Бірақ олар – туынды контекстік мағынаға ие сөздер. Мұндағы адамның, жан-жануарлардың көзі мағыналы сөз ағаштың көзі, иненің көзі, әшекей мағынасындағы көз секілді сөздерді туындатып, заттың атауын қалыптастырған.

Ғалым Г.О. Винокурдың: «Значение слова с производной основой всегда определимо посредством ссылки на значение соответствующей первичной основы, причем именно такое разъяснение значения производных слов, а не прямое описание соответствующего предмета действительности и составляет собственно лингвистическую задачу в изучении значений слов» деген пікірі туынды сөз жасаудағы уәждеуші сөздің рөлін анықтап көрсетті [5, с. 421]. Мағына анықтауда алғашқы уәждеуші сөздің мағынасы екіншілік туынды сөзге міндетті түрде әсер етеді. Бұл анықтама сөзжасам теориясын зерттеп жүрген өзге лингвистердің концепцияларында да көрініс тапты. Сөз семантикасын, мағыналық құрылымының ерекшеліктерін, сөздің ішкі құрылымына, туынды сөздің жасалуындағы мағынасына тікелей қатысты тарихтың терең қатпарларынан байланыстыра қарастыруды дәлелдейді.

Түркітануда сөз мағынасын зерттеу М. Қашқаридан бастау алады. Ол өзінің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде сөздің мағынасын субъектінің объектіге қатысы негізінде ашып көрсетеді. Сонымен бірге сөз тудырушы қосымшалар жалғану арқылы жасалған туынды сөздердің мағынасын ашқан. Мысалы, “субъекті істі аталған құралмен істегендік мағынасын аңғартады: *ол аны қылышлады – ол оны қылыштады*” деген секілді түсіндіру мысалы арқылы субъектінің объектіге қатысын көрсетеді [6, 145-б.]. Еңбегінің соңына қарай бір буынды түбір негіздердің сөздігін қоса беріп, онда сөздердің мағыналық топтасуына лайықтап тізіп берген. болатын. Сөз мағыналарының ұқсастығына қарап, сөздік ұяда бөліп-бөліп. Мысалы, бас I – иелену, бас II – басып алу, бас III – басу, жаншу, бас IV – зорлау, бас V – жығу, басу; бош I – ерікті, азат, бош II – күйеуінен ажыраған әйел, бош III – жұмсақ, бош IV – бос т.б. Түркі халықтарының тілінде көп қолданылатын актив сөздердің тізімін қосып беріп, олардың мағыналарын сөйлемдер, анықтамалар беру арқылы түсіндіреді. Бұл түркі тіліндегі алғашқы түсіндірмелер, алғашқы зерттеулер қатарынан орын алатын еңбек деп есептейміз. Мысалы, *Йагуру*: йақын – жақын, жақындау

мағыналары да кездеседі. Бұған қарап ортақ түбірлер *йақ* ~ *йағ* деп көрсетуге болады. Бұл жерде ортақ мағынасы қайсы: екеуіне ортақ түбір *йақ-йағ* болғандықтан, біздіңше, түбір мағынасы *йағ* - *йақ* - *жақындау*, *жанасу* мағыналарымен сәйкес келеді. Демек, алғашқы мағынасы қимылдық мағына да, *-ру* қосымшасы жалғанып, үстеулік мағынаға көшкен.

Түркі ғылымында өзіндік орны бар, сөз мағынасын бағамдауда көшелі пікірлер айтқан ғалымдардың тағы бірі – Э.В. Севортян болды. Алғаш рет түркітануда ғылыми түрде еңбектерінде сөзжасам, тұлғажасам, сөздің өзгеруіне қатысты терминдерге анықтама-түсіндірулер берілді. Ол түркі халқына ортақ «Этимологический словарь тюркских языков» атты тарихи этимологиялық сөздік жасау арқылы мағынаны тереңірек ашып, онда түрлі авторлардың жан-жақты пікірлерін келтірді. Көптеген авторлардың сөз тұлғасының өзгеруінде кездесетін фонетикалық, морфологиялық өзгерісіне дейін толық келтірілген сөздіктердің бірі осы Э.В. Севортяның еңбегі болып есептеледі. Сөздің этимологиясын, мағынасын тану барысында Г. Вамбери, Г. Рамстедт т.б. түркі сөздері жайлы айтылған шетел ғалымдарының пікірлерімен толықтырған.

Э.В. Севортян конверсияны қазіргі түркі тілдерінде жаңа сөз тудыра алатын қабілеті жоқ деп танып, оны ерте дәуірде болған синкретизмнің лексика-морфологиялық көрінісі деп қарайды: «Конверсия как лексико-морфологическое выражение первоначальных синкретизмов характерного для ранних этапов развития тюркских языков, ныне представляет собой якобы лишь пережиточное явление» [7, с. 29]. Сондай-ақ ғалымның тілдегі синкретті түбірлердің омонимдес болады деген пікірі сол кезеңде қолдау таба алмағанмен, кейінгі кейінгі зерттеулердің тууына негіз болды. Оның «Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке», «Аффиксы именного словообразования азербайджанского языка» атты еңбектері туынды сөз мағынасын айқындаудағы іргелі еңбектері түркітануда және синтетикалық тәсіл арқылы жасалатын зерттеулер қатарынан орын алады.

Қорытынды

Туынды сөздер қазақ тілінің байлығын көрсетіп қана қоймай, халықтың ұғымының, санасының, түсінігінің, болмыс-бітімінің бүтіндігін, танымының кеңдігінің айқын көрінісі екеніне дәлел бола алады. Сол сөздердің түп-тамырына, негізіне терең үңілсек, ұлттық, түркілік танымының куәсі болар едік. Лингвистикалық талдау жасай отырып, сөздердің мағыналарын – архисемасын, өзексемасын, арнайы семасын тануда сөзжасамның семантикалық тәсілі үлкен қызмет атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Наука, 1984.
2. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б., 257 б.
3. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
4. Divanü Lügat-it-Türk tercümesi. Çeviren Besim Atalay, 3 cilt. – Ankara: Türk tarih kurumu basimevi, 1985. – С.1. – 530 s. – С.2. – 366 s. – С.3. – 452 s., Т.1
5. Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. – Москва: Учпедгиз, 1959. – 492 с.
6. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
7. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974. – 767 с.

References

1. Humboldt V. Selected works on linguistics. – M.: Nauka, 1984.
2. Eskeeva M.K. Kone turki zane kazirgi kypshak tilderinin monosyllabtyk negisi. –Almaty: Arys, 2007. – 360 b., 257 b.
3. Kaidar .T. Kazak tilinin ozekti maseleri.– Almaty: Ana tili, 1998. – 304 b.
4. Divanü Lûgat-it-Türk tercümesi. Severen Besim Atalay, 3 kilt. – Ankara: Türk tarih kurumu basimevi, 1985. – C.1. – 530 s. – C.2. – 366 s. – C.3. – 452 s., T.1
5. Vinokur G.O. Selected works on the Russian language. – Moscow: Uchpedgiz, 1959. – 492 p.
6. Kashkari M. Tubi bir turki tili.– Almaty: Ana tili, 1993. – 192 b.
7. Sevortyan E.V. Etymological dictionary of Turkic languages. – Moscow: Nauka, 1974. – 767 p.

B. Kassym

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: bkassym_gosyaz@mail.ru)*

Semantics of Root Verbs in «Diwani lugan it-turk» Dictionary by M.Kashkari

Abstract. The article deals with the semantics of common Turkish root verbs in M.Kashkari's dictionary. The purpose of the study is to study and describe the structure and meaning of all-Turkish common roots from a cognitive-semantic point of view. Definitional component analysis, frame-semantic analysis methods were used as research methods. It is clearly proven in the science of Turkic studies that «verb roots» originate from the dictionary of M. Kashkari. By comparing these verbs with modern languages, definitions, synonyms, and the character of the combination in their linguistic usage from the corpus of the Kazakh language were determined. Linguistic materials were differentiated based on the appearance of common root verbs.

Keywords: root verbs, universality, world view, semantics, frame, action verbs.

Б. Касым

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
(E-mail: bkassym_gosyaz@mail.ru)*

Семантика корневых глаголов в словаре М. Кашкари «Дивани лугат ит-Турк»

Аннотация. В статье рассматривается семантика общетюркских корневых глаголов в словаре М.Кашкари. Цель исследования - изучить и описать структуру и значение общетюркских однокоренных глаголов с когнитивно-семантической точки зрения. В качестве методов исследования были использованы дефиниционный компонентный анализ, фреймово-семантический анализ. В науке тюркологии четко доказано, что «корни глаголов» происходят из словаря М. Кашкари. Сравнивая эти глаголы с современными языками, определениями, синонимами и характером были определены сочетания в их лингвистическом употреблении из корпуса казахского языка. Лингвистические материалы были дифференцированы на основе появления однокоренных глаголов.

Ключевые слова: однокоренные глаголы, универсальность, картина мира, семантика, фрейм, глаголы действия.

Автор туралы мәлімет:

Қасым Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-5375-387X.

Information about authors:

Kassym B. – Doctor of Philology, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-5375-387X.

Сведения об авторах:

Қасым Б. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-5375-387X.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Н.Ж. Егизбаева, С.М. Иманқұлова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com)**М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі үндестік заңының қолданысы**

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдеріне тән, сөз құрауға негіз болатын басты заңдылық сингармонизмнің М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі қолданысы қарастырылады. Түркітанудағы сингармонизмнің фонологиялық қызметі туралы жасалған тұжырымдар талданады, оның басты сөз құрауыштық, просодикалық қызметі сараланады. М. Қашқаридың еңбегі арқылы сингармонизм заңының орта ғасырларда түркі халықтарының тілінде кең қолданылғанын түсінуге болады. Үндестік заңын қолданып сөйлегенде сөз айтуға ыңғайлы құралып, әуезді шығады. М. Қашқаридың еңбегін зерттеу арқылы мақалада қосымшалардың сингармонизм заңына сәйкес жалғанатындығын, осы заңның сөз құрауда сақталатындығы көрсетіледі, мысалдар келтіріледі. Сөздікті түзуде Махмуд Қашқари сөздердің неше әріптен (дыбыстан) тұратындығына мән беріп, оларды екі, үш, төрт, бес, алты, жеті әріптен тұратын сөздер деп топтастырады. Түзілген сөздерді зерделесек, сөздер бірыңғай жуан немесе жіңішке айтылатын сөздер, сонымен қатар басынан аяғына дейін ерін үндестігімен айтылатын сөздер болып табылады. Орта ғасырларда жазылған осы еңбектен бұл кезеңде үндестік заңының түркі тілдерінің табиғатын айқындайтын басты заңдылық ретінде қалыптасып, кең қолданылғандығы дәлелденеді.

Түйін сөздер: үндестік заңы, Махмуд Қашқари сөздігі, түркі тілдері, орта ғасырлар ескерткіші, ерін үндестігі

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Түркі тілдеріне тән, сөз құрауға негіз болатын басты күшті заңдылық сингармонизм екені белгілі. Соңғы кездері бұрыннан түркітануда сингармонизмнің фонологиялық қызметі туралы жасалған тұжырымдар екшеліп, оның басты сөз құрауыштық, просодикалық қызметі айырықша саралануда. Ғалым Ә. Жүнісбек сингармонизмді түркі тілдерін екпінді, әуенді тілдерден ажырататын басты просодикалық белгі екендігін, қазақ тілі дыбыс жүйесінің осы заңға негізделетінін дәлелдеп, оны зерттейтін саланы сингармология деп атап, оның бірліктерін анықтап берді [1; 47]. Түркі тілдерінің сөзін құрауға, орфоэпиясына негіз болатын аса күшті заңның жаңа тұжырымдармен айқындалуы тіліміздегі орфоэпиялық нормалардың тіліміздің табиғатына сай сақталып, келер ұрпаққа қаймағы бұзылмай жетуі үшін маңызды. Үндестік заңына негіздеп сөз құрауда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне қарай, сол сөздің өне бойындағы дауыссыз дыбыстар да жуан-езулік, жіңішке-езулік, жуан-еріндік, жіңішке-еріндік болып үйлесіп, үндесіп тұратындығын Ә. Жүнісбек тұжырымдады. Бұл тұжырым А. Байтұрсынұлының, тіл тарихын зерттеген ғалымдардың ойларымен ұштасып жатыр. Тіліміздің тарихына үңілер болсақ, дыбыстардың тіркесу, сөз соңынан жалғану заңдылықтарында, бірі-бірімен алмасу құбылыстарында да осы бір өзек сақталып тұратынын пайымдаймыз.

Он тоғызыншы ғасырдың аяғында қазақ даласы мен тілін зерттеуге келген орыс

ориенталистері де осы заңның негізінде сөйлейтін халық тілінің әуезділігіне қайран қалады. Оның ішінде үндестік заңына ерекше назар аударған В. Радлов өз еңбектерінде қазақ сөздерін айтылуына жақын етіп жазып көрсетеді. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігіне енген қазақ сөздерінде сол кездегі халықтың ерін үндестігін сөздің өн бойында сақтап сөйлегенін байқауға болады: *бүлдүрген, бөлтүрүк, көрүмдүк, күлдүрөууш* т.б. [5, 10]. «Қазақ тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сингармонизм тілімізді үйретуге жеңілдетіп тұр. Жаңа сөздер тудырып, сөздер қосып, тілімізді байытқанда жалықтырмайтын, адастырмайтын қарақшылы даңғыл қаражол болып тұр» [2; 78] – деп Х. Досмұхамедұлы зерттеп баға берген үндестік заңының қазіргі тілдегі қолданысын, тарихын зерттеу әрқашанда өзекті болып қала бермек. Осы «даңғыл қаражолдың» тілімізге қай дәуірде болмасын толассыз еніп жатқан кірме сөздерді игерудегі рөлін, бабалар тілінің болмысын танудағы орнын білу де маңызды. Осы мақсатпен орта ғасырлардағы түркі тілдерінің теңдесі жоқ ескерткіші Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі үндестік заңының көрінісі, сөзге жұрнақтардың жалғану тәртібіндегі үндестік заңының қолданысын зерделеуді жөн санадық. Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі – «халықтық сөйлеу тілінің жүйеге түсіріліп, ғылыми негізге салынған ескерткіші» [3; 149]. Осы еңбекті жан-жақты зерттеген ғалым Ә. Құрышжанұлы «М. Қашқари арнайы мақсат етпесе де, қажетті жерінде дыбыстардың үндесу заңының әртүрлі көріністерін де атап отырады» [3; 155] – деп еңбекте үндестік заңы арқылы қосымшалардың жалғанатындығын, сөз бен қосымша арасындағы дыбыстардың үндесетіндігін айтады. Үндестік заңы бойынша сөздегі дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне (тіл үндестігі) қарай үндесуі, еріннің қалпына қарай үндесуі, сөз бен қосымша арасындағы дыбыстардың өзара үндесуі жататындықтан, осы позицияның барлығына «Диуани лұғат ит-түрктен» мысал табуға болады.

Сөздіктің алғы сөзінде М. Қашқари сөздіктегі сөздерді қандай ұстаныммен топтастырғаны жөнінде түсінік береді. Ол әрбір бөлімді атаулар (есімдер) мен етістіктерге бөліп топтап, еңбекті пайдаланатын адамдарға анық болуы үшін қолданылатын сөздерді ғана алғанын, қолданылмайтын сөздерді қалдырып кеткендігін айтады. Сөздердің жасалуы, түрленуі туралы біршама мағлұматтар беріледі. Сөздікті түзуде Махмуд Қашқари сөздердің неше әріптен (дыбыстан) тұратындығына мән беріп, оларды екі, үш, төрт, бес, алты, жеті әріптен тұратын сөздер деп топтастырады. Түзілген сөздерді зерделесек сөздер бірыңғай жуан немесе жіңішке айтылатын сөздер, сонымен қатар басынан аяқ ерін үндестігімен айтылатын сөздер болып табылады. Орта ғасырларда жазылған осы еңбектен бұл кезеңде үндестік заңының түркі тілдерінің табиғатын айқындайтын басты заңдылық ретінде қалыптасып, кең қолданылғандығын пайымдаймыз.

Екі, үш әріптілер бөлімінде тізілген сөздер бірыңғай жуан немесе жіңішке болып келеді. «*Ap//әр - an//ән*: қуаттап, күшейткіш қосымшасы. *Әп Әзгү нәң – In-izgi нәрсе, бек жақсы нәрсе*» – дейді. Оғыздар таза, әппақ нәрсені «*an-ақ*» – дейді» [4; 68]. Осы күшейткіш буынның жуан және жіңішке нұсқасы беріліп, келтірілген мысалдарға қарасақ жуанмен жуан нұсқа, жіңішкемен жіңішке нұсқа тіркескен. Төрт әріпті сөздер бөліміне назар аударсақ *ашиқ - ашұқ*: асық, малдың асығы, *ашиқ - ашұқ*: дулыға, темір қалпақ, *апиқ - анұқ*: анық, дайын, *етүк - етүк*: етік, *ішкүм- ішкүм*: хантақта, *өтүк - өтүк*: ертек, хикая, *үжүк – үжүк*: *bitik үжүкledi: bitik үжүкledi* – жазуды буынға бөлді, жазуды ежіктеді деген сияқты көптеген мысалдардан сөздердің жуан жіңішкелігін аңғарамыз. Олардың түрленуі де жуан-жіңішкелігіне байланысты. *Ажүт - ажүт* - өш, қас, өштік (түбірі «өш») деген сияқты кейбір сөздер аралас буынмен беріледі.

Сөздікті зерделей отырып тағы бір байқалған нәрсе, сөздің екінші үшінші буынында ерін дауыстылардың келуі. *Азиқ - адзұқ*: «*Азиқнәң: Адзұқ нәң – Бейтаныс нәрсе*». Сөздікте мұндай мысалдар өте көп кездеседі, бірінші буында езулік дыбыс тұрса да, үү

дыбыстарының екінші, үшінші буындағы белсенді қолданысы сол кездегі ерін үндестігінің тіл үндестігімен қатар қолданысының әсері болса керек.

М. Қашқари сөздігіндегі берілген сөздерде ерін үндестігінің қолданысы өте белсенді:

үлүш - үлүш: халық арасында үлес бөлу

үрүз - үрүз: ұрық, дән.

осуз - осуз: жосық, жол, жөн, амал.

озуз - одзүз: ояу, сергек, одзүз ер – ояу адам

улуз - ұлүз: *улузлуқиз bolsa sen езгү қылып* - ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе [4; 84], осындай ерін үндестігінің белсенді қолданысын түбір сөздердің өн бойынан көруге болады. Ал түрленетін сөздер болса, сөздің соңғы буынына дейін сақталып берілген:

отлуз - отлүз: отты;

улузлуқ - ұлүзлүқ: жолы үлкендік

улузлуқ - ұлүзлүқ: ұлықтық, биік лауазымдылық. «*улузлуқ тәңріге: ұлүзлүқ тәңіріге* – ұлылық тәңірге (тән)».

Дегенмен, еңбектің түпнұсқасында солай ма, жоқ аудармалар арқылы өзгеріске түсті ме, ол жағы белгісіз, ерін үндестігінің сақталмайтын тұстары да жоқ емес, бірден айта кететін нәрсе, мұндай мысалдар көп емес:

езүлді - езүлді: езілді.

озунды - одзүнды: оянды.

енүшленді - енүшленді: перделенді

өлүмледі - өлүмледі: өлімші болды; өле жаздады.

үкек - үкек: сандық, табыт.

үкек - үкек: қарауыл мұнара [4; 86] – мысалдардан түсінетініміз, үш-төрт буынды сөздердің үшінші, төртінші буынында сақталмайды, екінші буында толық сақталып тұр, ал екі буынды сөздердің екінші буыны езулікпен берілген. Сөздіктегі сөздер айтылуы бойынша жазылып түзілген болса, мұндай мысалдардың берілуі сол замандардағы үндестік заңының толық қалыптасып болмағандығынан немесе көптеген халықтардың аралас-құралас өмір сүріп жатқандығынан деп топшылаймыз. Махмуд Қашқаридың «Ең ашық-айқын әрі тура-түзу тіл – тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс келіс жасамайтын кісілердің тілдері. Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар» [4; 60] – деген сөзінен сол кездегі халықтардың араласы тілге де әсер еткендігін, халықтар арасындағы тығыз қарым-қатынастың болғандығын түсінеміз.

Етістіктер бөлімінде де етістік жұрнақтарының жалғануы үндестік заңына негізделетінін анық байқауға болады. Онда жуан сөздерге бірыңғай жуан, жіңішке сөздерге жіңішке қосымшалар жалғанатынын көреміз. «*Barыр (барыр) – барар*», «*bardы (барды) барды*» секілділерден жасалған «*bartaq (бармақ) – бармақ*»; «*kelir (келір) – келер*», «*keldi (келді) – келді*» секілділерден жасалған «*kelmek (келмек) келмек*» болса, бұлар түп мәсдарлар(тұйық етістік) [4;36]» – деп түсіндіреді. Осы етістіктердің түрленуіне тағы бір мысал келтіріледі: ««кетті» мағынасындағы «*bardы (барды) – kemti*» етістігінің «*barturды (бартұрды) – барғызды, келтірді*» секілді және «*keldi – келді*» етістігінің «*keltyrди (келтүрді) – келтірді*» секілді өтпелі шаққа айналғаны тәрізді» [4;51]. Бұл мысалдардан етістіктердің сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай түрленіп тұрғандығын байқау қиын емес.

Сөздікте автор сөздердің мағынасын, қолданылу аясын білдіру үшін мысал ретінде өлең жолдарын, сөйлемдер, қысқаша мәтіндер келтіреді. Осындай мысалдардан да сөздердің келесі сөзбен байланысқа түсуі үшін түрленуінде де үндестік заңының қолданысын көреміз. Төмендегі кестеде берілген өлең жолдарына назар аударсақ, *көгүр* – ерін үндестігі, *қаштадың, кешмедің, саштадың* – тіл үндестігімен түрленіп тұр. Ал *сувын, бөгі* – сөздерінде ерін үндестігі сақталмайды. *Jesyn* – сөзінде езулік алдыңғы буында, еріндік келесі буында келеді.

латын әрпімен	кирилл әрпімен	мағынасы
<i>Körüp neşük qaşmaдың, Jatar suvyn keşmedің, Tavarыңны saşmaдың Jesün seni ar bөri:</i>	<i>Көрүп нешүк қашмадың, Иамар сувын кешмедің, Таварыңны сашмадың, Иесүн сені ар бөрі –</i>	<i>– Көріп неге қашпадың? Йамар суын кешпедің? Мал-дүниенді шашпадың ? Енді қорқау жесін сені!»</i>

Еңбекте М. Қашқари бірнеше сөз тудырушы жұрнақтардың қандай мәнді сөздер тудыратынына тоқталып, олардың мағынасын ашады. Олардың жуан-жіңішке нұсқаларымен беріп, сөзге қалай жалғанатынын ережемен түсіндіріп өтеді.

-даш/-деш -даш/-деш: ұқсастықты, жақын тектестікті білдіретін қосымшалар. Бір анадан туған екі бала «Қағындаш: қарындаш – қарындас» деп аталады. Сөйтіп, «қарын» сөзіне «-даш» қосылғанда «бір қарында жатқан, бір қарыннан шыққан» деген мағынаны береді. Бір жерден болған екі кісі «jerdesh: иердеш – жердес (жерлес)» деп айтылады [4; 541].

Есімдерден -лық/-лік жұрнақтары арқылы жаңа сөздердің жасалуын мағынасына қарай үш сипатқа бөліп, осы жұрнақ арқылы жасалған заттың иесін білдіретін сөзді, атқарылған істі білдіретін сөздерді атап көрсетеді.

Біріншісі, бірдеңенің өсіп-өнген жерін, мекен-жайын білдіретін сөздер:

söğütlik: сөгөтлүк – тал тоғайлы жер; тал тоғай өскен жер»;

kepекlik: кепеклік – кебек қойылған жер;

Екіншісі, басқа бірдеңені істеп, дайындауға лайықтап, арнайы әзірлеп қойған нәрсенің атын білдіреді:

tөшекlik баршын: төшеклік баршын – төсек-орындық жібек мата;

Үшіншісі, адамның мінез-құлқын, табиғатын білдіретін тұйық райлы сөздер:

kөvezlik: көвезлік – тәккаппарлық; кердеңдік»;

jigitilik: иігітлік – жігіттік

Төртіншісі, аталған нәрсенің иесі мағынасында кездеседі:

білекlik er: білекліг ер – білекті адам;

білікlik er: бітікліг ер – (қолында) жазуы, хаты бар адам;

Бесіншісі, істелген, атқарылған істі білдіретін сипаттағы сөздер:

Bіlikkişi ara үлүклүг ол: Білік кіші ара үлүклүг ол – Білік кісілер арасында үлестірілген ол (ақыл кісілер арасында таратылған ол);

Tөшекlik төшек: Төшекліг төшек – Төселген төсек.

Осындағы -лық/-лік жұрнақтары арқылы сөздердің жасалу заңдылығын төмендегі ережемен көрсетеді: «Бұл бес сипатты білдіру үшін төрт әріпті, бес әріпті түбір есімдердің «-қ» әрпімен келетіндеріне, яғни жалпы қатаң дыбысты сөздерге «-lyk / -лық» қосылады. «-к» әрпімен келетіндеріне, яғни жалпы жұмсақ дыбысты сөздерге «-lik / -лік» қосылады. Бұл күллі түрік тілі үшін ортақ, өзгермейтін қағида [4; 568]». Сөздердің жуан-жіңішке болып жіктеліп, бірыңғай тіл үндестігімен түзілетінін арнайы түсіндірмесе де, М. Қашқари өз еңбегінде қ, ғ, к, г дыбыстарының сөздің соңында жалғануында да осы ұстанымның тіл табиғатымен ұштасып жатқандығын көрсетеді. «Менің барғым bolsamaңа түшғыл (менің барғым болса маңа түшғыл) – Мен барар болсам, маған жолық»; «Kejik keliki bolsa оқта (кәиік келікі болса оқта) – Киік келген болса, оқ ат» деген үлгілердегі «қосымшаның түбірінде «-к» болған сөздерге яғни жұмсақ сөздерге «к» әрпі ұласады. «Аны sөкүк sөkti (аны сөкүк сөкті) – Оны қатты сөкті»; «Ol құлын тепік терpt (ол құлын тепік тепті) – Ол құлын қатты тепті» деген түрдегі «sөкүк (сөкүк)», «тепік (төпік)» сөздері

«-к» қосылып жасалған мәсдарлардың көрінісі» [4;37]. М. Қашқаридың осы тұжырымына Ә. Құрышжанұлы мынадай баға береді: «қ, ғ дыбыстарының тек жуан дауыстылармен ал к, г дыбыстарының тек жіңішке дауыстылармен тіркесіп келу заңдылығын ашып көрсету ол заманда аса құнды ой ...» [3;156]. Ә. Құрышжанұлы осылай баға бере отырып, М. Қашқаридың дыбыстардың тіркесу заңдылығына да назар аударғандығын атап өтеді. Жоғарыдағы сөз тудырушы жұрнақтардың жуан-жіңішкелігін ажыратып, олардың бүкіл түркі тілдеріне тән қағидамен сөздерге жалғанатынын дәлелдеген. М. Қашқари осы ойлары арқылы түркі сөздерінің құрылуындағы белгілі бір қағидастарды жіктей алған.

Ғалым М. Томанов М. Қашқари еңбегінен кейін жазылған «Кодекс куманикусте» («Қыпшақ тілінің сөздігі») «бір буынды, екі буынды сөздерде ерін үндестігінің қалыпты норма» екендігін айтады. Ол М. Қашқари еңбектерінде қосымшалардың еріндікпен келуін тайпа тілдерінің ерекшелігі болуы мүмкін деп жорамалдайды. Ал «көне түркі тілінде дауыстылардың жуан-жіңішке болып үндесуі сөздің басынан аяғына дейін сақталады» [8; 82] – деп нақты көрсетеді. Осы тұжырымға сүйенсек М. Қашқари еңбегіндегі сөздердің берілу формасында үндестік заңы жуан-жіңішкелік, еріндік-езулік әуез жағынан сақталған. Жоғарыда келтірілген кейбір мысалдардағы ауытқушылық қағазға түсірілген кезде немесе сол уақыттағы ұсақ ру-тайпа халықтарының тілдерінің араласуы кезінде болған құбылыстар болуы мүмкін.

Сонымен «Диуани лұғат ит-түрк» сияқты түркі халықтарының жауһары саналатын еңбекті зерделегенде көне түркі заманынан бері тіліміздің басты просодикалық белгісі болып табылатын үндестік заңының анық көрініс тапқанына көзіміз жетті. Ғалым Б. Сағындықұлы алтай тілдерінің ішінде түркі тілдерінде сингармонизмнің жақсы сақталғандығын атап айтқан [9; 85]. Сингармонизм іргелі құрылымдық-типологиялық құбылыс ретінде түркі тілдеріндегі дыбыстарды бір бүтін етіп ұйымдастырады, сөйлеу ағынындағы сөздердің басын құрап, лебіздің әуезді шығуына негіз болады. Қазіргі ғалымдар осы заңның тек дауыстылардың ғана үндесуі емес, дауыссыздардың да бір фонетикалық кешенге топтасуы деп түсіндіреді. Бүгінгі жаһандану заманында қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздер тасқынын игеруде де сүйенетін сүйенішіміз осы заң болмақ. Қазақ тілі орфоэпиясының негізі саналатын үндестік заңының бір бөлігі еріндік үндестігінің сөйлеуде сақталмауы белең алып бара жатқаны белгілі, тіліміздің тірегі саналатын үндестік заңының бұзылмауы үшін зерттеу жасауда тіліміздің тарихына жүгінеріміз рас, осы орайда М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сияқты аса құнды еңбектердің маңызы арта түспек.

Әдебиеттер тізімі

1. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – 309 б.
2. Аламан. – Алматы: Арыс, 2002. – 234 б.
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
4. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.
5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 199 б.
6. Құрышжанұлы Ә. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 2011. – 540 б.
7. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі / Аударған Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов... – Алматы : Ана тілі, 1993. – 190 б.
8. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 263 б.

9. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 167 б.

References

1. Jünısbek Ä. Qazaq fonetikasy [Kazakh phonetics]. – Almaty: Arys, 2009. – 309 b. (In Kazakh)
2. Alaman [Alaman]. – Almaty:Arys, 2002. – 234 b. (In Kazakh)
3. Aidarov Ğ., Qūrysjanov Ä., Tomanov M. Köne türkı jazba esertkişteriniñ tılı [The language of ancient Turkic written monuments]. – Almaty: Mektep, 1971. – 272 b. (In Kazakh)
4. Qaşqari M. Türk sözdığı. 1-tom / Audarğan A. Egeubai [Turkish dictionary. Volume 1 / translated by A. Egebay]. – Almaty: Arda+7, 2017. – 592 b. (In Kazakh)
5. Myrzabekov S. Qazaq tiliniñ dybys jüiesı [Sound system of the Kazakh language]. – Almaty: Sözdık-Slovär, 1999. - 199 b. (In Kazakh)
6. Qūrysjanūly Ä. Tıl tarihy turaly zertteuler [Research on the history of the language]. – Almaty, 2011. - 540 b. (In Kazakh)
7. Qaşqari M. Tüby bır türkı tılı / Audarğan Q. Beketaev, Ä. İbatov... [The bottom of the Turkic language / translated by K. Beketayev, A. İbatov.] – Almaty : Ana tılı, 1993. – 190 b. (In Kazakh)
8. Tomanov M. Qazaq tiliniñ tarihi gramatikasy [Historical grammar of the Kazakh language]. – Almaty:Mektep, 1988.- 263 b.
9. Sağyndyqūly B. Qazaq tılı leksikasy damuynyñ etimologialyq negızderı [Etymological foundations of the development of the vocabulary of the Kazakh language]. – Almaty: Sanat, 1994. – 167 b. (In Kazakh)

N.Zh. Yegizbaeva, S.M. Imankulova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com)

The use of sound harmony in the work of

M. Kashgari «Diwani lugat it-Turk»

Abstract. The article discusses the use of harmony, the fundamental rule inherent in Turkic languages, which is the basis for word formation, in the work of Mahmud al-Kashgari «Diwani lugat it-Turk». The conclusions made about the phonological function of harmony in Turkology are discussed, and its main word-forming, prosodic function is analyzed. The works of Mahmud al-Kashgari proves that the harmony rule was widely used in the language of the Turkic peoples in the Middle Ages. By using the rule while speaking, it makes words to be convenient to pronounce and sound melodious. The article shows that affixes follow the harmony when appending to a word, that the rule is preserved in word formation and examples are given. When compiling the dictionary, Mahmud Kashgari pays attention to how many letters(sounds) words consist of, grouping them into words consisting of two, three, four, five, six, seven letters. If we take a look at the grouped words, every group follows the palatal harmony and the labial harmony. From this work that was written in the Middle Ages, it is proved that during this period the harmony rules were widely used and well established as the main characteristics of the Turkic languages.

Keywords: synharmonism, dictionary of Mahmud Kashgari, Turkic languages, monument of the Middle Ages, lip synharmonism

Н.Ж. Егизбаева, С.М. Иманкулова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: nazyken.egizbayeva@gmail.com)

Применение закона сингармонизма в труде

М. Кашгари «Дивани лугат ит-Турк»

Аннотация. В статье рассматривается применение закона сингармонизма, характерного для тюркских языков, в труде М. Кашгари «Дивани лугат ит-Турк». Анализируются выводы о фонологической функции сингармонизма в тюркологии, дифференцируется его основная словообразовательная, просодическая функция. По труду М. Кашгари можно понять, что закон сингармонизма широко использовался на языке тюркских народов в Средние века. Когда говорят по закону сингармонизма, слово звучит мелодично. Изучив труд М. Кашгари, в статье отмечается, что аффиксы соединяются в соответствии с законом сингармонизма, указывается, что данный закон сохраняется в словообразовании, приводятся примеры. В построении словаря Махмуд Кашгари придает значение тому, сколько букв(звуков) составляют слова, группируя их как слова из двух, трех, четырех, пяти, шести, семи букв. Изучив реестры в словаре, убедимся, что слова которые с начала до конца произносятся с твердыми или мягкими гласными, также слова, которые произносятся с созвучием губ. Из этого труда, написанного в Средние века, подтверждается, что в этот период закон созвучия сформировался и широко использовался как главная закономерность, определяющая природу тюркских языков.

Ключевые слова: закон сингармонизма, словарь Махмуда Кашгари, тюркские языки, памятник средневековья, губной сингармонизм.

Авторлар туралы мәлімет:

Егизбаева Н.Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-8458-1898.

Иманқұлова С.М. – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6931-2510.

Information about authors:

Yegizbaeva N.Zh. – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-8458-1898.

Imankulova S.M. – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6931-2510.

Сведения об авторах:

Егизбаева Н.Ж. – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-8458-1898.

Иманкулова С.М. – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6931-2510.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Б. Қасым¹, Г. Суамбекова²¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан²Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университеті,
Алматы, Қазақстан

(E-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru)

Туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымы

Аңдатпа. Мақала туынды сөздердің мағыналық құрылымын қарастырылады. Сөздің мағыналық құрылымы тілдің дара ерекшелігін көрсететін белгі болып саналады. Ішкі мағыналық құрылымның басты тәсілі – ұғымды белгілеу және сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұрпаты арасындағы бірліктерді байланыстыратын ұғым. Сол арқылы ғана атаудың тұтастығы түсініледі. Ал уәждеме процесінің қатысуымен ішкі мағыналық құрылымның негізінде атау қалыптасатыны сараланады. Сөздің ішкі құрылымы арқылы атаудың міндетті семантикалық ерекшелігі талданады. Ішкі мағыналық құрылым атауға негіз болған – бейне екені тұжырымдалады. Атау жасалу табиғатын толығымен ашу үшін оның ішкі құрылымына сөздің семантикасына назар аударылады. Сөздің ішкі құрылымынан лексемалардың мағына негізділігі, сөз мағынасының уәжділігі немесе уәжсіздігі осыдан туындайды.

Түйін сөздер: ішкі мағыналық құрылымы, ұлттық дүниетаным, уәжділік, туынды сөз

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Кіріспе

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның семантикалық аспектісіне тілшілер тарапынан назар аударылып, зерттеу нысанына айнала бастады. Сонымен бірге туынды сөздің мағыналық белгісін ұлттық дүниетаным, қолданыс қызметі (функционалды), қатысым әрекетімен (коммуникативті) прагматикалық мақсатына байланысты зерделеуде үлкен мән берілуде. Сөзжасамдық мағына тілдің туынды сөздер жүйесіндегі басты бағыт болып саналады және маңызды орын алады. Сөзжасамдық мағына тікелей сөздердің арасындағы таным мен уәжділіктен шығады. Оның пайда болуы «ішкі құрылым» (внутренняя форма) басқаша айтқанда, семантикалық уәжділікпен тікелей байланысты [1, 203].

Сөзжасам саласының әрі қарай терең жан-жақты зерттелуіне, талдануына жол ашты. Сөзжасамды тіл білімінің бір саласы деп тану үшін шолу жасау жеткіліксіз. Мақалада оның тұлғалық, құрылымдық, құрамдық жағынан бөлек, тілдік бірліктерді, яғни туынды сөздерді (аталымдар) сөзжасамдық уәжділігі, сөзжасамдық мағынасы мен семантикалық сипаты, сөзжасамдық заңдылықтары, амал-тәсілдері, сөзжасамдық бірліктері: ұя, тізбек, саты, жұп, семантикасы мен функционалдық қызметі т.б. тұрғысынан қарастырып, талдау, зерделеу сөзжасамның барлық табиғаты мен заңдылықтарын тануға, ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Түркітанудың ғылыми нысандарның бірі – туынды сөз мәселесі. Тіл білімінде, соның ішінде, түркітануда туынды сөзге қатысты пікір айтқан және арнайы зерттеу нысаны еткен біраз еңбекті атауға болады. Көбінесе бұл еңбектерде туынды сөздердің құрылымдық

және тәсілге қатысты сөз болды. Бұл арада түркітанушылардың біразының атын атаған жөн: Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, А.А. Юлдашев, Б.А. Серебренниев, Н.З. Гаджиева, Ф.А. Ганиев, Б. Орузбаева, Т. Садыков, Ғ. Садуақасов, т.б. Қазақ тіл білімінде басқа мәселелерді зерттеу барысында туынды сөзге мән беріп, оның табиғатын анықтау, құрылымдық және мағыналық мәселесін шешу төңірегінде пікір танытқан ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, Н. Оралбай, М. Оразов, Ә. Төлеуов, Е. Жанпейісов, Ә. Ибатов, Ғ. Қалиев, Б. Қасым, А. Салқынбай, Ұ. Исабекова т.б. тәрізді тіл мамандарының еңбектерін атаған жөн.

Бұл мәселенің туынды сөздердегі уәждеме теориясына тікелей қатысы бар. Ал уәждеме теориясы уәжділіктің түрлеріне қатысты туындайды, оның өзі сөзжасам жүйесіндегі *сыртқы* (морфологиялық уәжділік лексикалық бірліктердің сөзжасамдық үлгілерін анықтайды) және *ішкі* уәждемені (семантикалық уәжділік сыңарлардың арасындағы арақатынастың нәтижесі, бұрынғы мағына мен жаңа мағынаның арасындағы байланыс арқылы сөзжасамдық мағынаны анықтайды) саралап, сол заңдылыққа сүйене отырып, *тура аталым* және *келтірінді* (жанама) *аталымды* айқындау. Лингвистердің біразы уәжділікті «ішкі құрылым» ұғымымен байланыстырады (О.И. Блинова, В.Г. Гак, С. Исаев).

Талқылау

Тіл мамандары туынды сөздің *мағыналық құрылымына* ерте заманнан назар аударған. Сөздің *ішкі мағыналық құрылымы* деген тұжырымдаманы алғаш енгізген В. Гумбольдт болатын және ғалым тілдің ішкі мағына – мазмұны мен сыртқы тұрпатын бірлікте қарауды негізге ала отыра: «Внутренняя форма – то, что возвышает членораздельный звук до выражения мысли, взятой во всей совокупности своих связей и систематичности», – [2, 71] деген түйін жасайды. Бұл теориядан шығатын қорытынды: *ішкі құрылым* тіл құбылыстарының – тіркес, туынды сөздер, тіл оралымдары т.б. яғни ол тек жалпы тілдің тұтастай айырмашылығын ажыратып, ұлттық ерекшелігін ашып қоймайды, сонымен қатар *мағыналық құрылым* тілдің дара ерекшелігін көрсететін белгі болып саналады. Ішкі мағыналық құрылымның басты тәсілі – ұғымды белгілеу және сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұрпаты арасындағы бірліктерді байланыстыру. Демек, ішкі құрылым атаудың мағыналық құрылымын құрастырушы сыңар ретінде танылады. Ішкі құрылым – алғашқы *бейне*, онда ұғымның негізі жатады. Ішкі құрылым ойға бағыт береді, өзек мағынаның әрі қарай дамуына *мүмкіндік* жасайды. Атаудың ішкі құрылымында ұғымның ізі жатады. Ішкі құрылым – атауды құрастырушы сыңарлардың өзара байланысын сақтайтын тұтас, жүйелі ерекшелігін көрсететін тілдік құбылыс. Сол арқылы ғана атаудың тұтастығы түсініледі. Ал *уәждеме* процесінің қатысуымен ішкі мағыналық құрылымның негізінде *атау* қалыптасады. Ішкі құрылым – атаудың *міндетті* семантикалық ерекшелігі. Ішкі мағыналық құрылым атауға негіз болған – *бейне*. Ақ бөкенді жатыр деме, Көшпелі елді отыр деме.

Ақ пен қараны Шындық айырар.

Ақпейілдің аты арып, тоны тозбас (Мақал).

Сонымен, ішкі құрылым – атаудың: уәждеме процесі арқылы дәлелденеді, жүйелі ерекшелігі, тұрақты қасиеті, бірліктердің түптөркінін ашуға мүмкіндік беретін негіздер. Мысалы, *ақсүйек* – ойын, *ақсүйек* – өсімдік, *ақсүйек* – 1. тек, бекзада. 2. билеуші таптың өкілі, тұқымы – деген атаулардың қалыптасуында *сүйектің ақ, таза* мағыналық белгілері, ішкі құрылымы атаудың лексикалық мағынасын айқындайды. Әрі қарай мағыналық дамуға түскен, сөйтіп, түрлі лексикалық бірліктер қалыптасқан. Сол сияқты, *атқамінер, беташар, тұсаукесер, текетірес* т.б. атаулар да осы жолмен дамыған. Демек, *ішкі мағыналық құрылымды* тілдік құбылыстардың дара ерекшелігін көрсететін заңдылық деп санау қажет. Сөздің ішкі мағыналық құрылымының басты тәсілі атауды белгілеу

болып табылады. Сонымен бірге сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұрпаты арасындағы бірліктерді байланыстырады. Ішкі мағыналық құрылым мен сыртқы құрылым екеуі түйіскен, үйлесім тапқан жерде ғана атау пайда болады.

Аталым үрдісінде сөзжасамдық құралдар арқылы сөз оралымдарын ықшамдап беру қазақ тілінің негізгі табиғи заңды құбылыстарының бірі, тіл дамуының, жетілуінің бір көрсеткіші. Тілдік ықшамдау, үнемдеу заңдылығы кез келген тілде бар құбылыс және тілдің түрлі лингвистикалық деңгейлерінде көрініс тауып отырады. Әсіресе, қазіргі дәуірде ықшамдау құбылысы сөзжасамда, соның бір түрі – күрделі атауларда анық байқалады. Осы бағыттағы А. Мартиненің пікірінше, тілдегі ықшамдау принципі үнемі қарама-қарсы құбылыстарды тепе-теңдік жағдайда ұстауға ұмтылу: біріншіден – қатысым мұқтаждығы, екіншіден – есте сақтау, үшіншіден – сөйлеу мүшелері үшін тиімді [3, 532-536].

Туынды сөздің бұл ерекшеліктері А.А. Потебня, Г.О. Винокур, В.В. Виноградовтардың еңбектерінен бастау алады. Зерттеушілер туынды сөздің лексикалық мағынасының ішкі құрылымын саралауды мақсат етпесе де, атаудың (туынды сөздің) мағынасы негізгі мағынаға байлаулы екенін атап көрсетеді. Тіл білімінде бұл қағида анық мойындалған. Тілдің танымдық қызметіне жете тоқталған А.А. Потебня: «...тіл – дайын ойды бейнелеуші құрал емес, тіл – ойды қалыптастырушы», – [4, 122] дей келіп, сөздің ішкі құрылымы ұғымын орыс тіл біліміне алғаш енгізеді. Мәселен, Г.О. Винокур туынды сөздің мағынасының қалыптасуына сөздердің уәжділік арақатынасын атап, мән берген: «значение слова с произвольной основой... определимо посредством ссылки на значение соответствующего первичной основой» [5, 421]. Кез келген туынды сөздің мағынасында түбір негіздің мағынасы жататына күмән келтіруге болмайды.

Сөзжасам теориясында бұндай тұжырымдамалар орыс тіл білімінде И.С. Улуханов, Е.С. Кубрякова, Е.А. Земская, О.И. Блинова, Н.Д. Голев, И.А. Ширшовтардың ғылыми зерттеулерінен орын алса, ал қазақ тіл білімінде *мағына негізділігі* деген ұғым Н. Оралбаеваның еңбектерінде дәлелденді. Сөзжасамда туынды сөздің *мағыналы бөлшегі* негізгі мәселе болып көтеріліп, туынды сөздің *сөзжасамдық бөлшектену* (мағына жасауға негіз болған бөліктері деген түсінікте алынып отыр) деңгейі анықталды (Е.С. Кубрякова); *сөзжасамдық құрылымдар* мен морфемдердің тіркесімділік заңдылықтары қарастырылды (В.В. Лопатин); қазақ тіл білімінде сөзжасамдық *уәждеме, уәжділік дәреже* түрлері жан-жақты зерттелді (Б. Қасым: докторлық диссертация); туынды сөздің мағына негізділігі негіз сөзде жатады (Н. Оралбаева: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі) т.б. Сондықтан зерттеушілер сөзжасамды тіл білімінің көпқырлы және тіл жүйесіндегі ең күрделі саласы деп таниды. «Сөзжасам» деген терминнің соған сәйкес мазмұны да кеңейе түсті: «Он стал использоваться в двух значениях: 1) процесс образование новых слов на базе других слов; 2) раздел языкознания, изучающий: а) производные слова и их системные связи; б) средства, участвующие в процессе образования новых слов» [6, 7]. Демек, сөзжасамның теориясы бір орнында тұрған жоқ. Ол үнемі дамудың үстінде. Жаңа пікірлер, жаңа зерттеулер, жаңа бағыттар жарық көруде. Сөзжасамның негізгі зерттеу нысанының өзі туынды сөз болғандықтан, соған тән ерекшеліктерін айқындау сөзжасам заңдылықтарының міндеті болып саналады. Тіл ғылымында мынадай дәйектеме бар: «Значение и звучание производных слов всегда *мотивированы*» [6, 16], – деп, (курсив – Б.Қ.) туынды сөздің мағынасын анықтауда *уәжділік көрсеткіш* негізге алынады, оның шығу тәркініндегі сөздерге сілтеме жасалынады. Сонымен: «...словообразование лексично, его продукт – номинативные единицы языка со своим индивидуальным лексическим содержанием» [6, 14] деген қағидадан сөзжасамның түрлі тәсілдерімен және заңдылықтарымен қалыптасқан номинативтік бірліктер лексема ретінде тіл жүйесінен орын алады. Оны зерттеу туынды сөздің жасалуындағы түрлі заңдылықтарды айқындауға және әр түрлі лексика-семантикалық топтардың сипаттамасын ашуға мүмкіндік береді.

Туынды лексикалық бірліктердің мағыналық құрылымында мағыналық бөліктерінің негізі жататындығын есепке алу керек.

Түркітануда күрделі сөзді зерттеу ертеден қалыптасқан *лексика-грамматикалық сипат* тұрғысынан қарастырылып келеді. Бұл әдістің тек туынды сөздердің сыртқы тұрпатын дұрыс тануға мүмкіндік беретіні даусыз. Ал күрделі атаудың *ішкі мағыналық құрылымын* саралау, мазмұнына терең үңілу жағы зерттеулерде назардан тыс қалып келеді. Ф.А. Ганиев күрделі аталымдардың жасалуындағы *ішкі мазмұнына* тереңірек барып, мағынаның қалыптасуындағы шарттарды ескеру қажеттігін көрсетеді: «Этот метод изучения позволяет получить правильное представление лишь о внешней структуре сложных слов, без проникновения в их внутреннее содержание и условия возникновения семантики. Исследование образования сложных слов по взаимоотношению компонентов раскрывает их внутреннюю структуру, степень спаянности (слитности), семантические особенности» (курсив – Б.Қ.) [7, 50].

Туынды лексикалық бірлік (күрделі атау) ретінде қалыптасуда *уәжділіктің* ерекше қызмет атқаратынын көптеген зерттеушілер айрықша атап көрсетеді. Мәселен, неміс тілінің күрделі сөзжасамында Т.Р. Кияк сыңарлардың мағыналық уәжділігін ерекше атай келе: «...семантики компонентов в рамках сложной лексической единицы приобретает немалое значение», – деп, зерттеуші лексикалық бірліктердің морфологиялық және семантикалық заңдылықтарын айқындауда уәждеменің қажеттігін көрсетеді [8, 10]. Осы дәйектемемен өзектес екінші тұжырымдамада туынды сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуы жайлы: «Подобная методика при определении значения производных слов работает именно потому, что лексическая семантика производного слова обычно опирается на значения его составных частей» [9, 16], – деген түйін соған дәлел бола алады. Мысалы, *ақ + құтан → аққұтан* (құс), *көл + бақа → көлбақа* (жәндік), *боз + торғай → бозторғай* (құс), *асық + жілік → асық жілік* (дене мүшесі), *шаш + бау → шашбау* (бұйым), *қара + торғай → қараторғай* (құс) т.б.

Қазіргі кезде жаңа бағыт болып саналатын мағынадан тұлғаға қарай зерттеу туынды сөздің, соның ішінде күрделі атаудың негізгі нысаны болады. Күрделі атауды жеке лексема, атау деп танысақ, онда оның қалыптасуында сөз мағынасының өзіндік үлесі бары анық. Мәселен, *аға*, *бас* сөзінің арқау, тірек болумен қалыптасқан бірнеше күрделі атауларды келтірейік: *елағасы*, *отағасы*, *отбасы*, *қолбасы*, *қалабасы*, *рубасы*, т.б. *Елағасы* мен *отағасы* сөздерінің мағыналары екі мағыналы бөлшектен тұрады. Олардың лексикалық мағыналарының қалыптасуына негізгі сыңарлардағы мағыналар *уәж*, *себеп* (мотив) болған. Екінші сөзбен айтқанда, күрделі атаулардың түптөркіні сыңарлардың уәжденуінен туындаған. Сондықтан күрделі атау мен негізгі сөздің арасында мағыналық байланыс болады да, олардың басын біріктіретін – *сыңарлардың мағыналық ортақтығы*.

Қазақ тілінде күрделі атаулардың жүйелі түрде басын біріктіретін құрастырушы дағдылы сыңарлар бар. Олар: *аға*, *басы*, *хат*, *жай*, *ақы*, *ашар*, *аяқ*, *жан*, *той*, *бау*, *қат* т.б. сияқты жалпылық мағынасы басым, сөзжасамдық қызметі күшті, мүмкіншілігі мол, белсенді бірліктер, жалпылық қасиеті басым сыңарлар. Бұлар құрастырған күрделі атаулардың бәріне ортақ *дағдылы* мағына қосады да, көп денотатқа (затқа) ортақ бір мағыналық өрістегі лексемаларды жасайды. Нақтырақ айтқанда, туынды сөзді (күрделі атау) семантикалық және тұрпат жағынан біріктіретін *дағдылы уәжді сыңарлар*: *ел+ағасы*, *от+ағасы*, *қол+басы*, *әскер+басы*, *жүз+басы* т.б. соның нәтижесі. Бұл лексемалар – жеке де қолданыла алатын және күрделі сөзді мағына мен тұрпаттың басын біріктіретін, жинақтауға арқау болатын сыңарлар. Күрделі атаулардың келесі мағына мен тұрпатты біріктіретін белгісіне *шөп*, *ағаш*, *аяқ*, *гүл*, *тал*, *жеміс*, *жидек*, *тамыр*, *от(ы)*, *тікен*, *жапырақ*, *қурай*, *бұта* т.б. Бұлар – сөздерді мағыналық жағынан *жинақтап құрастыруға* тірек сөз болатын сөзжасамдық бірліктер. Бұл сөзжасамдық бірліктер бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалып, бірнеше сөздерге тірек сөз болу арқылы заттың, құбылыстың атауын

қалыптастыруға негіз болады да, ұғымды жинақтау қызметін атқарып, бірнеше күрделі атауға ортақ мағына қосып, бірбүтін лексема жасайды. Мысалы, *өгейшөп, сүйелшөп, қандышөп, қарағаш, сарыағаш, қандыағаш, таугұл, қозыгұл, алтынтамыр, мыңтамыр, теңгежапырақ, түйежапырақ, жаужапырақ, киікоты, маралоты, балықоты, балқурай, қызылқурай, талқурай т.б.* Бір сөзжасамдық мағына сөзжасамдық бір типке ортақ болып келеді. Аға: 1. Ағайынды адамдардың жасы үлкені . 2. Жалпы жасы үлкен ер адам – Бұл осы маңның елагасы Бектас баласы Таймастың ауылы екен (Қ.Есенберлин). Бұл жерде ауылдың, аймақтың, өңірдің басшы адамы деген мағынаны білдіреді. 3. Басшы, ақылшы, жетекші. 4. Басқарушы, басшылық етуші – Төреліктен батырлыққа бейім, өздері бас билікке ұмтылмайтын, қашанда елагасына қалтқысыз мойынсұнатын (М.Мағауин). Бұл жерде елагасы – басшы, қолбасшы деген ұғымда келген іспеттес. Демек, «жасы үлкен адам» деген мағынасынан басқаша қолданыста тұрғанын аңғартады. Елагасы – көпке сөзі өтетін халыққа сыйлы, беделді адам. Мысалы, Қалғанын түгел мақтап бітіре алман, Айтпасам әрбір жерден елагасын (Айтыс). Ағасұлтан ← аға + сұлтан. Кеңес дәуіріне дейінгі белгілі аймақты, елді басқарушы. Бұрын ағасұлтанның кеңесі орнаған жер осы бәйбішенің ауылы болатын. Анығында жаңа ағасұлтан сайланған (М.Әуезов). Отагасы – шаңырақтың иесі, тірегі. Кейінгі кездерде осы сөздің мағынасы кеңейе түсті. Сый, құрмет мағынасын да үстеп, «сыйлы адам, ер адам» мағынасында жұмсалатыны да байқалады. Бас: Қолбасы – Екі жақта да қолбасылардың шатыры құрылды (М.Мағауин).

Күрделі атаулардың қалыптасуында тектік ұғымның мәнін анықтайтын түрлік ерекшеліктер екеуі бірігіп, жеке дербес атауға көшуі жиірек ұшырайды. Дәлірек айтқанда, түр-тектік күрделі атаулардың қалыптасуында түрлі ерекшелік белгілер негіз болған: *түр, түс, орын, сапа, қасиет т.б.* Алдыңғы түрлі ерекшелік қасиетін білдіретін сыңарлар негізінен сын есімдер болады да, ал екінші сыңар тектік ұғымды білдіретіндер зат есім болады: *ақбалық (балық), ақбақай (өсім.), Көкбозат, Ақбозат (астрон.), ақбөкен (аң), айгұлақ (өсім.), айгұлақ (жәндік), қараөрік, сарыөрік (жеміс) т.б.* Мәселен, Б. Қалиев өсімдікке қатысты атаулардың біразы осы негізде қалыптасқан дей келе: «...виды растений объединяются в роды. Несмотря на двухсоставность (цельнооформленность или раздельнооформленность) они служат унифицированными родовыми наименованиями и при лексикографировании должны рассматриваться как самостоятельные реестровые единицы», – деген болатын (курсив – Б.Қ.) [9, 21].

Күрделі атаулардың қалыптасуында түр-тектік үлгідегі: *Сын түс (сапа) + Зат* формуласы аналитикалық жасалымдардың ішіндегі жиі қолданылатын сөз жасау типтік үлгісіне жатады. Күрделі аталымдардағы басқа сапалық белгілерге қарағанда түстік белгілер жиі ұшырайды. Әсіресе тибигат әлемінде: жан-жануарлар, өсімдіктер дүниесінде кеңінен қолданылады. Оны тілдік деректерден де көруге болады: *сасықкүзен, бозторғай, қарақұйрық, көкқұтан, көкшешек, қарашайыр, ащышөп, балқарағай, қарағаш, қарабүлдірген т.б.* Жаздыкүн шілде болғанда, *Көкорай* шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда (Абай). Демек, күрделі атаулардың айырым белгісі аналитикалық аталымның қалыптасу жолдарын байқауға және номинативтік құрылымды қалыптастырудың түрлі маңызды заңдылықтарын саралауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінің тілдік деректеріне сүйенсек, күрделі аталымдардағы мағыналық сыңарлар негізгі сөздердегі сыңарлардан өзгеше, себебі сыңарлардағы мағыналар барлық уақытта бірдей болмайды, олар қосымша реңктер мен ауыс мағыналар үстейді, әр туынды лексема осы қырынан ерекшеленеді. Соған сәйкес күрделі атаулардағы гомогенді сыңарларда бірнеше мағыналық дәреже көрініп отырады. Соның негізінде күрделі атаулардағы сыңарларды бірнеше түрге жіктеуге болады. Біріншіден, күрделі атаулардағы сыңарлардың негізгі мағыналары, екіншіден, туынды мағыналары, үшіншіден, ауыс қолданыстағы мағыналары. Бір жағынан, *елагасы* мен *отагасы* жаңа лексикалық бірлік болып бөлінсе, екіншіден – туынды сөздердің мағыналарында сол

мағыналық сыңарлардың гомогенді болуы, оларды бір сөзжасамдық қатарға қойылуымен ерекшеленеді.

Сөздің ішкі құрылымындағы ұғым тіл арқылы көрініс табады. Атау жасалу табиғатын толығымен ашу үшін ең алдымен оның ішкі құрылымына сөздің семантикасына назар аударылады. Сөздің ішкі құрылымынан лексемалардың мағына негізділігі, яғни сөз мағынасының уәжділігі немесе уәжсіздігі осыдан туындайды. Күрделі атаудың ішкі мағыналық құрылымы мен лексикалық мағынаның арасындағы тәуелділік бола ма, болса ол қандай дәрежеде деген мәселенің де басын ашу қажеттігі туындайды. Сөздің ішкі мағыналық құрылымы лексикалық мағынамен және тілдің сыртқы тұрпатын жалғастыратын қуатты көзі. А.А. Потебняның ойтүрткісінде: «Внутренняя форма слова, произнесенного говорящим, дает направление мысли слушающего, но она только возбуждает этого последнего, дает только способ развития в нем значений, не назначая пределов его понимания слов», – делінген [4, 140].

Нәтижелер

Сөздің ішкі мағыналық құрылымы әр кез оның мағынасын анықтауға мүмкіндік бере бермейді. Осымен байланысты сөздің ішкі мағыналық құрылымына уәжділік қызметі тән, ол ішкі мағыналық қабаттарының жаңа лексемалар қалыптастыруын негіздейді. Сондықтан ішкі мағыналық құрылымды – лексикалық бірліктердің уәжділік негізі деп қараған дұрыс. Сөздің мағыналық ішкі құрылымы – лексикалық бірліктердің уәжділік негізі. Олай болса, сөздің ішкі мағыналық құрылымынан күрделі атау мағынасының қалыптасуының ашық я жасырын болып жіктелуі шығады да, бұл туынды лексикалық бірліктерге тән эксплицитті немесе имплицитті ерекшелікті білдіреді, ал туынды бірліктердегі уәжділікті сыңарлардың мағынасына сәйкес келу қасиетін көрсетеді. Мәселен, *өлара* деген күрделі атаудың жасалуында *өлі* және *ара* дегендердегі екі мағыналық сыңар қатысады, бірақ осы лексемада дәл уәжділік байланысы: *өлі* мен *ара* сыңарының арасында бірден уәжділік бар деу қиын, демек, екеуінің мағынасы жаңа мағынамен сәйкес келіп тұр деп айту қателік болар еді. Э.В. Севортян түркі туыстас тілдердегі **ара* сөзінің он екі түрлі мағыналық өрісін көрсетеді: 1. *Промежуток, расстояние, пространство; место; интервал; цель; межа*. 2. *Середина, этап*. 3. *Промежуток*. 4. *(взаимо) отношение*. 5. *Помощь, посредник. Цель*. 7. *Одновременность т.б.* [10, 162-163]. Сонда күрделі атаудың лексикалық мағынасы 2-ші, 3-ші мағыналық өріспен сәйкес келеді. Сол себепті күрделі атаудың дефинициясын түсіндіруде *ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, уақыт, түн қараңғылығы* (ҚТС) мағынасы алынған. Олай болса, ішкі мағыналық құрылым мен уәжділіктің сәйкессіздігі, әсіресе, күрделі атаулардың сыңарларындағы *тура* мағыналардың *ауыспалы* мағыналарға көшуіне байланысты. Қазақ тіліндегі бұл құбылыс күрделі атаулардың тұлға жағынан да, мағына жағынан да даму шеңберінің кең өрісін танытады. Күрделі атаулар сыңарларының лексикалану үрдісінде *мағыналық жіктелу* – (үнемі мағынаның сәйкес келмеуі) ішкі мағыналық құрылым мен уәжділік бір ұғым емес және ол мағыналық өзгеріспен байланысты құбылыс. Сөзжасамдағы идиомалануда ішкі мағына тасаланады, жасырын күйге көшеді, синхронды тұрғыдан талдағанда күрделі лексемалардың мағынасы сыңарлардың *тура* мағынасынан шықпайтынды, күрделі атаудың мағынасы сыңарлардың біртұтас *жиынтығынан* шығады. Күрделі аталымдардағы ішкі мағына – олардың сыңарларының *тура* мағынасының жиынтығы, *таңбалаушы белгілердің* көрсеткіші, яғни атаудың құрылымындағы *ауыспалы* мағыналардың немесе туынды мағыналардың бір-бірімен байланысы. Бұлардың арасындағы айырым белгілерінің негізінде туынды лексемалардағы эксплицитті және имплицитті мағыналарды айқындауға, талдауға мүмкіндік туады. Оның ең басты қызметі – нақты денотаттық мағынаны айқындауда бағыт сілтеу, ең бастысы, мағынасындағы ерекшелікті көрсету. Мысалы, *қам-қапа, қансонар, қызыласық, алагеуім/алагөбе, алабота, дарбаза, байқұс//байғұс* <

бай//би+іуш > биқуш: безумный, - несчастный; бай//би: отсутствие, іуш: ум, разум; рассудок; сознание. қам-қапа Қ. хам: п. 1. Сырой, недоваренный; 2. Неопытный. – сырой, незрелый, неспелый; ҚҚ. хам: а. ғамм: 1. Печаль, скорбь; 2. Духота, зной/ – забота, беспокойство. ҚҚ. хам + қапа (хәфә удущение; обиженный, сердитый) – печальный, унылый, душный [11, 55-155]. Бұл үрдісті шешу, айқындауға лексеманың архисемасын терең зерделеуден, мағыналық өрісіне диахрониялық талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады. Ол түпнегіздегі мән-мағынаға байланысты шешіледі. Күрделі атаулардың идиомалануында ішкі мағыналық құрылым қатысады да, керісінше, уәжілік көмескіленеді де, жасырын күйге көшеді (бұл жерде тілдің синхрондық тұрғысынан айтып отырмыз, кезінде уәжі болып, ол белгілі уақыт өте келе күңгірттеніп, көмескіленіп, біртіндеп ұмыт болған).

Б. Қасым, С. Сәменованың «Қазақ тіліндегі менталді лексиканың фреймдік құрылымы» атты мақаласында сөздің түбірдегі мағынасы келесі жасалатын туынды сөздердің жасалуына арқау, себепші болатындығы талданған. Себебі қазақ және басқа түркі тілдеріндегі туынды етістіктердің лексика-семантикалық топтарын салыстыра сараланғанда тілдік деректердің мағыналық сәйкестігі анық көрінеді. Қазақ тіліндегі етістіктердің мағыналық, функциялық, эмоционалдық-экспрессивтік сипаттары негізінде олардың мағыналық өрісін талдау арқылы көз жеткізуге болады. Бұл етістікті семантикасын топтастыруда ең негізгі ұстаным ретінде әр сөздің өзіндік ерекшелігі, белгілері, контекстегі мағынасы, қызметі, функционалдық қолданысын ажыратуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан келгенде етістіктің негізгі ерекшелігі оның семантикасынан анық байқалатындығына ерекше назар аударады [12].

Қорытынды

Күрделі лексикалық бірліктердің *ішкі мағыналық құрылымы* сыңарлардың жай құрылымдық мәні мен мағыналардың жиынтығын ғана емес, оларды құрастырушы сыңарлардың өзара байланысы мен өзара себепші бірліктердің белгілі жүйесін білдіреді.

- Ішкі мағыналық құрылым – күрделі аталымды сипаттайтын негізгі ерекшелігі, сыртқы тұрпат пен мағынаны жалғастырушы дәнекер (көпір) іспеттес. Күрделі атаулардың ішкі мағыналық жағы мен сыртқы тұрпаты арасында байланыс болады және ол лексикалық бірлік ретінде танытатын мазмұн мен тұрпаттың арасындағы табиғи байланысқа негізделеді.

- Ішкі құрылым, лексикалық мағына секілді семантикалық таңбаға жатады. Семантикалық таңбалар мен тілдік емес құбылыстардың: *ішкі құрылым* $\Leftrightarrow$ *мазмұн* $\Leftrightarrow$ *бейне* $\Leftrightarrow$ *референт* $\Leftrightarrow$ *дыбыстық айтылуы* мен заттың арасындағы атаудың бейнесі (яғни акустикалық бейне заттың өзіне тән атаулық таңбасы қызметін атқарады) арасындағы қарым-қатынастардан туындайды. Бірінші кезекте, күрделі лексикалық бірліктер құрылым, құрам тұрғысынан емес, жадыда тек мағына арқылы сақталады, сол арқылы айқындалады. Адам санасында ішкі мағыналық құрылым өзінің ізін қалдырады. Біріншіден, адам затты елестетеді (мағыналық жағы), екіншіден, оған себепші, ішкі мағыналық жағы арқылы атауды қалыптастырады.

- Ішкі мағына лексикалық мағына мен сыртқы тұрпаттың арасын жалғастырушы дәнекер ретінде қолданылады. Сондықтан *ішкі мағына* күрделі лексикалық бірліктердегі уәжіліктің негізі болып саналады. Демек, күрделі атаудың лексикалық мағынасының қалыптасуына ішкі мағыналық құрылым негіз болады.

Қазақ тілінің сөздік қорындағы байырғы сөздердің басым көпшілігі күрделі атау жасауға икемді және генетикалық байланысы барлығын көруге болады. Сондықтан, күрделі аталымның жасалу, даму жолдарын тұтас, кешенді түрде алып, сыңарлардың уәжілік арақатынасына қатысты зерделеу негізгі міндет болып саналады. Әрине, біздің мақсатымыз – бұл тілдік категориялар мен ұғымдардың күрделі лексикалық бірліктерді қалыптастыруда семантикалық мәні мен атаулық ерекшеліктерін айқындау. Сондықтан

ішкі мағыналық құрылым тура немесе жанама түрде болса да уәжділік мәселесіне қатысы бар және лексеманың семантикалық қырын айқындауда, нақтылауда, ерекшелеуде қызметі зор. Туынды сөздерді когнитивті-семантикалық аспектіде талдау, таным мен уәждемелік мәнге ие тілдік бірліктердің ассоциативті семантикалық өрісін анықтау ұлттық дүниетаным негізінде мәдени кодтарын түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным. – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 283 б.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 397 с.
3. Мартине А. Принцип экономии в языке // Новое в лингвистике. – М., 1963, Вып. 3. – 532-536 с.
4. Потебня А.А. Слово и миф. – М.: Правда, 1989. – 622 с.
5. Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. – М.: Наука, 1959. – 421 с.
6. Современный русский язык. Словообразование. Морфонология. Морфология. – Минск: Плогпресс, 1998. – 543 с.
7. Ганиев Ф.А. Способы и типы образования сложных слов в современном татарском языке // СТ., 1983, № 2. – С. 48-59.
8. Кияк Т.Р. Мотивированность лексических единиц. – Львов: Вища школа, 1988. – 160 с.
9. Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. – 168 с.
10. Севортян В.Э. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1978. – 767 с.
11. Рустемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабо-иранских заимствованных слов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 320 с.
12. Қасым Б.Қ., Саменова С.Н. Қазақ тіліндегі менталді лексиканың фреймдік құрылымы // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, №1(109) 2023. – 46-54 б. (ағылшын тілінде). – Қарағанды, 2023.

References

1. Kasym B. Complex name formation: cognitive-discursive approach. – Almaty: IP Volkova A.V., 2010. – 283 p.
2. Humboldt V. Scientific works on language. – M.: Progress, 1984 – 397 p.
3. Martine A. The principle of Economics in language // New in linguistics. – M., 1963. – 532-536 p.
4. Potebnya A.A. Word and myth. – M.: Pravda, 1989. – 622 p.
5. Vinokur G.O. Detailed works in Russian language. – M.: Nauka, 1959. – 421 p.
6. Modern Russian language. Word formation Morphonology. Morphology. – Minsk: Plopress, 1998. – 543 P.
7. Ganiev F. A. Topics and types of education in modern Tatar English // St. 1983, No. 2. - pp. 48-59.
8. Kiak T. R. Motivation of lexical unity. - Lviv: Vishcha school, 1988. - 160 p.
9. Kaliyev B. Lexico-semantic and morphological structure of the title in the Kazakh language. – Almaty: School, 1996 – 168 p.
10. Sevortyan V. E. Etymological Dictionary of the Turkic language. – M.: Nauka, 1978. – 767 p.

11. Rustemov L.Z. Kazakh-Russian language Arabic-Iranian borrowed Slov. – Alma-Ata: School, 1989 – 320 pp.

12. Kasym B. K., Samenova S. N. Frameworks of mental vocabulary in the Kazakh language structure // Bulletin of Karaganda University. Philology Series, No. 1 (109) 2023. - pp. 46-54 (in English). – Karagandy, 2023.

B. Kassym¹, G. Suambekova²

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

²*Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru)

Internal Meaning Structure of Derivative Words

Abstract. The article examines the semantic structure of derived words. The semantic structure of the word is considered to be a sign that shows the individuality of the language. The main method of internal semantic structure is the definition of the concept and the concept that connects the units between the internal meaning of the word and the external form. That is the only way to understand the integrity of the name. And it is distinguished that the name is formed on the basis of the internal meaning structure with the participation of the motivational process. The internal structure – the essential semantic feature of the name is analyzed. It is concluded that the internal meaning structure is the basis for the name – image. In order to fully reveal the nature of the creation of a name, attention is paid to its internal structure and the semantics of the word. From the internal structure of the word, the meaning validity of lexemes, motivation or lack of motivation of the meaning of the word comes from this.

Keywords: Internal meaning structure, national worldview, motivation, derived word.

Б. КАСЫМ¹, Г. СУАМБЕКОВА²

¹*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

²*Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Алматы, Казахстан*

(E-mail: bkasym_gosyaz@mail.ru)

Структура внутреннего значения производных слов

Аннотация. В статье рассматривается семантическая структура производных слов. Семантическая структура слова считается признаком, показывающим индивидуальность языка. Основным методом внутренней семантической структуры является определение понятия и понятия, связывающего единицы между внутренним смыслом слова и внешней формой. Только так можно понять целостность имени. При этом различают, что имя формируется на основе внутренней смысловой структуры при участии мотивационного процесса. Анализируется внутренняя структура слова – сущностный смысловой признак имени. Делается вывод, что в основе имени-образа лежит внутренняя смысловая структура. Чтобы полностью раскрыть природу создания имени, обращают внимание на его внутреннюю структуру и семантику слова. Из внутреннего строения слова вытекает смысловая обоснованность лексем, мотивированность или немотивированность значения слова.

Ключевые слова: Внутренняя форма структуры, национальное мировоззрение, мотивация, производное слово.

Автор туралы мәлімет:

Қасым Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-5375-387X.

Суамбекова Г. – аға оқытушы, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0005-8946-8578.

Information about authors:

Kassym B. – Doctor of Philology, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-5375-387X.

Suambekova G. – Senior Lecturer, Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0005-8946-8578.

Сведения об авторах:

Касым Б. – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-5375-387X.

Суамбекова Г. – старший преподаватель, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0005-8946-8578.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

А.О. Ақжігітова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: akkibat.kaznu@mail.ru)**М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі
есімшелер және олардың адъективтенген, заттанған тұлғалары**

Аңдатпа. Қазақ тілінің қалыптасып, даму тарихын зерттеуде көне, орта түркі ескерткіштерінің алатын орны ерекше. М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі тілдік тұлғаларды зерттеу, зерделеу – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл еңбек әдебиет, тарих төңірегінде кеңінен зерттелгенімен, лингвистикалық, қазақ тіл білімі теориясы тұрғысынан толық зерттеліп болған жоқ. Сондықтан бүгінгі мақаламызда М. Қашқари «Сөздігіндегі» есімшелер және олардың адъективтенген, заттанған тұлғалары талданды. Бұл тақырып қазақ тіл білімінде алғаш рет сөз болып отыр. Мақаланың негізгі мақсаты – орта түркі жазба ескерткіші саналатын М. Қашқаридің «Сөздігіндегі» есімшелерге тоқталып, олардың заттық, сындық мәнін, қолданыста берілу жолдарын анықтау. Осы мақсатқа жету жолында мақалада ХІ ғасырда қолданысқа түскен есімшелер тобы тарихи грамматика негізінде жүйеленіп, предикаттық және атрибуттық мәндері анықталды.

Түйін сөздер: М.Қашқари, «Диуани лұғат-ит-түрк», етістік, есімше, адъективация, субстантивация, сөзжасам

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

ХІ-ХІІ ғасырлардағы орта түркі ескерткіштерде етістіктің ірі сөз табы ретінде ерекшеленіп, тіл білімі ғалымдарының назарын аударғаны бәрімізге айқын. Оның себебі сол кездің өзінде етістіктің семантикалық және функционалдық қызметі, етістіктің шақ, рай, етіс, жақ категориялары мен ерекше түрлері белсенді қолданыста болды. Ғалым еңбегінде түрік тайпаларының тілдерін тұңғыш рет салыстырмалы талдау әдісімен түсіндіріп, араб тілін жетік білгендіктен, араб тілінің заңдылықтарына салып, келелі зерттеу жүргізеді. М. Қашқари өзінің кіріспе бөлімінде зерттеу еңбегін сегіз кітапқа жіктегенін, тек қолданылатын сөздер тізбегін назарға алғанын айтады. Түрік (түркі) тілінің заңдылықтарымен араб тілінің ұстанымдарын қатар қоя отырып, түрік тілінде род категориясы жоқ екенін алғаш жазады. Сондай-ақ, өзі жіктеген әр кітабында «есімдер» мен «етістіктер» деп бөліп қарастырады. Осы тұстан ғалымның тілдегі етістіктердің рөлін, маңызын, ауқымдылығын аңғарып, терең зерттеу жүргізгеніне көз жеткіземіз. Сондықтан орта ғасырдың көрнекті өкілі, лингвист ғалым М. Қашқаридің «Сөздігінде» етістіктердің жақтары, шақтары т.б. категориялары ғылыми түрде көрініс табуы заңды.

М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігі дүние жүзі ғалымдарының назарын ертеден-ақ аударған. Атап айтқанда, неміс ғалымы К. Броккельман алғашқылардың бірі болып аталмыш еңбекті зерттеуде үлкен үлес қосса, түрік ғалымы Бесім Аталай түрік тіліндегі ғылыми аудармасын жасап, зерттеушілердің негізгі аударма ретінде ден қоятын бірден бір басылым нұсқасы ретінде танылды. Ал қазақ тілінде А. Егеубаев, Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов аударып, М. Қашқаридің басқа да еңбектерін халыққа ұсынғаны белгілі.

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегін әртүрлі аспектіде зерттеушілер қатары көп. Ал

тілдік тұрғыдан зерттеушілер қатарына В.В. Бартольд, В.А. Гордлевский, Т.А. Боровков, А.Н. Кононов, М.Ш. Шералиев, А.М. Демирчизаде, Т.М. Гарипов, В.И. Асланов, Ш. Шукуров, Х.Г. Нигматов, Ә.И. Фазылов т.б. ғалымдар, қазақ тіл білімінде Н.Т. Сауранбаев, С.А. Аманжолов, А.Н. Ысқақов, Ғ.Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрысжанов, М. Томанов, А.Б. Салқынбай, Б.Д. Шағырова, М.Ә. Жүнісова еңбектерін атауға болады.

М. Қашқари түркі тіліндегі етістіктің өзіндік ерекшеліктеріне, белгілі түр-тұлғасына зер салып, алғаш сөз қозғаған. Соның ішінде етістіктің болымды, болымсыздығы, салт және сабақтылығы туралы кеңінен сөз еткен. Сондай-ақ, шақ категориясының жасалуы мен мезгілдік қатынасы, райы да ғалым сөздігінен айқын көрінеді. «Сөздікте» келтірілген етістіктердің басым көпшілігі жедел өткен шақтың жұрнақтары арқылы берілген. Мысалы, «Сәлім етістіктер кітабында» (ауд. «Екі әріптілер бөлімі») «тапды – тапды: табынды, қызмет етті; тапды: тапты» немесе «шарды – шапды: шапты, жүзді, ұрды, сылады» деген жедел өткен шақтың формасын көруге болады [1]. М. Қашқаридің айтуы бойынша, кейбір тайпа, руларда -дуқ/-туқ жұрнақтары жақтық, көптік тұлғамен байланыссыз өткен шақтық тұлғаны білдірген. Ал келер шақтың басты көрсеткіші ретінде -р жұрнағы аталады. Ал етістіктің осы шағы мен нақ осы шағы туралы көп мәлімет берілмеген. Бірақ айта кететін мәселе, сол тұста шақтық қолданыс сирек болғандықтан, ғалым «шақ» терминін пайдаланбаған. Етістіктің шақ категориясы туралы мәліметтің толық болмауы сондықтан болса керек.

Ал бүгінгі мақаламыздың тақырыбына арқау болған етістіктің ерекше түрі болып саналатын есімшелер туралы «Түрік сөздігінде» азды-көпті ақпарат берілген. Бірақ көсемше формаларына қатысты пікір жоқтың қасы. Ғалым есімше туралы сөз қозғағанда, оның осы бапта және өзге баптардың барлығында білдіретін мағынасына қарай бес түрге бөлінетінін айтады. Автор «шақ» терминін қолданбағандықтан, «бап» деп қолданғанын да айта кету керек. Өткен шақтық есімшенің «істің ұзаққа созылатын, дүркінділік мән» беретін сипатын, істің тындырылғанын білдіретін сипатын, келер шақтық есімшенің іс-әрекеттің мақсатты, ниетті түрде орындалатынын айтқан. М. Қашқари атаған өткен шақ есімшесі қазіргі қазақ тілінде -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары ретінде қолданылады. Еңбекте «Күлген ер: Күлген ер» деген мысалмен беріледі [1]. Осы тұста ғалым М. Томанов -ған жұрнағын этимологиялық жағынан құранды екенін айтады. Ғалымның айтуынша, жұрнақтың алғашқы компоненті -ға – қимыл есім тұлғасы екенін, ал -н ежелгі дәуірде өткен шақты білдірген қосымша екенін айтады [2].

Сөздікте қолданылатын өткен шақ есімшесінің бір түрі -мыш, -міс жұрнақтары арқылы жасалады. Ол болжам немесе баяндау мәнін береді. Сөздікте «Құрмыш жа: Құрмыш иа – құрулы садақ» деген мысал келеді [1]. Қазіргі қазақ әдеби тілінде бұл қосымша жоғалып кетпегенімен, сирек қолданысқа ие. Бұл турасында М. Томанов: «Қазақ тілін –мыш формантына тән барлық мән-мағына –ған формантына ауысқан кезде –мыш реликт есебінде қазіргідей позицияда қалып қойған деп қарауға әбден дәлел бар. Қалай болғанда да, қазақ тіліндегі –мыш тұлғасының осы қолданысы бір жағынан көне түркілік қолданыспен, екінші жағынан қазіргі чуваш тіліндегі қолданыспен тығыз ұштасып жатады. –мыш біздің қазіргі тілімізде жеке сөздер құрамында ғана сақталған: тұрмыс, жазмыш, озмыш, болмыс, тарамыс тәрізді сөздер құрамындағы осы тұлға. –Мыш тұлғасы өзінің бұрынғы мағынасында қазіргі оңтүстік-батыс тілдерінде ғана сақталған», - деп пікір білдіреді [2]. М. Қашқаридің еңбегі арқылы сол дәуірде –ған мен –мыш тұлғаларының арасында белгілі бір дәрежеде айырмашылық болғаны байқалады.

Ал есімшенің -р жұрнағы кей жағдайда осы шақтың, кей жағдайда келер шақтың қызметін атқарғанын аңғаруға болады. Бұл туралы М. Қашқари: «Бірінші жақтан бағытпап: барырман – барармын болады» деп көрсетеді де, оғыз және түрік қолданысындағы ерекшеліктерге тоқталады [1].

Сондай-ақ, «Сөздікте» -ғай, -гей, -қай, -кей жұрнақтары келер шақ тұлғасында

жұмсалған. Бұл тұлғалар қазіргі қазақ тілінде белсенді қолданыста болмаса да, әлі күнге дейін сақталған. Ескерткіш тілінде «Ол ја қиғаж: Ол иа құрғай – Ол садақ құрады; Ол сут сақаж: Ол сүт сақай – Ол сүт сауады» деген сияқты бірнеше мысалдарды көруге болады [1].

Ғалым Б.Ш. Дәуітбекқызы өзінің ғылыми еңбегінде ескерткіш тілінде етістіктің есімше түрі көп кездесетінін айта келе, оның алты түрлі формасына тоқталады. Соның ішінде біз жоғарыда сөз етпеген «-ғу, -ғу, -ку, -ағу: иорығу – жүретін, иенігу – туатын, тұтырғу – тұтатын; -дачы/-тачы, -ғчы/-гчі, -ғлы/-глі: бардашы – барушы, турдашы – тұрушы, құрғушы – құрушы, сувғаруғшы – суарушы» деген тұлғаларды да қоса сөз етеді [3]. Сонымен қатар, ғалым «Сөздіктегі -ған формасы зат есімге анықтауыштық мағынада жиі жұмсалады, себеп-салдарлық, субъект-объектілік қызметте жұмсалуды сирек» дейді де «-мыш, -міш атрибуттық позицияда объектілік-субъектілік мағынадағы сөздерге анықтауыштық қызмет атқарады. Субстантивтік қызметте жиі жұмсалады» деп пікір білдіреді [3]. Ал ғалым М. Томанов өз еңбегінде есімшелер мен көсемшелердің етістік мәнді де, есім мәнді де қабылдайтынын айта келе, былай дейді: «Қимыл есімдерінің кейбір түрлері қолданылу процесінде субстантивтер мен адъективтерге айналып кетті, біразы вербализацияға ұшырады. Вербализацияға ұшырағандар біздің бүгінгі тілімізде есімше деп ұғынылатын топтар; -ғалы тәрізді бірен-саран тұлғалар ғана көсемшеге айналды. Ал субстантив пен туруп (түр етістігінің есімше тұлғасы) етістігінің тіркесі жаңа дәуірде осы процеске ұшыраса, жатыс жалғаулы қимыл есімдерінің вербализациясы біздің заманымызда қалыптасқан құбылыс: жеңудеміз, жетудеміз т.б.» [2].

М. Қашқари еңбегінде есімшенің заттануы сирек кездеседі. Дегенмен, сөздікте «Ол іккі тауар сатышған алышқанлар ол – Ол екеуі тауар алысып-сатысқандар ол». Бұл жерде алысып-сатысқандар етістіктері қосарланып, заттық мәнде жұмсалып тұрғанын байқаймыз. Ескерткіш тілінде есімшенің -ған, -ген формалары көп кездеспейді. Есімше жұрнағының бұл түрі ХІ ғасырда қимыл атауын білдірумен қатар заттық, сапалық сипатты білдіретін атрибуттық қызмет атқарған. Осы ерекшелікті байқаған ғалым М. Қашқари есімшені етістіктен бөлек беріп, «істелген істер аса көп, үзіліссіз болып жатқандығын білдіретін айрықша сөздер» деп атайды [1].

Есімшенің заттануға бейім тұратын формаларына -мыш, -міш тұлғасын жатқызамыз. Аталмыш тұлға екі жақты белгіге ие: предикаттық және атрибуттық. Бұл жұрнақтың екі түрлі мәнде жұмсала алатынын М. Қашқари өз еңбегінде мысалдармен дәлелдеген. Мәселен, есімдердің алдында келсе, анықтауыш болатыны, ал өткен шақ мәнінде жұмсалса, баяндауыш қызметін атқаратынын мысалдар арқылы көруге болады. Мысалы, баяндауыш қызметінде «Озақы білге анша аймыш – Өткен даналар солай айтқан» деп өткен шақ мәнін білдірсе, «Пітміш башығ қартады (біткен жараны тырнады), кешміш үдзүк іртеді (өткен уақытты іздеді)» деген сөйлемде есім сөздің алдында келіп, анықтауыштық мәнде жұмсалған. Сондай-ақ еңбекте осындай анықтауыштық мәнде жұмсалған есімшелердің бірнеше мысалын кездестіруге болады:

«Седзреміш олғұн қойақ (Піскен қонақ сиреді),
Сармамыш сүттен қайақ (Сүттен қаймақ сүзілді)»;
«Алм Қалмыш табар адзынның (Басқанікі – қалған мал)
Кірсе қара орұнқа (Кірсең қара орынға)» [1].

«Сөздікте» -мыш, -міш тұлғасының заттық мәнде де жұмсалғанын байқауға болады. Мәселен, «Тылын түгмішні тышын иазмас – Тілмен түйінген тіспен жазылмас» деген мысалдан «түгмішні» сөзінің заттанып тұрғанын байқаймыз. Бұл тұлғаның заттану құбылысына араласатынын басқа ғалымдар да сөз еткен. Бұл туралы М. Томанов: «Қазіргі тіліміздегі кейбір есімше тұлғаларының қызмет аясының өте кең болуы тілдің тарихи даму барысында болған осындай процеспен байланысып жатады» десе [2], А. Есенқұлов «Орхон-енисей жазбаларында етістік жасайтын -мыс, -міс, -мыш, -міш жұрнақтары

тарихы жағынан алғанда жалпы зат есімге тән жұрнақ. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде ол зат есім жасайтын жұрнақ ретінде осы күнге дейін сақталған көне жұрнақтардың қалдығы. Бұл жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер (жазмыш, тұрмыш, тарамыс, болмыс т.б.) қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде, негізінен бір мағынада қолданылады. Ескерткіштерде –мыш жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздер етістік және есімшенің өткен шағын жасайды» деген пікір білдіреді [4, 209-210].

Бұл тұлғалардың заттануы мен сындануына қатысты ғалым Ж. Сарбалаев: «Қимыл есім тұлғаларын жасаған қосымшалардың тағы бір тобы субстантивация, прономинализация, абъективация процестеріне ұшырап, аталған сөз таптарында сөз жасағыш тұлғалар болып қалыптасты. Мысалы, қазақ тіліндегі баспақ, ілмек, оймақ, батпақ, қақпақ, жалпақ, имек, құймақ тәрізді есім сөздердің құрамындағы –мақ тұлғасы аффиктивтенген немесе субстантивтенген қимыл есім тұлғасы болып табылады» деп пікір білдіреді [5, 156].

Сонымен қорытындылай келе, мақалада М. Қашқари еңбектеріндегі есімшелердің тұлғаларын анықтап, олардың заттық және сындық сипатта жұмсалудың сөз еттік. Атап айтқанда, есімшенің –ған/ген, -мыш/-міш формаларының заттық мәнде жұмсалудың сөздіктен нақты мысалдар арқылы келтірдік. Есімшелердің аффиктивтенген тұлғалары сөздікте көп кездескенімен, мақаланың көлемін ескеріп, бірнешеуіне мысал келтіре отырып, талдау жасадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1- том / Аударған А.Егеубаев. – Алматы: Арда, 2017. – 592 б.
2. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – 2-бас. – Алматы : Мектеп, 1988. – 264 б.
3. Шағырова Б.Д. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі және қазіргі қазақ тіліндегі етістік категориясы: Филология ғыл.канд.диссерт. – Алматы, 2004. – 143 б.
4. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Қазақ ССР Ғылым академиясы; Тіл білімі институты. – Алматы, 1976. – 239 б.
5. Сарбалаев Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі конверсиялық тәсіл және аффиктивация. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 224 б.

References

1. Kashgari M. Turik sozdigi. [Turkish dictionary. Volume 1 / Translated by A. Yegeubai] Almaty: Arda+7, 2017. – 592 p. (In Kazakh)
2. Tomanov M. Kazak tilinin tarihi grammatikasy. [Historical grammar of the Kazakh language]. – 2nd ed. – Almaty: Mektep, 1988. – 264 p. (In Kazakh)
3. Shagyrova B.D. M. Qashkaridin «Diwani lugat-it-turk» enbegindegi jane qazirgi qazaq tilindegi etistik kategoriyasy [Category of the verb in M. Kashgari's Diwani Lughat-at-Turk and in the modern Kazakh language]. – Almaty, 2004. – 143 p. (In Kazakh)
4. Yesenkulov A. Kone turki zhazba eskertkishterindegi kosymshalar. [Supplements in ancient Turkic inscriptions. Academy of Sciences of the Kazakh SSR; Institute of Linguistics]. – Almaty, 1976. – 239 p. (In Kazakh)
5. Sarbalaev Zh. Kazirgi kazak tilindegi konversiyaliq tasil zhane adektivatsiya. [Conversion method and adjectivation in the modern Kazakh language. Monograph]. – Almaty: Arys, 2013, 224 p. (In Kazakh)

A.O. Akzhigitova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: akkibat.kaznu@mail.ru)

Participles and their adjectivised, substantivised forms in the work

***Diwani Lughat-at-Turk* by M. Kashgari**

Abstract. In the study of the history of the formation and development of the Kazakh language, ancient and middle Turkic monuments occupy a special place. The study and analysis of linguistic forms in the work of M. Kashgari «Divan lugat at-turk» is one of the urgent tasks today. Although this work has been widely studied in the literary and historical context, it has not yet been fully studied from the point of view of linguistics and the theory of Kazakh linguistics. Therefore, this article analyzes the participles in the «Dictionary» of M. Kashgari, as well as their adjectival and substantivized forms. This topic is considered for the first time in Kazakh linguistics.

Keywords: M. Kashgari, Diwani Lughat-at-Turk, verb, participle, adjectivisation, substantivisation, word formation

А.О. Ақжигитова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: akkibat.kaznu@mail.ru)

Причастия и их адъективированные, субстантивированные формы в труде

М. Кашгари «Дивани лугат-ит-тюрк»

Аннотация. В исследовании истории формирования и развития казахского языка особое место занимают древние и среднетюркские памятники. Изучение и анализ языковых форм в труде М. Кашгари «Диван лугат ат-турк» являются одной из актуальных задач на сегодняшний день. Хотя этот труд был широко исследован в литературном и историческом контексте, он еще не был полностью изучен с точки зрения лингвистики и теории казахского языкознания. Поэтому в данной статье проанализированы причастия в «Словаре» М. Кашгари, а также их адъективированные и субстантивированные формы. Эта тема впервые рассматривается в казахском языкознании.

Ключевые слова: М. Кашгари, «Дивани лугат ат-тюрк», глагол, причастие, адъективация, субстантивация, словообразование.

Автор туралы мәлімет:

Ақжігітова А.О. – PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-7336-214X

Information about authors:

Akzhigitova A.O. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-7336-214X.

Сведения об авторах:

Ақжигитова А.О. – PhD докторант, кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан 0000-0001-7336-214X

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ж.А. Абитжанова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: abitzhanova.zhanar@mail.ru)**Метафораға негізделген фразеологизмдер
(Ж.Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы негізінде)**

Аңдатпа. Бұл мақалада Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасы тіліндегі метафоралық фразеологизмдер қарастырылады. «Құтадғу білік» тіліндегі фразеологиялық бірліктердің жасалуы, ең алдымен, метафоралық қайта ойлаудан туындаған терең мағыналық процестердің нәтижесі. Тілдегі метафораның жасалу механизмі фразеологизмдермен жалғасып, одан әрі дамиды.

Түйін сөздер: метафора, фразеология, семантикалық процесс, сөз мағынасы, лексикалық мағына

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Тілде метафора ойдың дамуына, семантикалық процеске серпіліс беріп, көмескіленеді, өз бейнелілігін жоғалтады. Ол біртебірте күнделікті қолданыстағы сөз мағынасына айналады. Оның метафоралық қасиеті жойылады. Метафора құбылысының сөздің мағынасында орын тепкені соншалық, метафораның негізінде туған қосымша мағынаның көп жағдайда ауыспалы мағына екені бірден аңғарыла бермейді [1, 12 б.]. Тілдік семантиканы дамытудың аса маңызды тәсілі – сөз мағыналарының метафоралық ауысуы.

Тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрамы, бір ұғым аясы метафораның қызметі арқылы кеңі түседі. Сөздің метафоралануы арқылы сөз саны өспегенімен, мағына аясы көбейіп, сөз мағынасы дамитыны анық. Көптеген тіл қабаттарының шығу көзі – метафора. Мысалы, метафораға негізделіп фразеологизмдер жасалады: мойынға жүк болу / *bojnum üzä boldi juk*. Мысалы, мына жолдарда көрініс тапқан: *tegüdüñ meñä sen qamuY eggülük / munuñ sücri bojnum üzä boldi juk* ты доставил мне все блага, отблагодарить за них легла бременом на мою шею (QBN 229₁₁) [2, 629 б.].

Сөзде бір, кейде бірнеше лексикалық мағына болады және олар пайда болу тәсілі жағынан әр түрлі келеді. Академик В.В. Виноградов сөздердің лексикалық мағыналарын үш түрге бөледі. Олар: 1) лексикалық атауыш мағына (жеке тұрғандағы); 2) фразеологиялық байлаулы мағына; 3) синтаксистік шартты мағына. Сөз мағыналарының екінші түрі – фразеологиялық байлаулы мағына. Ол сөздің тұрақты тіркес құрамында ғана пайда болатын мағынасы.

Б. Қалиев, А. Жылқыбаеваның «Сөз мағыналарының негіздері» (2002) атты оқу құралында фразеологиялық байлаулы мағынаға мынадай анықтама береді: «фразеологиялық байлаулы мағына дегеніміз – сөздің белгілі бір шақтаулы сөздермен тіркесуінен ғана пайда болатын лексикалық мағынасы. Мұндай сөздер кез келген сөзбен емес, санаулы сөздермен ғана тіркесіп, фразеологиялық байлаулы мағына туғызады» [3, 31-32 бб.]. Авторлар фразеологиялық байлаулы мағынаға қасқа жол, қасқа бұлақ тұрақты тіркестеріндегі қасқа сөзінің мағынасын жатқызады. Сондай-ақ ғалымдар мынаны ескеру керектігін айтады: «сөздің фразеологиялық байлаулы мағынасын идеома-

фразалардың мағыналарымен шатастыруға болмайды. Сөздердің фразеологиялық байлаулы мағынасы – лексикалық (сөздік) мағына, ал идеома-фразеологизмдердің мағынасы – фразеологиялық мағына. Соңғы мағына тұрақты сөз тіркесінің құрамына кіретін барлық сөздердің негізінде жасалса, фразеологиялық байлаулы мағына тек бір сөздің келесі сөзбен тұрақты тіркесі негізінде ғана жасалады [3, 32 б.]. Мысалы, «Құтадғу биликте» мынадай жол бар: *anunmīš turur bu ölüm tarmaqı* (уже) нацелились когти смерти (QVK 367₂). Мұндағы *ölüm tarmaqı* / өлім тырнағы метафораға негізделген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *tarmaq*/тырнақ сөзі «озбыр, күшті» деген фразеологиялық байлаулы мағынада қолданылып тұр. Қазіргі қазақ тілінде тырнақ сөзіне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: Тырнағына тұрмады (татымады) – деңгейіне келмеді; Тырнағын батырды – зорлық көрсетті, күштеді; Тырнақ астынан кір іздеді – бәле қуды, жаманшылық іздеді [4, 668 б.].

«Құтадғу биликтің» 333₇ жолында *ersä küz*/күз келсе метафораға негізделген тұрақты тіркесі орын алған: *jašīŋ qırqta kečsä kün aj ersä küz / isig neŋ bilsä sen özün täbi tüz* когда тебе перевалит за сорок и настанет осенняя пора (твоей жизни), / ты поддерживай свой организм горячим (QBN 333₇). *Ersä küz*/күз келу тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы *küz*/күз сөзі «кәрілік» деген фразеологиялық байлаулы мағынаға ие. Қазіргі қазақ тілінде күз сөзіне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *Күзге салым* – күз түсер шақта, күзге қарай; *Күзем алды* – күздігүні қойды қырқып, жүнін алды; *Күзем жүн* – қойдың күзгі қырқылған жүні; *Күзем үсті* – қойдың күзгі қырқымы кезі [4, 334 б.].

Šäkärdä(n) süčigräk söz/шекерден тәтті сөз метафораға негізделген тұрақты сөз тіркесі «Құтадғу биликтің» мына жолында көрініс тапқан: *Šäkärdä(n) süčigräk söz idīm saŋa / я послал тебе слово слаще сахара / саған шекерден тәтті сөз жібердім*. Мұндағы *tätti* сөзі «жағымды» фразеологиялық байлаулы мағынада тұр. Қазіргі қазақ тілінде *tätti* сөзіне қатысты фразеологизмдер мыналар: *Тәтті аузының дәмін кетірді* – өз қадірін өзі кетірді, жек көрінішті болді; *Тәтті тамыр* (түбір) – қант қызылшасының жемісі; *Тәтті тіл* – жанды еріткен жақсы сөз, әңгіме; *Тәтті ұйқы* – тырп етпей, рақаттана ұйықтаған ұйқы [4, 626 б.].

Сөзге қатысты *söz üz* / *söz üz* метафораға негізделген тұрақты сөз тіркесі «сөйлемей» мағынасында «Құтадғу биликте» қолданылған: *özün sen uqa bar özüm söz üzär* сам пойми (это), я замолкаю (QBN 321₇) [2, 511 б.]. Бұл жерде *üz*/үз «тоқтату» фразеологиялық байлаулы мағынасында тұр. Қазіргі қазақ тілінде *üz* сөзіне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *Қара үзді* – көзден таса болды, ұзап кетті; *Тепсе, темір үзетін* – күшті, мықты, қарулы [4, 691 б.].

Isig is / ыстық ic метафораға негізделген тұрақты тіркесі «өнімді, адал ic» деген мағынада «Құтадғу биликтің» мына жолдарында орын алған: *jašīŋ ersä altmīš ögün ersä qīs / isig iška tutııl soŋıq qılma iŝ* если тебе шестьдесят лет и если пришла пора старости (букв. зима), / берись за горячую работу, не делай холодное дело (QBN 333₈) [2, 507 б.]. Мұндағы *isig/ыстық* «өнімді, адал» деген фразеологиялық байлаулы мағынаға ие. Қазіргі қазақ тілінде *ыстық* сөзіне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *Ыстығына күйіп, суығына тоңды* – жақсылық-жамандығын тең бөлісті, ауыртпалығын бірдей көрді; *Ыстық көрінді* – көзіне оттай басылды [4, 763 б.].

«Құтадғу биликте» *kisi köŋli juvqa / kisi көңілі жұқа* метафораға негізделген тұрақты сөз тіркесі кездеседі: *jemä jaqšī aimīš böğü bilgi jarp / kisi köŋli juvqa kügäzmäki sarp* мудрец обладающий прочными знаниями, хорошо сказал: / сердце человека слабое, его сохранить нелегко (QBN 249₅) [2, 489 б.]. *Juvqa*/жұқа сөзі «әлсіз» деген фразеологиялық байлаулы мағынаны білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде *жұқа* сөзіне қатысты фразеологизмдерді кездестіре алмадық. Сондай-ақ «Құтадғу биликтің» 138₁ жолында *könül jirtti / көңіл жыртты* метафораға негізделген тұрақты тіркесі «жүрегін жыртты, қайғырды» деген мағынада орын алған: *könül jirtti jas tökti iki közi* (это) разорвало (его) сердце, и из обоих

его глаз потекли слезы (QBN 138₁) [2, 268 116 б.]. Көңіл сөзіне қатысты фразеологизмдер баршылық: Көңілі алаң болды (алабұртты) – ойы бөлінді, алаңдады; Көңілі ауды (бөлінді, кетті, құлады) – құштар болды, ықыласы түсті; Көңілі бар – ұнатады, сүйеді; Көңілі босады (бұзылды) – қобалжыды, толқыды; Көңілі жабықты (тарықты, қамықты) – қайғырды уайымдады; Көңілі жай (тоқ) – ойында алаңы жоқ; Көңілі жақын – а) еркек пен әйелдің арасындағы жақындық, ә) тату, сырлас; Көңілі жарасты – ұнатты, тіл тапты; Көңілі жарым, (жарымжан) – қайғылы, жарым көңіл; Көңілі қалды (қатты, суынды) – ренжіді, өкпеледі; Көңілі құлазыды – жалғызсырады, зерікті; Көңілін аулады (алдады) – көңілін тауып, ойын бөлді; Көңіліне алды (келді) – реніш білдірді; Көңіліне дақ салды – ренжітті, өкпелетті; Көңіліне қарады – ренжіткісі келмеді; Көңіліне ұнады (жақты, үйлесті) – жаратты, жақсы көрді; Көңілін қалдырды (қайтарды, жықты) – бетін қайтарды, ренжітті; Көңілі соқты (шапты) – тәбеті тартты; Көңілі толмады (тоймады) – ойындағыдай болмады, қанағат таппады; Көңілі түсті – ықыласы ауды, ұнатты; Көңілі хош болды – шатшадыман болды; Көңіл айтты – марқұмның туғандарына жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты; Көңіл бөлді (қойды, бұрды, аударды) – зер салды, ден қойды; Көңіл білдірді – сыңайын танытты; Көңілге қарады – ренжіткісі келмеді; Көңілге қонымды – үйлесімді, ұнамды; Көңілге қуат (медет, медеу) тұтты – іштей жұбаныш етті; Көңілге тоқыды – жақсылап түсінді, ойда сақтады; Көңілге ұялады – орынды көрінді; Көңілдегі жерінен шықты – ойлағандай, диттегендей болды; Көңілді алаң етті – көңілдің тынышын алды; Көңіл жетер – қадір білер, сыйласатын; Көңіл жұбатары – ойға медет тұтары, алданыш етері; Көңіл жыртылады – сөзге келмеді, бетін қақпады; Көңіл көтерді (сергітті) – ойнап-күлді; Көңіл күйі (қошы) – ішкі сезімі, ой дүниесі, зауқы; Көңіл қазы, көз таразы – адал ниет, әділ іс; Көңіл қосты – бірін-бірі ұнатып, ерлізайыпты болды; Көңіл сұрады – ауру кісінің жағдайын, халін білді; Көңіл сүйер – ең жақын дос-жар кісі [4, 326-327 бб.]. Жырту етістігі арқылы жасалған фразеологизмдер де кездеседі: Бетін жырты – ескі әдет бойынша күйеуі өлген әйелдің бетін дал-дал ғып тырнап қатты жылап, жоқтау дәстүрі; Жыртысын жырты – сөзін сөйледі, жоғын жоқтады; Өңешін жырты – бар даусымен айқайлады; Жыртыс жырты – жыртысқа арналған матаны елге үлестірді; Жыртысын жырты – сөзін сөйледі, жоғын жоқтады [4, 264 б.].

«Құтадғу биликте» *közi ač kiši / közi aš kiši* «қызғаншақ кісі» метафораға негізделген тұрақты тіркесі бар: *kamuŋ ač jesä içsä aŋır toŋor / közi ač kiši ölsä ačlıq qoŋur* все холодные, если они едят и пьют то в конце концов насыщаются, / жадного человека голод оставляет (только тогда), когда он умирает (QBN 153₁₁) [2, 321 б.]. Көне түркі тілінде *ač bol* тұрақты тіркесі «қызғаншақ болу» мағынасында жұмсалған. Ол «Құтадғу биликтің» 129₄ жолында болымсыз етістік тұлғасында қолданылған: *jeemisi aŋu ol aŋar bolma ač* плоды (деревы) ядовиты, не будь жадным до них (QBN 1294) [2, 3 б.]. Қазіргі қазақ тілінде *aš* көз тұрақты тіркесі «тойымсыз адам» деген мағынада кездеседі. *Aš* сөзінің семантикалық өрісінде көптеген фразеологизмдер жасалған: *Aš бәледен қаш бәле* – пәледен аулақ жүр, жолама; *Aš бел* – нәзік жіңішке бел; *Aš бүйір* – іші қусырылған, ішіне тартыңқы бүйір; *Aš кенедей жабысты* – ұстаған жерінен айрылмады, қадалған жерінен қан алды; *Aš көз* – ашқарақ, қомағай; *Aš көзденді* – араны ашылып қомағайланды; *Aš күзендей бүгілді* – қаншырдай қатып жарады; *Aš қасқырдай (бөрідей)* – жалақтады, жалаңдады; *Aš құлақтан тыныш құлақ* – бәлесінен аулақ, жайыңа жүр; *Aš өзегіне түсті* – ішкен тамақты көтере алмай әлсіреп қалды; *Ašтан өліп, көштен қалмады* – ел қатарында болды, біреуден ілгері, біреуден кейін болды [4, 59 б.].

«Құтадғу билик» тілінде *sözin kesti/cözін кесті* деген метафораға негізделген тұрақты сөз тіркесі «сөзін тоқтатты, сөйлемеді» деген мағынада қолданылған: *sözin kesti ačtı aŋı qaznaqı / ülädi üküс neңcіjaŋlar haqı* оборвал свою речь, открыл сокровищницу / и оделил многими вещами – милостыней для неимущих (QBN 86₁₀) [2, 17 б.]. Сөз *kesu* тұрақты сөз тіркесінің екі компоненті арқылы да бұл күнде көптеген фразеологизмдер жасалған. Мысалы, сөз

лексемасы арқылы жасалған мынадай фразеологизмдер бар: *Сөз болды* – әңгіме етті; *Сөзге келді* – а) тілдесті, керілдесті; ә) сөз айтуға шамасы келді; *Сөзге қалды (ілікті)* – өсекке таңылды; *Сөзге құлақ қойды (салды, асты)* – айтқанды тыңдады; *Сөзге жеңсік бермеді* – сөзге тоқтамады, өршелене сөйледі; *Сөзді жүндей сабады* – көп сөйледі, бөсті; *Сөздің қысқасы* – тоқ етері; *сөздің дұрысы*; *Сөздің майын тамызды* – сөзді әдемілеп, шебер сөйледі; *Сөз жоқ* – анық, даусыз; *Сөз қонбады (дарымады)* – ұқпады, түсінбеді; *Сөз салды* – араға адам салып пікірін білдірді; *Сөз саптады* – жүйелеп сөйледі; *Сөз тізгінін берді* – емін-еркін сөйлеуге ерік берді; *Сөз ұстар* – айтыс кезінде, айтысушы жақтың атынан сөз сөйлейтін басшы кісі; *Сөз шығарды* – әңгіменің шетін шығарды; *Сөзі аяқ асты болды (далаға кетті, жерде қалды, зая болды)* – айтқанын ешкім елемеді; *Сөзі бір жерден шықты* – айтқандары үйлесе кетті; *Сөзі дуалы (көне)* – айтқаны келетін киелі деген мағынада айтылады; *Сөзі мірдің оғындай* – сөзді жеріне жеткізе айтты; *Сөзінде тұрды* – айтқанын орындады; *Сөзін жерге тастамады* – дегенін екі етпеді; *Сөзінің жаны бар* – айтқаны дұрыс [4, 580 б.]. *Кесу* етістігі арқылы жасалған фразеологизмдер де бар: *Кесіп алса, қан шықпайды* – а) без-бүйрек, қатал; б) түк тамбас сараң; терісі сүйегіне жабысқан арық; *Кесіп өтпеді* – қарсы келмеді; *Кіндік кескен жер* – туған жер; *Пышақ кескендей тыйылды* – жым болды [4, 308 б.].

Til jaz/tıl жаз метафораға негізделген фразеологизмі «Құтадғу биликтің» 67₃ жолында берілген: *ötüg otnü mäs men tilimni jazır* я не могу обратиться к тебе, развязать свой язык (QBN 673) [2, 559 б.]. Көне түркі тілінде тілге қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *til ač* – сөйлей бастау; *til ayız* – тіл ауыз; *til ayız qıl* – өсектеу; *til beküt* – үндемеу, сөйлемей; *til bilig* – діни. сегіз білімнің бірі; *til jaz* – тілге ерік беру, тілді байлау; *til jor* – айту; *til jorit* – айту; *til lafz* – сөз, сөйлеу; *til qačıx* – дәм сезу мүшесі; *til qurıtma* – тоқтаусыз сөйлеу; *til sal* – өсектеу; *til söz* – сөйлеу; *til tar* – өсек; *til tegür* – тіл тигізу, реніш туғызу; *til tid* – сөйлеуде ұстамдылық таныту; *til tidil* – сөйлемей, үндемей; *til uzat* – дауыс көтеру, дәрекілік таныту; *tili kel* – тілге ие; *tilin söz* – ауызша сөз, сөйлеу; *tilkä ilin* – тілге ілін [2; 560 б.]. Ал *jaz* етістігіне қатысты көне түркі тілінде *jaz janıl* тұрақты тіркесі «қателесу, күнәға бату» мағынасында қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде тілге қатысты фразеологизмдер баршылық: *Тіл алғыш* – айтқанды қалтқысыз орындайтын елгезек; *Тіл жетпейді* – сөзбен айтып болмайды; *Тіл табысты* – өзара ұғынысты, түсіністі; *Тіл тигізді* – жаман сөзбен балағаттады, ұрысты; *Тілге ерді* – біреудің сөзіне нанды, сенді; *Тілге жүйрік* – сөзге шешен, шебер; *Тілге тиік етті* – сөзіне сүйеніш, ойына таяныш жасады; *Тілдің майын тамызды (ағызды)* – жағымды сөз айтты, шебер сөйледі; *Тілі ащы* – шайпау, ұлы тілді, ұрысқақ; *Тілі қысқа* – тілге, сөзге олақ, шорқақ; *Тілі мен жағына сүйенді* – әр нәрсені желеу етіп, зар жақтанды; *Тілі мірдің оғындай* – сөзі уытты, ащы, өткір; *Тілі тиді* – жаман сөзбен балағаттады; *Тілін тартпады* – аузына келген сөзін тартынбай айтты, батыл сөйледі; *Тілінен бал тамған* – сөзі майдай, тілі жұмсақ; *Тілінен тартты* – өз сөзінен өзі зиян көрді; *Тіліңді тарт* – сөзді доғар, қысқарт, абайлап сөйле [4, 672 б.].

Kesti urug / ұрық кесті метафораға негізделген тұрақты тіркесі «ұрпағы үзілді, ру жалғастығы жойылды» деген мағынада «Құтадғу биликтің» 196₁₀ жолында орын алған: *uruysuz kisi ölsä kesti uruı* если умрет человек не имеющий потомства (считай, что) он прекратил свой род (QVK 196₁₀) [2]. Көне түркі тілінде *uruı/ұрық* сөзіне қатысты *uruı özlüg*, *uruı qadaš*, *uruı tariı* тұрақты тіркестері «туыс, туысқандар» деген мағынаға ие [2, 615 б.]. *Ұрық* сөзінің метафоралық мағынасының аясында аталған фразеологизмдер жасалған. *Кесу* етістігінің семантикалық өрісінде көне түркі тілінде де мынадай фразеологизмдер жасалған: *qalan kes* – салық кесу [2, 410 б.]; *söz kes* – сөйлемей [2, 511 б.]; *imінč kes* – үміт жоғалту [2, 611 б.]. Қазіргі қазақ тілінде *ұрық* сөзіне қатысты жасалған фразеологизмдерді кездестіре алмадық. Ал *кесу* етістігі арқылы жасалған фразеологизмдер бар: *Кесіп айтты* – тоқ етерін тура айтты, бетін күрт қайтарды; *Баға кесті* – баға қойды, баға белгіледі; *Кесіп алса, қан шықпайды* – а) без-бүйрек, қатал; 2) түк тамбас сараң; терісі сүйегіне жабысқан арық; *Кесіп өтпеді* – қарсы келмеді; *Кіндік кескен жер* – туған жер; *Пышақ кескендей*

тыйылды – жым болды [4, 308 б.].

«Құтадғу биликте» метафораға негізделген *ačitsa tilin* (сөзімен ренжіту), *ačitmış jüzin* (жүзін суық ұстау), *ačit-ayrıt* (ренжіту); *ačıy söz* (қатты сөз) тұрақты сөз тіркестері жұмсалған: *sözün söksä jalıuq ačitsa tilin* когда человек ругает словами и огарчаает речью (букв. языком); *közi qaşı tügmış ačitmış jüzin* нахмурил брови, сделал строгим лицо свое (QBN 44₁₀); *nečä ačidimiz ayrıtdimiz ersär* сколько бы мы ни огорчали (их) [2, 6 б.]; *tügük jüz ačıy söz kisig tumlıtur* строгое лицо, жестокое слово озлобляет человека (QBN 94₃₁) [2, 4 б.].

Сондай-ақ шығармада *töru qıl* (әділетті болу) тұрақты тіркесі қолданылған: *töru qılsa elkä köni bolsa beg / tiläk arzu bulıaj* если бек поступает справедливо по отношению к народу и бывает правдивым, / он добьется желаемого (QBN 69₆) [2, 581 б.]. «Құтадғу биликтің» 120₃ жолында *uşıp bardı Zan* (ұшып барды жан) метафораға негізделген тұрақты тіркес кездеседі: *quruı qaldı kalbüd uşıp bardı Zan / bajat bildi qanča barır ersä Zan* когда душа улетает, тело остается пустым (QBN 120₃) [2, 640 б.]. Қазіргі қазақ тілінде *ұшу* етістігіне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *Басынан бақыт ұшты* – бақытсыздыққа ұшырады; *Құрақ ұшты* – асты-үстіне түсіп бәйек болды; *Мұрттай ұшты* – жалп етті, ұшып түсті; *Ұшып-қонды* – тыным таппады, жеңілтектенді [4, 688 б.].

Жаудың мойнын ию «жауды бағындыру» метафораға негізделген фразеологизмі мына жолдарда көрініс тапқан: Төртіншісі – керек қуат, қайсарлық *Жаудың мойнын иип*, тегіс жайпарлық! (ҚБ 59).

Қазіргі қазақ тілінде *жау* сөзіне қатысты мынадай фразеологизмдер бар: *Жау жағадан алғанда* – қиын-қыстау кезде, қысылтаяңда; *Жау жегір* – дұшпанға жем болғыр, талауға түскір; *Жау жүрек* – өжет, батыл, жүректі; *Жау көрді* – дұшпан санады; *Жау қабақ* – түксиген, суық қабақ; *Жау қуғандай* – асығып-үсігіп, асып-сасып; *Жау тигендей* – дүрлігіп, ту талақайы шығып; *Жау түсіргіш* – батыл, ер жүрек [4, 220 б.].

Жан ұшты фразеологизмі «Құтадғу биликтің» 119-шы жолында берілген: *uşıp bardı zan kalbüd quruı* улетала душа, осталась пустая оболочка (QBN 119₁₄) [2, 289 б.]. Қазіргі қазақ тілінде *жан* сөзіне қатысты мынадай фразеологизмдер жасалған: *Жан азабын тартты* – қатты қиналды; *Жан алды* – тірі қалдырмады, өлтірді; *Жан алқымға алды* – мұршасын келтірмеді, тықсырды; *Жан алқымға таянды* (кетті, тақалды, тірелді, тығылды) – қысыл-таяңға кездесті, тықыр таянды; *Жан дәрмен* – жанталас, арпалыс; *Жан дегенде жалғыз* – ең жақын, адал, сенімді; *Жан жүйесін босатты* – сезімі толқыды, көңілін тербетті; *Жан күйттеді* – жан бақты, жанын күтті; *Жан кірді* – а) тірілді, есін жиды; ә) құлпырды, жайнады; б) риза болды, сүйсінді; *Жанын қиды* – жанын пида етті; *Жаны төзбеді* – жақтырмады, ұнатпады; *Жаны түршікті* – аза бойы тік тұрды, шошыды; *Жаны тынды* – көңілі орнына түсті; *Жаны ұстараның жүзінде тұр* – жаны өлім аузында; *Жаны шошыды* – зәресі ұшты, қорықты; *Жаны шығып кетті* – шыдай алмай қатты қорықты; *Жаны шықсын* – өлмесе өме қатсын; *Жаны шықты* – а) дәмі таусылды, өлді; ә) шамына тиді, ашуланды [4, 205 б.].

Халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдени мұрасы мен рухани байлығы, экономикасы мен қоғамдық саясаты тарихи фразеологизмдерде айқын көрініс тапқан. «Құтадғу билик» тіліндегі фразеологизмдердің жасалуы – бұл ең алдымен метафоралық қайта ойлаудан өткізу туғызған терең семантикалық үдерістер нәтижесі. Тілдегі метафораның жасалу механизмі фразеологияға ұласып, одан әрі дами түседі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыбанбаева А.С. Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі. Филол. ғыл. кан. дисс. - Алматы, 1999. – 130 б.
- 2 Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Надеяев, Д.М. Насилов, Э.Р.Тенишев,

А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 676.

3 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2002. – 110 б.

4 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

References

1. Sıbanbaeva A.S. Qazaq tilindegi konceptwaldıq metaforanıñ qızmeti. [Function of conceptual metaphor in the Kazakh language]. Dissertation of the candidate of philological sciences. - Almaty, 1999. - 130 p.

2. Eski Türkçe sözlük. [Old Turkic dictionary]. / Pod ed. V.M. Nadelyaev, D.M. Nasilov, E.R. Tenishev, A.M. Scherbak. – Leningrad: Nauka, 1969. - S. 676.

3. Qalıev B., Jılqıbaeva A. Söz mağınalarınıñ negizderi. [Basics of word meanings]. Educational tool. – Almaty, 2002. – 110 p.

4. Qazaq tiliniñ sözdigi [Dictionary of the Kazakh language]. / General ed. managed by T. Zhanuzakov. - Almaty: Dyke-Press, 1999. - 776 p.

Zh.A. Abitzhanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: abitzhanova.zhanar@mail.ru)

Phraseology based on metaphor

(based on the work of Zh.Balasagun «Kutadgu Bilik»)

Abstract. In this article Metaphor-based phraseology in the language of J. Balasagun's work «Kutadgu bilik» is considered. The creation of phraseological units in the «Kutadgu bilik» language is primarily the result of deep semantic processes caused by metaphorical rethinking. The mechanism of creating a metaphor in the language continues with phraseology and develops further.

Keywords: metaphor, phraseology, semantic process, word meaning, lexical meaning

Ж.А. Абитжанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

(E-mail: abitzhanova.zhanar@mail.ru)

Фразеологизмы, основанные на метафоре

(по произведению Ж. Баласагуна «Кутадгу билик»)

Аннотация. В статье рассматривается метафорическая фразеология в языке произведения Ж.Баласагуна «Кутадгу билик». Создание фразеологизмов в языке «Кутадгу билик» является прежде всего результатом глубоких семантических процессов, вызванных метафорическим переосмыслением. Механизм создания метафоры в языке продолжается фразеологией и развивается дальше.

Ключевые слова: метафора, фразеология, семантический процесс, значение слова, лексическое значение

Автор туралы мәлімет:

Абитжанова Ж.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9424-9082.

Information about authors:

Abitzhanova Zh.A. – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9424-9082.

Сведения об авторах:

Абитжанова Ж.А. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9424-9082.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Б. Мырзабаева*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru)**Мақал-мәтелдердегі «Сөз» ұғымының мәні**

Аңдатпа. Қазақ тіл білімінде «сөз» ұғымының табиғатын тануда, оның мәнін, қызметін ашуда сөз бен тіл тақырыбындағы мақал-мәтелдерді саралап, талдаудың маңызы зор. Қазақ лингвистикасында тіл және сөз туралы ғылымның алғашқы теориялық және практикалық тұжырымдарын қазақтың мақал-мәтелдерінде кездесетіндігі жайында мақалада нақты мысалдармен қарастырылған. Сондай-ақ мақалада тіл мен сөздің анықтамасы, сөздің сипаттамасы, сөздің қызметі, сөйлеуші мен тыңдаушының байланысы, спикер мен тыңдаушы арасындағы прагматикалық қарым-қатынас, адам сөзінің тыңдаушыға әсері, сөз эстетикасы, қазіргі сөйлеу коммуникациясындағы адам сөзінің қолданатын стандарттары туралы талданады.

Түйін сөздер: тіл білімі, мақал-мәтел, сөз және тіл, сөзтану, сөз мәдениеті, прагматика, адресант пен адресат

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Заманауи қазақ тіл білімінің өзекті зерттеу нысанының бірі – адамның сөзі. Адам табиғатын тану – күрделі құбылыс, оның жалпы болмысын тек бір ғана ғылым арқылы зерттеп, талдау мүмкін емес. Сол үшін тек адамға тән сөздің де бір ғана филологиялық талдау арқылы оның бүкіл табиғатын, қасиеті мен қызметін, мәнін толық аша алмаймыз. Тілдік қарым-қатынас бір мезетте көп қызмет атқарады, яғни объект ретінде де, процесс ретінде де, қабілет ретінде де, сөйлеу әрекеті ретінде де көрінеді. Құрылымдық тіл білімі тілді зерттеу кезінде оны қоғамның әлеуметтік және мәдени өмірінен оқшауланған кеңістікте қарастыра отырып, тілдің жұмсалыу принциптерін толықтай аша алмады. Сөйлеу коммуникациясының әлеуметтік мәніне, оның маңызды белгілеріне, мақсаттары мен міндеттеріне аз көңіл бөлінді. Алғашында тіл білімінде лингвистер тілді зерттеуде оның құрылымына көбірек мән берді, қазірде тілдің қызметіне жан-жақты зерттеуді жүргізіп жатқанын шығып жатқан ғылыми мақалалардан байқауға болады. Бұл - жақсы бетбұрыс.

Қазақ тіл білімінде ғалым Ә. Қайдар өз зерттеулерінде «сөз табиғатын, сөздің сан алуан сиқырлы сырын, тәні мен жанын, нәзік жаратылысын, құдіретті күшін, мәңгі-бақи құбылып-өзгеруін, жасаған сайын жаңғырып, жаңалауын, дыбыстан туып, толассыз туындап өсетін және т.б. сөз қасиеттерін танып білудің саласы – сөзтану» екенін көрсетіп, тілде сөздің және оның түрінің көп екенін айтып, сөз – тек бір ғана ғылымның емес, бірнеше ғылымның нысанына айналғанын, сөзтанудың қарастыратын мәселелерін айқындап берген [1; 5].

Профессор Д. Әлкебаева: «Қазақ халқы сөзге, тілге, оның құдіретіне, мән-мазмұнына аса ерекше мән берген: өздерінің пайымдаулары мен танымдық әрі концептуалдық ой-пікірлерін терең мәнді ой-толғамдарымен, сөздерімен жеткізіп айтқан. Қазақ халқының сөз даналығында, эпос, ақын-жыраулар тілінде «сөз» мәнін ерекше бағалаған» деп «сөз» ұғымының когнитивті-прагматикалық мәнін халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап

қарастырып, талдауды ұсынады [2; 14].

Негізі қазақ мақал-мәтелдерінің табиғаты, мән-мағынасы, олардың тілі аз зерттелген жоқ. Орыстың В. Радлов, П. Мелиоранский, В. Виноградов, қазақ зерттеушілері Ш. Уалиханов, А. Байтұрсынұлы, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Нұрышев және т.б. ғалымдар мақал-мәтелдерді жиыстырып, олардың табиғатын, мазмұнын, тақырыптық аясын, тілдік ерекшеліктерін, фразеологиямен байланысын, олардың көркемдік ерекшелігін талдап, ауқымды еңбектер жазған. Бірақ мақал-мәтелдердегі сөз ұғымы және оның мәні, қызметі туралы тұжырымдар, ғылыми көзқарастар сөздің табиғатын тереңінен тану мен мазмұнын ашу қырларын зерттеу қазіргі антропоэзектілікке бағытталған тіл ғылымының өзекті мәселесіне айналды. Халықтың тұтас танымдық тәжірибесі, әлеуметтік-эстетикалық, көркемдік және тәлім-тәрбиелік, адамгершілік-этикалық қырлары мақал-мәтелдерде бейнеленген. Ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде мақал-мәтелдер түрлі тақырыпты қамтиды. Соның ішінде «тіл», «сөз» ұғымдарына қатысты мақал-мәтелдердің философиясы, әлеуметтік және эстетикалық мәні, қызметін талдау арқылы адам сөзінің, жалпы тілдің табиғатымен танысуға болады. Қазақ халқы ежелден бірауыз сөзге тоқтаған, сөздің қадір-қасиетін білген. Қазақ даналығындағы сөзге қатысты мақал-мәтелдерден оның қызметін, мәнін байқауға болады. Халық арасындағы жетім, жесір, мал, жер даулары болсын, тіпті қанқұйлы соғыстың өзінде тілдік коммуникацияда сөз мәмілесінің рөлі маңызды еді. Қазақ тіл білімінде тіл және сөз туралы ғылымның алғашқы теориялық және практикалық тұжырымдарын қазақтың мақал-мәтелдерінде кездеседі. «Сөз сөзден туады, сөйлемесе неден туады» деп халық даналығында айтылғандай [3; 112], сөйлеудің екі немесе одан да көп тілдік тұлғалардың бірлескен қызметті жүзеге асыру мақсатындағы сөйлеу әрекетін сөйлеу қарым-қатынасы екенін, сонымен қатар сөйлеу коммуникациясының негізгі нысаны – сөз екенін айтып тұр. «Тіл қаруы – ой, ой қаруы – сөз»; «Сөз – ойдың көрінісі» деп, тіл білімінің нысандарын айқын көрсетіп, тіл мен сана байланысын, ойдың тіл арқылы шығатын бірлігінің сөз екендігін бір ғана мақалдың бойына жиыстырған. Бұл мақалдардан тілдің конструктивтік қызметі де көрініп тұр. «Алғаш ойлан, кейін сөйле»; «Ойы шолақтың сөзі шолақ»; «Ойды сөз қозғайды» [4; 139,140] деген мақалдар арқылы ойдың тұрағы – сана, құралы – сөз екенін көрсетіп тұр.

Адам – қоғамның бір бөлшегі, адамның кез келген сөйлеу әрекетіндегі сөзінде әлеуметтік мән болады. Осы орайда халық даналығында «Сөз – адамның айнасы», «Адамның көркі – сөз» деген мақалдар арқылы барлық сөйлейтін тұлғалар, солардың ішінде лингвомәдени қоғамдастықтың өкілі ретінде танылатын тілдік құзыреті жоғары, не орта деңгейдегі адамдардың да, қарапайым ауызекі стилінде қарым-қатынасқа түсетін адамдардың да сөзі арқылы олардың зияткерлік деңгейі байқалып, жалпы болмысы танылады. Адамдардың сөздері арқылы олардың қай әлеуметтік топқа жататыны, тіпті жынысы мен жас ерекшелігі де білінеді. Ал белгілі бір халықтың сөзі арқылы олардың құндылығы, әлеуметтік ортасы көрінеді.

Сөздің қызметін, оның күрделі құбылыс екендігін «Сөз еңбек болар» [5; 125] деген мақал арқылы жеткізеді. Адам сөзі – оның мыйымен, сөйлеу аппаратымен, сөйлеу әрекетімен, танымымен, әлеуметтік ортасымен және т.б. жағдайлармен байланысты шығатынын айтып отыр. Яғни сөздің эстетикалық, стилистикалық, когнитивтілік, психикалық, әлеуметтік, логикалық, физиологиялық, прагматикалық факторлармен жүзеге асырылатын күрделі құбылыс екенін дәлелдейді.

Сөздің эстетикасы мақал-мәтелдерде ерекше суреттеледі. Мысалы: «Жақсы сөз – сүйсіндіреді, жаман сөз – күйіндіреді», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсы сөз жан семірттер» [5; 119] деген мақалдардағы сөз тіркестерінен стилистикалық бағалау категориясы арқылы сөздің қасиетін, мәнін, әлеуметтік базасын анықтауға болады.

Сөйлеу коммуникациясында айтушы мен тыңдаушының байланысын, олардың

маңызды рөлін көрсетуде «Сөз атасы – құлақ» мақалының мағынасы арқылы тыңдаушының функциясын танытқан [4; 141]. Сол сияқты «Құймақұлаққа айтқан сөз, Құлағының астында, Ақпақұлаққа айтқан сөз, Құба қырдың астында» деген мақалдан [5; 123] айтушы мен тыңдаушының қызметтерін суреттеп көрсетсе, «Құлақтан-құлаққа жеткен сөз, жырақтан-жыраққа кетеді», «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» [5; 123, 124] деген мақалдарда адресант-сөз-адресат үштік байланысын сөз өрнектерімен әсерлі түсіндірген. Бұл мақалдардағы құлақ – тыңдаушы, құмайқұлақ – сөзді ұғатын тыңдаушы, ақпақұлақ – сөз мәнісін түсінбейтін тыңдаушы, сөз – адамның сөйлеу әрекеті арқылы шыққан сөзі, жырақ – тыңдаушы-қоғам.

«Шайқап сөйлем, алды-артыңды байқап сөйле» [5; 128] мақалы және мақалдарда кездесетін «сөз қисыны», «жүйелі сөз» тіркестері арқылы сөйлеу коммуникациясының нормасын баяндап тұр. «Шайқап сөйлем» дегені ретсіз, жүйесіз, сөз әдебін сақтамай сөйлеуге болмайды дегенді білдірсе, «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп [5; 128], шешендік сөздің арыдан басталатындығын, сонымен қатар жалпы адам сөзінің шығу арнасын меңзеп тұрғандай.

Адам сөйлеу қарым-қатынасына түскен кезден бастап уақыт пен сөйлеу кеңістігінде өз орнын алады. Адам сөз алғанда, өзін тұлға ретінде бекітеді, сол кезде тыңдаушылардың назарын өзіне қаратып, басты нысанға айналады және оған қоса тыңдаушылар оның сөзін бағалайды. Әсіресе көпшілік алдында сөйлейтін тұлғалар, спикерлердің сөзіне, сөз саптауына, ондағы тілдік бірліктері мен сөздік қорының байлығына қарап, тыңдаушылар оған баға береді, оның жалпы тұлғалық болмысын тани түседі. «Сөздің балын ағызып, қас шешендер сөз айтар»; «Көп ішінде сөйлеген – көсемдіктің белгісі, Көпке сөзі ұнаған – шешендіктің белгісі» [5; 122, 128] деген мақалдарда көпшілік алдында шешен әрі шебер сөйлеп, тыңдарманның оң бағасын алып, зияткерлік деңгейі жоғары тілдік тұлға ретінде бекітілген адамдар жайын қозғайды. Ал, «Сөз мәнісін білмеген, сөзді өзіне келтірер», «Ойламай сөйлеген, опық жейді» [5; 122, 124] деп, дұрыс сөз саптай алмай, орынсыз, жүйесіз сөйлеген тілдік тұлғаны тыңдарманы нашар бағалап, сынына қалатынын жеткізген. Сол үшін қазақ даналығында «Сөз сөйлемес бұрын тыңдаушыны танып ал»; «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» [5; 125] деген мақалдар арқылы спикер мен тыңдаушы арасындағы прагматикалық байланыстың маңызды екенін айқын білдірген. Осы тұста айта кететін жайт сөйлеуші ортаға шығып сөйлегенде өзінің сөзі, мінез-құлқы, әрекеті бақылау нысанына айналады. Сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесі жоғары болған сайын, оның сөзіне, мінез-құлқына әлеуметтік бақылау да едәуір жоғары болады. Қоғамдық қызметтегі адамдар көпшіліктің алдында сөйлеуге үйренген, үнемі халық назарында болып, өзінен тыс бақылаумен келіседі және соған орай кез келген аудиторияға оңай бейімделеді. Сөйлеу, сөз алу, бұл әрқашан жаңа шындықтың орталығына ену, сонымен қатар бөгде пікірлердің себебіне айналу, бағалауларына қалу, сынға ұшырау. Әсіресе қазіргі қоғамның әлеуметтік өзгерістерге қарқынды түсуі кезінде, сонымен қатар лингвомәдениеттің жаһандану үрдісінде адамның сөзін әлеуметтік-топтық бағалау әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр.

Адам сөйлегенде оның сөзі бір мезетте сөйлеушіге де, тыңдаушыға тиесілі болады, сол ауыздан шыққан сөзге екеуі де өзіндік мағынасын береді. Адам сөзінің әлеуметтік жағы тілдік тұлғалардың сөйлесу процесі кезінде көрінеді. Сөйлеу коммуникациясына түскен әр қатысушы басқаларға өзінің ойын, пікірін білдіріп, тіпті оны, мойындатуы да мүмкін. Тілдік тұлғалар өзара байланысқа түскен кезде адам әлеуметтік қатынастар жүйесіне еніп, оның сөзі осы қатынастарды реттейтіндей белгілі бір ережелерге сәйкес жасалады. Осыған орай халық арасында мынандай қалыптасқан нақыл сөз бар: «Сөйлегенше сөзіңе өзің қожа, сөйлеген соң сөзіңе сөзің қожа» [4, 142]. Осыдан-ақ сөйлеу әрекетінің әлеуметтік маңыздылығы көрінеді, себебі әр қайсысы әлеуметтік талғамға байланысты тиісті түсінік алады. «Шаршы топта сөз бастау қиын» демекші, әсіресе

көпшілік алдындағы сөйлеушінің сөйлеу кезінде ішкі қорқынышы болуы мүмкін. Себебі жеке адам немесе қоғамның әлеуметтік топтарының мүшелері сөйлеу «ережесін» бұзса, оны мәдениетсіздік деп қабылдайды. Қарым-қатынас процесінде әлеуметтік рөлдің орындалуы тілдік норманың сақталуымен, сөйлеу этикетімен, қоғам қабылдаған және коммуниканттардың мәдени құзыретін құрайтын сөйлеу стандарттарының сақталуымен қамтамасыз етіледі.

Профессор Р. Сыздық: «Сөз, яғни тілдің қолданыстағы көрінісі – сөйлеу, ауызша тіл [речь] деген құбылыстың қазақ халқының рухани-мәдени болмысындағы орны мен мәні туралы ғалым А. Байтұрсынұлынан бастап тіл мамандары емес, белгілі әдебиеттанушылар, мәдениеттанушылар, заңгерлер, ағартушылар бағасын жеткізе, жақсы айтып келеді...тілді танытатын дүниелер: шешендік сөздер, өлең-толғаулар, әр алуан жырлар, аңыз-әңгімелер, шежірелер, ертегілер, әфсаналар, мақал-мәтелдер т.б. Олар да бір деңгейде емес: дүниеге келген уәжі, авторлы-авторсыздығы, қомақтылығы мен ықшамдылығы, адресанттары мен адресаттары, яғни дискурстық сипаты жағынан әрқилы» деп [6; 20], тілдік қолданыстағы сөздің қызметін қазақ әдебиетінің мол мұрасынан тануға болатынын айтады.

Қазақ тіл білімінде зерттелетін сөздің қолданбалы, әлеуметтік мәні маңызды болғандықтан, алдымен сөздің, тілдің нақты мәнін ашу мәселесін саралауда ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап жазба әдебиеті мұрасын талдаудың маңызы зор.

Қазір ақпарат дәуірі немесе нарықтық қоғам, жаһандану кезеңі деп түрліше атаймыз, қалай десек те барлық кезеңде тіл немесе сөз ғылымының өзіндік тарихында адаммен бірге жасап, онымен бірге дамып отырғандығы анық. ХХІ ғасырда сөз мәдениетінің дамыған тұсында ресми стильдің қолданыс аясының кеңдігі байқалады. Себебі адамдардың сөйлеу қарым-қатынасының дағдыларын дамытудың тәжірибесінде мақсатқа жету үшін сөйлеу стандарттарын қолдану жиі кездеседі. Адамдар өзінің сөзінде, жазуында да дайын коммуникативті, тілдік бірліктерді қолданады. Өз ойын білдіргісі келген тілдік тұлға өз сөзінің немесе жазуының стилін анықтап, дайын қалыптарға жүгінеді. Сөйлеу, жазу жағдайында дайын тілдік бірліктерді қолдану қалыпты дүниеге айналды. Тіпті дайын тілдік формалар мен қалыптарсыз күнделікті сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыру қиынға соғар еді. Сөйлеушінің сөзінде сөйлеу стандарттары жиі қолданылса, олардың бір-бірінен әлеуметтік айырмашылықтары азаяды, керісінше, теңестіріледі. Сондай-ақ стандартты сөзді тыңдаушылар да тілдік тұлғалардың айырмашылығын байқамайды. Қазіргі замандағы іскерлік байланыста сөйлеу стандарттары жиі қолданылғаны соншалық адамның жеке сөйлеу стилі шектеліп те жатыр.

Қазақ әдебиетіндегі би-шешендердің, жыраулардың, ақын-жазушылардың шығармаларындағы тіл мен сөзге қатысты ойларын, тұжырымдарын саралап, талдау арқылы қазақ лингвистикасындағы сөз ғылымына қатысты мәселелердің теориялық және практикалық мәнін ашуға болатынына көз жеткізіп отырмыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2014.
2. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
3. Қазақ мақал-мәтелдері. Жинақ. – Алматы: Ана тілі, 2010.
4. Қазақ мақал-мәтелдерінің антологиясы. – Алматы: Өлке, 2012.
5. Дала фольклорының антологиясы. 10-том: Ғибратты фольклор. – Алматы: Brand Book, 2020.
6. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014.

References

1. Qaidar A. Gylymdagy gumyr [Life in science]. Collection of articles, reports. – Almaty: Sardar, 2014. (In Kazakh)
2. Alkebaeva D. Soz madenieti [Speech culture]. Training book. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. (In Kazakh)
3. Qazaq maqal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings]. Collection. – Almaty: Ana tili, 2010. (In Kazakh)
4. Qazaq maqal-matelderinin antologiyasy [Anthology of Kazakh Proverbs and sayings]. – Almaty: Olke, 2012. (In Kazakh)
5. Dala fol'klorynyn antologiyasy [Anthology of Steppe folklore]. Volume 10: Instructive Folklore. – Almaty: Brand Book, 2020. (In Kazakh)
6. Syzdyq R. Auyzsha damygan qazaq adebi tili [Orally developed Kazakh literary language]. – Almaty: Daik-Press, 2014. (In Kazakh)

B. Myrzabayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru)

The meaning of the «Speech» concept in proverbs and sayings

Abstract. In Kazakh linguistics, it is of great importance to understand the nature of the «speech» concept, revealing its essence and function by differentiation and analysis of proverbs and sayings related to speech and language. The first theoretical and practical conclusions about language and speech science are contained in Kazakh proverbs and sayings. The definition of language and speech, the characteristics and the function of speech, the connection between speaker and listener, the pragmatic relationship between speaker and listener, the influence of human speech on the listener, the aesthetics of speech, the standards used by human speech in modern speech communication are also analyzed in the article.

Keywords: linguistics, proverb, language and speech, speech science, culture of speech, pragmatics, speaker and listener

Б. Мырзабаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: zhaszertteushi2023@mail.ru)

Значение понятия «Речь» в пословицах и поговорках

Аннотация. В казахском языкознании большое значение имеет дифференциация и анализ пословиц и поговорок, относящихся к речи и языку, в познании природы понятия «речи», раскрытии его сущности, функции. В казахской лингвистике первые теоретические и практические выводы науки о языке и речи содержатся в казахских пословицах и поговорках. В статье также анализируются определение языка и речи, характеристика речи, функция речи, связь говорящего и слушателя, прагматические отношения между говорящим и слушателем, влияние человеческой речи на слушателя, эстетика речи, стандарты, используемые человеческой речью в современной речевой коммуникации.

Ключевые слова: лингвистика, пословица, язык и речь, речеведение, культура речи, прагматика, адресант и адресат

Автор туралы мәлімет:

Мырзабаева Б. – PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0001-7820-0948

Information about authors:

Myrzabayeva B. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0001-7820-0948

Сведения об авторах:

Мырзабаева Б. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0001-7820-0948

Әдебиеттану / Literary studies / Литературоведение

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

N. Nazarov*Chirchik State Pedagogical University, Chirchik, Uzbekistan***The perception of the folklore of turkic peoples in the work of
«Devonu-lugotut-turk»**

Abstract. Mahmud Qoshgari's «Devonu-lugotut-turk», a work in which, along with the lexical and phraseological layers characteristic of Turkic-speaking peoples, the active participation of samples of oral creation shows the place of folklorism have been researched in the work. In his time, Mahmud Qoshgari's position as the leading-intellectual layer of society is emphasized. Examples from some folklore samples in the work are given and their content is interpreted. At the same time, the issues of promotion of this work today will be analyzed on the issues of friendship, solidarity and cultural cooperation among our peoples.

Keywords: Mahmud Qoshgariy, «Devonu-lugotut-turk», Turkic peoples, folklore, ethnografia, unity, cultural cooperation, personality, intellectual potential

DOI:

Arrived: 13.08.2024; approved: 19.09.2024; available online: 5.12.2024.

Naturally there are customs, traditions, historical-spiritual heritage, lifestyle and moral criteria in each society develop the spirituality of members of society, its attitude to cultural reality by finding a decision has an essential value. The personality factor, its ideological and intellectual potential are important in this case. The conditions in the genesis of the human society naturally grew in their depths, needing a relatively bright contemplative person from a group of people. Therefore, each historical period forms its own group, that is, the leader of its team. Consequently, nothing happens if there is no need. The Conquest of new heights is a product of need while every existing invention in society, striving for the former one.

The leading position of an individual in socio-historical processes, including a person with high spiritual and intellectual potential compared to other members of a group or a group of such people, ensured the ascent of human ancestors to the historical stage as Homo Sapiens (that is, about 200,000 years ago). As well as being strong-willed, such men were distinguished from others by their wit and insight. These characteristics served as an example for others, seeking solutions to problems even in any contradictory conditions, seeking to start the group from darkness to darkness. Sought to empower the group with reason and perception in ensuring mutual unity. Since in the process of historical development of the ethnicity went to a wide range of management, socio-cultural relations and acquired a complex form with its essence and attention, the importance and role of the individual in society was even more entrenched. As a result, those who were able to show their potential and leadership potential continued to rise from the front line of social progress, that is, to find perfect maturity as a person and follow the team and become pioneers. It is known that socio-cultural factors in society play an important role in the development of a person's maturation as a person. Together with this, social progress in society will directly depend on the role, abilities and potential of

individuals. The mutual socio-cultural attitude of individuals living in society, their activities, the development, development of society, the achievement of happiness of members of society are directly related to the maturation of a person as a person, in which the role of spiritual heritage, including linguacultural one, is incomparable.

Mahmud Qoshgari expresses the fact that really our scholar began to collect dictionaries among Turkic peoples: «I did these things not because I did not know a language, but to identify every small difference in these languages, if not, I was one of the most mature of them in the language, the greatest of them, their great specialists, their good understanding, their old tribes, their master spearmen in Such maturity and perfectionism» [1; 17]. According to historical facts inherent in spiritual heritage, and therefore humility, love of work and hard work, Mahmud Qoshgari also urged our grandfather to conquer the milestones that others did not punish when researching and promoting the features of the language, including samples of oral creativity, which are an integral part of ethno culture. The study of these aspects it is important that we focus on our spiritual heritage, especially the scientific views of our great-grandparents, to educate the new generation in the spirit of respect for them, being aware of the upheavals of our values.

In this context, our Grandfather Mahmud Qoshgari is also noteworthy as the spiritual-intellectual dargah of Turkic peoples, although he is recognized as the founder of Turkic lexicography based on samples of oral creativity. «His most important service in the cause of science was his fifteen years of living in the foothills of the Turkic peoples, learning in a lively way the words used in their spoken process and being able to develop an early Turkic language grammar in science based on the data collected during this arduous journey» [6; 143]. It is distinguished not only by grammar, but also by the fact that he collected samples of oral creativity and passed it on to the representatives of the next generation. Scholar's work «Devonu-lugotut-turk» is an important encyclopedic resource with its reflection on the linguohistory of Turkic peoples, the stages of formation of saying that the ethnomania, worldview, the philosophy and patterns of oral creativity. The work quotes such quatrains that this aspect attracts attention as examples of folk oral creativity:

“O’gruyugi mundag oq,
Munda azin tendag oq,
Atsa ajun ograb oq,
Taglar bashi kertilur.

(Such is the learned custom of the Times, and there are other excuses, if he shoots at the world, then the head of the mountains will be curled)” [1; 175].

Consequently, one or another element of folklore is involved in any literary or scientific work. Because, folklore, as a product of folk thought, also expresses the attitude of the people to phenomena and processes in reality. «The interaction of folklore and written literature in all of the cultural peoples who created the highest classical examples of written literature among the people's oral creativity is a common phenomenon» [4; 140]. So folklore and written literature complement each other and enrich the essence. «There is such a law in the history of world literature. The older the period of creation of works of literature and art, the stronger their connection with folk oral creativity and Ethnography»[5; 17]. From this point of view, the work «Devonu-lugotut-turk»:

- first of all, its relative antiquity, that is, even with its writing in the eleventh century, naturally embodied in itself samples of folk oral creativity;
- secondly, this work was collected from the wider population area, covering most tribes and ethnic groups typical of almost Turkic peoples, and even with the good development of oral creativity in Turkic peoples, many data are significant as an example of folklore;
- thirdly, in the work, words, phrases and proverbs are collected not from written sources,

but from the population, serving to confirm our above opinion, both as an expression of the socio-cultural lifestyle of Turkic-speaking peoples, and, consequently, examples of oral creativity.

So, the work draws attention to the lexicographic way that the cultural processes and spiritual riches inherent in Turkic peoples are researched and collected and still add value to their value today, it is noteworthy that it also assimilates folk oral creativity into its composition. The scientific and social value of the work is that it contains the work of Mahmud Qoshgariy (1028-1105 yy.) reveals the essence of Turkic words in circulation from the process of formation of the Turkic language to the beginning of the twelfth century AD, and the wisdom used in folk oral creativity. The work essentially «Devonu-lugotut-turk» draws the attention of spiritual circles, researchers and intellectuals with the spiritual life of Turkic peoples, their scattered living area and even the process of formation and socio-cultural ties, as well as the availability of valuable information on samples of oral creativity. Mahmud Qoshgariy says: «I have traveled through the cities, villages and pastures of the Turks, Turkmen, Oghuz, chigils, yagmos, Kyrgyz for many years, collected dictionaries, studied and identified various verbal characteristics» [1; 17]. These aspects prove that our scholar managed to do hard work. Therefore, the fact that he collects various verbal characteristics from the people – this directly means the collection of materials from folk folklore, this aspect indicates the love both tyranny and folklore in the work.

Focusing on folklorism in «Devonu-lugotut-turk», then:

“Bashi anıñ aliqti,
Qani juzub turuqti.
Balig bolib talikti,
Emdy ani kim jeter.

(Here is about the wounded, whose blood stopped, he says: his wound grew old and corrupted: climbed: the wound was covered in blood, the condition was aggravated. Who can reach it now)” [1; 200].

Considering that Turkic-speaking peoples directly associate the process of accumulating and bringing their cultural and spiritual wealth into a holistic generalized form with the activities of our grandfather Mahmud Qoshgari. Mahmud Qoshgari's «Devonu-lugotut-turk» shows the totality of the spiritual-linguistic formation of Turkic-speaking peoples as one whole super ethnos. In this context:

1. Mahmud Qoshgariy our grandfather is the common ancestor of the Turkic peoples and deserves attention in any socio-historical period as the great one, who collected and passed on samples of the spiritual heritage of Turkic-speaking peoples to subsequent generations.

2. In the image of Mahmud Qoshgari, the Turkic people find evidence once again that they have followed the path of general both material and spiritual formation. So, the examples of the cultural and spiritual heritage of today's Turkic unity are also significant as a reflection of the commonality for Turkic peoples, and, together, the specificity aspects for each el and nation that make up this unity.

3. Mahmud Qoshgari's research and teaching of public opinion covers in the vast areas inhabited by Turkic-speaking peoples is evidence of the superiority of the social status of Turkic peoples in today's Central Asia, Eastern and Southern Turkestan and even the main part of Altai. Otherwise, in conditions of conflicting medieval competition, that the great scholar would not have been able to freely walk through such a wide area and collect a large amount of material.

4. In addition to the lexicological and phraseological layer, the presence of geographical information in the «Devonu-lugotut-turk», as well as the emphasis on their meaning, serves to enhance the scientific nature of the work.

5. In addition to the importance of this work as an early example of Turkic lexicography, the active participation of folklore in it, that is, the widespread use of materials of folk oral creativity, is also significant as an early written example of Turkic folklore.

6. It is known that by The Last Middle Ages, especially Alisher Navoi (1441-1501 yy) by the time, Turkic literary language underwent lexical and phonetic changes influenced by socio-cultural factors. In it, the ratio of words borrowed from the Arabic and Persian lexical layers have been increased. In the work «Devonu-lugotut-turk», relatively pure aspects of Turkic lexicology are evident, and the interpretation and study of lexical and phraseological riches inherent in Ethnos during the pre-BC and Turkish Kaganate (6th-8th centuries) are really worthy of research object today.

7. It is important to ensure the optimal development of the process at a time when various views on the creation of the middle Turkish language, striving for today's mutual commonality of Turkic peoples, were forming, as well as the mutual common aspects of Turkic lexical components in circulation in the early Middle Ages and Middle Ages, which were expressed in the «Devonu-lugotut-turk».

8. There is no doubt that the ideology of Turkic peoples is always dominated by the idea of mutual unity, peace, unity and integrity. In this matter, the work «Devonu-lugotut-turk» is important as a factor in ensuring socio-cultural integrity among our peoples. This feature is important as a cultural and spiritual factor in ensuring the general ideological and ideological orientation of the Turkic super ethnos, strengthening mutual unity and harmony.

9. The scientific heritage of Mahmud Goshgari proves the place of the Turkic factor in ensuring the processes of civilization of not only the Turkish world, but also humanity, the intellectual potential of the Turkic poetry in the Middle Ages, this aspect serves to prove the role and influence of the Oriental factor in the conditions of the existence of today's Eurocentristic world-view groups.

10. At a time when the positive aspects of mutual unity, harmony and striving for commonality are prominent in the socio-cultural processes of today's Turkic peoples, Mahmud Qoshgariy is the main factor in the formation of an optimal worldview on the example of the life, activity and scientific heritage of our grandfather – the unification of Turkic-speaking peoples and the commonality of cultural

It is generally significant that Mahmud Qoshgari's «Devonu-lugotut-turk» is a great linguistic work, as well as incorporating examples of oral creativity of Turkic peoples. In this respect, the work deserves to be studied and promoted as an early example of Turkic historical linguistics, as well as being a reflection of folklore and Turkic thought. Thus, the totality of the process of mutual historical formation of our peoples is also important in the study of aspects of similarity in the development of the lexical layer.

References

1. Koshgari M. Dictionary-Turkic-Turkish. 1 Tom. - Tashkent: Fan, 1960. (uzbek)
2. Abdurahmanov F., Mutalibov S. Devonu-lug'atut-turk, - Tashkent: Fan, 1967. (uzbek)
3. Hasanov H. Mahmud Kashgari. - Tashkent: Fan, 1963. (uzbek)
4. Zhirmunsky V.M., Zarifov H.T. Uzbek national heroic epic. - Moscow: OGIZ, 1947. - S. 140. (uzbek)
5. Tokhliev B. Yusuf Khos Hajib and folklore of Turkic peoples. - Tashkent: BAYOZ, 2013. (uzbek)
6. Nizomov A., Mahmudova Ch., Ashirova Z. About Mahmud Kashghari and the history of his work «Devonu-lugatit-turk» // Academic Research in Educational Sciences Volume 2 (ISSUE 5) 2021. – pages 138-149.
7. N.A. Nazarov Lakays: the dialectological content of some words and phrases. Tashkent:

Tamaddun, 2005. (uzbek)

8. N.A. Nazarov Ethnography of lakays. – Tashkent: Tamaddun, 2007. (uzbek)

9. N.A. Nazarov Lakaylar: ethnography, linguistics, folklore. – Tashkent: Tamaddun, 2010. (uzbek)

Н. Назаров

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университети

«Диуани-лұғат-ит-түрк» шығармасындағы түркі халықтарының фольклорын қабылдау

Аңдатпа. Еңбекте түркі тілдес халықтарға тән лексикалық-фразеологиялық қабаттармен қатар ауызша шығармашылық үлгілерінің белсене қатысуы фольклористиканың орнын танытатын Махмұд Қашқаридың «Дивани-Лұғат-ат-Түрік» еңбегін қарастырады. Оның кезінде Махмұд Қашқаридың қоғамның жетекші интеллектуалдық қабаты ретіндегі ұстанымы ерекше атап өтілді. Шығармадағы кейбір фольклор үлгілерінен мысалдар келтіріліп, мазмұны түсіндіріледі. Сонымен бірге, бүгінгі күні бұл жұмысты ілгерілету мәселелері біздің халықтарымыз арасындағы достық, ынтымақтастық және мәдени ынтымақтастық мәселелеріне талдау жасайды.

Түйін сөздер: Махмұд Қашқари, «Дивани-лұғат-ат-түрік», түркі халықтары, фольклор, этнография, бірлік, мәдени ынтымақтастық, тұлға, интеллектуалдық әлеует.

Н. Назаров

Чирчикский государственный педагогический университет

Восприятие фольклора тюркских народов в произведении «Дивону-лугот ат-тюрк»

Аннотация. В работе исследовано произведение Махмуда Кошкари «Девону-луготут-тюрк», в котором наряду с лексическим и фразеологическим пластами, характерными для тюркоязычных народов, активное участие образцов устного творчества показывает место фольклоризма. В его время подчеркивается положение Махмуда Кошгари как лидирующего интеллектуального слоя общества. Приводятся примеры из некоторых фольклорных образцов в работе и интерпретируется их содержание. При этом вопросы продвижения этой работы сегодня будут анализироваться на вопросах дружбы, солидарности и культурного сотрудничества между нашими народами.

Ключевые слова: Махмуд Кошкари, «Дивону-луготут-тюрк», тюркские народы, фольклор, этнография, единство, культурное сотрудничество, личность, интеллектуальный потенциал

Автор туралы мәлімет:

Назаров Н. – философия ғылымдарының докторы, профессор, Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті, Шыршық, Өзбекстан.

Information about authors:

Nazarov N. – Doctor of Philosophy, Professor, Chirchik State Pedagogical University, Chirchik, Uzbekistan.

Сведения об авторах:

Назаров Н. – доктор философских наук, профессор, Чирчикский государственный педагогический университет, Чирчик, Узбекистан.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Қ.Қ. Мәдібай¹, Қ.Т. Мұхамади²¹М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

(E-mail: kuralay.mukhamadi@gmail.com)

Мәңгілік ескерткіш

Аңдатпа. Махмұд Қашқари әдеби мұраны «мәңгілік ескерткіш және сарқылмас әдеби-көркем мұра» деп бағалап, рухани-көркемдік кеңістік құрып, поэтикалық шығармалардың үлгілерін ұсынған «Түрік сөздерінің жинағы» атты еңбегінде таныстырды. жинақта «Түркі халықтарының бейіттері» бүгінгідей дәл және дәл, айқын көркем медицинаның поэтикасы баяндалады. Түркілердің дүниетанымы өмір құндылықтары арқылы қалыптасқан мақал-мәтелдерде, дүние мен жаратылыс туралы әңгімелерде қалыптасқан «Сөздіктегі» поэзия үлгілері солардың бірі ретінде сақталған деуге болады. барлық дәуірлердегі қазақ шешендік өнерінің тарихындағы арналар мен поэтикалық формалар. Әдеби мұраның ХІ ғасырға дейінгі бай қалыптасу тарихымен сабақтастығы «Сөздіктегі» поэтикалық өлшемдердің, ырғақтардың және интонациялардың алуан түрлілігінің нақты мысалдары арқылы дәлелденді.

Түйін сөздер: түркілер, әдебиет үлгілері, сөздік, ауызша әдебиет, Махмұд Қашқари

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

«Қайырымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын» деп, дәстүр ұстап «Түбі бір түркі тілін» жазған Махмұд Қашқари түркілердің адамзат тарихындағы ықпалды орнына айырықша мән береді. Осы бағалы жәдігердің, ауызша сақталған әдебиет үлгілерінің үздік поэтикалық кеңістігі мен қазақтың сөз өнеріндегі түбегейлі тамырластық даусыз.

«Түркілер өздерінің қатарына қосылғандарды барлық игі тілектеріне ортақтастырып залымдардың зорлық-зомбылықтарынан сақтады. Олардың қаһарынан сақтану үшін түркілердің салты мен жолын ұстау сол заманның ақыл иелеріне дәстүр болып қалыптасты. Қасірет-мұңын түсіндіріп, шағыну үшін түркілерге өз тілінде сөйлеуден басқа жақсы жол жоқ. Өзінің ортасындағы жауларынан жерініп, сыйынып келгендерді түркілер әрқашан қамқор қанатының астына алып, төнген қауіп-қатерден құтқарады. Олармен бірге басқалар да пана табады. Сол себепті түрік тілін үйренудің қажеттілігін өмір талабы мен ақыл таразысы әбден дәлелдеді» [1;15].

Махмұд Қашқари «мәңгілік ескерткіш, әрі таусылмас әдеби-көркем мұра» мәнінде бағалаған, «Түркі сөздерінің жинағы» атаған еңбекте берілген әдеби мұраның рухани-көркемдік кеңістік түзген тарихи ықпалы өлшеусіз мол. Еңбекте «Түркі халықтарының бәйіттері» топтамасымен берілген поэзиялық туындылар үлгілерінің күні бүгінгідей дәлдік, нақтылық, айқын суретшілік дарыған поэтикасы назар аударады.

Көлемі қысқарып жетті ме, жоқ әлде бір шумақпен дүние құбылысын аңлау дағдысында туған ба – ол кейінгіге жұмбақ. Алайда сол бір шумақтың өзінің өзгеше серпін қуаты, суреттілігі, әсер өрісі байқалмай қалмайды.

Арланды қоймай қуып, әлсіреттім,
Жөніне жіберсін бе аршын екпін.
Жотасын күжірейтіп айбат шекті,
Мен оны сойылменен тартып өттім.

Қазақ поэзиясындағы қара өлең өлшем, ұйқасымен ұқсастығы байқалғанымен, шығарма тармақтары бір құбылысты жеткізуге тартылған.

Жанақ ақындағы, Абайдағы, Ақан серідегі, Шәкәрімдегі, кейін кең өріс түзген саятшылық, аңшылық өмірдің серпінін түсіруде дәстүр жалғаған өлең.

Махмұд Қашқари кітабында сөз ұстау шеберлігін ұштауда қайнар бұлақтай тіршілік дарытып отыратын айнала дүние-болмыстың жаратылыс сұлулығын сұқтана жырлау-пейзаждық лирика үлгілері де берілген.

Шөл дала Көктемде жайқалыпты,
Өзгеше таулар басы ой танытты.
Бар жәйі дүниенің байқалыпты.
Өрімдей уыз гүлдер шешек атып.

Өлең үлгісі, құрылымы жаңағы саятшылық өлеңінен басқа. Бәлкім, туған дәуірі де басқа. Махмұд Қашқари топтамаға «бәйіт» атауын берген. Сол бәйітке келетіндей өлең. Ұйқасы – *аааб*. Сипаттауы суреттен басымдау.

«Сөздікте» берілген әдеби туындылар ішінде кейінгі поэзия үлгілерінде кездесе бермейтін ұтымды теңеулер бар. Ақ бұлттың желігіп, қайық боп көкте көкте жүзуі – керемет. Қар, мұз еритін көктемгі шақтың ұлы құбылысын судың жаратылыс еркімен – ағу еркіндігімен астастырған поэтикалық иірімдерде дара ақындықтың нышандары мен мұндалап тұр.

«Сөздіктегі» Қазақ поэзиясындағы тұрақты желілердің, басты сарындардың, көркемдеу тәсілдерінің арғы замандардан жалғасқан дәстүрлі үлгілері жаугершілік замандар суреті түскен жауынгерлік поэзия, азамат ердің тұлғасы; дүние туралы толғану, тоқтам айту; ел басқару, билік иесіне арнау сөз; ынтық сезім иірімдері; адам құлқы, пенделік пиғыл, т.б. толып жатқан өміршең, озық әсер, мазмұнымен баурайды.

Ұрыс даласындағы жауынгер ахуалы Доспамбет жыраудың «Озушылар, озмаңыз» толғауында айтылғандай ақиқат ауыртпалығымен жеткен үлгілер – жаугершілік замандардың куәсі.

Жарасы жайсаң ердің ауыр тартты,
Жанын көп қан тоқтамай жабырқатты.
Сонан да қайран сабаз тауға тартты,
Енді оны қалтарыстан кім таба алар.

Аңғарымпаз беймәлім автор ұрпақ өсіру парызы сынды ұлы миссияны шалқар игілікке кенелген екі ауыз сөзбен айтып өтеді.

Жеткіз менің сөзімді білімді адамдарға,
Тай ат болса – енесі артына алаңдар ма.

Бұлжымас адамгершілік қағидаларға бағынып отырмаған ел басқарушының ақыр түбі қандай қалде қалатындығы ескертілген шығармада да адамның өмір сүру өзегіндегі мығым, мызғымайтын ұстанымдар меңзелген.

Әкім осы асқынған
Өз еліне қас қылған,
Жазықсызды басқа ұрған,
Отыр енді бүкшиіп.

«Сөздіктегі» әдебиет нұсқаларында сипаттау мен суреттеудің қызметіне жегілген сөзді кәдеге жарату, ұқсатудағы айшықтау, құбылтудың әдіс-тәсілдері озық.

Адамның қасіретті, қамырыққан бір сәттерін баяндауда өлеңді шығарушы алабөтен тапқыр әсірелеуге жүгінген.

Көз жасым бұлақ болып толып ақты,
Аққу, қаз жүзуге оған келіп жатты.

... ..

Көл боп жасым төгілді,
Оған құстар шомылды.

Көз жасына құс шомылып, аққу, қаз жүзген әсірелеу үлгісін бұрын-соңғыда кездестірдік пе!?

«Сөздіктегі» әдебиет үлгілерінің ауызша сақталып жеткендігі, немесе жазбаша түрден алынғандығы туралы бұл туралы арнайы зерттеу жүргізілмегендіктен, қазірде бізде жарытымды мәлімет жоқ.

Қазақтың авторлық ауызша әдебиет үлгілірі үзік-үзік болса да сақталып жеткен XV-XVIII ғасырлардағы дәстүрлі қалып, дәстүрлі тіркес басымдығы Махмұд Қашқари түзген поэзиялық туындыларда ара-тұра ғана байқалады. Жазбаша поэзия үлгілерінен озық кеткен тіркестер молдығы бұл дүниелердің шығу тегі, сақталып жету ерекшеліктері туралы біржақты байламдар жасаудан сақтандырады.

Адам мінездері, жауынгер, азамат ердің баласының жан-күй құбылыстарын жеткізудегі тосын поэтикалық тапқырлық, тың сипаттау тәсілі – дара ақындық қолтаңбаның үлгісі.

Жалпы, жаппай баяндау жетегіндегі хабарлама автордың көңілін көншітпеген, келелі кеңес үстіндегі келісті тұлғалардың ширығу, шамырқану кейіптері поэтикалық өреде көрініс тапқан.

Батыр шықты әр түсті,
Өш алуда айтысты.
Сақалдарын тартысты,
Кеуделерде кек жанып.

«Сөздіктегі» өлең үлгілеріндегі «Қара атымен қасқайып тауларды» асқан майдангердің таныс-бейтаныс тұрқы толқытады, тұшындырады.

Кейінгі замандардың әдеби дамуындағы тұрақты поэтикалық бітім түзген батыр тұлғасы – әріден жеткен бір құндылығымыз мәнінде ұдайы кәделі болып қалды, ілгері озып, дәстүр дамытып отырды.

XIX ғасырдағы авторлық ауызша әдебиеттің поэтикалық олжасы мол бір саласы сол дәуірдің ендігі ел қамын жеген Едігелері туралы, Исатай, Кенесары, Жанқожа батырлар туралы тарихи өлең, жырлар болды. Бұл туындыларды шығарушылардың дара поэтикалық бағытындағы дәстүрлі негіздердің арғы түпбастау, қайнар-бұлақтары туралы, жаңа нышандар туралы айтса таусылмайтындай сөз әлі де ұшан-теңіз.

«Сөздіктегі»:

Аттың түйіп құйрығын,
Тәңірдің күтіп бұйрығын.
Алуға өмір сыйлығын,

Із тастап кейін шегіндік, – сынды жедел екпінді ұрыс сәттегі тас түйін, ұшқыр қамданған жауынгер кейпін кейінде Махамбет поэзиясынан дәл осы динамикада, дәл осы шайқас ауданында көргенбіз.

«Сөздіктегі» серпінді суретті үзілген жолдар, батырлық эпостың екпін-әсерінде баяндалған оқиға ауаны қабағы қату жаугершілік замандар сипатында жетеді.

Туысын түгел шақырды,
Қаруларын асынды.
Ашуланып ақырып
Өш алмаққа жиналып...
Бастады жау жорықты
Сырттай талай торыпты.
Бізді көріп қорықты
Істеріне өкініп.

Жау жайпаған ерлер қаза жетіп мерт болғанда туған, қадірін асырып, теңеу таппаған жоқтау өлең үлгілерінің эпос түзудегі ықпалды шығармашылық өрісі де арғы дәуірлерден бастау алатындығы айтылады.

Еңіреген ер еді,
Ойы елге төр еді,
Адамның асыл зерегі,
Ажал оны әкетті.

...

Өртті талай өшірген,
Басынан көп іс кешірген,
Шешендік сөзге көсілген
Қайран ер ерте көз жұмды. («Сөздіктен»).

Бұл бағыттағы туындылар да астастыра айтудағы, салыстыра кейіптеудегі сөз тапқырлығы, үздік үрдісті таңбалайды.

Тоқтады енді от жүрегі қызулы,
Демі бітіп, оның үні үзілді.
Аты-дағы бар тізімнен сызылды,
Тірлігінің ірге тасы бұзылды
Татар дәмі жер бетінен таусылып.

Өлеңде өлім – тірліктің ірге тасының бұзылуы. Өлім стихиясын образдық кеңістікке шығару дәстүрі қазақ поэзиясындағы тұрақты желілердің бірі болып қалыптасқан.

«Сөздіктегі» заманға көңіл толмау, қауіп айтудың қашанғы, өзекті зар сарынында келіп отыратын толғамдардың дәстүршілдік мәнін де XIX ғасырдағы әдеби дамумен сабақтастыра айтқызатын мығым негіздер бар.

Бүтіндей заман өзгерді
Құтыртып жаман сөздерді
Адамдар өтірік сөзге енді
Парасатты бек кеткен соң.
Немесе:
Білімдіден ақылдылар қорланды
Естілерді есер заман торға алды
... Адамды заман күйі әлсіретті.

«Сөздіктегі» ер қанаты – қазан аттың сынын ашу, қадірін асыру машығындағы алған қанық суреттер, тапқыр теңеу, сипаттау үлгілері назар аударады.

Саят құрған сәттің құмар-әсері ат үстіндегі аңшы қалпынсыз тұтас жетер ме!

Қасқырды атым менің тарпып жықты,
Серпіні жануардың артып мықты.
Дауысым да сонда менің шалқып шықты,
Көңілімнің құдіреті артып тіпті.

«Туласын асау, долығы шықсын іштегі,

Шыланып терге, ерттеулі тоқым ішпегі» сынды жанды поэтикалық тіркестерде ат құмар көшпелінің асау үйрету дағдысындағы алабөтен еліткен болмысы қылаң берген.

Жүрісімен өнерін асырған ат, шабысы бөлек жүйрікке құмар түрік баласы ұғымындағы түзілімдер, жүйірігінің екпіні еліктіреді.

Адам баласымен бірге жасап келе жатқан ғашықтық сезім, көл-көсір ішкі күй жұмбақтары жасырынған өлеңдер XV-XVIII ғасырдан негізінде ауызша сақталып жеткен, ауызша туған поэзияда басым жауынгерлік, жаутершілік сарындарға ығысып жол бергендей.

Бұл мәңгі сарын «Сөздіктегі» өлең үзіктерінде өнімді түзілім құрған.

Көңілім сәулемді ойлап тыншымады.

Жанымды ғашық оты шымшылады.

Әсерлі әуезімнен мұң шығады.

Өзіңді сәулетайым есіме алсам.

Ізінің тізбегін санаған ессіз, дертті жанның, ынтық ғашығынан басқа дауасы жоқ.

Жабығу, жалбарыну, іңкәрлігі соған ғана арналған.

Жасырын құрған тұзаққа,

Ілігіп сәулем, ауырдым.

Еміңді созсаң ұзаққа

Жанымды орар ауыр мұң.

«Сөздікте» алынған ғашықтық сезім өлеңдеріндегі нақты күй немесе шығыс, сопылық поэзия лебі тұрғысында арнаулы зерттеулер жасалуы қажет сияқты.

Сымбаты өзі,

Сиқырлы көзі.

Әдепті сөзі

Алды менің еркімді, – сынды қиыстырулардың Абай өлеңіне аналогияға сұранып тұрғанын байқаймыз.

Жыл мезгілдері көрінісін қамтыған мынадай бір шумақтар және де Абай лирикасын ойға салады.

Жазғы жайлау жасыл-ды,

Тұман түсіп ашылды.

Жылқы үйездеп, қасынды.

Құлын-тайы кісінеп.

... ..

Қыс, сенде бүрсеңдейді жан-жануар,

Жаз менде бар сұлулық мән тағы бар.

Сарқырап сай-саладан ағады су,

Бөлеген ақ моншаққа жағаны бу.

Жамылған жасыл жапырақ бағалы ну.

Қанатын көк жүзінде қағады қу.

Абайға Еуропа әсерінен дарыды деп айтылатын қайсы бір сурет, жанды поэтикалық құбылыстарды «Сөздіктен» табар едік.

Ай-дағы құлақтанып қораланды,

Ақша бұлт Көк аспанды орап алды.

Малшыды бастағы әсем орамалды.

Толассыз нөсерлетіп жаңбыр құйып.

Тылсым сахара, дала өмірінің «бір қызығы» – саятшылық бағытындағы өлеңдердің ізі суымай Абайға, Абайдың алдындағы Жанаққа, кейінгі Ақанға, Шәкәрімге келіп жеткендігіне не дерсіз!

Құс салып, ит жүгіртіп аң аулайды,
Қырларда қызыл түлкі алаулайды.

Немесе:

Жігіттер, жеміс өсер жайқалатын,
Көңіл де тынса жұмыс жай табатын.
Адамға аң аулау да ой салатын.
Қайталық серуендеп желпініп бір.

«Сөздікте» кеңістікті ен жайлаған ел тұрмысын көрсететін кәдімгі күнделікті күйбең өмір суреттері түскен, пенде баласының көңіл күйінен бір сәт ашылған өлең жолдары да біршама.

Атымды сұрап алып арықтатты
Жем-шөпке жануарды жарытпапты.
Тәңірдің талқысынан қорықпапты.
Оңбаған ырысымды алыстатты.

Махмұд Қашқари жинағындағы айтыс үлгісі осы бір көне жанрдың назар аударарлықтай өзіндік қисынымен берілген. Мұндағы Жаз бен Қыстың «сөз қағыстыруларында» ұтымды тапқырлық үлгісі қолданысқа түскен.

Бірі бірінен кемшілік тергенде айтыстың жанрлық шарты бой көрсетіп отырады. Сөзге, дәмді сөзге тоқтаудаң түркілерде ежелден келе жатқан жазылмаған заң болғандығы тұрғысында ой салады. Әрқилы мінін тауып Жаз әбден қысып тастаған Қысың да қаражаяу емес. Сөз тапқанға қолқа бар ма!

Жаз, сенде жылан-шаян еркіндейді,
Шағуға адам, малды еркім дейді.
Сан мыңдаған улы жәндік желпілдейді,
Деп Қыс та бар шындықты баян етті.

Жаз бен Қыс айтысын баяндаушы автор олардың айтыс үстіндегі қалып, күйін «Аралары кектеніп алыстады» деп дөп басқан. Қаншалықты демократиялық өнер болса да, айтыста қарсы тараптар ауырламай қала алмайтын ащы сөздер жеткілікті, шартына орай ашулануға қақысы жоқ болса да, ауырлап қалатынын жоққа шығармас едік.

Дүниенің өзгешелігі, өзгермейтін адамшылық парыздар – атамзаманнан асыл сөздің арқауы. «Сөздіктегі» түркілер дүниетанымы түзілген бастауы өмірдің құнымен әдіптелген нақыл сөздерде қалған поэзия үлгілері – дүние-жаратылыс жайлы толғамдар – қазақ сөз өнерінің тарихында қай дәуірлердегі де желілі арналардың, өлеңдік түрдің бірі болып сақталған.

Алуан гүл түрге еніп жайқалыпты,
Көркімен көңілдерге ой салыпты.
Табиғат талай жанға нәр танытты,
Әлемде өзгермейтін ешнәрсе жоқ.

Тіршілік даналығы, өмір сабақтары түйінделген қос тармақ тоқтамдар үлгісінде бой тасалаған дәстүрлі негіздер бағытында да үзілді-кесілді, бір жақты дәйектеме жасау қиын. Зерттеулер қажет.

Іс бастасаң асықпа, толғансаң ой өседі,
Асыға тартқан шақпағың тұтанып, тез өшеді.

<...>

Ақылды адамға артық жалынбайды
Үлгілі өсиетті қабылдайды.

«Сөздіктегі» өлең өлшемдері, ұйқас ыңғайы, ырғақтық-интонациялардың әр келкілігі әдеби мұраның ХІ ғасырға дейінгі бай түзілу тарихымен сабақтасқан.

Аааб, аабә, аабв, аааа, ааа, аа ұйқасты жолдарымен келіп отыратын елдік дәстүр, түркілердің кісілік ұстаным – өмір аңсары, тіршілік дағдысы сақталып жеткен өлең өлшемдерінің үлгісі қайдан, қашан, кімнен, қалай қалыптасқандығы тұрғысында қазақ өлеңтану ғылымында айтылатын тоқтамдар әлі де келешектің еншісінде қалып отыр. Махмұд Қашқари «Сөздігіндегі» жұқанасы ғана жеткен өлең үлгілеріндегі серпін, әсер, сурет, даналық дәйегі біздерді әрдайым толқытады, марқайта түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қашқари Махмұд. Түбі бір түркі тілі («Диуани дұғат ит-турк»). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.

References

1. Qaşqari Maxmud. Tübi bir türki tili («Dīwani düğat it-twrk»). – Almatı: Ana tili, 1993. – 192 b.

K.K. Madibai¹, K.T. Mukhamadi²

¹*M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan*

²*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: kuralay.mukhamadi@gmail.com)

Eternal legacy

Abstract. In the article, Mahmud Kashkari evaluated the literary heritage as an «eternal monument and an inexhaustible literary-artistic heritage» and presented it in the work «Collection of Turkish Words», which created a spiritual-artistic space and the examples of poetic works presented in the collection «Bayits of Turkish Peoples» are as accurate and precise as today. , it is told about the poetics of the clear artistic medicine. It can be said that the examples of poetry in the «Dictionary» where the world view of the Turks was formed in the proverbs, which were shaped by the value of life, - stories about the world and creation - have been preserved as one of the channels and poetic forms in the history of the Kazakh art of speech in all eras. The continuity of the literary heritage with the history of its rich formation up to the 11th century has been proven by concrete examples of the variety of poem sizes, rhythms, and intonations in the «Dictionary».

Keywords: Turkic peoples, examples of literature, dictionary, oral literature, Mahmud Kashkari

К.К. Мадібай¹, К.Т. Мұхамәди²

¹Институт литературы и искусства имени М. Ауэзова, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: kuralay.mukhamadi@gmail.com)

Вечное наследие

Аннотация. Махмуд Кашкари оценил литературное наследие как «вечный памятник и неисчерпаемое литературно-художественное наследие» и представил его в работе «Сборник турецких слов», создавшей духовно-художественное пространство и представленные примеры поэтических произведений. в сборнике «Бейиты тюркских народов» столь же точны и точны, как и сегодня. , рассказывается о поэтике ясной художественной медицины. Можно сказать, что образцы поэзии в «Словаре», где мировоззрение тюрков формировалось в пословицах, которые формировались ценностями жизни, – рассказах о мире и творении – сохранились как одни из каналы и поэтические формы в истории казахского искусства речи всех эпох. Непрерывность литературного наследия с историей его богатого формирования вплоть до XI века доказана на конкретных примерах разнообразия стихотворных размеров, ритмов и интонаций в «Словаре».

Ключевые слова: Тюркские народы, образцы литературы, словарь, устная литература, Махмуд Кашкари

Автор туралы мәлімет:

Мәдібай Қ.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-2396-1467

Мұхамәди Қ.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0005-9639-2938

Information about authors:

Madibai K.K. – Doctor of Philology, Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-2396-1467.

Mukhamadi K.T. – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0005-9639-2938

Сведения об авторах:

Мадібай К.К. – доктор филологических наук, профессор, Институт литературы и искусства имени М. Ауэзова, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-2396-1467

Мұхамәди К.Т. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0005-9639-2938

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ш.Ә. Рамазанова, А.Ә. Рамазанова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан**№1 мектеп-гимназия, Алматы, Қазақстан**(E-mail: shaigul69@mail.ru)***Махмұт Қашқари. Өмірі һәм шығармашылығы**

Аңдатпа. Мақалада Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде өзі жайлы айтқан деректерді жылнамалық жазбалармен салыстырып, ғалым тұлғасына тарихи-саяси тұрғыдан баға беріледі. Ғалым өмірін Қарахан дәуіріндегі саяси оқиғалармен байланыстыра зерттеп, ғұмыр кешкен ортасын бағамдап, ата тегін анықтап, адами болмысын ашып көрсету. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі мен Шейх Ахметтің «Сахайб Әл Акбар» шежіресі зерттеу нысаны болып табылады.

Түйін сөздер: Махмұд Қашқари, Қараханид кезеңі, Шейх Ахмед, Диван лұғат ат-түрік

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Мұсылман ренессансының жарқын өкілі Махмұт Қашқари түркология ғылымына өлшеусіз үлес қосып, артына мол мұра қалдырған ғұлама ғалым. Тағдыр тауқыметін ерте бастан тартса да, мойымай, қиындықтармен күресіп, жеңіп шыққан дара тұлға. Өмірінің қия-қалтарысы көп, құпия-сырға толы, тіпті кейбір тұстары әлі күнге дейін жұмбақ. Ғұмыр жолы ауыртпалықпен өрілсе де, ғылымға сіңірген еңбегі ерен. ХІ ғасырда жазылған «Диуани лұғат ат-түрік» кітабы ғасырлар бойы шаңға көміліп, тарих қатпарында құпия көмбедей елеусіз қалғаны да рас. Ғұлама әйгілі еңбегін жазу үшін бұралаң жолдардан, тар соқпақтардан өтті. Білім-ілім іздеп, ғылым қуып, Қашқар, Самарқан, Бұқара, Нишапур, Бағдат қалаларын шарлады. Түркі халықтарының этнографиясын, тарихын, фольклорын, лексикологиясын түгендеп, грамматикасын түзу үшін көршілес тайпалардың қонысын тегіс аралады. Өз кезегінде «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі де түркі жұртымен қайта қауышу үшін ұзақ сапар шекті. Қолжазбаның түпнұсқасы сақталмаған. А. Абулфатхтың 1266 жылы жасаған көшірмесі 1915 жылы Ыстамбұл қаласында Әли Емірі ефендінің қолына түсіп, ғалымдар қауымына белгілі болды. 1940-1941 жылдары түрік тіліне аударылды. 1955 жылы ағайынды Мұхаммед Пейзи мен Ахмет Зияи ұйғыр тіліндегі нұсқасын әзірлегенімен, Шығыс Түркістандағы саяси ахуалға байланысты 1981-1984 жылдары жарық көрді. 1960-1963 жылдары Салих Муталлибов «Түркі сөзләр Дивани» деген атаумен өзбек тіліне тәржімалады. Ал қазақ тіліне аударуға тек тәуелсіздік жылдары ғана мүмкіндік туды. Атақты ақын, белгілі ғалым Асқар Егеубаевтың қажыр-қайратының арқасында 1997-1998 жылдары 3 томдық «Түрік сөздігі» жарық көрді.

Біздің есебіміз бойынша, бес жылдан кейін ғалымның туғанына мың жыл толады. Бұл тақырыпты қаузаулап жүргенімізге біраз уақыт болды. Осыдан оншақты жыл бұрын Махмұт Қашқаридің өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректер жинау, дәйектер іздеу, зерттеу мақсатымен Қашқар қаласына арнайы барып-қайтқанбыз. Ғұламаның кесенесіне тағзым етіп, бейнетаспаға жазып, суретке түсіріп, мұражайындағы

қолжазбаларының көшірмесін жасатып алғанбыз. Кесене шырақшысы мен жергілікті көнекөз қарттардан Махмұт Қашқаридің өмірбаянына қатысты біршама мәлімет жазып алған едік. Қашқар қаласында әйгілі ғалым өмір сүрген заманның тынысымен тыныстап, демін сезінгендей болдық. Ойшыл мақсат-мұратын іске асыру мен құнды еңбегін жазу барысында көп қиындық көрген, тағдыр тауқыметін тартқан. Сол қиындықтарды қалай еңсергенін түсіну үшін ғұмырнамасы жайлы там-тұмдаған деректерді тарихи оқиғалармен, жылнамалық жазбалармен салыстырып көру керек. Сонда ғана ғалымның жұмбаққа толы өмірі мен шығармашылығы өз құпия-сырын айқара ашпақ. Шындық өзінен-өзі су бетіне қалқып шығады.

Махмұт Қашқари 1029 жылы туып, 1101 жылы дүние салған. Толық аты-жөні – Махмұт ибн әл Хусейн ибн Мұхаммед. Туған жері – Ыстықкөлдің оң жақ жағалауындағы Барсхан қаласы. Кіндік қаны тамған топыраққа қатысты зерттеушілер тұжырымының бір жерге тоқайласуына ғалымның өз жазбасы мен дөңгелек картасы септігін тигізгенін атап айтқан жөн. Картаға дүниенің кіндігі етіп Барсхан қаласын көрсеткен, әрі ол жайлы егжей-тегжейлі сипаттап, туған жері екенін емеурінмен танытады. «Барсхан – Афрасиаб ұлының есімі. Барсхан қаласын сол салдырған» [1, 287], –деп жазады. Сондай-ақ, шаһар маңындағы тұрғын жайларды атағанда: «біздің жайлау», «біздің жер» деп түсінік береді.

Махмұттың Қарахан мемлекетіндегі ақсүйектер әулетінен шыққаны белгілі. Кесене шырақшысы: «Ғалымның үлкен әкесі Боғра хан Махмұт Қарахандар дәуірінде патша болған», – десе, тарихи деректер де оны растап: «М. Қашқари Қарахандар династиясына жататын тайпадан шыққан. Оның әкесі – Хусейн ибн Мұхаммед Барсхан қаласының билеушісі болған» [2, 97] деп көрсетеді.

Ғалымның Қарахан мемлекетін басқарған атасы – Ша-Махмұт Харун Боғра хан. Шамамен 946-992 жылдары ел билеген. Ол Сартұқ Боғра ханның жолын жалғастырып, мемлекет аумағын кеңейтті, ислам дінінің терең тамыр жаюына ықпал етті. Самани билеушілермен ұзақ соғыс жүргізіп, 990 жылы Испиджап, Шаш, Самарқан қалаларын жаулап алып, 992 жылы Бұқараны бағындырып, Қарахан мемлекетінің қанатын кеңге жайды. Араб тарихшысы Шейх Ахметтің жазуынша, Ша-Махмұт Харун Боғра хан діншіл, білімпаз адам болған. Ғалымдық пен тақуалық Махмұт Қашқариге атасынан берілген.

Текті әулеттен шыққандықтан Махмұт сапалы білім алуға қол жеткізді. Әкесі қызмет бабымен Қашқарға ауысқанда сондағы ғұламалардан тәлім алды. Мұнда ол география, тарих, әдебиет, астрономия ғылымдарымен танысты. Кейінірек Самарқан, Бұқара, Бағдат қалаларына барып, білімін одан әрі жетілдірді. Сонымен қатар, ғылымнан бөлек, әскери істердің де майталманы болған. Оны «Диуани лұғат ат-түріктің» әлқиссасында өзі де айтады: «Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым»[3, 30]. Махмұт Қашқари ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, әңгімеші, зерек, білімдар ғана емес, соғыс өнеріне де жетік жан-жақты тұлға болған. Елдегі сарай төңкерісінен кейін Махмұт Қашқари туған өлкесінен кетуге мәжбүр болады. Кесене шырақшысы: «Ғалымның үлкен әкесі Боғра хан Махмұт Қарахандар дәуірінде патша болған. Өмірінің соңында ғалымның досы, Боғра ханның баласы Ибрахимды хан қылып тағайындамақшы болады. Махмұт Қашқаридің туған-туыстарына у беріп өлтіріп, қастандық жасалады. Өз басы әупіріммен аман қалып, 1052 жылы туған жерін тастап, түрік елдеріне ауып кеткен», – дейді. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл кезде шынында да Қарахан мемлекетінің шаңырағы шайқалған шақ еді. Оның басты себебі – қарлұқ элитасының билікке ұмтылуы. Нәтижесінде, X ғасырдың аяғында Қарахан әулеті екі саяси топқа жіктеліп, Жүсіп Қадыр ханның ұлдары – Әбу Шуджа Әли Арыслан хан мен Харун Боғра хан (ғалымның атасы емес, туысқаны) бір-

бірімен араздаса бастады. Ұзаққа созылған сарайдағы текетірес ХІ ғасырдың отызыншы жылдары одан әрі ушығып, алып мемлекетті екіге бөліп тынды. 1041 жылы бір-бірін мойындамайтын Батыс және Шығыс қағанаттары пайда болды. Батыс Қарахан қағанатына Бұқара, Мәуренахр мен Ходжентке дейінгі жерлер кірсе, Шығыс Қарахан қағанаты Қашқар, Баласағұн, Барсхан, Ферғана, Испиджаб, Шаш, Жетісу аймақтарын қамтыды.

Мемлекет екіге бөлінгенімен, ағайынды билеушілердің талас-тартысы тоқтамады. Шамамен, 1047 жылы Шығыс қағанаттың ханы Боғра туған ағасы Арысланға қарсы соғыс ашып, жеңіске жетеді. Боғра хан ағасы Арысланды тұтқындап, зынданға қамады. Ғалым шығыс қағанатта тұрғандықтан әрі «мықты найзегер болғандықтан» мұндай әскери қимылдарға қатысуы бек мүмкін. Шығыс Қарахан қағанаты аумағы үлкен, экономикалық қуаты жоғары болғанымен, ішкі саясаты шиеленіскен жағдайда еді. Бұл жөнінде 1631-1702 жылдары өмір сүрген араб тарихшысы Шейх Ахмет «Сахайб Әл Акбар» еңбегінде аса құнды деректер қалдырған. Қарахан хандарының толық шежіресін түзген ол кітабының әлхисасын: «Өздерін Афрасиаб ұрпағынан тарататын түрік қағандары», – деп бастайды. Ғалымның елден кетуіне мәжбүр еткен саяси төңкерістің мән-жайын баяндайды. Шейх Ахмет: «Харун Боғра хан бүкіл Түркістанды жаулап алды. Сосын ең үлкен баласы Хусейн Чақыр тегінді тақ мұрагері етті. Боғра ханның бір әйелі болған. Ол әйел бұған қарсы болып, Хусейн Чақыр тегінге у беріп өлтірді. Соның кесірінен Хусейн Чақыр тегіннің өзі мен отбасында бірнеше адам қаза тапты. Бұл әйел күйеуін де (Боғра ханды) өлтірді. Зынданда жатқан күйеуінің ағасы Арыслан ханды да буындырып өлтіртті. Бұл оқиға 1047 жылдың 28 маусымы мен 1048 жылдың 16 маусымы аралығында болды», – деп жазады [4, 240].

Шежірені басшылыққа алсақ, Боғра ханның Ибрахимді мұрагер еткісі келмегенін байқаймыз. Шейх Ахмет: «Күйеуінің жанындағы кісілерді де өлтіріп, баласы Ибрахимді басшы қылды. Сосын үлкен бір әскерімен Барсхан қаласына қарай шықты. Қала иесі Инал тегінмен соғысты. Соңында Инал тегін жеңіп, Ибрахимді өлтірді. Бұл жеңілістен кейін Ибрахимнің әскері тарыдай шашырап, анасына қайтып барды. Одан кейінірек Боғра ханның ұлдарының арасында келіспеушілік пайда болды», – дейді [4, 240].

Шейх Ахметтің деректеріне сүйенсек, сарай төңкерісі бәйбіше мен тоқал арасындағы бақталастықтан туындаған. Махмұт Қашқаридің отбасы мен туыстары уланып өлгені мәлім. Бәлкім, қан жағынан Хусейн Чақыр тегінге жақын болар. Себебі, екеуінің де тегі Хусейн. Сонымен қатар бүлікшілердің қол бастап Барсханға аттануы да күмән тудырады. Себебі, Махмұттың туған жері, әрі әкесі сол қаланың әмірі болған. Бүлікші Ибраһим Чақыр тегіннің жақтастарын толық құрту үшін Барсханды шапса керек. Алайда, «қастандық ұйымдастырған төңкерісшілер жеңілді. Махмұт не үшін елінен кетеді?» деген заңды сұрақ туады. Бұл сауалға «Одан кейін Боғра ханның ұлдарының арасында келіспеушілік пайда болды» деген сөз жауап беретіндей. Ғұламаның ұзақ уақытқа созылған талас-тартыстан, саяси ойындардан қажып, ғылымға біржола бет бұруы да көңілге қонымды. Десе де, тарихшы С. Сыздықов Шейх Ахметтің деректеріндегі дәйектерді құптай қоймайды. Ол сарай төңкерісі жайында: «1056 жылы Қадырханның ұлы Инал тегін өкімет мұралығы жолындағы күресте інісі Сүлейменнің иелігін басып алады. Бірақ көп ұзамай оған у беріп өлтіреді. Тәж-таққа Инал тегіннің баласы Ибрахим отырады. Бірақ ол да, біраз уақыттан кейін Барсхан әміршісімен болған ұрыста қаза табады» [4, 153], – деп жазады. Екі тарихшы бір уақиғаны әртүрлі баяндап, жылдарды да әрқилы көрсетеді. Сондай-ақ, Сыздықовтың нұсқасында Инал тегіннің қолынан өлген Ибрахим оның ұлы болып шығады. Қалай айтсақ та, Чақыр тегін мен Ибрахим де ғалымның туыстары. Екі нұсқадағы да ортақ шындық: Ибрахимнің бүлік шығарып, Барсхан қаласында қаза табуы. Кім-кімді уласа да, Қашқаридің ет-жақындары.

Ғалымның төңкерісшілер жағында болғанын немесе болмағанын тап басып айту

қиын. Белгілісі ордадағы бүлікті пайдаланған Самарқан әмірі Тоғрыл ханның шығыс иелікке шабуыл жасағаны. Нәтижесінде, Тоғрыл хан шығыс қағанатты 1059-1074 жылдар аралығында биледі. Сірә, бастары бір қазанға сыймаған Боғра ханның ұлдары мен туыстарын қуып шықса керек. Бұл қисынды да. Себебі, Махмұт Қашқари Тоғрылдың көзі тірісінде Қашқарға аттап баспаған. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген осы. Бастары бірікпей, бір-бірімен айтысып-тартысып, қырқысып жүріп, өзгенің жемтігіне айналды. Бұл да дәл қазіргі кезде біз есте тұтатын тарихтың ащы сабағы. Береке-бірлігіміз бекем болғанда ғана жеңіс пен табысқа жетеміз. Ал алтыбақан алауыздыққа жол беріп алсақ, ауыздағымыз бен қолымыздағымыздан, яғни барымыздан айырыламыз. Ойланатын-ақ жайт!

Саяси мансаптан күдер үзген Махмұт ғылымға біржола бет бұрды. 1057-1072 жылдары Орта Азияда тұрғанда ауыл-қыстақтарды аралап, халықтың тұрмысын, салт-санасын, әдет-ғұрпын зерттеді. «Түркі тілдер сөздігі» үшін мәліметтер жинайды. Бұл үшін уақыты мен қажыр-қайратын да аямай, аянбай тер төгеді. Ол еңбегін бір тайпа емес, бірнеше тайпалар лексиконы негізінде жазды. Атақты ғалым өз еңбегін қалай жазғанын, алдына қойған мақсат-мұратын былайша түсіндіреді: «Мен түріктер, түркмендер, оғыздар, шігілдер, иағмалар, қырғыздардың қалаларын, қыстаулары мен жайлауларын көп жылдар бойы араладым. Сөздерін жинап, түрлі-түрлі сөз қисындарын үйреніп, айқындап отырдым. Мен бұл ісімді тіл білмегендігімнен жасаған жоқпын, сол тілдердегі сөздердің көп байқалмайтын мәселелерін айқындап, аңғару үшін жасадым. Бұл шығармам мәңгі ескерткіш болсын деп, Құдайға сыйынып, кітапты жаздым. Кітап «Диуани лұғат ат-түрік» деп аталады» [5, 153]. Осыдан-ақ ғалымның қалай және қай бағытта еңбектенгенін анық аңғаруға болады.

Жазар туындысын жүйелеп, тиянақтаған соң, 1074 жылы Бағдат шаһарына барып жазуға кіріседі. Төрт жылдық тынымсыз еңбектің арқасында әйгілі кітаптың соңғы нүктесін қояды. Еңбекті Бағдат Халифасы Убул Қасым Абдуллаға сыйға тартады. Онда түркілер тарихы, түркі тайпалары, орналасқан мекен-жайлары, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, экономикасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы кеңінен айтылады. Ең бастысы түркі тілі мен диалектілерін жан-жақты зерттеп, ғылыми айналымға енгізді. Сондай-ақ түркілердің жазу стилі, олар қолданған 18 әріптен тұратын әліпби және тілдерді классификациялау секілді құнды ақпарлар бар. Соның арқасында әлемнің әйгілі түрколог ғалымдары осы еңбекті зерттеп-зерделеп, құпия-сырына үңіліп, жұмбақтарын шешті. Қазір Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін дүниежүзі біледі. Түпнұсқасы жоғалып кетсе де, көшірмесі арқылы жалпақ әлемге таралып, адамзаттық құндылықтар қатарына енгізілді. Бұл кітап қазір дүниежүзінің көптеген тіліне аударылып, ғылыми-зерттеу нысанына айналды. Сондай-ақ ойшыл аталмыш еңбегінде түркі халықтарының ерлігі мен өрлігін термелей келіп, түрік тілін үйренуге шақырады. Түрік тілінің ғажайыптығы мен ғаламат сырын сипаттап, ұзақ жасағанын қалайтынын жеткізеді. Түркі жұрты дәріптеледі. Міне, бұл жағынан алғанда да елдік, түркілік мүддені қорғап, өз жұртының мәртебесін жоғары көтергенін анық байқауға болады. Қазіргі ғалымдарға осындай патироттық сезім жетіспей жататыны жасырын сыр емес. Жас ұрпаққа бұл да керемет үлгі-өнеге. Өз елі мен жұртының тілін тыңғылықты зерттеп-зерделеп, кеңінен насихаттау да отансүйгіштіктің жарқын көрінісі. Көріп отырғанымыздай бұл тұрғыда да Махмұт Қашқари мен оның еңбегінен көп нәрсе үйреніп, айтарлықтай сыр түюге болады. Ғұлама ғалым бастаған игілікті одан әрі жалғастыру бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі іс. Түркі жұрты мен оның береке-бірлігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тілі, мәдениеті мен өнері мәңгі жасай берсін! Ендігі кезектегі басты назарда ұстайтын дүние – Махмұт Қашқаридың осы «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің түпнұсқасын іздеп-табу. Егер оған қолымыз жетсе, ғылымдағы үлкен жаңалық болар еді. Осы бағытта зерттеу һәм іздестіру жұмыстарын жүргізу болашақтың еншісінде.

Махмұт 1078 жылдың аяғында туған жері – Қашқарға оралады. Төрт жыл бұрын Тоғрыл хан өліп, ғалымға төнген қауіп біршама сейілген. Сондай-ақ, жасы жетпіске келген, саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғалым саяси тұлға ретінде де қауіп төндіре қоймайтын. Тоғрыл көзі тірісінде ұлы – Шемсүлмүлік Насырды мұрагер етіп тағайындаған еді. Өйтсе де, хан өлісімен, інісі Тоған хан Насырға қарсы шығып, бес жылға созылған азаматтық соғыс жүргізді. Тек 1079 жылы ғана Насыр таққа отырды.

Ғалым өмірінің соңғы жылдары тыныштықта өтті. Қашқарда Нәзір Сахида атты мешіт салып, шәкірт тәрбиеледі. Осы тұста ғалымның емін-еркін жүріп-тұруына Шемсүлмүлік Насырдың ықпалы болғаны анық. Шейх Ахмет билеушінің ғұламалар мен ғалымдарды ардақтағанын айтады. Ол: «Өзі ғалым еді. Көп шейхтерден нақыл және шарифат ілімін үйренді. Өзі құтпа да оқитын», – деп жазады. Әрине, мұндай келелі жиындарда мұсылман ренессансының жарқын өкілі болғаны сөзсіз.

Махмұт Қашқари 1101 жылы қайтыс болды. Шын мәнінде, ғалымның туған, дүние салған жылдарын анықтайтын тарихи құжат жоқ. Әр зерттеуші әртүрлі ой топшылап, өзінше кесім айтады. Кейбір ғалымдар кесенесіндегі баспалдақ саны 97 болуын ұстын ғып алып, ислам сәулет өнерінің қағидатымен ғұламаның 97 жыл ғұмыр кешкеніне уәкілдік беретінін айтады. Тарих – құжаттардан ғана емес, заттай деректердің қисындылығынан да құраларын білеміз. Дегенмен, бұл әлі нақты құжатпен дәлелденбеген дәйек. Бар болғаны қисын, болжам ғана.

Халық арасында таралған аңыз бойынша Махмұт Қашқари Қашқар қаласына қайтып оралғанда тілеулес жандар:

– Сен енді қашанғы өстіп бір күні анда, бір күні мұнда сенделіп жүре бересің? Бір жерге тұрақтамайсың ба? – депті жанашырлық танытып. Сонда Махмұт Қашқари:

– Мына қолымдағы асатаяғым қай жерде жапырақ жайса, сол жерге тұрақтаймын! – деген екен.

Сөйтіп Қашқарда жазбасын жазып, сызбасын сызып жүрген күндердің бірінде артына бұрылып қараса жерге шаншып қойған асатаяғы көктеп тұр екен.

Ғалым оған қуанып:

– Айқай! Асатаяқ көктеп кетіпті, менің жатар жерім осы екен! – депті-мыс. Содан бері оны «Айқай терек» атап кетіпті. Сол терек әлі күнге дейін өсіп тұр екен. Оны бізге осы аңызды айтып берген кесене шырақшысы көрсетті. Бұл аңыз түркі жұртының тарих толқынында Махмұт Қашқаридің еңбегін жоғалтып алса да, сүйегі асыл ғұламаны жүрек түкпірінде сақтағанының айқын дәлелі іспетті.

Қорыта айтқанда, Махмұт Қашқари өмірі қиындық пен қатерге толы болса да, өзінің саналы ғұмырын ғылым-білімге арнап, түркі жұртының алдындағы перзенттік парызын адал атқарып кетті. Мақалада келтірілген дерек-дәйектерден оның ақсүйектік құзыретін, жауынгерлік даңқын, білімі мен білігін, күш-қайратын түркі жұртының жоғын жоқтап, кем-кетігін түгендеп, келер ұрпаққа өшпес мұра қалдыру жолында сарп еткеніне көз жеткіземіз. Қамшының сабындай қысқа ғұмырын атақ-даңқ пен билік жолындағы күрестерге емес, халқының мәдени-рухани қазынасын молайтуға, байытуға, толықтыруға арнады.

Ғалым қайтыс болғаннан кейін де Қарахан ақсүйектерінің ішкі соғысы жалғаса берді. Ақыры жүз жылдан соң Хорезмшах мемлекетінің боданына айналды. Ал «Диуани лұғат ат-түрік» халықпен бірге жасап келеді. Бұдан кейін де адамзаттың ортақ игілігіне айналып, түркі жұртының ғылым-білімінің өсіп-өркендеуі мен рухани түлеуіне қалтқысыз қызмет ете бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Қазақ әдебиетінің тарихы II том. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2006. – 565 б.
2. Қазақ даласының ойшылдары IX -XII ғғ. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 164 б.
3. Егеубай А. Түрік сөздігі I том. – Алматы: «ХАНТ», 1997. – 595 б.
4. Сыздықов С. Қарлық-Қарахан мемлекеті. – Астана: «Фолиант», 2004. – 327 б.
5. Пірәлиев С. Таным және студент. – Алматы: «Санат», 2007. – 210 б.

References

1. Qasqabasov S. Qazaq ädebietiniñ tarixı II tom. – Almatı: «QAZAqparat», 2006. – 565 b.
2. Qazaq dalasınıñ oyşıldarı IX -XII ғғ. – Almatı: «Ğılım», 1995. – 164 b.
3. Egeubay A. Türik sözdigi I tom. – Almatı: «XANT», 1997. – 595 b.
4. Sızdıqov S. Qarlıq-Qaraxan memleketi. – Astana: «Foliant», 2004. – 327 b.
5. Piräliev S. Tanım jäne stwdent. – Almatı: «Sanat», 2007. – 210 b.

Sh. Ramazanova, A. Ramazanova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Gymnasium school №1, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: shaigul69@mail.ru)

Mahmut Kashkari. His life and creativity

Abstract. In this article, the data in Mahmut Kashkari's work «Dīwān Lughāt al-Turk» is compared with historical records, and the scientist's personality is evaluated from a historical and political perspective. Examining the scientist's life in connection with the political events of the Karakhan period, evaluating the environment in which he lived, determining his lineage and revealing human nature. The work «Dīwān Lughāt al-Turk» and Sheikh Ahmed's «Sohaib Ali Ekber» family tree constitute the subject of the research.

Keywords: Mahmut Kashkari, Karakhan period, Sheikh Ahmed, Dīwān Lughāt al-Turk

Ш. Рамазанова, А. Рамазанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Школа-гимназия № 1, Алматы, Казахстан

(E-mail: shaigul69@mail.ru)

Махмұт Қашқари. Жизнь и творчество

Аннотация. В данной статье данные работы Махмута Кашкари «Диван Лугхат ат-Тюрк» сопоставляются с историческими записями, а личность ученого оценивается с исторической и политической точки зрения. Исследование жизни учёного в связи с политическими событиями караханского периода, оценка среды, в которой он жил, определение его родословной и раскрытие человеческой природы. Предметом исследования являются произведение «Диван Лугхат ат-Турк» и генеалогическое древо шейха Ахмеда «Сохайб Али Экбер».

Ключевые слова: Махмұт Қашқари, Караханский период, Шейх Ахмед, Диван Лугхат ат-Тюрк

Автор туралы мәлімет:

Рамазанова Ш.Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9071-4872.

Рамазанова А.Ә. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №1 мектеп-гимназия, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0006-9603-2729.

Information about authors:

Ramazanova Sh.A. – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9071-4872.

Ramazanova A.A. – teacher of Kazakh language and literature, school-gymnasium No. 1, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0006-9603-2729.

Сведения об авторах:

Рамазанова Ш.А. – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-9071-4872.

Рамазанова А.А. – учитель казахского языка и литературы, школа-гимназия №1, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0006-9603-2729.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

А.А.Туймебекова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
(E-mail: atuytebekova@mail.ru)**Батырлық концепті: соғыс тактикасы мен стратегиясы
Б.Момышұлы ұстанымында**

Аңдатпа. XX ғ. сұрапыл соғысын басынан өткерген қазақтың қайсар ұлы Б.Момышұлының ерлігі мен батырлығына ұстаным халықтың жауынгерлік танымы болған. Соғыстың алғашқы күндерінен өз Отаны мен халқы алдындағы абырой мен намыс үшін күрескен жалынды ұлдарды көреміз. Батыр туралы А.Бек повесіндегі Б.Момышұлының әлемді тануы мен ойынан туған сөз саптаулары талданады. Батырдың әскери тактикасы да стратегиясы да мәңгілік өмірді насихаттайды. Автор мен кейіпкер арасындағы тілдік қолданыстарға деректер беріледі. Батыр ұстанымындағы әрбір сөз оралымдары ғылыми түрде сараланады.

Түйін сөздер: батырлық, ерлік, қорқыныш, соғыс, жауынгер

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Халқымыздың тарихында ең бір қиянаты көп Ұлы Отан соғысы болды десек қателеспейміз. Себебі жастайынан туған жері мен халқын қорғаудың сонау ерте замандардағы батырлық дәстүрін жалғастырған біздің талай асыл ұлдарымыздың бабалар рухының туын төмен түсірмей абыроймен атқарған еді. Шовинизм мен ұлттарды кемсітушіліктің саяси астарында боздақтарымыз сонау туған жерден алыс жерде қала берді. Тірі қалғандарының Отан қорғаудағы ерлігі бағасын ала алмады. Халқымыздың талай ұсыныстары мен сұранулары жауапсыз қалған болатын. Жылдар бойы әділ бағасын ала алмай келген батыр ұлдарымыздың кеудесіне лайық жұлдыздары өз иесін тек тәуелсіздік жылдары ғана қайта тапты.

Ата-бабаның батырлығы мен ерлігін жалғастырушы – Б.Момышұлы болды десек асық айтқандық болмас еді. Біздің бұлай ой топшылауымызға соғыс кезіндегі Талғарда жасақталған №316-атқыштар дивизиясының Мәскеуді қорғаудағы ерлігі соғыс кезінде аңызға айналды. Батыр туралы жазылған мақалалар, тіпті повестер оның атын әлемдік аренаға паш етті. Б.Момышұлы қатардағы қарапайым «натуралист жазушы» деп бағалаған А.Бек майдан даласына келіп, Б.Момышұлының айтып отыруымен «Арпалыс» повесін жазып шықты. Бұл жөнінде повесті жазуға келісілген шарт, жазушы мен кейіпкердің келісімі, тіпті шындықты жазу талап етілген болатын. Шындықты жазу тек сұрапыл соғысты көзімен көруші кейіпкердің айтылуымен жазылады. Соғыстың өтіп кеткен тұстарын қайталап баяндап айтып беру, кімнен болса да аса есте сақтаушылық немесе осы іс-әрекеттерді жазып жүрген жазушылыққа қабілеті бар, шығармашылық иесінің ғана қолынан келуі қақ. «Батыр Бауыржан байырғы жорық жырауларындай, қолына қаруы мен қаламын қатар алып жүріп соғысты» [4] – деп бағаланған.

Б.Момышұлының соғыстың алғашқы күндері-ақ «психологиялық» деп бағалаған жойқын соғыс адам тағдырымен ұштас болды. Сондықтан да Б.Момышұлы 1944 ж. елге келіп дәріс оқығанда да психологиялық адам бойындағы қорқыныш туралы ой-пікірлері болған. Осы ойының бастауын «Арпалыс» романының 1-кітабын «Қорқыныш» деп

атауынан көреміз. А. Бек соғыстың алғы шебінде атақ-даңқы шыққан 316-дивизияның қолбасшысы генерал Панфилов пен лейтенант Б. Момышұлы туралы материал жинауға келген. Осы тұста ол Б. Момышұлымен кездеседі. Б. Момышұлы бір қарағанда оған бетінде бір артық еті жоқ сынаптың жүзінен өтердей болып көрінеді. Мінезі де күн күркірердей, аты-жөнін айтар кезде өзінің фамилиясы жоқ екендігін, – мен далада қой бағып өскен қазақпын – деп таныстыруынан-ақ өзгеше адам екендігін түсінеді. Менің әкемнің аты – Момыш, мен соның баласымын, Момышұлымын – деп танысады. Егер мен туралы бірдеңе жазсаңыз, тек Момышұлы деп жазыңыз – деген талап қояды. Осылайша, алғашқы таныстық болып, журналистік алғашқы сұрауын А. Бек қояды. Ол сұрауға да жауап орнына оның өзіне махаббат деген не? – деген сұрақ қояды. Махаббат өлердей ғашық болу, жар құшағынан ләззат алу ғана емес, махаббаттың артында ар-намыс жатыр – деп айтады. Соғыста махаббат ар-намыспен өлшенеді. Жай күндегі адам қалай соғыста кісі өлтірушіге айналады немесе қашып- бұғып жан сақтаудан қорқыныш сезімі көріне ме? Әрине, көрінеді. Бой тасалап жүріп тек алға ұмтыласың, егер өлгің келіп өмірден түңілсең, өліп те кетесің, бірақ сен ар-намысыңды жанышқылап, қайрап ілгері ұмтыласың, қайткенде қаңғырған оққа жем болмауға тырысасың. Азаматтық міндетінді Отан қорғау деп түсінуің қажет – дейді.

Бұл повестің неге бірінші тарауы – «Қорқыныш» деп аталды? Осы мәселеге келсек, адам басына қиыншылық түссе, өз-өзін қорғауға ұмтылады. Бұл жөнінде психолог З. Фрейд қорқыныш бала дүниеге келгенде де басталатындығына мысал келтіреді. Анасының құрсағынан шыққан бала бірден қорқынышты сезеді, бір акушерканың айтқанын есіне түсіреді. Оның айтуынша толғақпен бірге кеткен судан нәрестенің үлкен дәреті шығатындығын байқаған. Міне, З. Фрейд қорқыныш бастауы өмірге бала келгенде анасынан айырылады да сыртқа шығарда, қатты қорқынышты сезеді [3] – дейді. Осы қорқыныш адам өсе келе оның жадында жаңғырып, қиындықта, соғыс жағдайында қорқынышты сезгенде осы қорқыныштан басталып, қауіпті көріп, сезген сайын дем алысы жиіліп, ауа жетпей қысыла түседі де, өзін сақтау мақсатында қаша жөнеледі. Қашу да тіке зымырап қашу емес, сүрініп-қабынып қашуға әкеледі екен. Ал жануарлар болса, қауіп сезілсе, алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Осы мәселелерді білген, байқаған Б. Момышұлы сарбаздарды даярлауға қажет әскери тәрбиенің кемшін түсіп жатқандығы туралы Қазақстан Орталық комитетінің басшыларына хат жазған. Халықтың әлеуметтік дамуында көшпелі тұрмыс кезінде жас бала ата, аға тәрбиесін көріп аттың жалынан тартып өскен. Жас балаға «Атқа мінер» дүниеге ұл келді деп ырымдап сүйінші сұрауында мән бар. Жастайынан ертеңгі күні елін қорғайтын ұл бала дүниеге келді деген тәрбие жатыр. Қанаты қатайған сәтте «Тоқым қағар» тойын жасап, үлкен аталары бата беріп, балаға ақ жол тілеген. Батаның қазақ өмірінде үлкен рөл атқарғаны, «Батаменен ел көгерер, Жаңбырменен жер көгерер» деп мақалдауынан танылады. Б. Момышұлы дүниеге келгенде атасының бата беріп, немересіне үлкен міндеттерді жүктейді. Осы міндетін батыр еліне, жеріне қызмет етіп, халқының ар-намысын, өсиетін артығымен орындады. Ж. Баласағұн XI ғасырда өзінің атақты «Құтты білік» атты дастанын жазды. Бұл дастанда ел қорғау, тәлім-тәрбие, ел болу үшін басшысы қандай болу керек деген өткені мен болашаққа қажет ілім, білім мол десек болады. Себебі осы ілімді Еуропа елдері де Шығыс та қызыға оқыды. «Құтты білік» дастанынан-ақ халқымыздың жаутершілік заманнан қалай жол тапқанын көреміз. Қолбасшы мен жауынгерге қатысты соғыстың тактикасы мен қорғана білу өнері де сөз болады. Мысалы, 2290-бәйітте «Намысшыл ер жаудың қанын шашады, Намыссыз ер жер бауырлап қашады» [2,273] делінген.

«Құтты білікте» «Әскербасы саясатты меңгерсін, Әскер ісі саясатпен, сезерсің» [2,273] делінеді. Яғни басшы жер жағдайын аңдамаса, жер қайысқан қолыңнан не пайда, жауға жем боларсың дегенді ұқтырады. Алматыда жасақталған 316-дивизия бірден соғысқа кіріп кеткен жоқ, Ленинград түбінде шалшықта даярлықтан өткен болатын. Тек октябрь

айында немістер Вязьма түбінде майданды жарып өтіп, Мәскеуге қарай өршелене түскен шақта үкімет бұл дивизияны Мәскеуден 120 км қашықтыққа шепке тұрғызды. Міне, даярлықты бастап та кетеді. Б. Момышұлының әскери тактикасына тән нәрсе, ең алдымен жер жағдайын шолу, рекогницировка жасау болатын, яғни жер жағдайын қарау, алдын-ала болжау мақсатында командирлермен бірге ұрыс болатын аймақты шолып қайтуға аттанады. Б. Момышұлының соғыс тактикасы тағы да осы жерде көрінеді. Руза өзенінің таяз екенін көріп, бұл жерден немістер оңай өтеді-ау, не деген оңбаған өзен едің? – деген баға береді. Сара қолбасшы ертеңгі әскерінің әр адамы баға жетпес байлығы деп біледі. Адам соғысқа өлу үшін емес, өмір сүру үшін, қолынан келсе, айлсын асырып, жеңіс дәмін татуы керек деп түсінеді. Тоғыз ғасыр бұрын да осы жағдай қайталанған. «Сара сардар, қару қажет жеңіске! – деп түйіпті. Жау күйреткен келісті ер» [2,277] деп бұрынғы жаугершілікте осы тәжірибе қолданылғандығы айтылады. Б. Момышұлы жер жағдайын алдын-ала көріп, төмендегідей шешім қабылдайды. Әрі өзеннің бір мүйісі орманға тиіп тұр, немістер ағашты паналап ашық алаңқайдағыларды көздеп отыра беруіне жағдай жасалып тұр, сондықтан ағаштарды балталау қажет деп табады. Өзеннің екінші жағы тік жар екен, яғни «эскарп» танк өте алмайтын жол деп шешеді. Осылайша даярлыққа қосымша жаудан қашқан жауынгерлердің әңгімесін әлі соғысқа араласпағандардың тыңдауына қарсы болады. Себебі қорқынышты етіп жауды суреттеу, бас көтертпей миналау, оқ зуылдау деген сияқты әңгімелері жауынгердің құтын қашырады деп түсінеді. Енді даяр пулеметті тексермек боп оқты зауылдатқанда әскердің кері бұрылып қашқанына куә болады. Ертең жаумен бетпе-бет кездескенде бұлай қашса, не болатынын ойлап та болмайды. Осы қашудан соң бәрі оралып, тек Боранбаев көзге түспеп еді. Боранбаев шебер пулеметті шашып жинау маманы болатын, одан осындай қимылынан мүлт кетерлік қасиетті байқамаған болатын. Бірақ мына қылығы қатты ойландырған еді, айтқандай Боранбаев өз қолын өзі атыпты деген хабар шықты. Соғыс тактикасында жауынгердің тіпті бөлімше командирінің бұл қылығы жауынгерлер алдында үлкен күнә еді. Б. Момышұлы батальон алдында Боранбаевты ату жазасына кеспек болады. Боранбаев кешірім сұрап қалтырайды. Бірақ Б. Момышұлы бір құмалақ бір қарын майды шірітетінін еске алып, ертеңгі күні өзгелерге өнеге болсын деген мақсатпен атып тастайды. Тағы бірде окоп қазу кезіндегі жауынгерлердің шалағай тірліктерін көріп, қайта окопты ағашпен жабуын талап етеді. Жақсы бекінсең, жауыңа аянбай соққы бересің - дегенді алға тартады. Жауынгерге ерінбей қатты бөренелерді төсеуді қажет ететіндігін айтады. Ұрыс алдында әскерді соғысқа даярлауда тәрбиенің рөлі қандай екендігі де айтылады. Жауынгерге ең алдымен азаматтық борышын орындау, екіншіден бас сауғалап ұрысқа даярлану, үшіншісі әскери тәртіп қажет екендігін көрсетеді. Баукең өзін әскерді Боранбаевты атып, бәрібір өлім күтіп тұр ғой деген ойға қалдырдым ба? – деп те ойланады. Бірақ оған ұстазы И.В. Панфиловтың «Жауынгер ұрысқа өлуге емес, өмір сүру үшін аттануы керек» деген сөзін еске түсіреді. Әр батальонда политрук бар. Бір күні Дордияның сөзін естиді. Оның ойынша Отанды қорғау міндетің, өлсең де сол жолда мерт болуың керек дейді. Б. Момышұлы өлімнен гөрі өмірді айту керек. Өмір сүруге ынталануы керек адам. Өмір сенің үйің балаң, шағаң, қайта жалғасар ұрпағың. Отан деген сенің өзің, өзіңді оқтан аман алып қалуың керек. Ол үшін сен оқ атып үйрен, нысананы дәлдеп үйрен, жер бауырлап дұрыстап еңбекте, қорған, окобыңды жақсылап қаз, әйтпесе неміс сені өлтіреді – дегенді айтады. – Өл деген сөзден гөрі, өлтір дегенді айтқым келеді – дейді. Сен Отан қорғауға келдің, ата-анаңның ақ батасымен келдің, сол міндетіңді абыроймен атқар – дейді. Сонда ғана өз азаматтық парызыңды атқарасың - дейді.

Б. Момышұлының әскери тактикасын қалыптастыруда рөл атқарған генерал И. Панфилов болды. Ол кісімен алғашқы танысқан күнінен әскери ұстазы сияқты соғыс өнеріне баулыды. А. Бектің «Арпалыс» романында Б. Момышұлы әскери кітаптарды

көп оқығандығын, тіпті Талғарда әскер жасақтауда артиллерист болмай, батальонға командир болып кетеді. Артиллерияға білімім жетпейді деп, өз-өзіне сенімсіздік білдіреді. Міне, Б. Момышұлының мықтылығы, өз-өзін менсінбей, болашақ әскердің жеңісі мен жеңілісі сынға түсер шақта командирдің қателігі болмау керек деп түсінеді. Дьяконовтың «Артиллерия теориясы» атты кітабын дұрыс меңгермедім деп түсінген. «Жалпы әскери тактикадан, ұрыс жүргізу тәсілінен хабарыңыз бар ма? Бұл жөнінде не нәрсе оқыдыңыз? Мен оқып шыққан кітаптарымды атадым. Ал шегіне ұрыс жүргізу тәсілімен таныспысыз? Бұдан хабарыңыз бар ма? – Жоқ, жолдас генерал. Онда сізге батальонды басқару оңай болмайды. – Мүмкін солай шығар, бірақ абыроймен өлу қолымнан келеді» [1,77] – деді. Панфилов соғыста сіз жалғыз емессіз, қарамағыңыздағы адамдар бар олардың өміріне жауаптысыз, әркім соғысқа өлу үшін емес, өмір сүру үшін бару керек – дейді. Арада күндер өтіп, Бауыржан соғыстан бірнеше мыңдаған км алыста отырып, соғыста қалай болар екен деп, батальонын сынау жұмыстарына кіріседі. Талғардан 50 шақырым жерге барып қайту тапсырылады. Бауыржан шілденің күні күні кеше мұғалім, банк қызметкері, есепшілерден құрылған ерікті топты әскери өмірге баулу қажеттігін түсінеді. Сондықтан бұл алыс жол ғана емес, ертеңгі күнге даярлық еді. Ең алдымен шинельді қалай орауы, гранат асынғыштың орнықты тұруына мән береді. Қалай болса, солай ілу өзіне қиындық тудыратынын 6 шақырымға жетер-жетпес белгілі бола бастайды. Біреуінің мойнын қажаған шинель, арқасында салбырап екі аяққа кедергі келтірген күрек, барлығын түзету, әскердің даярлығына қажет етеді. Елу шақырым жүріп барып ас пісіруді де өздеріне пісіртуі, күйген ботқа жеуіне әкелді. Осының бәрі жауынгерлерді әскери өмірдің оңай еместігіне баулыды. Әскерде бұйрық беріледі. Оны орындау міндет. Панфилов айтпақшы, әскерде бас яғни ақыл мен тәртіп қажет деген. Осы ережені сақтап, жол бойы үздік-создық жүрісті командирлеріне саптың аяғынан басына жүгіртіп, әскери жауынгерлерін тәртіпке шақыруын талап еткен. Қайтар жолда темекі егістігімен жүріп, біразы иістен басы айналады, бірақ тәртіптің аты – тәртіп. Даңғыл жолмен емес, кедір-бұдырлы жолмен жүргізеді. Осы тапсырмадан соң жауынгерлерден сабырлылық пен парызбен міндет туралы түсінік қалыптасқандай болады.

И. Панфилов Бауыржанның Қолбасшы Суворовтың «Әскери оқу қиын болса, соғыста жеңіл болар» деген өсиетімен даярланғандығын көреді. Сондықтан бұл жаттығу келешекте бұдан да суық, ызғарлы, қарлы аязды күндерге дайындық еді. И. Панфилов келіп, Б. Момышұлының батальонының орналасқан жерін көріп, жақсы бекінгендіктерін айтады. Бірақ олардың өзеннен ары аса алмайтындықтарын, мүмкін алға жылжу қажет болса, мына орын аздық ететіндігін айтады. Ұрыстың шегініп барып қайта шабуылдау, бүйірден батальонды қорғау қажеттігін, резерв жасау сияқты түрлерін көрсетеді. И. Панфилов бір жерде егер өзеннің арғы жағына өту үшін неге сал, қайық жасамағансыңдар деп нашар деген баға береді. Осы баға Бауыржанның алғашқы және соңғы өкініші болды, бұдан кейін бұндай ескерту болмаған. Б. Момышұлы сондай-ақ жаудың келуін күтіп жатпай, ауық-ауық жауынгерлерді барлауға жіберіп, немістің де кәдімгі ет пен сүйектен жаралған адам екендігін, озбырлығын, деревня адамдарымен сөйлесіп, жер жағдайын танысып келуге жұмсап отырды. Тіпті 100 адамнан тұратын жасақ әзірлеп, Середа деревнясына жіберіп, жаудың барлық қоймасын өртеткізіп, жолдарды миналатты. Мәскеуге 120 км жерден қорғауда Б. Момышұлының бірнеше рет жау қоршауын бұзып шыққандығы мәлім. А. Бекке өзі баяндағандай, Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақтар мен Орта Азияда жасақталған Армияның күшінің қажеті бар ма еді? деген сұрақ қойып, өзі былайша жауап береді. Мәскеу біздің жүрегіміз, оны қорғау міндетіміз еді – дейді. Отанды қорғау азаматтық борышымыз – деп түсіндіреді. Әйтпесе, айдаладағы қаланы қорғау үшін жанын қию қандай ауыр нәрсе. Б. Момышұлының жаугершілік стратегиясының басында әскери тәртіп пен азаматтық борыш тұрады. Осы екеуінің біреуі болмаса, тактика мен әрекетің іске аспайды және де ең бір қажет

нәрсе- маневр, яғни жауды жеңу үшін айла, амал, тәсіл қажет. Жау да осал емес, Олар да тиянақты түрде сені, яғни қарсыласының психикасын зерттейді. Бір жолы Б. Момышұлы И. Панфиловтан алған тапсырманы орындау үстінде шегіну қажет пе, жоқ па? деп, өз бетінше қимыл жасау үшін де бұйрық қажет екендігін түсінеді. Бұйрыққа кеткен адамдарды күтуі, түнімен сарылып, қарамағындағы 700-дей жауынгерді сақтау қажет екендігін уайымдап, ақыры жаудың орналасқан жерлерінен кесіп өтеді, жауынгерлері де түгел, бес-алты адам ғана жараланып шыққан қоршаудан аман өткен. Бұл жөнінде сонау ХІ ғасырда да айтылған екен. «Жауды аларға екі түрлі қару бар, Сол екеуі-ақ жан шығарар жауыңнан. Ең әуелі, асыр жаудан айлаңды, Айламенен сал қан-қызыл ойранды. Екіншіден, қырағы бол, сақтанғын. Қырағылық – қорғаның да, қақпаның. Сақтықпенен тұрып алсаң, сіресіп, Жауыңның да да қатырасын сілесін» [2, 278].

И. Панфиловпен кездескенде, генерал Бауыржанды аспай-саспай сабырлы түрде тыңдап, сонымен сіздің ойыңызша қалай? – деп пікір бөліседі. Осы тұста Момышұлы жаумен аңдысқан бұл соғыс психологиялық соғыс деп табады. Өйткені адамның ішкі жан-дүниесінен өтіп барып, амал-айламен қабылданып, жеңіске жету жолы. Кешегі қолданған амал-айла бүгін жарамайды. Сондықтан да немістерге жаңа тактикамен атака жасауды ойластырып отырады. Немістердің ең бір стратегиялық маңызды саналатын орны – тас жолдар болған. Күз айы болғандықтан жердің бәрі балшық. Сондықтан жаяу әскері мен машиналарының тығылып қалмас үшін тас жол стратегиялық маңызды аймақ болды. Осы жаудың түйткілді ойын Бауыржан Момышұлы түсініп, ең маңызды Волоколамскіге апартын, ары қарай төте жол Мәскеуге апартын стратегиялық маңызды жол болған. Сондықтан И. Панфилов жолды өте қатты табыстаған. Б. Момышұлының тағы бір стратегиялық жоспары, түнімен немістерден бұрын жер жағдайы мен жау әскерін шолып қайту немесе жүз адамнан тұратын взводты жіберіп екіге бөліп екі жолды торуылдап, И. Панфилов айтқан шегіне жүріп, бекініп, серіппелі (пружина) әдісті қолданады. Донских пен Брудныйдың взводтарының қолданған шегіне жүріп қарсыласу, қашып кеткенсіп, қайта бекініп, қайта ұрысқа түсу әдісін қолданады. Осының арқасында маңызды жолға бекіп жаудың алға баруға жоспарлаған әскері мен қаруын жарып, бұзып, жойып, арттағы жауынгерлердің жеңісіне көмектеседі. Неміс әскерлері алдағы Волоколамскіде түстеніп, Мәскеуде кешкі асын ішуге даярланған жоспарын тас-талқан етті. Жау бұрынғыдан да адам шығынына қарамастан бар күшін осы төңірекке төкті. Бірақ аз күшпен әскери тактика мен маневрдің арқасында Б. Момышұлының батальоны жау тылынан бірнеше мәрте жарып шықты. Ұзыннан - ұзақ шұбалған неміс әскерін де ромб түрінде сыналап кіріп кесіп өтеді. Б. Момышұлының тағы бір әдісі - винтовкамен залпымен оқ ату, осы әдіс арқылы жаудың орасан зор күшіне тап береді. Немістерді бас көтертпей, орманға жүгіріп өтеді. Екінші бір жағдайда жауды бекіністен өткізбейді. Жау енді оң жақ пен сол жақтан қиып өтіп бұлар тағы тылда қалып қояды. Жаудың тылынан әрекет жасап, тағы да асқан әскери сұңғылалығымен Б. Момышұлы жаудың аралық шебінен өтіп кетеді. Қандай қиыншылық болса да Б. Момышұлының ұйықтамай түні бойы жоспар құрып шығатынын, тіпті бір жолы қатты ыстығы көтеріліп ауырса да, су аяқ киіммен, су киіммен қалшылдаған қарашаның суығында Отан деген отбасын ұмытпаған. Әскери тәртіптің соншалықты дұрыс құрылғанының куәсі боларлық жағдай, бүкіл батальонға бір қорап темекінің қалған кездегі ешкімнің темекіге қол созбауы, Синченконың егер мен біреуін алсам, қалғандарға жетпейді ғой дегенінің өзі, үлкен ұжымдық, біреуі үшін бәрінің бірлескен ортақ парызы жолындағы әрекеті. Б. Момышұлының тағы бір соғыстағы тактикасы қандай жағдай болмасын, солдаттың қаруы таза болуы керек. Қаруың даяр болмаса, оқ ата алмайсың. Аш қиналып, жау қоршауынан шықса да тамақ ішіп үлгере алмай, қайта соғысқа қайта тапсырмамен жау қолынан деревняларды азат ету әрі жауға тосыннан шабуыл жасау, жауға «біз бармыз» деген сес көрсету мақсатында, яғни Б. Момышұлы айтқандай соғыс психологиялық

сипатқа ие екенін дәлелдей түседі. Жау да кешегі жеңіліс тапқан жолмен емес, басқа тәсілмен әрекет етуде. Бірақ 7-8 км аралықта бір батальонның жауға қарсы қорғануы тарихта болмаған жағдай. Сондықтан ең маңызды мәселе – қорғана білу. Шығынға батпау, жауды неғұрлым жақындатып барып ату, оқ шығынын жасамау мәселелері де қарастырылған. Бұл жөнінде «Құтты білікте» де айтылған. «Ұландарды сал күреске жақындап. Ең әуелі жауды оқты алыстан, Жақындасса, дұрыс найза салысқан» [2,283]. Тіпті жау шебінен пулемет пен винтовка түсіру де қарастырылған. Жаумен соғыста ең басты мәселе – қателік жібермеу, Осының бір дәлелі Брудныйдың жеңіліс табуы, осы жолда оны жазалайды. Б. Момышұлы Брудныйды қол астындағы жауынгерлері мен қаруынан айырылуға қарсы екенін көреміз. Брудныйды түн ішінде қаруын тауып келуді қайта жұмсайды. Брудный екі винтовка жаудың бірнеше документін қолға түсіріп келеді. Шилов батальон командирі әскерінен айырылып, өзі жараланып жатады. Оның да тірлігі құптарлық емес. Әскерінің қайда қалғанын білмейді, ұзақ уақыт күйзеліске түседі. Бозжанов пен Дордия қашанда әскер басында жүріп, Б. Момышұлыны жоқтатпай, әрекет ете берген. Бозжанов нағыз өзінің шебері. Пулеметті шашып жинап, соғысқа даярлаған. Рахимов бүкіл карта жасау, жау шабуылына қарсы қимыл ұйымдастырушы, маман. Әрине, И. Панфиловтың шеберлігі, соғыс тактикасын үйрету жағынан жалықпайтындығы, тәжірибесі, жауынгерлерге тең қатарда сөйлесуі, кісіні тыңдай білетіндігі туралы айтуымызға болады. Б. Момышұлы батальонының орналасқан жерін байқап, тағы да алдау мақсатында қосымша шеп жасауды ұсынады. Жау осы жаңа топырақ үйілген шепті атқылап, біраз шығынға батады. Өзеннен өтетін сал әзірлеуді табыстаған. Б. Момышұлының батальоны резервтік батальон да болды. Бірақ шешуші сәтте шабуылдаушы, әрекет етуші батальон болды. Жаудың іс-әрекетін бағдарлап, болжап, әрекет етуші шешуші батальон болды. Жауынгерлік ерліктің бастауы да, шыңы да әскери тәртіппен, азаматтық борышпен, маневрлік соғыс тактикасын дұрыс құра білуден шығады. Б. Момышұлы әр уақытта жауынгерлерінің бет-жүзіне қарап, алдағы болар істің шешуін болжап отыратын болған. Өз әскерінің күшіне сенім білдірген. Жауынгерлік әрекеттен барып, жеңісті сәттер болатыны, сол жеңіске қуана білу де қажет екенін тапқан. Соғыс тактикасы мен стратегиясының дұрыс құрылуы командирге байланысты. Дұрыс берілген бұйрық та ұрыстың шешуші әрекетіне қажет. Ұлы Отан соғысында Орта Азия әскери округінде құрылған жауынгерлерді бастап шешуші ұрыста жанқиярлықпен ерлік көрсеткен Советтік Отанымызды қорғаудағы ерлігі дер кезінде еленбей қалса да, өзін дүниежүзілік Батырға теңейтін халқы бар да, Б. Момышұлы есімі мәңгі өшпейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бек А. Арпалыс. 1-3 т., - Алматы, Книжный клуб, 2020.- 642б
2. Құтты білік [Мәтін] / Ж.Баласағұн, көне түркі тілінен аударған, алғысөзі мен ғылыми түсінік жазған: А.Қ.Егеубай, жауапты ред. Ж.М.Аяпова. – Алматы, Өлке, 2006.- 640 б.
3. Фрейд З. Введение в психоанализ. Санкт-Петербург: Алетейя, 1999. - 488с
4. Қыдырәлі Д. Батыр Бауыржан // Егемен Қазақстан, 22-мамыр, 2020
5. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. – Алматы: Жазушы, 2002. – 480 б.
6. Момышұлы Б. Баукеңнің бұйрыққа қойған талабы. // Қазақ батырлары. 1991, 21 шілде.
7. Жұматаева Е. Ерлік – елдік туы. Шымкент, 1998. – 76 б.
8. Ыбырайұлы М. Халықтың мінез хақында. // Абай журналы. 1996, № 2. – 103б

9. Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы: Ғылым, 2001. – 215 б.
10. Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы: Жазушы, 1986. – 439 б.
11. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 208.
12. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1995. – 279 б.
13. Кузьмин Н. Москва помнит Бауке. // Бірлік, № 12, 1996, 15 ноябрь.

References

1. Bek A. Arpalys. 1-3 t., - Almaty, Knijnyi klub, 2020.- 642b
2. Qytty bilik [Matin] / J. Balasagyn, kone tyrki tilinen audargan., algysozı men gylımı tysınık jazgan: A. Q. Egeubai, jauapty red. J. M. Aiapova. – Almaty, Olke, 2006.- 640 b.
3. Freid Z. Vvedenie v psihoanaliz. Sankt-Peterburg: Aleteia, 1999. - 488s
4. Qydyralı D. Batyr Bauyrjan / / Egemen Qazaqstan, 22-mamyr, 2020
5. Momyshuly B. Eki tomdyq chygarmalar jinagy. 1t. – Almaty: Jazuchy, 2002. – 480 b.
6. Momyshuly B. Baukegnning byiryqqa qoigan talaby. // Qazaq batyrlary. 1991, 21 shilde.
7. Jymataeva E. Erlik – eldik tuy. Shymkent, 1998. – 76 b.
8. Ybyraiuly M. Halyqtyq minez haqynda. // Abai jurnalı. 1996, № 2. – 103b
9. Maitanov B. Syz syny. – Almaty: Gylym, 2001. – 215 b.
10. Nyrgali R. Telagys. – Almaty: Jazushy, 1986. – 439 b.
11. Baitursynov A. Adebiet tanytqysh. – Almaty: Jibek joly, 2002. – 208.
12. Eleukenov Sh. Zамандас парасаты. – Almaty: Jazushy, 1995. – 279 b.
13. Kyzmin N. Moskva pomnit Bauke. // Birlik, № 12, 1996, 15 noiabr.

A.A. Tuymebekova

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: atuymebekova@mail.ru)*

The Heroic Concept: War Tactics and Strategy by B. Momyshuly

Abstract. The article analyzes the military traditions of the people, which are based on the bravery and heroism of B. Momyshuly, a valiant son of the Kazakh people who went through a terrible war. The words and word formations of B. Momyshuly in A. Bek's story about heroism, the military tactics and strategy of the hero, contributing to eternal life will be considered. Language data between the author and the character are given. Each word in the hero's position is scientifically differentiated.

Keywords: heroism, feat, fear, war, soldier

A.A. Туймебекова

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: atuymebekova@mail.ru)*

Героическая концепция: военная тактика и стратегия Б. Момышулы

Аннотация. В статье анализируются военные традиции народа XX века, в основе которых лежит храбрость и героизм Б. Момышулы, доблестного сына казахского народа, прошедшего страшную войну. Рассмотрены знаменитые цитаты и мудрые слова Б. Момышулы в повести А. Бека о героизме, военная тактика и стратегия героя, способствующие вечной жизни. Приводятся языковые средства между автором и персонажем. Каждое слово в позиции героя научно дифференцировано. же много раз не утеряны, главная цель и идеал тюркской цивилизации.

Ключевые слова: героизм, подвиг, страх, война, солдат

Автор туралы мәлімет:

Түймебекова А.А. – PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан ORCID: 0000-0002-9642-4048

Information about authors:

Tuymebekova A.A. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-9642-4048

Сведения об авторах:

Түймебекова А.А. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-9642-4048

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

А.Ж. Машимбаева, Г.С. Сулеева

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы,

Алматы, Қазақстан

(E-mail: mashimbaeva81@mail.ru)

**М. Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінің мәдени тұлғаны
қалыптастырудағы маңызы**

Аңдатпа. М. Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегі – ғасырлар бойы құнын жоғалтпаған сөздік. Мақалада сөздіктің мәдени тұлғаны қалыптастырудағы маңызы қарастырылады. Сөздіктен мысалдар келтіре отырып, тұлғаның жағымды мінез-құлқына қажетті әр түрлі сипаттар талданады. Білім – соның алғашқысы. Тек білімді болмай, тәрбиелі білім алу туралы ойына мақалада баса назар аударылады. Білім арқылы ғылымды дамыту, ақылды болу, адамгершілікке ие болу сияқты мәдениет «концептісіне» қатысты абстрактілі ұғымдар мақалада кеңінен қарастырылады.

Түйін сөздер: Түрік тілі сөздігі, білім, ақыл, даналық, мәдениет, болмыс

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Тұлға бойындағы мәдениет білім алу, салт-дәстүрді тану, жаңғырту, жалғастыру, өз білімін өзгеге насихаттау, ортада жақсы мінез-құлық көрсету арқылы қалыптасады. Ол ең алдымен білім алу арқылы пайда болады. «Білімді адам үгіт-насихатты байқаған сәтте-ақ тез түсініп, тез ұғар» [1, 65], – деп Қашқари үйренудің белсенді және жете ұғынылып іске асырылуын атап көрсетеді. Шығарманың қазіргі тілімізге қаймағы бұзылмай жетуінің өзі де өткен ғасырдағы тіл мәдениеті мен тарихи мәдениетіміздің сақталып жеткендігін білдіреді. Қазақ тілі түркі тілдерінің арасындағы табиғи тазалығы бұзылмай сақталған бай тіл екендігін зерттеушілер өз пікірлерінде түрлі деректермен дәлелдеген. Татар ғалымы А. Саади бұл туралы «Қазірге ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым үшін біз мұны ашық айтуымыз керек» [2, 22], – деген болатын. Түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінің түп қайнары қыпшақ тілі болса, қыпшақ тілінің ауызекі тілінің тарихы М. Қашқаридің «Түркі сөздігі» еңбегінен бастау алады.

Адамның өзін тануы, рухани жетілген тұлғаға айналуы, ұлттық дәстүрін жалғастыруы тұлғаның мәдени, тәрбиелік көзқарастарын көрсетеді. Түбі бір түркі халықтарының ортақ мұрасы болып табылатын Мақмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі тарихта осындай ұлттың мәдени, тілдік, тарихи сабақтастығынан нақты дерек беретін шығарма қалдырды.

Еңбекте келтірілген деректердің халықтың әдеби-мәдени өмірімен сабақтастығын айқын байқауға болады. Түркі халықтарының энциклопедиясы атанған Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегі Орта Азия, Жетісу және Қашқар жерінде Қараханид мемлекетінде жазылған мұра. Қараханид мемлекеті жайлы Қазақстан мен

Орта Азия халықтарының өткен тарихының маңызды кезеңі ретінде зерттеушілер назарын аударып келеді. Ізденістер нәтижесінде олардың қоғамдық өмірі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тілі, діни нанымдары, мемлекетті басқарушылардың шығу тегі, билік құрған уақыты мен территориясы, мәдени белгілері жөнінде мол ғылыми мәлімдемелер мен фактілік материалдар жинақталған.

XI ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының тілі, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, тәлім-тәрбиесі, тағы да басқа рухани және мәдени құндылықтары жайлы мәлімет беретін М. Қашқари еңбегі бүкіл түркі халықтары үшін құнды ортақ мұра болып табылады. Ол өзінің еңбегін сол ғасырда мекен еткен барлық түркі халықтарын аралап, олардың тұрмыс тіршілігін зерттеп жазды. Ол «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде 7203 сөз тізбегі оның ішінде 29 тайпа атын, 110 жер-су атауларын атап, 40 ел мен тайпаға араб тілінде анықтама түсінік берген және екі, төрт жолдық 242 шумақ өлеңдер, 262 мақал - мәтелдер мысал ретінде пайдаланған [3, 7-8].

Дерек ретінде келтірілген жоғарыдағы сөздер тізбегі адма болмысының мәдениетін танытуда әр түрлі сипаттар арқылы беріледі. Алғашқысы – білім. Сөздікте білім туралы ойларды молынан кездестіруге болады. «Ұлына өсиет айтқандары: Білімді, хакім адмға жолықсаң, оған күнде барып, өнер білігін үйренгін, кербез тәкаппарлықты қойғын, пейіл беріп, бойұсынып, мүләйім көңілмен табынғын» [1, 406], – деп білім алу жолындағы қажет қағиданы көрсеткен автор мәдени жолға түсудегі білім және білімдарлық жөнінде «Бақыттың белгісі – білім мен ақыл». Білім алу жас ұрпақты қоғамдағы өмір мен еңбекке дайындау және оның жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін ғалым еңбегінде былайша көрініс береді: «Өнер-білім ізде, үйренуде өркөкірек болма, жиренбе, өнер білімсіз білімденсе сынақта қиналар» [1, 298], – деп маңызды тұжырымын береді. Демек білімге ұмтылу, әр алуан ғылым салалары бойынша ойды кеңейту әркімнің тікелей міндеті. Мұны жүзеге асырғандар, өзінің өмірін рухани толықтырғандар, тек осылар ғана жақсылықтың мәңгі идеяларын түсіне алады. Білімді тәрбиелілікпен, адам бақытымен байланыстыра қарастыратын осы мазмұндас ойлар мен идеяларды «Сөздіктен» молынан ұшыратуға болады. Ғылымдарды дамыту, сауаттылықтың үлкен мәні бар екендігін атай келе, Қашқари алайда жалаң фактілерді, білімдерді қабылдап қана қою жеткіліксіз деп санайды. Оның ойынша, әрбір білім саласы дүниенің түрлі құбылыстарымен таныстырып қана қоймай, өмірге өзіндік көзқарас қалыптастыруға, мінез-құлық нормалары мен дағдыларын игеруге қызмет етуі қажет. «Білік жетілді, яғни ақыл-білік толысып жетілді» ұғымы осы шарттар жүзеге асқанда ғана қолданылғаны жөн, – дейді ғалым. Қашқари білімнің жоқтығы, надандық адамды ұнамсыз көрсететіндігі жайлы ащы шындықты жасырмайды. Зерек ойлы, сүйкімді, шырын сөзді адамды халық сілік ер – пәк адам деп дәріптесе, жалқау, ынтасыз, енжар адамды – түшпек кіші – ынтасыз адам деп қатаң сынға алатынын мысал етеді [1, 445].

Қашқари мұрасында ойлар өнегелі білім ретінде көрініс тауып, іздену, біліктілік, даналық, төзімділік, шыдамдылық, дүниені тану, өнеге үйрену ұғымдарымен өлшенеді. Ал білімнің қажеттігі мен пайдалығын сезіну, Қашқари пайымдауында, немқұрайдылықты болдырмайды және олардың терең және орнықты сенімдерге айналуына ықпал жасайды. Дүниені танып білу, ғылым негіздерін игеру оңай жол емес, бұл мақсатқа жетуде табандылық пен шыдамдылық, еңбектене білу дағдысы қажет. «Білікті, дана адамдарды тап, соларға еріп, елікте, жақын жүріп, олардан өнеге көр, ұқсап бақ» [1, 583] – дейді ғалым. Ғылыммен өздігінен айналыспауға елеулі мән береді. Жақсыдан үйренуге «Білге, даналардың сөз-ақылдарын өсиет етіп қабылда, жақсы сөз қастерлесе бойыңа, діліңе дариы» [1, 216]. Тәрбиеленушіге еліктеудің тамаша үлгілерін ұсынатын дәстүр мына бір деректерден де жақсы көрінеді: Ерендер озған еді (өткен еді), Таудай білікті, өнерлі бектер еді, Олар көп насихат-өсиет айтты, Көңілім содан сара болды. Бұрынғы замандарда ғалым, хәкім, өнерлі ерендер болған еді. Олар көп

ақыл-үгіт айтқанды. Соларды естігенде көңілім сайрап, сарайым ашылар еді [1, 119], – деп түсіндіреді, мұнымен балалар тәрбиесінде алдымен, көренекті тұлғалар өмірі мен моральдық принциптері, үлкендер үлгілерінің шешуші ролі атап көрсетілгендігіне елеулі мән берген ғалым.

Сөздікте кездесетін келесі ұғым – ақыл. Ақыл – дүниежүзі халықтарында адамзаттық ұғымның бірі. Ақыл концептісі адамзаттың жалпы мәдени құндылықтарының бастысы ретінде көрінеді. М. Қашқари сөздігіндегі ақыл моральдық тәртіп пен әдепті сақтауға шақырады. «Ай, ұлым, ақыл өсиетімді алғын, өзіңнен надандықты, білімсіздікті, бездір, талқаны болған кісі оған сірне қатады; Есі бар адам айтқан ақылды ұғады» [1, 129], – дейді.

«Ізгі ердің сүйегі шіріп, аты қалар» - деген сөзінде адамның адамгершілік тәрбиелілігі ретінде көрінсе, «Көкке түкірсе, жүзге түсер» дегенде жаман әдеттің зиянды салдары жайлы сөз болады. Тәрбиенің мақсаты бағдары жас ұрпақтың жақсылыққа, ізгілікке қол жеткізуіне, оларды игеруіне бағытталғаны жөніндегі мәліметтер әрі қарай былайша жалғасқан: «Ұс: жақсы мен жаманды айырып парақтау; Адз: Өз. Жақсылық белгісі, жақсы ниет, жақсы сөз; Сарсығ: дөрекі. Сарсығ сөз – дөрекі сөз. Бұл сөз қолапайсыз іс-әрекет, жүріс-тұрысқа да қолданылады» [1, 527], – дейді. Ғалым абыройға да салмауға, ұяттың әміріне қарсы шықпауға ұмтылатын халықтық дәстүрді құрмет тұтады. Ар тазалығы адам мінез-құлқында ерекше сенімділік, тұрақтылық және сабырлылық тудыратындығына сенімді. Мақалда былай деп келеді: Түзумен ұрыс, бұзықпен (ұятсызбен) ұстаспа (үстемдеспе, егеспе); яғни айтыссаң түзу, момын адаммен ұрыс, ол түсініп көтереді, ұятсыз, арсыз адаммен таласып, тартыспа, ол өзіңді шерменде етеді [1, 262] – деп толықтырады. Мәселен автор «ар, ұят» ұғымы адамгершілік идеал, тәрбиелі адам жайлы түсінікпен байланыстырылатынына орынды назар аударады. «Қаталдық саған келсе егер, өтеді деп сабыр қыл, тағдырдың ісін біліп тұр, сөйтіп оған қарсы тұр» [1, 315], – деп адамның өз көзқарастарын, түрлі жағдайлардағы мінез-құлқын дұрыс бағалай алуы жайында сөз қылады. Және де ешуақытта халық ұнатуын пайдаланып көрмеген, кемшіліктері әралуан себептер бойынша байқалып жататын адамдар типтері жайлы мәліметтерін келтіріп отырады. Олардың бірі автор «Сүзеген сиырға тәңір мүйіз бермес» деп басқа кісіге зиянын тигізетін адамдарды келекелеп, өте дәл сипаттайды. Ал мансапты адамгершіліктен қымбаттырақ санайтын атаққұмарларға қарым-қатынасты мынадай ойлары арқылы білдіреді. «Қарға қазға елітесе, аяғы сынар», «Ат қасқасы ай болмас», «Қаз тұрса үйрек көлді жағалар», Өнегесіз қылықтарды айыптайтын халық дәстүрі жайында «Кімнің көңілі егерде, жоқ шығай, Оны күшпен етіп болмас, тоқ һәм бай» (Кімнің жан дүниесі жұтаң, көңілі кедей болса, оны күшпен тоқ, бай марқасқа адам жасай алмайсын) [1, 22]. Ізгі қылықтардың қалыптасуына қарсы тұратын кемістіктердің бірі – күншілдік. «Күншілдің күліне дейін дұшпан» деген де бар. Бұлар қуануды білмейді, өзгенің жетістіктері оның көңіл-күйін бұзады дейді автор. Оның көрсетуінде қарапайым нормалар мен ережелерді бақылауды әлсіреткен адамға халық «адамгершілік құлықтық тұрғысынан азған құлқы жаман» адам ретінде қараған [1, 61].

Шығармада жеке тұлғаның мәдениетіне бастау болатын мінез-құлықтар молынан көрініс табады. Бұлар бүгінгі күнгі мәдениет жайлы сөз қозғағанда назарға алынатын жағдаяттар. Мысалы, «Заман өтер, кісі тоймас, адам баласы мәңгі қалмас» дегенде жастардың бақытты болуын тілеп, өмір қысқа, келеді де кетеді, сондықтан әрбір күнді ақылмен пайдаланған жөн [1, 73], - деп ескертсе, «Ерге мұң тиер, тау сеңгіріне жел тиер» дегенде болашаққа сенуге, дүниеге шаттана қараушылыққа шақырады. Тау тұмсығына, басына жел тиген тәрізді, ерге мұң, қиыншылық тиер, кездесер. Тау басына жел соғып өтіп, тау қозғалмай қалғаны секілді, мұң, қиыншылық-бейнет те адам басынан өтеді де кетеді [1, III, 484], - деп түсіндіреді. «Зерікпеген (жалықпаған) боз құс ұстар, саспаған ақ құстар. Адам шыдамды, төзімді болса, ақ лашын ұстап алар, әбдіреп саспаса, лашынның ең жақсысын ұстар. Бұл мақал бір істе көздеген мақсатқа жету үшін сабырлы, төзімді

болу керек дегенді білдіреді», - деп төзімді адамның мақсатқа жететінін пайымдайды. Ал «тұйғынның жүйрігін түлкі сүймес» мақалы «өнерлі қасиеттерімен озық шыққан адамның қастандыққа ұшырайтындығын» білдіреді. Адамның мәдени болмысын танытуға арналған осындай сөздер тізбегі ғибраттық нақылдар сөздікте ұшан-теңіз.

Отанға, оның идеалдарына сүйіспеншілікке баулу, адамдарға құрмет сезімін қалыптастыру мәдени үлгі болуға жету міндеттерінің бірі болғанына көз жеткізетін мысалдар «Сөздікте» баршылық. Отанды сүю де ұлттық мәдениетке апарар негізгі бағдар болса, «Қоршап алып йіредік, Аттан түсіп жүгіредік, Арыстандай күркіредік, Күші оның кемісін» [1, 192]. Қаһармандар мен майдандастардың отансүйгіштік өнегелері күш пен батылдық береді, рухтандырады: Ерен ерлер шақырысты, Қырын көзбен бағысты, Бар қарумен қағысты, Қылыш қынға күшпен сыйды [7, 218], - деп ер, отанға қызмет ету жолдарын көрсетеді. Ел үшін өмірден өткен батырға арналған жолдарды да таба аламыз: Алып Ер Тоңа өлді ме? Опасыз дүние қалды ма? Заман өшін алды ма? Енді жүрек жыртылар! [1, 70]. Отан үшін қаза болған ерді халық осылай жоқтайды.

Батырлық рух пен ел қорғаны болу елді сақтау жолында қызмет ету тұлғаның еліне деген құрметін білдіреді. Бұл туралы ғалым Н.Келімбетовтың ойы пікірімізді дәлелдей түседі. «Халық батырының сом тұлғасын жасау барлық халықтар эпосына тән құбылыс. Сөздікте мысал ретінде келтірілген шағын өлең жолдары қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрлі дастандары, батырлық жырларындағы сюжетті баяндау сарынын, батырларды таныстыру тәсілін, жекпе-жекке шығу мәнерін, қазалы үйге ат шаптырып келу дәстүрін т.б. еріксіз еске түсіреді» [4, 151].

Қорыта келе, М. Қашқаридің «Түрік сөздігі еңбегі» мазмұнында дәл мәдениетті адам, мәдениетті тұлға туралы ой қозғалмаса да, «мәдениет» концептісі болмаса да, сөздікпен танысқан тұлғаны мәдениетті болуға жетелейтін үлгілі сөз тізбектері тарихи жәдігердің тілдік ескерткіш ретінде ұлт өміріндегі мәдени тарихын тануға жетелейтіні сөзсіз. Ескерткіштің сақталып біздің дәуірімізге жетуінің, әрі сөздіктегі көп сөздер мен сөз тіркестерінің бүгінде аз-кем болмаса, өзгеріссіз қолданыста болуының өзі ұлттық мәдени өсуімізге, тілдік тарихымыздың өшпегендігін мақтанышпен дәріптеуімізге үлкен рухани күш беретіндігі аян.

Әдебиеттер тізімі

1. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы. Т.3. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егубай. – Алматы: ХАНТ, 1998. – 600 б.
2. Саади А. Тіл, әдебиет, язу һәм олардың өсулері. Қазан, 192-б.
3. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 243 б.

Reference

1. Qaşqarî M. Tûrik tiliniñ sözdigi: (Dîwanî luğat-î-türk): 3 tomdıq şığarmalar jınağı. T.3. / Qazaq tiline awdarğan, alğı sözi men ğılımi tüsinikterin jazğan A.Egewbay. – Almatı: XANT, 1998. – 600 b.
2. Saadî A. Til, ädebiet, yazw hâmw olardıñ öswleri. Qazan, 192-b.
3. Maxmwd äl-Qaşğarî. Dîvan Luğat at-tûrik / Awdarma, alğısöz jäne tüsiniktemeler jazğan Z.-A.M. İndeksterdi qurastırğan R.Ėrmers. – Almatı: Dayk-Press, 2005. – 1288 b.
4. Kelimbetov N.Ejelgi дәwir әdebieti. – Almatı: Ana tili, 1991. – 243 b.

A.Zh. Mashimbaeva, G.S. Suleeva

Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty, Kazakhstan.

(E-mail: mashimbaeva81@mail.ru)

The importance of M. Kashkari's work «Turkish dictionary» in the formation of a cultural personality

Abstract. The work of M. Kashkari «Turkish dictionary» is a dictionary that has not lost its value for centuries. The article discusses the importance of the dictionary in the formation of a cultural personality. With examples from the dictionary, various characteristics necessary for positive personality behavior are analyzed. Education is the first of them. The article focuses on the idea of not only being educated, but also getting a well-mannered education. Abstract concepts related to the «concept» of culture, such as the development of science through education, being smart, becoming more humane, are widely considered in the article.

Key words. Turkish language dictionary, knowledge, intelligence, wisdom, culture, being.

А.Ж. Машимбаева, Г.С. Сулеева

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан

(E-mail: mashimbaeva81@mail.ru)

Значение труда М. Кашгари «Турецкий словарь» в формировании культурной личности

Аннотация. Труд М. Кашгари «Турецкий словарь» – словарь, который веками не терял ценности. В статье рассматривается значение словаря в формировании культурной личности. Приводя примеры из словаря, анализируются различные характеристики, необходимые для позитивного поведения личности. Образование-первое из них. В статье акцент делается на мысли о получении воспитанного образования, а не только образованного. Абстрактные понятия, относящиеся к «понятию» культуры, такие как развитие науки через образование, становление умным, становление нравственным, широко рассматриваются в статье.

Ключевые слова. Словарь турецкого языка, знания, ум, мудрость, культура, бытие

Автор туралы мәлімет:

Машимбаева А.Ж. – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-3670-403X.

Сулеева Г.С. – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9928-5402.

Information about authors:

Mashimbaeva A.Zh. – Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-3670-403X.

Suleeva G.S. – Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9928-5402.

Сведения об авторах:

Машимбаева А.Ж. – Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0002-3670-403X.

Сулеева Г.С. – Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-9928-5402.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

П.Е. Нусупова*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: perizat.nusupova@mail.ru)***Махмұт Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігіндегі» түрік халықтарының әдеп, адамгершілік қасиеттері туралы**

Аңдатпа. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі – түрік халықтарының ортақ қазынасы әрі туыстас елдердің классикалық мұрасы. Мақалада осы еңбекті зерттеген, жан-жақты саралаған шетелдік және қазақ ғалымдары аталып, сөздік жайында сындарлы пікірлері ұсынылған. Ғұлама ғалым Әл-Фараби айтып кеткен «Ізгі қоғамның» іргетасын қалауда «Түркі сөздігінде» берілген өсиеттердің маңызы зор, сол қоғамның алғашқы баспалдағына пара-пар. «Сөздікке» екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта мақал-мәтелдер, қанатты сөздер мен теңеулер енген. Негізгі бөлімде Махмұт Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігіндегі» түрік халықтарының әдеп, адамгершілік қасиеттері туралы 40-тан аса нақыл сөздері, өлең тармақтары талдауға алынды. Мақалада халық арасында жиі қолданылатын мақалдар мен тілдік қолданыстардың Қашқари еңбегіндегі нақыл сөздерден айырмашылығы жан-жақты зерттеліп, талданды. Өзара ұқсас қолданыстар салыстырылып, мағыналары айқындалды. “Диуани лұғат ит-түрк” – бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына, педагогикалық мәні бар тілдік, әдеби, тарихи тұрғыдан бай мұра, өте құнды жәдігер.

Түйін сөздер: Түрік тілдерінің сөздігі, этикет, адамгершілік, ізгілік, түрік тілі, А. Егеубаев, философиялық еңбек

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Ұрпақ тәрбиесі мәселелеріне ерекше мән беріп, халықтың рухани әлемін өздерінің білімнің түрлі салаларындағы ізденістерімен байытқан тұлғалар өткен тарихта аз болмады. Махмұт Қашқари (1029-1116) – тегі жағынан оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі халықтарының ортақ перзенті. Негізгі еңбегі – “Диуани лұғат ит-түрк” (“Түркі тілдерінің сөздігі”). Бұл еңбек – түрік халықтарының ортақ қазынасы әрі туыстас елдердің классикалық мұрасы.

Махмұт Қашқаридың «Жинағы» күні бүгінге дейін дүние жүзі ғалымдарының назарын аудартуда. Орыс зерттеушілерінен бұл шығарма жайлы өз ойларын айтқан А.Н. Кононов [1], Н.А. Баскаков [2], В.В. Бартольд [3], С.Е. Малов [4], А.Б. Халидов т.б. [5] болды. С.Е. Малов осы еңбекке баға бергенде: «М. Қашқаридың «Түрік тілдер диуаны» – халық сөздерінің (өлеңдерінің) мол қоймасы... Онда үш жүзге тарта халық өлеңдерінің төрт жолды шумағы, көптеген мақал-мәтелдер бар. Бұларды автор араб тілінде дәлелдеп аударған, кейбірін кеңінен түсіндірген», - деп атап өтеді [4].

1993 жылы «Түбі бір түркі тілі» деген атпен Махмұт Қашқаридың сөздігінің мәліметтері Қ. Бекетаев, Ә. Ибатовтың аударуымен жарыққа шықты [6]. Қазақ ғалымы А. Егеубай шығарманың үш томын қазақ тіліне тұңғыш рет аударып, оны “Түрік сөздігі” деген атпен 1997-98 жылы оқырман қауымға ұсынды [7]. Бүкіл түркі әлемінің алтын қазыналарының бірі саналатын осы кітаптың жарыққа шығуы Қазақстан халқына ұсынылған құнды жәдігердің бірі болды. М. Қашқари “Сөздігін” зерттеу, насихаттау,

тәржіма жасау, талдау істеріне қазақ ғалымдарынан А. Егеубай [7], Г.Г. Мұсабаев [8], М. Томанов [9], Қ. Өмірәлиев [10], Х. Сүйіншәлиев [11], А.К. Құрышжанов [12], Т. Кәкішев [13], М. Әлжанов [14], Н. Келімбетов [15], К.М. Калиева [16] т.б. мол үлес қосты.

А. Егеубаев «Түркі сөздігі» жайында: «Түркітану әлемі бойынша түркі халықтары мен тайпаларының, олардың ру-ұлыстары мен үрім-бұтақтарының тарихын (азаматтық тарихы мен мәдени әлеуметтік өмірін) оқып үйрену үшін және оларды зерттеп білу үшін ертеректе ұлдары жазып қалдырған мұралар – біздің «Теңіздің терең түбінде жатқан асылдарымыз», – деген пікір қалдырады [7]. Қашқарлық ғалымның “Түркі тілдерінің сөздігі” арқылы ХІ ғасырдағы түркі халықтарының тарихи этнопсихологиясы мен этнопедагогикасын жинақтаудағы үлесі зор. Ол – ауыз әдебиетіндегі педагогикалық идеяларға алғаш болып назар аударғандардың бірі. “Жеткіз менің сөзімді білімді адамдарға, Ұрпақ өссе, естілер өмірге алаңдар ма?” – деп адалдықты, қайырымдылықты, білімділікті, тәрбиені дәріптейтін еңбегінің маңызын атап өтеді.

«Диуани лұғат ит-түрк» – түркі халықтарының тамаша ескерткіші. Сөздікте адамгершілік, тәлім-тәрбие, психологиялық қасиеттер, адамның бойында кездесетін жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарға сипаттама береді. Махмұт Қашқари түркі тілдерінің түрлі говорлары (жергілікті тілдік ерекшеліктер) жайлы айта келіп, еңбекке енгізген сөздерінің ішінде қазіргі қазақ тілінде де сол қалпында қолданылып жүрген сөздер, мақалдар, тілдік бірліктер өте көп.

«Сөздікке» екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта мақал-мәтелдер, қанатты сөздер мен теңеулер енген. Бұнда даналық нақылдар және кейбір дастан-қиссалардың үлгілері де тәртіппен құрастырылған. Бұл нақыл сөздер төмендегідей тақырыптарды қамтиды:

1. Адамгершілік, ар, ұят
2. Жақсы із қалдыру
3. Ерлік пен азаматтық міндет
4. Дүниенің өтпелілігі
5. Дүниеқұмарлық
6. Тәкаппарлық
7. Өнер білім жайлы айтылған сөздер.

Ең жиі қозғалған тақырыптар аясында «Әдеп, адамгершілік» ұғымдары түсіндірме сөздікте қалай берілгенін қарастырып көрелік:

Әдеп (араб.: *أدب* адаб) - қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы.

Әдеп – 1. Моральдық категория, адамдар қарым-қатынасында ізгілік нормаларын мүлтіксіз орындауды білдіретін ұғым. Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп, тәрбие, ізеттілік, сыпайылық, ибалылық. 2. Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. Игі әдетпен, өміршең әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістердің, имандылықтың тірек негізі [17].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Адамгершілік – ар-ожданның тазалығы – адамшылық», «Адамдық – адам атына сай қасиет», – деген түсінік берілген. Ал ізгілік турасында «Ізгілік – әдеп санаты; адамның қоғамдық және жеке өміріндегі құбылыстардың мұратқа қатысты жағымды адамгершілік мәнін бейнелейді, моральдық-қоғамдық сананың неғұрлым жалпы ұғымдарының бірі» деген анықтама ұсынған [18].

Бұл мақалада Қашқаридың тәрбие мәселелерін қамтыған идеялары, бүгінге дейін өміршеңдігін жоғалтпаған, маңызын жоймаған рухани-адамгершілік, әдеп, ізгілік, тәлім-тәрбие мәселелерін қарастырамыз:

Мысалы:

«Ақылмен арыстан ұстауға болады,

Ал күшпен тышқан да ұстай алмайсың» [7, III; 125].

Мақалға қарасақ, сол заманның қоғамдық таптық қайшылықтары күштіден түбінде ақылды озық шығатынын мойындатқандай. Бүгінгі қоғамның айнасы да осы мақалға телінетініне дау жоқ. Біз қолданып жүрген «Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар» дейтін мақалдың мағынасымен үндес екенін аңғара аламыз.

«Диуанда» кездесетін шығармалар мен нақыл сөздер – әр дәуірдің туындылары. Кейде тіптен адамзат баласының мейлінше қарапайым тұрмыс-тіршілігінде пайда болған мақалдар да кездесіп отырады: «Заман өтер, кісі тоймас, Адам баласы мәңгі қалмас», «Адам баласы жоғалар, жақсы аты қалар» [7, III; 512], «Адам мәңгі қалмайды, туса-туар, Дүниенің күн, жұлдызы туар – тұрар!» [7, III; 506], «Кісі еті тірлігінде татыр» [7, III; 346].

Бұлардың барлығы біздің қоғамда бар, санамызда қалыптасып қалған ұғым екені белгілі. «Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде сыйласып жүрейік», «Адам баласы мәңгілік емес», «Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді» деген нақыл сөздер әрдайым жадымызда жаңғырып тұрады. Махмұт Қашқари да өз еңбегінде дүниенің күні мен жұлдыздары туып, мәңгі қалатынын, ал адам баласының мәңгі еместігін, тек тірісінде істеген ізгі істері мен жақсы атының қалатынын ашып көрсетеді.

Кейінгі туындылармен салыстыра байқасақ, Қорқыт ата былай дейді:

Өткен адам тірілмес,
Шыққан жан қайта келмес [19].

Екі автор бір-бірінің шығармасымен таныс болмауы мүмкін, алайда адамзаттың өміріне, ізгілікке көзқарастары ортақ екенін байқаймыз. «Бірге тумақ болса да, бірге өлмек жоқ» деген біздің қолданысымыз да осы сарындас.

Қазақ тілінің жазба әдебиетінде қалыптасып, қазақ ақын-жырауларының терме-толғауларында өзінің шарықтау шегіне жеткен дидактикалық-философиялық поэзияның қайнар-бастаулары ежелгі түркі жырларында жатқан сияқты. М. Қашқари «Сөздігінен» дидактикалық-философиялық мазмұндағы жыр үлгілерін жиі ұшыратамыз. Олар көбінесе замана жайлы, адамгершілік туралы, ақыл-парасат, білім хақында болып келеді. Мысалы:

Таққа шығып тұрсаң да, тәңіріңді ұмытпа,
Асып – тасқан көңілді, ақылыңмен шыбықта.
Ұлық болса еліне ізгі болар ер кісі,
Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі.

Сонымен қатар «Кішік ұлыққа тұрыспас, қырғый сұңқарға қарсы шыға алмас», – дейді [7, III; 122]. Яғни, кішілер қанша жерден даңқы артып, күші тасыған қайратты болса да, үлкендерге тең түсе алмайды, үлкендердің тәжірибесі артық болғандықтан сыйластық танытуы қажет. Қазақ халқының «Көп білгеннен емес, көп көргеннен сұра» дейтіні де осыған саяды.

Махмұт Қашқари өз тыңдаушысын оқу-білімге, ақылды адамдардан үйренуге үндейді. Төмендегі жыр жолдарында осындай философиялық өсиет-уағыз айтады:

Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар,
Білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар [7, I, 42];

Қобалжығыш көңілдің ақылы да жоқ аса,
Мылжыңы көп адамның аспаны да аласа [7, I; 43];

Көңіл толса, үйіңнің жарын жығар,
Білікті адам айтпай- ақ жаныңды ұғар [7, I; 44].

Ұлым, ақылымды алғын, біліксіздікті кетір,
Кімнің талқаны болса, оған сірне қатар [7, I; 499].

Халық даналығында «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» дейді. «Түркі сөздігінде» адамның мінез-құлқы, өзін қалай ұстауы керек, дұрыс-бұрыс дүниелердің аражігін айқындап, төмендегідей мақалдарды береді:

Алтының мен күмісің болған сайын құнықпа,
Қу нәпсіге табынып, тәңіріңді ұмытпа!

«Адам баласы мұңаймас, иттің баласы сүрінбес» [7, III; 107], «Ерге мұң тиер, тау сеңгіріне жел тиер» [7, III; 484]: адам баласы мұңайып, қайғырып отырмайды, кез-келген істің амалын тауып, шешім қабылдай алатынын, «әр жамандықтың артынан бір жақсылық келетінін» үндейді.

Көрпеден артық көсілсе аяқ үсір [7, III; 191]: Қазақта осы тектес «Көрпеңе қарай көсіл» дейтін сөз бар. Бұны әр адам өзінің шама-шарқысын, жетер жерін, өз деңгейін білуі тиіс деп түйіндей аламыз. «Мойнын имегеннің бойы иілер» [7, III; 393] деген мақал да тек өзінің дегенімен жүретін, өзгеге бойсұнбайтын жандарға қарата айтылады. Шалқақтап жүрген адам күндердің бір күні бұғауға түсерін ескертеді.

«Жазбас мерген-жаңбыр, жаңылмас білікті – жаңғырық» [7, III; 507]. Бұл мақал қате жіберіп алып, сонысы үшін ғафу өтінген адамға қарата айтылады. Мағыналық жағынан ашып қарасақ, жаңбырды біз еш уақытта өз қалауымызша басқара алмаймыз, қай жерге түсетініне дейін бізге беймәлім. Жаңғырық біздің айтқанымызды дәлме-дәл қайталайды, жаңылмайды. Жаңылысу – жаңғырыққа кереғар құбылыс. Ал адам баласы үшін жаңылысу – өз істеген ісінен сабақ алуға, өзгеруге берілетін бір мүмкіндік.

«Ата баласы атаға тартып туар» [7, III; 100]. Баланың ақыл, мінез-құлқы ата-бабасына, тегіне тартады. Біздің танымымызда үлкендер «Анасына қарап қызын ал, атасына қарап қызыңды бер» деп жиі айтады. Қашқаридың осы пікірін қазіргімен ұштастырар болсақ – «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады». Сыйластық пен әдеп турасында мысалдар келтірсек:

«Қарындас десе қарамадық, қайын десе қарадық» [7, III; 330]. Туған-туыстардың ішінде қайын, құдаларды құрметтеу, ізет көрсету қажеттігін меңзеп айтылған. Яғни, «Құда – мың жылдық, Күйеу – жүз жылдық», «Құдаңды Құдайдай сыйла» сынды бүгінгі қолданыстар да сол кезеңдегі тағылыммен тұспа-тұс келіп тұр.

Келер ұрпаққа өсиет ретінде қалдырған сөздерінің ішінде «Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе, Кішік болғын, бектер қатарында жақсылықты жалғастыр» [7, I, 93].

«Ұл, менен насихат ал, жәрдем тіле,

Елде ұлық, дана болып, білік үлес» [7, I; 444] тәрізді жолдар да кездеседі.

Бүгінге дейін қаз қалпында сақталып, халық арасында қолданыста жүрген мақалдар да жетерлік: «Ел қалар, әдет қалмас» [7, III; 301], «Тау тауға қауышпас, кісі кісіге қауышар» [7, III; 213], «Бірлеп-бірлеп мың болар, тама-тама көл болар» [7, III; 484], «Бала ақылсыз, бала біліксіз» [7, I; 444], «Кең тон тозбас, кеңескен білік азбас» [7, III; 482] т.б.

Қорыта айтқанда, М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» еңбегі арқылы бізге жеткен тәлім-тәрбие, ізгілік, сыйластық, адамгершілік, әдеп жайындағы нақыл сөздерге талдау жасадық. Ғұлама ғалым Әл-Фараби айтып кеткен «Ізгі қоғамның» іргетасын қалауда «Түркі сөздігінде» берілген өсиеттердің маңызы зор, сол қоғамның алғашқы баспалдағы десек те артық айтқандық емес. М.Қашқаридің еңбектеріндегі педагогикалық мұраны болашақ ұрпақтың оқу-тәрбие жұмыстарына пайдалану – олардың білім, білік деңгейлерін көтеріп, үлкен жетістерге жеткізетіні даусыз. Әр азамат «тұлға» ретінде танылып, қалыптасуы үшін де осындай қасиеттер мен қағидаларды бойына сіңіруі тиіс. “Диуани лұғат ит-түрк” – бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына, педагогикалық мәні бар тілдік, әдеби, тарихи тұрғыдан бай мұра, өте құнды жәдігер.

Әдебиеттер тізімі

1. Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ат-турк». // Советская тюркология, №1, 1972. С. 3-17
2. Баскаков Н.А. Тюркские языки. М. 1960, С. 3-18.
3. Бартольд В.В. Сочинения, Т.V. - М.: 1968, С.191-192.
4. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. 175с.
5. Халидов А.Б. Словари Исфаха аль-Фараби и Махмуда аль-Кашгари (из истории лексикографии в Средней Азии X-XI вв.). В сб.: Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. XXI годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР, 1987, 50 с.
6. Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»)-Алматы, «Ана тілі», 1993.- 192 бет.
7. Махмұт Қашқари. Түркі тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. - Алматы: ХАНТ, 600 бет.
8. Мусабаев Г.Г. Некоторые сведения о жизни Махмуда Кашгари // Исследование по тюркологии. Алма-Ата, 1969, С. 48-62
9. Томанов М. Махмұд Қашқари // Кітапта: Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғ.), Алма-Ата, 1964, 153-166 б.
10. Өміралиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы, 1985, 45-96 б.
11. Суюншалиев Х. Становление и развитие казахской литературы с раннего периода до конца XIX в. Автореф. дис. докт. Алма-Ата, 1969, 48с
12. Құрышжанов А.К. Махмұд Қашғари шығармасының зерттелу тарихынан. // Труды института языкознания АН КазССР, Т. 3, Алма-Ата, 1963, 320 с.
13. Кәкішев Т. Көне дәуірдегі сыншыл ойлар // Жұлдыз, № 2, 1993, 191 б.
14. Әлжанов М.К. Қазақ даласының ойшылдары. Алматы, 1994, 70-86 б.
15. Келімбетов Н. Диуани лұғат ат-турк. Алматы, 2001.
16. Калиева К.М. Махмұд Қашғаридың педагогикалық идеялары. Пед. ғылымд. канд. диссертация. Жетекшісі: Қ.Б. Жарықбаев. Алматы, 2003, 133 б.
17. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011.
18. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі; ред. басқ. І. К. Кеңесбаев; құраст.: Ш. Ахметова [ж.б.]; Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі ин-ты.- Алматы: Ғылым, 1961.
19. Қорқыт ата кітабы / Түрік тілінен аудар. Б.Ысқақов. - Алматы: Жазушы, 1994. - 160 б.

References

1. Kononov A.N. Makhmud Kashgarskiy i yego «Divanu Lugat at-Tyurk». // Sovetskaya tyurkologiya, № 1, 1972. S. 3-17
2. Baskakov N.A. Tyurkskiye yazyki. M. 1960, S. 3-18.
3. Bartol'd V.V. Sochineniya, T.V. - M.: 1968, S. 191-192.
4. Malov S.Ye. Pamyatniki drevnetyurkskoy pis'mennosti. M.-L., 1951. 175s.
5. Khalidov A.B. Slovar' Ishaki al'-Farabi i Makhmudy al'-Kashgari (iz istorii leksikografii v Sredney Azii X-XI vv.). V sb.: Pis'mennyye pamyatniki i problemy istorii kul'tury narodov Vostoka. XXI yezhegodnaya nauchnaya sessiya AN SSSR, 1987, 50 s.
6. Maxmud Qaşqarî. Tübi bir türki tili («Dîwanî lwğat it-twrk»)-Almatı, «Ana tili», 1993.-

192 bet.

7. Maxmut Qaşqari. Türki tiliniñ sözdigi: (Dïwani luğat-it-türük): 3 tomdıq şığarmalar jınağı / Qazaq tiline awdarğan, alğı sözi men ğılımı tüsinikterin jazğan A. Egewbay. - Almatı: XANT, 600 bet.

8. Musabayev G.G. Nekotoryye svedeniya o zhizni Makhmudy Kashgari // Issledovaniye po tyurkologii. Alma-Ata, 1969, S. 48-62

9. Tomanov M. Maxmud Qaşqari // Kitapta: Orta Aziya men Qazaqstannıñ ulı ğalımdarı (IX-XIX ғ.), Alma-Ata, 1964, 153-166 b.

10. Ömiraliyev Q. VIII-XII ғasırlardağı köne türki ädebî eskertkişteri. Almatı, 1985, 45-96 b.

11. Suyunshaliyev KH. Stanovleniye i razvitiye kazakhskoy literatury s rannego perioda do kontsa XIX veka. Avtoref. dis. doktor Alma-Ata, 1969, 48 s.

12. Qırışjanov A.K. Maxmud Qaşqari şığarmasınıñ zerttelw tarixınan. // Trwdı institwta yazıkoznaniya AN KazSSR, T. 3, Alma-Ata, 1963, 320 s.

13. Käkışev T. Köne däwirdegi sınşıl oylar // Juldız, № 2, 1993, 191 b.

14. Äljanov M.K. Qazaq dalasınıñ oyşıldarı. Almatı, 1994, 70-86 b.

15. Kelimbetov N. Dïwani luğat at-türk. Almatı, 2001.

16. Kaliyeva K.M. Maxmud Qaşqaridıñ pedagogikalıq ideyaları. Ped. ğılımd. kand. dissertaciya. Jetekşisi: Q.B. Jariqbaev. Almatı, 2003, 133 b.

17. Qazaqtıñ étnografiyalıq kategoriyalar, uğımdar men atawlarınıñ дәstürli jüyesi. Énciklopediya. - Almatı: DPS, 2011.

18. Qazaq tiliniñ түsindirme sözdigi; red. basq. I. K. Keñesbaev; qurast.: Ş. Axmetova [j.b.]; Qazaq SSR Ğılım akademiyası, Til bilimi in-tı.- Almatı: Ğılım, 1961.

19. Qorqıt ata kitabı / Türük tilinen awdar. B.Isqaqov. - Almatı: Jazwşı, 1994. - 160 b

P.E. Nusupova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: perizat.nusupova@mail.ru)

About the customs and customs of the Turkic peoples in the “Dictionary of Turkic Languages” by Mahmut Kashkari

Abstract. Mahmut Kashkari's work «Diwani lugat it-Turk» is a common treasure of the Turkish people and a classical heritage of related countries. The article mentions foreign and Kazakh scientists who studied this work and analyzed it in detail, and offered their critical opinions about the dictionary. The commandments given in the «Turkish Dictionary» are of great importance in laying the foundations of the «Good Society» mentioned by the scholar Al-Farabi. «Dictionary» includes more than two hundred poems, three hundred proverbs, sayings and similes. In the main part, Mahmut Kashkari's «Dictionary of Turkish Languages» analyzed more than 40 proverbs and verses about the manners and moral qualities of the Turkish people. In the article, the difference between proverbs and language usages, which are often used among the people, and proverbs in Kashkari's work is comprehensively studied and analyzed. Similar usages are compared and meanings are defined.

Keywords: «Dictionary of Turkish Languages», etiquette, morality, virtue, Turkish language, A. Egeubaev, philosophical work.

П.Е. Нусупова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: perizat.nusupova@mail.ru)

**О нравах и морали тюркских народов в
«Словаре турецких языков» Махмута Кашкари**

Аннотация. Работа Махмута Кашкари «Диван лугат ит-тюрк» является общим достоянием турецкого народа. Труд Махмута Кашкари «Дивани лугат ит-Турк» - общая сокровищница тюркских народов и классическое наследие родственных стран. В статье были отмечены зарубежные и казахские ученые, изучавшие этот труд, всесторонне проанализировавшие его, а также высказаны конструктивные мнения о словаре. В закладке фундамента «доброго общества», о котором говорил ученый Аль-Фараби, большое значение имеют заповеди, данные в «Тюркском словаре», что равносильно первой лестнице этого общества. В «Тюркский словарь» вошли более двухсот стихотворений, около трехсот пословиц, крылатых слов и сравнений. В основной части проанализировано более 40 притч, стихов Махмута Кашкари об этических и нравственных качествах тюркских народов в «Словаре тюркских языков». В статье всесторонне изучены и проанализированы часто используемые среди населения пословицы и языковые употребления в отличие от пословиц Кашгарского труда. Были сопоставлены похожие употребления и определены значения. «Дивани лугат ит-Турк» - это сокровище, общее для всех тюркоязычных народов всего мира, языковое, литературное, исторически богатое наследие, имеющее педагогическое значение, очень ценная реликвия.

Ключевые слова: «Словарь турецких языков», этикет, мораль, добродетель, турецкий язык, А. Егеубаев, философский труд

Автор туралы мәлімет:

Нусупова П.Е. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0009-0001-9646-6424.

Information about authors:

Nusupova P.E. – Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0009-0001-9646-6424.

Сведения об авторах:

Нусупова П.Е. – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0009-0001-9646-6424.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

Ж.Б. Қажығалиева, А.Е. Оңғарбаева, Ж.Б. Қдыралиева

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,

Алматы, Қазақстан

(E-mail: Kazhigaliyeva_zh@cep.nis.edu.kz)

**Тарих сабағында «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігін
CLIL технологиясын қолданып зерттеу мүмкіндігі**

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан тарихын оқытуда тарихи дереккөздерді пайдаланудың маңыздылығы қарастырылып, мемлекеттік стандарттарда көрсетілген концептуалды негіздерге назар аударылады. Бұл стандарттар оқушылардың сыни ойлауы мен талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Мақалада Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қолданылатын оқыту әдістері, соның ішінде тіл мен пәнді оқытуды біріктіретін CLIL қарастырылады. Махмұт Қашқаридың «Дивани лұғат ит-түркі» сияқты шынайы материалдармен жұмыс істеуге ерекше мән беріледі. Материалдарды студенттердің тілді меңгеру деңгейіне бейімдеудің маңыздылығы атап өтіледі, өйткені бұл тарихи контекстті тереңірек түсінуге ықпал етеді және тіл дағдыларын арттырады. Авторлар «Дивани лұғат ит-түрк» сөздігімен айналысу ұлттық құндылықтарға деген құрметке тәрбиелеп, оқушылардың өз ұлтының тарихына деген қызығушылығы мен бағасын арттыратынын атап көрсетеді.

Түйін сөздер: тарих, дереккөз, түпнұсқа, CLIL технологиясы, пәндік-тілдік тәсіл

DOI:

Түсті: 13.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 5.12.2024.

Түрлі тарихи дереккөздер мен құжаттарды зерттеу – тарих пәнін оқыту мақсатына жетудің маңызды шарттарының бірі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стардарты бойынша «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың тұжырымдамалық негіздерінде «Қазақстан тарихы» пәнінің міндеттері нақтыланған. Олардың ішінде «Ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі Ұлы Дала өркениеті тарихын оқытуға басымдық беру» міндеті бойынша: «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында Қазақстанның тарихи дамуында орын алған негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру, жан-жақты тарихи деректердің айғақтары негізінде дәлелді пайымдау, ойлау дағдыларын дамыту» дағдылары анық көрсетілген [1;13]. Мектепте тарих пәндерін оқытудың әлемдік және отындық тәжірибесін зерделеу барысында «дәлелді ғылыми деректер мен шынайы дереккөздерден алынған тарихи деректерге негізделген ұлттық тарихты қамту» [2] әр халықтың ұлттық рухани мұраларын дәріптеп қана қоймай, жас ұрпақтың өз ұлтына деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыруды көздейді. Дереккөздерді талдау өзара сабақтас бірқатар міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, атап айтсақ, неғұрлым терең білімді қалыптастыру, оны нақтылау және тереңдету, зерттелетін мәселелерді көркемдеп көрсету, теориялық ұстанымдар мен идеяларды дәлелдеу; оқушылардың ой-өрісін дамыту, өз бетінше оқыту, дұрыс қорытындылар мен жалпылаулар жасау; оқушылардың бағалау белсенділігін, танымдық мүмкіндіктерін қалыптастыру. «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда тарихи деректерді талдау, дәлелді пайымдау, гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру,

деректерді әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару дағдыларын қалыптастыруға басымдық беріледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» аясында әзірленген «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдаламасы (NIS-Programme) түсіндірмелі-иллюстративті (мұғалімнің ақпаратты ауызша баяндауы, деректі және көркем мәтіндерді көрсету, т.б.) және репродуктивті әдістерден бас тартып, белгілі бір дағдылар, атап айтсақ, дереккөздер мен пікірлерді талдап, сыни бағалай білу, тарихи білімді нақты тәжірибеде жобалау, тарихи процестердің заңдылықтарын білу дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Бағдарлама бойынша тарих сабағын ұйымдастырудың міндетті талабы – талдау, зерттеу және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін белсенді және интерактивті оқыту әдістерін пайдалану.

Бағдарлама авторлары: «Тарих сабағында белсенді оқыту – бұл ең алдымен оқу материалын меңгеру процесіне оқушылардың белсенді қатысуы. Бұл жаттау емес, оқу. Оқушы мұғалім ұсынатын оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлері арқылы өз бетінше ақпарат алып, белгілі бір тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді талдап, түсіндіреді, өзіндік дәлелді бағасын береді», – деп Қазақстан тарихын оқытудың қазіргі трендін атап көрсетеді [3].

NIS-Programme оқу процесінде тек даталар мен оқиғаларды жаттаумен шектелмей, түп-дереккөздерді түсіну, талдау және сараптау арқылы тарихи білімдерді қалыптастыру, оқиғаларды әртүрлі көзқарастардан түсіндіруді үйрену және тарихи дәлелдер мен тарихи идеялар арасындағы байланысты түсіну арқылы сапалы білім беруді мақсат етеді.

«Қазақстан тарихы» пәнінің оқу мақсаттары тарихи ойлаудың базалық дағдыларын қалыптастыруға негізделген, солардың бірегейі – тарихи дереккөздерді интерпретациялау. Тарихи дереккөздер – тарихи процесті тікелей көрсететін, фактілер мен орындалған оқиғаларды дәл бейнелейтін құжат. Тарихи дереккөздермен жұмыс жасау барысында білім алушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу үдерістері, дағдылар және біліктермен байланысты әдістерді де игереді. Мәселен, материалдарды жинау мен реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде мәселені қоя білу білігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру және т.б.

Біз осы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде NIS-Programme аясында «Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» атты түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігімен «Қазақтан тарихы» пәні сабағында тарихи дереккөз ретінде жұмыс ұйымдастыру тәжірибемізбен бөліскелі отырмыз.

Махмұт Қашқари туралы ақпарат алғаш 7 сыныпта «Қазақ хандығының XVI – XVII ғасырлардағы дамуы» атты бөлімде «Түркі мәдениетінің әлем өркениеті дамуына қосқан үлесі қандай?» деген мәселе аясында сол кезеңнің көрнекті қайраткерлерінің еңбегін зерттеуге арнайы оқу мақсаты құрылған. Мақсат «7.2.2.4 – түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру» деп аталады [4; 2].

Сөздікті тарихи мұра ретінде зерттеу барысында оқушының сөйлеу дағдылары мен грамматикалық дағдыларын дамытудың маңызы зор. Әсіресе түпнұсқамен жұмыс істеу оқушының қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыра түсетінін сөзсіз. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Қазақстан тарихы» пәні тек қазақ тілінде ғана оқытылады. Сонымен қатар пәнді оқытуда «бір пән – бір тіл» қағидаты қатаң сақталады, ашып айтсақ, Қазақстан тарихы сабағында қазақ тілінен басқа тіл мүлдем қолданылмайды. Аудармасы да берілмейді. Сондықтан да оқытудың CLIL технологиясы кеңінен қолданылып келеді. CLIL (Content and Language Integrated Learning), яғни кіріктірілген пәндік-тілдік тәсілдің мақсаты – пән мазмұны арқылы тілдік дағдыларды жетілдіру. CLIL материалдық мазмұн мен тіл үйрену арасындағы теңгерімді талап етеді, онда тіл мазмұнды оқыту

құралы ретінде пайдаланылады, ал мазмұн, өз кезегінде, тіл үйрену үшін ресурс ретінде қолданылады [5; 2]. Сондықтан да түпнұсқамен жұмыс барысында тапсырмаларды оқушының тілді меңгеру деңгейін және әлеуетін ашу мүмкіндіктерін жан-жақты зерделей отырып құру қажет болады. Тапсырмалардың қай қайсы да оқушының тілдік дағдыларын дамытуға бағытталады. Орыс сыныптарына түпдеректер бейімделіп ұсынылады. Ашып айтсақ, оқушының тілді меңгеру деңгейін және сөздік қорын ескере отырып, мұғалім мәтінді тарихи маңызын жоймай, қысқартады да, түпнұсқамен жұмыс жүргізу дағдысын дамытуға қолдау көрсетеді.

Мәселен, тапсырмаларды тіл білімінің түрлі салаларына қатысты топтық жұмыс ретінде ұйымдастыруға болады. Бұл қазақ тілі сабағында алған білімдерін тарих сабағында бекітуіне мүмкіндік береді.

Тілдік тапсырма. Сөздіктегі қолданылған әріптер туралы автордың (М. Қашқари) пікірін зерделе. Қазіргі қазақ тіліндегі төл дыбыстарға салыстырмалы сипаттама бер. Кестеге түсір.

Үзінді:

«Күллі түрік тілдерінде қолданылатын негізгі әріптер он сегіз. Түрік жазуында сол әріптер қолданылады. Бұл әріптер төмендегі сөздерге жинақталған: Айырып көрсеткенде мынадай болады. Бұл әріптердің арабшадағы әріптеріне ұқсас рет тәртібі бар. Бұл негізгі әріптерден басқа, жазуда жоқ, ауызша қолданылатын, негізгі әріптердің қатарына қоса алмайтын және жеті әріп бар. Түрік тілдері бұларсыз оқылмайды. Бұлар: қатаң «<-« (п)» әріп; арабша «£ (ж)» әріп – бұл әріптер түрікше де аз қолданылады; (з)» мен «t (ш)» аралығында шығатын «J (ж)» әріп; арабша «j» (ф)» әріп; нүктелі «(г)» әріп; «J (қ)» мен «\$» (к)» аралығындағы ұяң, жұмсақ «j» әріп «(н)» мен «(г)» аралығындағы және «(н)» мен «J (к)» аралығында пайда болатын «(ң)» әріп. Бұл әріпті дауыстап айтуға түріктерден басқалар қиналады» [6; 6].

Сұрақтар:

1. Неліктен М. Қашқари сөздікте қолданылатын әріптерге түсініктеме берді деп ойлайсың?
2. Сөздікте қолданылатын әріптерді араб әрпімен салыстыруының себебі неде?
3. Үзіндіде берілген түсініктеме қай саланың мамандары үшін маңызды?

«Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігіндегі М. Қашқаридың пайымы	Қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесі	Менің пайымым
Күллі түркі тілінде – 18 әріп бар. Ауызша қолданылатын – 7 әріп бар.	Қазіргі қазақ тілінде 38 дыбыс бар. Оның ішінде қазақтың төл дыбыстары – 9.	

Пәндік-тілдік тапсырма. 7-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша «7.3.1.2 – VI–IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау» деген мақсатты ашу мақсатында: ««Оғыз» сөзі көне түркі ескерткіштерінде кездеседі. Махмұт Қашғари, әл-Марвази еңбектерінде де оғыз тайпаларының атаулары берілген» – деп, Махмұт Қашқаридың сөздігіне сілтеме жасалған [7; 28]. Оғыз тайпасы туралы бірнеше деректерді салыстырып, оқушының өздігінен шешім қабылдауы үшін үзінді немесе сөздіктің кирилл қарпіне тәржімаланған электронды нұсқасын ұсынуға болады.

«Түріктер тегінен жиырма тайпалы. Мен бұлардың түп-тамырлары мен ана тараптарын жаздым. Ру-аймақтарын тастадым. Кісілерде оғыз түрікмендерінің білуге ықтияр болғандықтары үшін, солардың ұрықтарын (ұрпақ), малдарына басатын таңбаларын

да көрсеттім. Мұсылман болсын, болмасын мейілі, Рұм өлкесі жанынан Күнишығысқа қарай кеткен рет бойынша, біртіндеп, шығыстағы тайпалардың орналасқан жайларын көрсетіп өттім.

Рұм өлкесіне бәрінен жақын орналасқан тайпа бешенек; одан қалса қыпшақ, оғыз, иемек, башғырт, басмыл, қай, набақу, татар, содан қырғыз тараптары. Қырғыздар Шыңға жақын жайласқан. Бұл тайпалардың барлығы Рұм өлкесі жанынан шығысқа қарай осы ретпен созылып жатыр.

Содан шігіл, тохсы, иагма, ұғрақ, жарұқ, жомыл, ұйғыр, таңғұт, қытай. Қытай өлкесі «Шын» деп аталады. Одан кейін табғаш, оны «Машын» дейді. Бұл тайпалар Жөнұп пен Шимал арасында тұр. Олардың орналасқан орындарын осы шеңберлі картада бір-бірлеп көрсеттім» [6; 22.].


Үзінді бойынша берілетін сұрақтар:

1. Бұл деректің авторы туралы сіздерге не белгілі?
2. Берілген мәліметтер деректің қай түріне жатады?
3. Үзіндіде қай тайпа атаулары саған таныс?

Тапсырма. Үзіндіде айтылған тайпа атауларын қазіргі кездегі ұлт атауларымен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып, Венн диаграммасына орналастыр.

Сөздіктегі тайпа атаулары

Қазіргі кездегі ұлт атаулары



Бұл тапсырманы бекіту үшін Венн диаграммасына сүйеніп, М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі қай ұлттар үшін маңызды екенін сұрауға, тіпті эссе де жазғызуға болады.

Оқушының сөздік қорын дамыту үшін CLIL технологиясын қолдана отырып, дереккөздермен жұмыс жүргізудің маңызы зор.

Пәндік-тілдік тапсырма. Мысалы: «Қазақстан тарихы» пәні 7-сыныпта «Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?» тақырыбы аясында көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін өздігінен зерттеу әлеуетін ашу үшін «Біліп жүр» айдарымен М. Қашқаридың сөздігінен үзінді беріледі [7; 34].

Біліп жүр

М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрк» еңбегінде және араб-қыпшақ сөздіктерінде түріктердің балық аулайтын еңбек құралдарының терминдері берілген: ырғақ – қармақ, ожан – кішкене қайық, кеме (караб) – үлкен қайық деген сөздер келтірілген. Бұл деректерді Ертіс бойынан табылған археологиялық материалдар растайды.

Түріктер шөбі шүйгін жерлерді іздестіріп, бір жерде ұзақ тұрақтамайды. Бір жерден екінші жерге көшіп жүреді. Мыңдаған түйе, қой, сиыр асырайды. Жылқы мен түйені көп өсіреді. Жылқы етін сүйсініп жейді. Май және сүт өнімдері өте көп мөлшерде. Өсімдік майының орнына малдың майын пайдаланады. Қойдың тоң майын шам ретінде қолданады. Көшпелілер киіз үйде тұрады. Киіз үйді жүннен жасайды. Егістік алқаптары да өте көп. Күнделікті тұрмыста күріш, ет, балық жейді. Сүт, май, бал өте көп. Олар шарап ішпейді.


Әл-Идриси, XII ғасыр

Оқушы үзіндімен танысқаннан кейін түрлі тапсырмалар ұсынуға болады. Ол тапсырмалар оқушының тарихи шындыққа өздігінен көз жеткізумен қатар тілдік дағдыларын дамытып, сөздік қорын молайту мақсатын қамтуы керек. Мәселен, «Үзіндіден түріктердің қандай шаруашылықпен айналысқанына көз жеткіздің? Неліктен?» деген сұрақ қою арқылы оқушының пәндік білімін дамытса, «ХІ ғасырда «қармақ» сөзі қалай аталған?» немесе «Мәтіндегі қай сөздер архаизм болады? Неліктен?» деген сұрақтар тілдік дағдысын дамытуға септігін тигізеді.

Сол сияқты түпнұсқадағы атаулардың қазіргі кездегі атауларымен сәйкес келуі екі талай. Сондықтан да олардың морфологиялық, морфонологиялық айырмашылықтарына назар аудара отырып, талдау жасату оқушылардың грамматикалық дағдыларын дамытуға қолдау жасайды.

Пәндік тапсырма. М. Қашғаридың картасын түпдерек (primary data) ретінде беріп, талдату.

Еңбектегі картаның қазіргі стандартты карталардан айырмашылықтарын түсіндір.	
формасы	
тілі	
белгілері	
мазмұны	
түстерінің алуандылығы	
масштабы	



Бұл жерде арнайы тілдік тапсырма берілмесе де, жер-су атауларының сол кездегі нұсқасының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түпнұсқамен тарих тапсырмаларын орындау аясында аңғарады және өздігінен тұжырым жасауға, тілдік тұрғыдан қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

Тілдік тапсырма. «Қазақстан тарихы» пәні 7-сыныпта «7.2.2.4 – түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру» деген оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған «Әл-Фараби, М. Қашғари, Ж. Баласағұни және А. Ясауи еңбектерінің тарихи құндылығы неде?» деген зерттеу тақырыбы бойынша әрқайсысының еңбегінен үзінді беріледі.

«Менен ұлым, ақыл ап, жақсы жолға жаратқын,
Елдің дана ұлы боп, білімді таратқын.

Іске асығыс кіріспе, иінін біл тұрақты,
«Жағамын» деп асыққан өшіреді шырақты» [7; 59].

Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында оқушы ғасырлар бойы маңызын жоймаған рухани құндылықтарды меңгереді. Осы құндылықтардың қазіргі кездегі маңыздылығын ашу үшін «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде берілген 271 мақал-мәтелмен түрлі жұмыстар ұйымдастыру да мұғалімнің асқан шеберлігін қажет етеді. Мақал-мәтелдерді тақырып бойынша (ел бірлігі, жігітке тән қасиеттер, қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік, т.т.) жіктеп, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешу, адагершілік қасиеттің негізгі критерийлерін анықтау сияқты түрлі тапсырмалар ұйымдастыруға болады.

Ойымызды жинақтайтын болсақ, «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі рухани қазына ретінде өз маңызын жоймайды, ол – уақыт пен кеңістікке бағынбайтын құндылық. Мұғалім түпдеректермен (primary data) жұмысты ұйымдастыру арқылы уақыт пен кеңістікке шолу жасап, оқушының дерекпен жұмыс жасау сауаттылығы арттырып қана қоймай, ақазқтілінің табиғатын тереңнен түсініп, сөздік қорын дамыту бағытында жұмыс жүргізеді. Ең бастысы, тоқушы үлгісқамен жұмыс істеу барысында түрлі тапсырмалар арқылы ұлттық рухани құндылықтарымыздың түрлі мәдениетпен ықпалдаспай тұрған саф қалпында танысып, өзін-өзі тәрбиелеуіне мүмкіндік береді, ұлттық рухын оянып, өз ұлтына деген мақтаныш сезімдері тереңдетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Орта білім беру ұйымдарында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 120 б.
2. Шегенова З., Жанисов А. Проблемы и перспективы школьного исторического образования в условиях обновления содержания среднего образования // Открытая школа. – №3 (154). 2016 // http://www.open-school.kz/glavstr/tema_nomera/tema_nomera_154_4.htm
3. The National Curriculum for England. History. Key stages 1-3, 2008. - <https://www.gov.uk/government/publications/national-curriculum-in-england-historyprogrammes-of-study>.
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасы. Негізгі мектеп (6-10 сынып). Нұр-Сұлтан, 2019 ж. – 56 б.
5. Marsh, D. Content and Language Integrated Learning: The European Dimension – Actions, Trends and Foresight Potential / D. Marsh. – OUP, 2002. – 204 б.
6. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі / аударған А.Қ.Егеубай. – Алматы: Хант, –1998. – Т.3 – 597 б. <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1111062&simple=true>.
7. Қазақстан тарихы: 7-сыныпқа арналған оқулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2023. – 176 б.

Reference

1. Orta bilim berw uyımdarında «Qazaqstan tarixı» jäne «Düniejüzi tarixı» pänderin oqıtwdıñ tujırımdamalıq negizderi – Nur-Sultan: I.Altınсарin atındağı Ulttıq bilim akademiyası, 2022. – 120 b.
2. Şegenova Z., Janısov A. Problemi i perspektivi şkolnogo istoričeskogo obrazovaniya v wslovıyah obnovleniya soderjaniya srednego obrrazovaniya // Otkritaya şkola. - №3 (154). 2016 // http://www.open-school.kz/glavstr/tema_nomera/tema_nomera_154_4.htm

3. The National Curriculum for England. History. Key stages 1-3, 2008. - <https://www.gov.uk/government/publications/national-curriculum-in-england-historyprog-rammes-of-study>.

4. «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU Bilim berw baǵdarlaması – NIS-Programme. «Qazaqstan tarixı» pāni boyınsha oqw baǵdarlaması. Negizgi mektep (6-10 sınıf). Nur-Sultan, 2019 j. – 56 b.

5. Marsh, D. Content and Language Integrated Learning: The European Dimension – Actions, Trends and Foresight Potential / D. Marsh. – OUP, 2002. – 204 b.

6. Maxmut Qaşqari. Türik sözdigi / awdarǵan A.Q.Egewbay. – Almatı: Xant, –1998. – T.3 – 597 b. <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1111062&simple=true>.

7. Qazaqstan tarixı: 7-sınıfqa arnalǵan oqwlıq. – Astana: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU, 2023. – 176 b.

Zh.B. Kazhygalieva, A.E. Ongarbayeva, Zh.B. Kdyralieva

SEO «Nazarbayev Intellectual Schools», Almaty, Kazakhstan

(E-mail: Kazhigaliyeva_zh@cep.nis.edu.kz)

The possibility of studying the dictionary «Divani Lugat It-Turk» using the CLIL technology in the history lesson

Abstract. The article explores the significance of using historical sources in teaching the history of Kazakhstan, with a focus on the conceptual foundations outlined in state standards. These standards aim to develop students' critical thinking and analytical skills. The article discusses the teaching methods employed in Nazarbayev Intellectual Schools, including CLIL, which integrates language and subject teaching. A particular emphasis is placed on working with authentic materials, such as Mahmut Kashgari's «Divani Lugat it-Turk.» The importance of adapting materials to students' language proficiency levels is highlighted, as this fosters a deeper understanding of the historical context and enhances language skills. The authors emphasize that engaging with the «Divani Lugat it-Turk» dictionary will cultivate respect for national values and increase students' interest in and appreciation for the history of their nation.

Key words: history, source, original, CLIL technology, subject-linguistic approach.

Ж.Б. Кажигалиева, А.Е. Онгарбаева, Ж.Б. Кдыралиева

АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Алматы, Казахстан

(E-mail: Kazhigaliyeva_zh@cep.nis.edu.kz)

Возможность изучения словаря «Дивани Лугат Ит-Тюрк» с использованием технологии CLIL на уроке истории

Аннотация. В статье исследуется значение использования исторических источников в преподавании и в статье рассматривается значение использования исторических источников в преподавании истории Казахстана с акцентом на концептуальные основы, изложенные в государственных стандартах. Эти стандарты направлены на развитие критического мышления и аналитических навыков учащихся. В статье обсуждаются методы обучения, используемые в Назарбаев Интеллектуальных школах, включая CLIL, который интегрирует языковое и предметное обучение. Особое внимание уделяется работе с аутентичными материалами, такими как «Дивани лугат ит-түрк» Махмута Кашгари. Подчеркивается важность адаптации материалов к уровню владения языком учащихся, поскольку это способствует более глубокому пониманию исторического

контекста и улучшает языковые навыки. Авторы подчеркивают, что работа со словарем «Divani Lugat it-Turk» будет воспитывать уважение к национальным ценностям и повышать интерес и признательность учащихся к истории своего народа.

Ключевые слова: история, источник, оригинал, технология CLIL, предметно-лингвистический подход

Авторлар туралы мәлімет:

Қажығалиева Ж.Б. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Алматы, Қазақстан, ORCID: 0009-0003-7173-6971

Оңғарбаева А.Е. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Алматы, Қазақстан.

Қдыралиева Ж.Б. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Kazhygalieva Zh.B. – SEAO «Nazarbayev Intellectual Schools», Almaty, Kazakhstan, ORCID: 0009-0003-7173-6971

Ongarbayeva A.E. – SEAO «Nazarbayev Intellectual Schools», Almaty, Kazakhstan.

Kdyralieva Zh.B. – SEAO «Nazarbayev Intellectual Schools», Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Кажигалиева Ж.Б. – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Алматы, Казахстан, ORCID: 0009-0003-7173-6971

Онгарбаева А.Е. – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Алматы, Казахстан.

Қдыралиева Ж.Б. – АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Алматы, Казахстан.

ҒТАР 16.41.25

Ғылыми мақала

N.B. Nabi*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan**(E-mail: naz_nabi@mail.ru)***Proverbs and Sayings in Mahmud al-Kashgari's Dictionary for Developing Communicative Competence**

Abstract. A valuable heritage, gathering both oral and written literary traditions characteristic of Turkic peoples, is found in the written monuments that reflect the life, national identity, worldview, and ethical values of the people. These monuments serve as a core of spiritual culture, carrying essential knowledge. One of the main forms of communicative expressions that preserve cultural and spiritual information is proverbs and sayings. Proverbs, which encompass cumulative, communicative, and aesthetic functions, are found in Mahmud al-Kashgari's famous work *Divanü Lügati't-Türk*, which preserves the common proverbs of the Turkic peoples organized into semantic categories. Proverbs and sayings, according to their nature, are indispensable tools in the educational and teaching process for improving students' speaking skills through their communicative function. As a productive form of linguistic interaction, proverbs help bring thoughts to light in a clear, impactful, expressive, and emotionally charged manner, thus facilitating the speaker's success in achieving their intended communicative goals. In this article, the significance of developing communicative competence through language interaction is discussed in detail, and ways to enhance communicative skills through the proverbs and sayings found in the *Divanü Lügati't-Türk* are explored. The research highlights the crucial role of Mahmud al-Kashgari's written legacy in Turkic spirituality and its influence on the field of linguistics. It also analyzes various theoretical frameworks of communication proposed by different scholars, revealing the depth of the communicative competence concept and its relevance to modern society's communication needs. Additionally, the article examines traditional and modern teaching technologies used in teaching the Kazakh language in senior classes, proposing methods for integrating these approaches into speaking activities when teaching Mahmud al-Kashgari's proverbs. Practical examples of applying modern technologies through speaking, listening, reading, and writing tasks are provided as part of the teaching methodology for proverbs and sayings.

Key words: language communication, communicative competence, speech activity, written monuments, proverbs and sayings, innovative technologies

DOI:

Arrived: 13.08.2024; approved: 19.09.2024; available online: 5.12.2024.

In the State General Education Standard, it is stated: «The goal of secondary education at the national level is to contribute to the development of a competent, intellectual, and spiritually advanced individual who is ready to effectively participate in the social, economic, and political life of the Republic of Kazakhstan» [1].

In today's society, there is a need for individuals who are independent, knowledgeable, capable, tolerant, and able to make decisions on their own in various situations. These individuals should be able to independently find and apply the necessary information, work in teams, and continuously update their knowledge. Therefore, it is essential not only to provide students with deep knowledge, skills, and competencies but also to teach them to think critically, reason, search for information, and engage in problem-solving, thereby fostering the development of

their independent cognitive activities. In the modern world, it is not as important to know a lot of information as it is to gather knowledge from various sources, organize it effectively, and apply it efficiently.

The contemporary educational process focuses on modern lessons aimed at helping each student master a set of competencies as an educational outcome. Accordingly, three key competencies are considered: problem-solving and self-organization, information literacy, and communicative competence.

An especially relevant issue is the development of a tolerant mindset and communicative competence among senior students. If we define linguistic communication as a process, its essence lies in transmitting information through language. Since the transfer of information requires the presence of both a sender and a receiver who use a mutually understandable language, linguistic communication is one of the forms of interaction established between individuals. With the development of various educational technologies, different methods of language teaching have emerged and continue to evolve. One such method is the communicative teaching technology proposed by E.I. Passov, which can be used in developing the communicative skills of senior students. The essence of this technology is based on communicative teaching

The authors of methodological works related to the formation of students' communicative competence include foreign scholars such as E.I. Passov, A.A. Leontiev, V.G. Kostomarov, A.N. Shchukin, M.N. Vyatyutnev, G.A. Kitaigorodskaya, G.V. Rogova, I. Zimnyaya, V.A. Skalkin, B.A. Lapidus, N.I. Gez, E.P. Shubin, I.L. Bim, as well as domestic scholars and methodologists such as I. Altinsarin, A. Baitursynov, M. Zhumbayev, Z. Aymaulytov, T. Shonahov, G. Begaliev, A. Saduakasov, S. Zhiembayev, I. Uyikbayev, Sh. Sarybaev, K. Bozhanova, M. Zhumbanova, S. Rakhmetova, F. Orazbayeva, G. Uyisova, K. Moldabek, Sh. Kapanbayeva, R. Rakhmetova, A. Zhumabayev [3, p. 15], and others.

The methodologist-scholar in Kazakh linguistics, F. Orazbayeva, defines the communicative method as follows: «The communicative method is a type of teaching that is realized through direct interaction between the student and the teacher; it forms a specific style of speech in a given language, consists of a system of main features and principles inherent in linguistic communication and methodological categories; by integrating effective language teaching methods, it implements language as a tool for communication» [4, p. 72].

The scholar R. Rakhmetova, who studied the methodology of teaching syntax in higher education, defines communicative competence as follows: «Communicative competence is the student's ability to communicate equally effectively in various situations and to organize communication while adhering to social and cultural norms. A student's communicative competence is demonstrated by their mastery of both oral and written communication and by acquiring the skills necessary for social life» [5, p. 27].

Any communicative interaction is based on a certain set of actions or a model, the main components of which are:

- Participants of the communicative process: the addresser (the information sender) and the addressee (the information receiver);
- Information – oral or written text [6, p. 18].

Figure 1. Model of the communicative action



The main condition of the communicative theory is interaction, i.e., the processes of receiving, interpreting, and providing an adequate response to verbal and written speech information between the sender and the receiver of the information..

The speech activity, based on the skills of speaking, writing, reading, listening, and conversing that constitute communicative competence, not only reflects the functions of the speech organs but also involves cognitive and thought processes occurring in the mind during the verbalization of information.

Linguistic communication, which expresses interaction and mutual understanding, is aimed at expressing the thoughts and intentions of the participants in the communication process. According to B. Kasym and F. Orazbayeva, «the communicative process, being an essential part of human activity, serves as a crucial factor for the development of both individuals and society as a whole, establishing connections between people and facilitating the exchange of social and public information» [7, p. 93].

Linguist E.I. Passov distinguishes three stages of linguistic communication [2, p. 8]:

1. Proper expression of message and information. In this stage, the syntactic patterns of the language, the composition of grammatical units, and correct pronunciation play an important role.

2. The accurate transmission of informational content and the correspondence between the expressed thought and the linguistic tools used to convey it. In this stage, the significance of semantic patterns is particularly important.

3. The accurate reception of the communicated information by the other communicator.

B. Kasym and F. Orazbayeva propose five stages for implementing the communication process [7, p. 94]:

1. Emergence of the message.
2. The message being transmitted.
3. The message being delivered.
4. The message being received.
5. The response to the message.

The curriculum of the Kazakh language subject aims to develop the communicative competence of high school students (grades 10-11) through the proverbs and sayings collected in the «Diwan Lughat al-Turk,» a dictionary of Turkic languages compiled by the renowned scholar and lexicographer of Turkic languages, Mahmud al-Kashgari, which is a shared heritage of Turkic peoples.

Al-Kashgari, in his valuable work on linguistics, which consists of three volumes and eight books, states in the preface: «I compiled this book in prayer to the One God, with the aim that it would be an everlasting treasure, an inexhaustible, imperishable wealth, and I named it 'Diwan Lughat al-Turk – The Compendium of Turkic Languages'» [8, p. 9]. Indeed, the dictionary, filled with invaluable treasures of profound knowledge, contains a total of 306 proverbs and sayings. Of these, 84 are related to animals [9, p. 25].

In developing the communicative competence of high school students, the use of proverbs and sayings from Al-Kashgari's dictionary serves both educational and moral purposes. By engaging with tasks related to speaking, listening, reading, and writing proverbs and sayings during Kazakh language lessons, students can enhance their linguistic competence and communication skills. This process broadens their linguistic knowledge, while also using the valuable oral heritage of proverbs – preserved in Al-Kashgari's dictionary and passed down through generations – as an important tool for fostering spiritual and moral education.

The proverbs and sayings in the «Diwan Lughat al-Turk» are divided into several semantic categories. In her dissertation titled «The Paremiological System in the Language of Medieval Turkic Written Monuments,» Dr. J.N. Alashbaeva provides a detailed account of the semantic groups of proverbs and sayings in the «Diwan Lughat al-Turk,» including the exact number of

proverbs in each group [10, pp. 53-60]. This can be seen in the table below:


Table 1.

№	Semantic Categories of Proverbs and Sayings	Number of Proverbs and Sayings
1	On Moral Values	1
2	On Unethical Traits and Habits	5
3	Somatic Proverbs and Sayings	49
4	On Family Values	25
5	On Profession	6
6	On Society	10
7	On Religion	2
8	On Nature	73
9	On Types of Metals	4
10	On Domestic Animals	44
11	On Wild Animals	15

Proverbs and sayings possess three essential qualities: communicative, aesthetic, and cumulative. Firstly, proverbs and sayings are the most fertile and productive form of communicative expressions, used as a means of communication during the communication process. Secondly, as one of the most decorative tools of the Kazakh language, proverbs and sayings are widely used to animate the language of a text, convey certain situations to the reader, and influence them. Thirdly, proverbs and sayings encompass the worldviews, informational, and spiritual-cultural functions of language [10, p. 61]. By teaching proverbs and sayings, which preserve and reflect the philosophy of life and spiritual treasures of the people, to high school students, it becomes possible to instill the three aforementioned qualities of proverbs and sayings into the minds of the younger generation, thereby enhancing their communicative skills.

In linguistics, verbal communication through sound and written communication through letters are referred to as oral and written language communication. According to F.Sh. Orazbaeva and R.S. Rakhmetova in their work «Methods of Teaching the Kazakh Language», «oral communication is realized through speaking and listening skills, which represent the initial stage of communicative action, while written communication is realized through writing and reading skills» [11, p. 22]. Therefore, by teaching proverbs and sayings from M. Kashgari's work through speaking, listening, reading, and writing activities, students' communicative skills are developed.

Figure 2. Model of Teaching Proverbs and Sayings for Developing Communicative Skills



Based on the proverbs and sayings from the *Diwan Lughat al-Turk*, the development of students' communicative skills through speech activities was carried out using not only traditional teaching methods but also various modern techniques and technologies.

For instance, in order to develop the communicative skills of senior students, the proverbs and sayings from M. Kashgari's dictionary were taught using the following traditional teaching methods outlined below:

- Oral Teaching: In order to develop students' understanding and critical thinking, oral reading and speaking tasks related to proverbs and sayings were presented in the form of dialogues and debates.
- Memorization: In the speaking task, having students memorize proverbs and sayings and explain their meanings helped them internalize spiritual values.
- Explanation and Discussion: Through the methods of analysis and explanation, students identified the significance and relevance of proverbs and sayings as tools for spiritual and moral education.
- Practical Exercises: In order to develop students' communicative skills, situational reading and writing tasks were presented to help them apply proverbs and sayings in practice.
- Analysis of Written Materials: When reviewing research materials related to the proverbs and sayings in M. Kashgari's *Diwan Lughat al-Turk* from books and manuscripts, students' skills in analysis, research, and synthesis were enhanced.

These methods contributed to a deeper understanding of the meaning and significance of proverbs and sayings in M. Kashgari's dictionary, and their application in the students' daily lives. Since today's students are representatives of the modern era, various modern teaching technologies and innovative methods were widely used to enhance their interest in learning and to make the subject more accessible. In this context, we utilized the help of the global network.

The global network provides both students and teachers with access to any necessary information from anywhere in the world (materials on the history of the country, articles from newspapers and magazines, current world news, etc.). In the methodology of teaching the Kazakh language, web resources can be used to improve the quality of lessons and make them more engaging.

The teacher's task in developing students' communicative skills through proverbs and sayings from M. Kashgari's dictionary is to create conditions for students to perform practical tasks to enhance their linguistic competencies, while allowing each student to express their thoughts on the topic. To achieve high results in improving students' communicative skills, modern technologies such as «Podcast», «Artificial Intelligence», «TEDx», «Fail Conference», and «Comics» were widely applied. These modern technologies all help implement a person-centered approach to education, taking into account students' abilities, inclinations, and levels, ensuring differentiated teaching.

The «Podcast» technology is one of the Web 2.0 technologies, which refers to a special format for audio and video broadcasts published on the Internet. Podcasts allow users to listen to audio files and watch video programs at their convenience [12, p.28].

The main goal of using the podcast technology to develop communicative skills through M. Kashgari's proverbs and sayings is to encourage students to learn proverbs and word combinations commonly used in communication. Podcasts provide valuable opportunities for students to develop speaking skills in an improved environment that promotes both collaborative and independent learning. The number of teachers choosing to use the podcast method is increasing every day because it stimulates learning through creative technology and an open communication network. For example, in the Kazakh language textbook for 11th grade, compiled by methodologists T.N. Ermekova, G.M. Naimanbaeva, and B.M. Naimanbaev, there

are speaking and listening tasks based on podcast technology [13]. According to the tasks, the podcast technology was applied to proverbs and sayings: «Listen to the proverbs from M. Kashgari's 'Diwani Lughati't-Turk' (01.mp3) on the topic of proverbs. Pay attention to M. Kashgari's proverbs about knowledge and science, and share your thoughts on the topic 'The present era is the era of the knowledgeable.' Memorize the proverbs presented in the audio recording.» The goal of this task; to improve students' communicative skills, engage them in discussions, refresh their minds with spiritual and valuable oral heritage, and enhance their memory skills. By completing this task, students achieved the following results: their speaking skills developed, they became more inclined to apply proverbs and sayings in real life, and they developed more expressive and impactful speaking skills.

«Artificial Intelligence» technology is one of the newest and most advanced innovations in the educational process in the last few decades. T. Baker and L. Smith explain artificial intelligence not as an individual technology but as «computers that perform cognitive tasks related to human consciousness, such as learning and problem-solving» [14, p.10].

In the methodology of teaching M. Kashgari's proverbs, to develop high school students' communicative skills, we created and offered exercises based on artificial intelligence technology to improve both their spoken and written language skills.

Analytical Tasks Based on the Topic:

Task 1: Explain the meaning of M. Kashgari's proverb "Etiquette, virtue (art) is the foundation of language" (in Turkish: "Erdem başı til"). Using the words "etiquette," "virtue," and "language," create sentences with the help of artificial intelligence neural networks. Compare the sentences created by humans and by artificial intelligence.

Task 2: Uncover the deeper meaning of M. Kashgari's proverb about language: "What is tied with language, cannot be written with teeth" (in Turkish: "Tilin tüğmişni tişin jazmas") and draw a conclusion. Use the "YandexART" app of artificial intelligence to animate a video clip depicting M. Kashgari's proverb being spoken.

Predicted Imitation Tasks:

Task 1: Create your own version of M. Kashgari's proverb on knowledge: "If there is a sign, one will not stray from the path; if there is knowledge, one will not go wrong with words." Finish it in your own way. Use artificial intelligence to create an illustration on the theme "An Educated Kazakhstan."

Rhetorical Games to Create Situations:

Task 1:* Prepare a quotation. Topic: "Can artificial intelligence replace spiritual heritage monuments?" (Argue your opinion using M. Kashgari's proverbs.)

Creative Tasks:*

Task 1:* Write an essay based on M. Kashgari's proverbs about labor: "He who strives in youth, will rejoice in old age" and "Without effort, there will be no success, without striving, there will be no achievement." Verify the correctness of the words in your essay using the Kazakh prototype of the "ChatGPT" application.

The purpose of these tasks; to enhance students' communicative skills, as well as to develop critical thinking and creative thinking skills based on the 4C teaching model; to rejuvenate their spiritual consciousness by analyzing proverbs, and to guide students in effectively using modern technologies for learning. By completing these tasks, students achieved the following outcomes: their communicative skills were improved; their cultural, literary, and national awareness expanded, and their creative abilities developed.

The «Comic» technology is a teaching method that uses a series of images to tell a story [15]. Using comic technology in Kazakh language lessons to teach M. Kashgari's proverbs not only helps develop grammatical and lexical skills, but also contributes to the formation of students' communicative skills, building their linguistic and cultural horizons. Comics cover a wide range of engaging moments, so using them for methodological purposes, similar to game

technologies, has a stimulating effect and motivates high school students to actively engage in speaking in a creative and playful way. For example, students were given the following speaking and writing tasks based on comic technology related to the topic:

Task 1: Create a series of images telling a story about friendship, based on M. Kashgari's proverb «A friend will make your surroundings paradise.» Analyze the actions of the characters in the comic. Divide into two groups and create a debate, using proverbs that describe good and bad friends.

Task 2: Create a dialogue based on the series of images provided. To enhance the text's storyline, incorporate M. Kashgari's proverbs that align with the theme..

These tasks were carried out using accessible online applications such as «Canva» and «Storyboard That» (<https://www.storyboardthat.com/ru/comic-maker>). The goal of these tasks; to improve students' linguistic competencies, develop their creative and critical thinking skills, and encourage collaborative work. By completing the tasks, students achieved the following outcomes: their communicative skills were enhanced, their vocabulary expanded, their creativity developed, and they learned to use proverbs appropriately in communication.

Thus, improving the communicative skills of 10th and 11th-grade students is a fundamental aspect of teaching the Kazakh language. In the educational process, the most effective form of communication—communicative structures like proverbs—played a key role in achieving the set objectives. By incorporating the proverbs from M. Kashgari's «Diwani Lughat al-Turk», a valuable written heritage of the Turkic peoples, and linking them to tasks related to speaking, listening, writing, and reading skills, students were able to develop their oral and written language abilities. Specifically, by optimally applying both traditional and innovative educational technologies when teaching M. Kashgari's proverbs, senior-grade students improved their linguistic competencies, increased their cultural and spiritual awareness, learned to substantiate their thoughts using proverbs, and became adept at using them in everyday communication. Additionally, they adapted to working with modern teaching technologies.

References

1. Jalpy orta bilim berýdiń memlekettik jalpyǵa mindetti standarty (Qazaqstan Respýblikasy Bilim jáne ǵylym ministriniń 2018 jylǵy 31 qazandaǵy № 604 buıyǵyna 4-qosymsha) (2020.05.05. berilgen ózgerister men tolyqtyrýlarmen).
2. Passov E.I. Kommýnikativnyı metod obýchenıa inoiazychnomyı govoreniı. - M.: Prosveenie, 1991. - 222 s.
3. Dúsenova M.M. Sóz tirkesterin oqytýda qatysymdyq quzyrettilikti qalyptastyrýdyń ǵylymı-ádistemelik negizderi: ped.ǵyl.dok. ...dis. - Almaty, 2016. – 157 b.
4. Orazbaeva F.Sh. Tildik qatynas: ǵylymı monografıa. – Almaty: «An-Arys» baspasy, 2019. – 584.
5. Rahmetova R.S. Qazaq tili sintaksısı: kommýnikativtik-tanymdyq aspekt. Ǵylymı monografıa. – Almaty: Abai atyndaǵy QazUPY «Ulaǵat» baspasy, 2014. – 284 b.
6. Djýbanov A.H. Ý istokov matematizatsıı lingvisticheskıh issledovanıı / A.H. Djýbanov // Statistika kazahskogo teksta. – Alma-Ata: Ǵylym, 1990. – S. 12-21.
7. Qasym B.Q., Orazbaeva F.Sh. Rechevaıa kommýnikatsıa ı metody obýchenıa iazykǵy // Vestnik Moskovskogo ýniversiteta. Teoriya perevoda. - 2013. - №4 (22). – S. 92-96.
8. Qashqari M. Túrik tiliniń sózdigi: (Dıyanı luǵat-ıt-türk): 3 tomdyq shyǵarmalar jınaǵy / Qazaq tiline aýdarǵan, alǵy sózi men ǵylymı túsinikterin jazǵan A.Egeýbaı. – Almaty, Hant. – 528 b.
9. Üstüner, A., Kutadgu Bilig'de Atasözleri. Fırat Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 5 (1),

1991– 393.

10. Alashbaeva J.N. Orta ғасыр түркі жазба ескерткіштері тилиндегі паремологиялық жүйе: философиялық-лингвистикалық талдау. – Nur-Sultan, 2021. – 155 б.

11. Orazbaeva F.Sh., Rahmetova R.S. Qazaq tilin oqytý ádistemesi: Oqý quraly. – Almaty: Print-S, 2005. – 170 b.

12. Sysoev P.V. Informatsionno-kommýnikatsionnye tehnologii v lingvisticheskom obrazovanii. - M. : Librokom, 2013. - 262 s.

13. Qazaq tili: jalpy bilim beretin mekteptiń 11-synybynyń qoǵamdyq-gýmanitarlyq baǵytyna arnalǵan oqýlyq. / T.N.Ermekova, G.M.Naimanbaeva, B.M.Naimanbaeva. – Nur-Sultan: «Arman-PV», 2020. – 304 b.

14. Baker T., Smith L. Educ-AI-tion rebooted? Exploring the future of artificial intelligence in schools and colleges // Retrieved from Nesta Foundation website. – 2019. P. 115-125. doi: 10.1016/j.nesta.2019.04.001

15. Make Beliefs Comix. [Elektronдық resýrs] - URL: <https://www.makebeliefscomix.com/> (júgingen kúni: 27.04.2024).

Н.Б. Нәби

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: naz_nabi@mail.ru)*

Қатысымдық дағдыны қалыптастыратын М.Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтелдер

Аңдатпа. Түркі халықтарына тән ауызша және жазбаша әдебиет мұраларын бойына жинақтаған құнды мұра – жазба ескерткіштерде халықтың тұрмыс-тіршілігінен, ұлттық болмысынан, халықтың таным-түсінігінен, адамгершілік құндылықтарынан хабар беретін рухани мәдениет өзегі жинақталған. Рухани және мәдени ақпараттың негізгі сақтаушысына айналған коммуникативті оралымдардың негізгісі – мақал-мәтелдер. Кумулятивті, коммуникативті және эстетикалық қызмет аясын қамтитын мақал-мәтелдердің түркі халықтарына ортақ түрлері мағыналық топтар бойынша атақты ғұлама М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» жазба ескерткішінде сақталған. Мақал-мәтелдер өздерінің табиғатына сәйкес қатысымдық қызметі арқылы оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде оқушылардың айтылым дағдысын жетілдірудегі таптырмас құралға айналады. Мақал-мәтелдер тілдік қарым-қатынастың өнімді түрі ретінде санадағы ойдың жарыққа шығу барысында ойдың анық, әсерлі, мәнерлі, эмоционалды-экспрессивті түрде айтушының сөйлеудегі белгіленген мақсатына дөп түсуіне мұрындық болады. Осыған орай, аталмыш мақалада қатысымдық дағдыны жетілдірудің тілдік қарым-қатынас аясындағы үлкен мән-маңызы қарастырылып, түркі халықтарына ортақ мұра - «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігінде келтірілген мақал-мәтелдер арқылы қатысымдық дағдыны жетілдіру жолдары талданды. Жүргізілген зерттеулердің негізінде автор тарапынан түркі руханиятында маңызды орын алатын М.Қашқаридың жазба ескерткішінің тіл ғылымында атқаратын рөлі сипатталып, қатысым теориясының түрлі ғалымдар негіздеген тұжырымдарын келтіру арқылы терең мағынасы ашылып, қатысымдық дағдының қазіргі қоғамдағы коммуникациялық қызметтегі өзектілігі анықталды. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту үдерісінде қолданылатын дәстүрлі және заманауи оқыту технологиялары талданып, аталған әдіс-тәсілдерді М.Қашқари мақал-мәтелдерін оқыту барысында сөйлесім әрекетіне негізделген тапсырмаларға кіріктіру әдістемесі ұсынылады, заманауи технологияларды мақал-мәтелдерге қатысты айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым тапсырмалары арқылы оқыту әдістемесіне

мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: тілдік қатынас, қатысымдық дағды, сөйлесім әрекеті, жазба ескерткіштер, мақал-мәтелдер, инновациялық технологиялар.

Н.Б. Наби

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Алматы, Қазақстан

(E-mail: naz_nabi@mail.ru)

Пословицы и поговорки в словаре М. Кашгари, формирующие коммуникативные навыки

Аннотация. Пословицы и поговорки, являющиеся важной частью духовного наследия, отражают быт, национальную идентичность, мировоззрение и нравственные ценности народов, а также служат культурным ядром, собранным в письменных памятниках, которые объединяют устное и письменное литературное наследие тюркских народов. Пословицы и поговорки, ставшие основными носителями духовной и культурной информации, занимают важное место как коммуникативные выражения. В «Диване лугат ат-турк» великого ученого Махмуда Кашгари сохранились пословицы и поговорки, общие для тюркских народов, распределенные по смысловым группам и выполняющие кумулятивную, коммуникативную и эстетическую функции. Пословицы и поговорки, благодаря своей природе, превращаются в незаменимое средство для развития навыков речи учащихся в процессе обучения и воспитания. Как продуктивный вид языкового общения, пословицы и поговорки способствуют тому, чтобы мысль, выраженная в сознании, выходила на свет в ясной, выразительной, эмоционально-экспрессивной форме, что помогает говорящему достичь своей цели в общении. В связи с этим в данной статье рассматривается значимость коммуникативных навыков в рамках языкового взаимодействия, а также анализируются способы их развития через пословицы и поговорки, приведенные в словаре «Диван лугат ат-турк», общем наследии тюркских народов. На основе проведенных исследований описана роль письменного памятника М. Кашгари в языкознании, раскрыта глубокая смысловая составляющая коммуникативной теории через положения различных ученых, а также определена актуальность коммуникативных навыков в современной коммуникации. Кроме того, были рассмотрены традиционные и современные технологии обучения, используемые в процессе преподавания казахского языка старшеклассникам. В статье предложена методика интеграции пословиц и поговорок из словаря М. Кашгари в задания, основанные на речевой деятельности, а также приведены примеры применения современных технологий через задания на говорение, аудирование, чтение и письмо, связанные с пословицами и поговорками.

Ключевые слова: языковое общение, коммуникативные навыки, речевая деятельность, письменные памятники, пословицы и поговорки, инновационные технологии..

Автор туралы мәлімет:

Нәби Н.Б. – PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9516-1306

Information about authors:

Nabi N.B. – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9516-1306

Сведения об авторах:

Наби Н.Б. – PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9516-1306

Авторларға арналған ақпарат

Журналда материалдарды жариялау Open Journal System, онлайн жіберу және рецензиялау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Корреспонденция авторы журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті.

Авторларға арналған талаптар:

- Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің «Құтты білік» журналының редакциялық алқасы ғылыми бағыттары бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды (сайтта көрсетілген). Мақала электрондық форматта (.doc, .docx, .rtf форматтарында) ТЕК журнал сайтының функционалымен жүктеу арқылы ұсынылады (Open Journal System).

- Қаріп кеглі – 12 (аңдатпа, түйін сөздер, әдебиет – 10, кестелердің мәтіні – 9-11), қаріп – Times New Roman, туралау – мәтіннің ені бойынша, интервал – бірыңғай, абзац шегінісі – 0,8 см, шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, оң және сол жақ – 2 см.

- Суреттер, кестелер, сызбалар, диаграммалар және т.б. нөмірленуі мен атауы көрсетіле отырып, тікелей мәтінде ұсынылады (мысалы, 1-сурет – сурет атауы). Суреттер, кестелер, сызбалар және диаграммалар саны мақаланың барлық көлемінің 20%-нан аспауы тиіс (кейбір жағдайларда 30%-ға дейін).

- Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаларды, түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) 3 000 сөзден кем болмауы және 7 000 сөзден аспауы тиіс.

- Авторлар МІНДЕТТІ түрде Open Journal System жүйесіндегі ілеспе хатта жолданатын мақала/қолжазба бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада оларға сілтемесіз басқа жұмыстардан алынған мәтін үзінділері жоқ екенін көрсетуі тиіс.

- Мақаланы жариялау үшін ақы төлеу тәртібі мен құнын баспа үйі белгілейді және автор сыртқы рецензенттер, ғылыми редактор мақұлдағаннан кейін ақы төлеуді жүргізеді.

Мақаланың құрылымы (мақаланы рәсімдеу үшін ҮЛПІ-ні қолданыңыз):

Алғашқы беті:

- Алғашқы жол – FTAMP нөмірі (ерекше жағдайларда ЭОЖ), туралау – сол жағы бойынша, қаріп – жартылай қалың (қараңыз <http://grnti.ru>).

- Мақала тақырыбы мәтіннің мәні мен мазмұнын көрсетіп, оқырман назарын аударуы керек. Тақырып қысқа, мазмұнды болуы керек және жаргон, қысқартулар болмауы керек, көлемі 5-7 сөзден тұрады (кейбір жағдайларда 12 сөзге дейін). Мақала тақырыбы қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде (қажетіне қарай) қою, кіші әріптермен, жолдың ортасында беріледі.

- Мақала автор(лар)ының – аты-жөні, тегі, жұмыс орны көрсетіледі (Ескертпе: ЖОО-ның толық атауы көрсетіледі), мемлекет, қала атауы ретін сақтай беріледі.

- Егер бірнеше автор бір университеттен болса, нөмірлеу керек емес, әртүрлі университеттен болған жағдайда ғана нөмірлеу қажет болады.

- Қала, мемлекет – қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде (қажетіне қарай); электрондық пошта жазылады. Авторлар туралы ақпарат әдеттегі кіші қаріппен, жолдың ортасына туралау арқылы беріледі.

- Төменде ортасына ORCID, ID сілтемесі көрсетіледі. (Тіркелу үшін нұсқаулық – тіркелген файлдарда <https://orcid.org/>);

- Аңдатпа көлемі қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде кемінде 160 сөз, 300 сөзден аспайтын, 10 кегльмен болуы тиіс.

- Аңдатпа құрылымы мына тармақтарды қамтиды:

- o Кіріспе.

- o Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары және идеялары.

- o Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызының қысқаша сипаттамасы.

- o Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы.

- о Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары.
- о Жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі болса).

- о Жұмыс қорытындысының практикалық мәні.

- Түйін сөздер / сөз тіркестер – саны 5-6, қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде.

Келесі бет:

- Кіріспеде тақырып таңдау, мәселенің өзектілігі, зерттеу мақсаты негізделеді. Алдыңғы ғылыми еңбектердің тәжірибесін сипаттау арқылы, ғылыми шешімін таппаған мәселенің болуы туралы жазылады (зерттеулердің болмауы, жаңа нысанның пайда болуы және т.б.). Тақырыптың өзектілігі осы нысанның зерттелуіне нақты мән берумен, тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен; нысанды, пәнді, мақсаттарды, міндеттерді, әдіс-тәсілдерді, ғылыми болжамды көрсетумен анықталады.

- Зерттеудің мақсаты зерттеу тақырыбы аясында, автор таңдаған бағытпен сәйкес нақты жазылады.

- «Зерттеу әдістемесі» бөлімі материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс.

- о Зерттеу деректерінің сипаттамасы оның сапалық және сандық жағынан көрсетілуін қамтиды. Деректердің сипаттамасы – тұжырымдар мен зерттеу әдістерінің дұрыстығын анықтайтын факторлардың бірі.

- о Бұл бөлімде мәселенің зерттелу дәрежесі сипатталады, бұрын жарияланған, белгіленген рәсімдерді қайталамай толық ақпарат беріледі; деректер мен әдістерді пайдалану кезінде жаңалық енгізе отырып, материалдарды сипаттау, жаңаша зерделеу жазылады.

- о Ғылыми әдістеме мыналарды қамтиды:

- зерттелетін мәселе;

- көтеріліп отырған болжам (тезис);

- зерттеу кезеңдері;

- зерттеу әдістері;

- зерттеу қорытындылары.

- «Тақырыптың зерттелу дәрежесі» бөлімінде отандық және шетелдік авторлардың іргелі және жаңа жұмыстары, оларды авторлардың ғылыми үлесі тұрғысынан талдау, сондай-ақ автор өз жұмысында зерттеудегі олқылықтарды көрсете отырып, толықтырудың жолдарын қамтуға тиіс. Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілтемелердің болуына ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ.

- «Нәтижелер мен талқылау» бөлімі сіздің зерттеу нәтижелеріңізді талдауға және талқылауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер туралы қорытынды беріледі, негізгі мәні ашылады. Бұл мақаланың маңызды бөлімдерінің бірі, онда зерттеу жұмысының нәтижелері талданып, сәйкес нәтижелері алдыңғы жұмыстармен, оның қорытындыларымен салыстыра қарастырылады.

- Қорытынды, тұжырымдар – осы кезеңдегі жұмыс нәтижелерін қорыту; автор тұжырымының анықтығы, нақтылығы және алынған ғылыми нәтижелерді ескере отырып, өзіндік қорытынды жасауы. Қорытынды жалпылама болмауы керек, оларды белгілі бір ғылыми саладағы зерттеу нәтижелерін қорытындылау үшін, ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып қолдануға болады.

- о Қорытындыда мынадай тармақтар болуы тиіс: зерттеудің мақсаттары мен әдістері қандай болды; зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары; зерттеудің келешегі және әзірлеуді енгізу, қолдану мүмкіндіктері.

- Пайдаланған әдебиеттер тізімінде кемінде 15 зерттеу атауы болуы тиіс; оның 30-50% – ағылшын тіліндегі көздерден болғаны жөн. Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, әдебиеттер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі – түпнұсқада, екіншісі – романизацияланған алфавитпен (транслитерация).

- МЕМСТ1-2003 сәйкес қазақ және орыс тілдеріндегі әдебиеттер тізімін рәсімдеу

«Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелеріне» (БЖҒСБК тізімдемесіне енетін жарияланымдарға талаптар) сәйкес жүзеге асады.

о Романдалған әдебиеттер тізімін рәсімдеу мынадай болуы керек: автор(лар) (транслитерация - <http://www.translit.ru>) → (жақшадағы жыл) → транслитерацияланған нұсқадағы мақала атауы [мақала тақырыбын ағылшын тіліне төрт бұрышты жақшаға аудару], орыс тіліндегі дереккөздің атауы (транслитерация немесе ағылшын атауы - бар болса), ағылшын тілінде басылған шығыс деректері.

Мысалы: Baitursynov A. (2003). Adebiet tanytkysh [Literary critic]. Research and poems. Almaty: Atamura. – 208 p. (In Kazakh)

- Әдебиеттер тізімі әліпби тәртібімен, ТЕК мәтінде келтірілген жұмыстарға сәйкес ұсынылады.

- Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт болғандықтан, әдебиеттердің, сондай-ақ ағылшын (басқа шет) тіліндегі дереккөздердің романдалған тізімін рәсімдеу стилі – American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>).

- Назар аударыңыз! Әліпби тәртібімен авторлардың тегі көрсетіледі (аты-жөнінен кейін үтір бас әріптердің алдына қойылмайды); тегінен кейін дөңгелек жақшада басылымның шыққан жылы көрсетіледі, төртбұрышты жақшада атаудың ағылшын тіліне аудармасы көрсетіледі. Барлық сызықшалар мен қиғаш сызықтарды алып тастау керек (яғни бөлу белгілерін). Сілтеменің соңында егер дереккөз қазақ тілінде болса (in Kazakh), және егер дереккөз орыс тілінде болса (In Russian) және т.б. көрсетіледі.

Бұл бөлімде мыналарды ескеру қажет:

- негізгі ғылыми жарияланымдар, ғылымның осы саласында қолданылатын және автордың жұмысы негізделген озық зерттеу әдістері келтіріледі;

- шамадан тыс өзіңізге сілтеме жасаудан аулақ болыңыз;

- шетелдік авторлардың жарияланымдарына сілтемелер жасау ұсынылады;

- библиографиялық тізімде зерттеу тақырыбы бойынша танымал шетелдік ғалымдар жариялаған қазіргі заманғы ғылымға қатысты іргелі еңбектер болуы ұсынылады;

- әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы мәтінге сілтемелер сілтеменің ішінде жақтың ішінде бірінші авторы, шыққан жылы көрсетілген: бет(тер) саны көрсетілген. Мысалы, (Сыздық, 1991: 25). Егер әдебиеттер тізімінде бір автордың сол жылы жарияланған бірнеше жұмыстары болса, шыққан жылына «а», «б» әрпі және т.б. Мысалы, (Уәли, 2001а: 15), (Уәли, 2001б, 22).

- Әдебиеттер тізімі тек ғылыми индекстелетін басылымдардан (ғылыми журналдардағы мақалалар, ғылыми жинақтардағы мақалалар, ғылыми редакциясы мен рецензиясы бар электрондық деректер базасындағы мақалалар: монографиялар; ғылыми жинақтар; ғылыми редакциясы және ғылыми түсініктемелері бар әдеби басылымдар) тұруы тиіс екендігіне назар аударамыз. Егер әдебиеттер тізімінде көрсетілген басылымның DOI номері болса, міндетті түрде көрсетілуі керек.

- Дереккөздердің барлық басқа түрлері беттік автоматты ескертпелермен (ескертпелердің нөмірленуі әр бетте 1-ден басталуы керек) беріледі: диссертациялар, диссертациялардың авторефераттары, ғылыми редакциясы жоқ конференция материалдарының жинақтарындағы мақалалар (оның ішінде «мақалалар авторлық редакцияда жарияланады» деген белгісімен), БАҚ-тағы мақалалар (баспа және электрондық); әртүрлі басылымдардағы ресми құжаттардың мәтіндері (жарлықтар, бұйрықтар, қаулылар, бағдарламалар және т.б.), ұйымдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланған құжаттар; әртүрлі жұмыстардың мәтіндері (көркем, публицистикалық); әлеуметтік желілердегі хабарламалар және т.б.

- Мұрағаттық құжаттардың шығыс деректерінің барлық қысқартулары үтірмен бөлініп, кіші әріптермен белгіленеді (ГА, ф. 4, д. 2, л. 16). Олар әдебиеттер тізбесіне кірмейді.

Мақаланы рәсімдеу соңында мақаладағы барлық белгілерден кейін, әсіресе әдебиеттер тізімінде (нүктелер, үтірлер, сызықшалар, қос нүктелер, қиғаш сызықтар мен жақшалардан кейін) бос орындардың болуын тексеруді сұраймыз. Бүкіл мәтінді таңдаңыз. Қаріп түймесін басыңыз,

Times New Roman, өлшемі 12, мәтіннің түсі Авто, астын сызу жоқ. Абзац батырмасын басыңыз, шегіністер 0, 0; интервалдар 0, 0; жоларалық – бірыңғай.

Ескерту: мақалада қалың қаріпті қолдануға және астын сызуға рұқсат етілмейді, тек курсивке рұқсат етіледі.

Мақаланың төменгі жағында жоғары оқу орны, ғылыми дәрежесі, атағы (бар болса) және лауазымы, байланыстары тағы бір рет көрсетіледі.

Библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу үшін Mendeley Reference Manager құралын пайдалана аласыз. Әдебиеттер тізімінде екі әдебиет ағылшын тіліндегі еңбектерден және үш әдебиет Scopus базасындағы мақалалардан сілтеме жасалуы керек.

Сайт арқылы (Open Journal System жүйесіндегі) мақаланың екі нұсқасы жіберілу керек. Бірінші файлда авторлардың аты-жөні мен мәліметтері көрсетілген толық мақала мәтіні болады, файл бірінші автордың тегімен аталады (Sarsenbay.doc немесе Sarsenbay.docx немесе Sarsenbay.rtf), рецензиялау үшін екінші файлда мақала авторлары мен жеке мәліметтері көрсетілмейді және файл мақала атауының бірінші сөзімен аталады (Qazirgi qoldanystagy.doc).

Мақала жариялау құны – 3000 теңге

Реквизиттер:

Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі

Индекс 010000

Мекенжай: Астана қаласы, Қабанбай батыр 53

БИН 171240024773

КБЕ 16

АО «Народный Банк Казахстан»

ИИК KZ026017111000023908 – теңге

БИК HSBKKZKX

Құтты білік
Qutty Bilik
2024. Vol. 1, № 1.

1.12.2024 басуға жіберілді

5.12.2024 онлайн қолжетімді.

Авторларға арналған нұсқаулар, жариялау этикасы журнал сайтында берілген.

Редакцияның мекенжайы:

050040, Қазақстан, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71

Тел.: +7 707 993 38 27. **E-mail:** inbox@quttybilik.com

web-site: www.quttybilik.com

Меншік иесі: «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі»
қоғамдық бірлестігі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінде
тіркелген. 25.09.2024 ж. № KZ57VPY00102017 – тіркеу куәлігі.

Мерзімділігі – жылына 4 рет.

© Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі